Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 387.147:94 (574) Қолжазба құқығында

**АЛДАБЕРГЕНОВА МОЛДИР КЕНЕСБЕКОВНА**

# Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту (Оңтүстік Қазақстан қалалары материалдары бойынша)»

6D011400 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
т.ғ.д., профессор м.а. Тұрсұн Х.М.
п.ғ.д., профессор Беркімбаев К.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші
т.ғ.д., проф. Д.Х.Зияева
(Өзбекстан Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2016

## МАЗМҰНЫ

**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** ........................................... 3
**КІРІСПЕ**.................................................................................................. 4

**1ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫҚ БАҒДАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**........................................ 11

1.1Қазақстанның орта ғасыр тарихы деректерін оқу үдерісінде қолдануға қатысты зерттеулер тарихнамасы................................................ 11
1.2 Оқу үдерісінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының теориялық-әдіснамалық негіздері................................. 29

**2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ БІЛІМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ**.......................................................................................... 44

2.1 Тарихи білім қалыптастырудағы ортағасырлық деректердің қолданбалық бағдарлылығы...................................................................... 44
2.2 Ортағасырлық тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының бағыттары мен педагогикалық әлеуеті.......................... 58

**3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫҚ БАҒДАРЛЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**.......................................................................... 82

3.1 Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын жетілдірудің әдіс-тәсілдері................................................. 82
3.2 Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыта оқытудың құралдары және оны пайдалану.............................................................................................. 107

**ҚОРЫТЫНДЫ**.......................................................................................... 140

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** ........................................... 143

**ҚОСЫМШАЛАР**.........................................,............................................ 157

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| ГАИМК | – | Государственная академия истории материальной культуры |
| ЖАЭ | – | Жетісу археология экспедициясы |
| ЖОО | – | Жоғарғы оқу орны |
| ЗВОИРАО | – | Записки Восточного отделения императорского русского археологического общества |
| ҚР ҰҒА | – | Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы |
| ОАЭ | – | Отырар археологиялық экспедициясы |
| ОҚАЭ | – | Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы |
| ОҚКАЭ | – | Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы |
| ОМАҚМ | – | Отырар мемлекеттік археологиялық қорық–музейі |
| САЭ | – | Сығанақ археологиялық экпедициясы |
| Средазкомстарис | – | Среднеазиатский комитет по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы |
| ТАЭ | – | Түркістан археологиялық экспедициясы |
| Туркомстарис | – | Туркестанский комитет по делам музеев, охраны памятников старины, искусства и природы |
| ТЭЖ | – | Тақырыптық-экспозициялық жоспар |
| ПТКЛА | – | Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии |
| М.А. | – | Мөлдір Алдабергенова |

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, тарихи білім беруді дамыту, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын жетілдіру мақсатында мемлекеттік деңгейде бірқатар іргелі бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ірі тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық жол тарихы мен мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» [1] деген болатын.

Тәуелсіздік алғашқы жылдары еліміздегі саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік реформаларды іске асыру барысында «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» (1995 ж.) қабылданды, осы мемлекеттік тұжырымдама аясында «Тарихи білімнің негізгі басымдықтары», «Тарих ғылымының проблемалары», «Тарихи білім беру мен ағарту ісінің келешегі» сияқты басты бағыттарды қамтыды. Осы бағыттарды іске асыруда тарихымыздың бұрмаланған, ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруде ғылыми қоғамдастық өкілдері айтарлықтай іргелі ізденістер жүргізді.

Басталған іргелі зерттеулерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, 2004 жылы 13 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің №1227 Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» [2], ал 2009 жылдан бастап «Ұлттық стратегиялық жоба» деп аталатын мәдени-рухани саладағы мемлекеттік бағдарлама қабылданды. «Мәдени мұра» бағдарламасын орындау барысында 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 78 археологиялық және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары, 40 археологиялық, 26 ғылыми қолданбалы зерттеулер жүргізілді. Бағдарламаның екінші үлкен бағыты –Қазақстан тарихына қатысты шетелдік архив, кітапхана қорларында сақталған сирек кітаптардың, тарихи құжаттардың, көне қолжазбалардың көшірмелерін алу болатын, бағдарламаның нәтижесінде 10 мыңнан аса құнды құжаттар табылып, айналымға ұсынылды. Бағдарлама аясында жарияланған зерттеулер отандық тарихи таным көкжиегін мейлінше кеңейтті.

Қазақстан тарихының ежелгі және орта ғасыр кезеңін терең зерделеу – тарихи деректерді жете зерттеуді қажет етеді. Тарих дерексіз жазылмайды, тарихи шындықтың өзі тарихи деректермен дәйектелетіндігі анық. Сол себептен, ұлт тарихының жаңа мазмұнын қалыптастыру үшін алдымен деректерді, сонан соң тарихи тұлғалардың еңбектері мен оқиғаларды жан-жақты зерделеу қажет.

Қазіргі кезде қазақ тарихын зерделеуде қандай проблемалар бар, болса оларды шешудің жолдары қандай деген келелі пікіралмасуда ең алдымен Отан тарихын зерттеушілер ғылыми танымның рационалды деңгейін бұрын-соңды қол жетпеген биігіне бастайтын жаңа әдістемелік тұжырымдар мен

ұстанымдарды түзетін басымдылықтарға назар аударуда. Сонымен қатар, тарихи деректер мен мәліметтерді ғылыми талдауда жаңа көзқарас пен ұлттық тарихтың шынайы біртұтас бейнесін қалыптастыру мақсатында жаңа әдістемелік талдаулар жасалуда.

Тарих ғылымында зерттеулер сипатының біршама өзгеруі – тарихты зерделеумен айналысатын ғалымдардың тірек түсініктерінің өзгеруіне де себепші болды. Тарихшы тек тарихи деректерді тізбелеп, жай зерттеп қана қоймай, зерттелетін тарихи оқиғаның ішкі мағынасына ой жіберетін «пайымдаушыға» айналады, нақты қоғамның ұлттық құндылықтарын, моральдік ой-тұжырымдарын «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуы тиіс. Әрбір тарихшығалымның міндеті –жалпы ғылыми заңдылықтардың негізінде ұлттық тарихтың құбылыстарымен оқиғаларының даму жолын анықтау, түсіну.

Дегенмен, соңғы жылдардағы әдістемелік және теориялық ізденіс жетістіктерін игеру тарих ғылымының мазмұны мен маңызы тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығына басымдық беру арқылы қалыптасатындығы анықталды. Содан да тарих пәнінің мұғалімдерін дайындауда тарих ғылымның қолданбалық бағдарлылығын негізге алып оқыту ЖОО-да әдістемелік маңызға ие болып отырғандығын аңғарамыз. Жоғары оқу орындарының жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарында осы мақсаттар айқын белгіленген және оқытылатын пәндердің қолданбалық тәжірибелік бағдарлылығын арттыру міндеттелген.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша айналымға ұсынылған орасан зор деректер мен археологиялық ескерткіштерді зерттеу, консервациялау және мұражайландырудың материалдарытарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын ЖОО жүйесінде оқыту тарихшы мұғалімдер дайындау ісінің зерттеу тақырыбымыздың мемлекеттік бағдарламадан туындаған өзектілігін танытады.

**Зерттелу деңгейі.** Тақырыбымыздың зерттелу деңгейін тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығымен шектеп қоюға болмайды. Сондықтан да диссертациялық зерттеу біріншіден, тарихи тұрғыда деректану мен археологиялық зерттеулердің теориясы мен әдіснамасы бойынша; екіншіден, педагогикалық тұрғыда осы тарихи деректер тарихи сана қалыптастыруда пайдалану әдіс-тәсілдерінің зерттелуі бойынша; үшіншіден қолданбалық бағдарлылықтың әдіс-тәсілдері бойынша қарастырылды.

Бірінші бағыт бойынша отандық деректанушылар Отандық тарих ғылымында ұлттық төл деректерімізді тани білудің маңыздылығы мен тарихи деректердің деректанулық негіздері жайлы Қ.М.Атабаев [3], М.Х.Абусейітова [4] және т.б. ғалымдар еңбектер жазды. Мұражай жәдігерлерін ұлттық тарихтың дерегі ретінде К.Н.Райымхан [5], Н.Әлімбай [6] қарастырған. Осы зерттеулерде оқу үдерісінде тарихи деректерді қолданудың әдістемесі жасалды.

Екінші бағыт бойынша, тарихты оқытудың әдістемелік негіздеріне арналған А.А.Вагин [7], Н.Г.Дайри [8], С.А.Ежова [9], И.Я.Лернер [10], Е.Е.Вяземский [11], М.Т.Студеникин [12] және отандық ғалым-әдіскерлер Т.Тұрлығұлов [13], Б.Әбдіғұлова [14] Б.Сәрсекеев [15], Б.Т.Берлібаев [16],

Х.М.Тұрсұн [17] және т.б. ғалым-педагогтардың еңбектерінде тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері теориялық мәселелері кеңінен қарастырылған.

Үшінші бағыт бойынша зерттелу мәселесі біршама шектеулі болып келеді. Жекелеген ғылым салаларын оқытудың қолданбалылық мәселесін алғашқы болып XX ғ. соңында жаратылыстану ғылымдарының өкілдері қолға алған. Қолданбалық бағдарлылықтың алғашқы нұсқасы ретінде политехникалық білімді тәжірибеде қолдануды П.Р.Атутов [18], Ю.К.Васильевтер [19] ұсынса, жаратылыстану ғылымдары пәндерін оқытудың қолданбалық бағдарлылығы жөнінде зерттеулер жүргізген В.В.Фирсов [20], Н.А.Терешин [21], Р.А.Садуақасова [22] сияқты ғалым-әдіскерлердің еңбектерін атауға болады. Жаратылыстану ғылымдарының салалары бойынша жекелеген пәндерді оқытудағы қолданбалық бағдарлылықты дамытудың жинақталған әдіс-тәсілдерін тарих саласына үлгі ретінде қолдануға болады. Әйтсе де, тарих ғылымының заңдылықтары мен категориялары, білім мазмұны және қалыптастыратын кәсіби құзыреттердің ерекшеліктеріне сай пәннің өзіндік әдіс-тәсілдер жүйесі жасалуы керек. Содан да, болашақ тарихшы мұғалімдерді даярлауда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын арттыру мәселелері арнайы қарастыруды қажет етеді.

Тарих ғылымының мазмұнын байытқан тарихи деректер кешенінің танымдық-тәрбиелік мүмкіндіктерін ашу және теориялық, әдіснамалық жетістіктерді қорытып, ЖОО жүйесінде тарихшы мұғалімдер дайындаудың әдістемесінің жаңа бағыттары мен түрлерін енгізуге зәру екендігі белгілі. Осы уақытқа дейінгі тарихты оқытудың әдістемесінде тарихи деректі пайдалана оқыту әдістемесімен бірге қолданбалық бағдарлылық әдістерінің жекелеген элементтерін қолданып келгендігін жоққа шығаруға болмайды. Әйтсе де тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы ғылыми негізде жүйелеуді және қазіргі заманғы педагогикалық тұжырымдармен қорытуды қажет етеді. Біздің зерттеу жұмысымыз осы тұрғыда алғаш рет қолға алынып отыр.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын жетілдірудің маңызы зор екендігін ескеретін болсақ, оларды оқыту үдерісінде қолданудың әдіс-тәсілдерін тұжырымдау және жетілдіру ЖОО жағдайында маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан, тарих мұғалімдерін даярлау жүйесінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын дамыту мүмкіндіктерінің молдығы; «Мәңгілік Ел» идеясын тұғырлауда және оны іске асыруда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын енгізуге деген сұраныстың болуы мен ЖОО оқу үдерісінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі арасында **қарама-қайшылық** бар екендігі айқындалды.

Аталған қарама-қайшылық зерттеудің **ғылыми проблемасы** орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдістемесі қандай болуы керек? деген сұраққа жауап беруден тұрады.

Болашақ тарих мұғалімдерін дайындау жүйесінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың теориясы мен әдіснамасын негіздеп, ғылыми тұрғыда әдістемесін жүйелеу аталған қарама-қайшылықты жою қажеттілігі және сол бойынша педагогикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі «Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту (Оңтүстік Қазақстан қалалары материалдары бойынша)» тақырыбымыздың мемлекеттік бағдарламадан туындаған **өзектілігін** көрсетеді.

**Зерттеудің мақсаты** –біліктілігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті тарих мұғалімдерін даярлауға мүмкіндік беретін орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының әдістемесін жасау.

**Зерттеу нысаны.** ЖОО-да болашақ тарих мұғалімдерін оқыту үдерісі.

**Зерттеу пәні.** ЖОО-да тарихты оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытуды жүзеге асыратын ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытудың әдістемесі.

**Зерттеудің ғылыми болжамы.** Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдістемесі тарихшы мұғалімдердің біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырады. Соның нәтижесінде ортағасырлық Қазақстан тарихын жаңа әдіс-тәсілдермен оқыту арқылы жас ұрпақ бойында жоғары деңгейдегі ұлттық тарихи сана қалыптасып, отансүйгіштік тарихи танымы мен биік елжандылық қасиеттерді қалыптастыруға кең мүмкіндік ашылатын болады.

**Зерттеудің міндеттері.** Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін және зерттеудің ғылыми болжамын тексеру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

− Оқу үдерісінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіснамасын негіздеу;

− Жазба және археологиялық деректердің қолданбалық бағдарлылық сипаты мен атқаратын қызметтерін жүйелеу;

− Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы деректерінің ұлттық тарихи сана қалыптастырудағы педагогикалық әлеуеті мәнін айқындау;

− ЖОО оқу үдерісінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін негіздеу;

− Тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын іске асырудың тиімді түрі ретінде мұражай педагогикасына негізделген орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқыту үдерісіне енгізуге бағытталған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындау.

**Жұмыстың деректік негізі.** Тақырыптың өзіндік ерекшелігіне сай жұмысымызда зерттеудің ауқымды дереккөздерін негізінен екі бағытқа топтастырдық. Бірінші, Қазақстанның оңтүстігінде әр кезеңде археологиялық зерттеулер жүргізген К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзакович, Е.И.Агеева, С.П.Толстов, Э.В.Сайко, Р.З.Бұрнашева, В.М.Массон, С.Жолдасбаев, М.Елеуов, Е.Смағұлов, М.Қожа, Б.Байтанаев т.б. іргелі еңбектеріндегі ой-тұжырымдар, нақты материалдар талдау нысанына алынып, зерттеуіміздің негізгі тірек

дереккөздері ретінде қолданылды. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облысындағы, Орта Азиядағы ОҚКАЭ, ТАЭ, САЭ, ОАЭ зерттеушілерінің қазба жұмыстарының нәтижелері мен Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының мұрағаттық деректері кейінгі ортағасырлық қалалардағы зерттеулер нәтижелерімен салыстырмалы тұрғыдан қарастырылып, пайдаланылды.

Екінші, Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар туралы ортағасырлық жазбагерлердің қалдырған аутентивті деректері талдау нысанына айналды. Жұмыста Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани (XVғ.соңы - XVI ғ.), Мирза Мұхаммед Хайдар (XV ғ. соңы - XVI ғ), С.Бақырғани (XII ғ. II жартысы - XIII ғ.), Киракос Гандзакеци (XIII ғ.), Хафиз-и Таныш ибн мир Мұхаммед Бухари (XVI ғ.), Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр (XVI ғ.), Джамал ал-Карши (XIII-XIV ғғ.) шығармаларындағы мәліметтер талданып, археологиялық материалдармен сәйкестендіріліп, жұмыстың негізгі дереккөздері ретінде пайдаланылды. Сол сияқты араб, парсы тілдерінде жазылған деректерді қазақ, орыс тілдеріне аударып, ғылыми түсіндірмелерін жасаған К.А.Пищулина, А.Исин, И.В.Ерофеева, Б.Еженұлы, Н.Н.Мингулов, В.П.Юдин, С.К.Ибрагимов, З.Жандарбек, Ә.Момынов және т.б. еңбектеріндегі тұжырымдар жазба деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытуда тарихи әдіснамалық негіз ретінде алынды. Сол сияқты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ғылыми айналымға ұсынған деректер кешені пайдаланылды.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздерін** тарихи таным теориясы, жүйелілік, іс-әрекеттік, жоғары педагогикалық білім беру мазмұны, тарихи білім беру мен әдістемесіне қатысты теориялар, оқытудың қолданбалық бағдарлылығы тұжырымдары, оның ішінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі, пәнді оқыту тұжырымдамалары, пәннің әдістемелік жүйесі құрайды. Тарихи мәдени ескерткіштерді оқу үдерісінде пайдалануға қатысты шетелдік тарихшы, педагог, психолог ғалымдар мен әдіскерлердің іргелі зерттеулерінің тұжырымдары басшылыққа алынды.

**Зерттеу көздері.** Зерттеу мәселесі бойынша тарих, психология, философия, педагогика, мұражайландыру мен мұражай ісі салаларындағы еңбектер; ҚР Президентінің «Қазақстан–2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; орта ғасырдағы Қазақстан тарихы пәнінің оқу-әдістемелік кешендері (типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.); әдіскер-тарихшылардың, педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; тарихи деректерді оқытуда пайдалану жөніндегі ғылыми еңбектер зерттеу көздерін құрады.

**Пайдаланылған әдістер.** Алға қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістер пайдаланылды: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және тарихи әдебиеттерді, жоғары оқу орындарының тарих мамандығының бағдарламаларын талдау; ЖОО-ның міндетті пәндерді және таңдау бойынша курстарды оқытудың тәжірибесін зерттеу және жинақтап ой қорыту.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері**

**I кезеңде** (2013-2014 жылдар) зерттелетін проблеманың нақты жағдайының деңгейін анықтау мақсатында тарих оқулықтарына, жоғары оқу орнында тарихты оқыту әдістемесі жүйесіндегі пәндердің бағдарламалары мен оқу, оқу-әдістемелік құралдарына талдау жасау негізінде білім алушылардың кәсіби пәндерден алған теориялық және тәжірибелік білімдерін қандай дәрежеде меңгергені анықталды. Сонымен бірге, ЖОО-да тарихты оқытудың пәнаралық байланыстары анықталып, тарихтың қолдану салалары зерделеніп, «оқытудың қолданбалық бағдарлылығы» ұғымдарының мәні мен ұстанымдары талданып, анықтама берілді; тарихты оқытуда тарихи деректерді қолдану жайлы ғылыми зерттеулерге сараптама жасалды.

**II кезеңде** (2014-2015 жылдар) болашақ тарих мұғалімдерін даярлау, тарихты оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын пайдалану, отандық оқу орындарындағы тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын жүзеге асыру әдістері, құралдары, педагогикалық әлеуеті тұжырымдалып, білім алушылардың тарихи білімдерін қалыптастырудың дидактикалық ұстанымдары айқындалды. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдістемесі жасалды.

**III кезеңде** (2015-2016 жылдар) болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын тарихи деректер арқылы дамытудың тиімділігі жөнінен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді. Бұл кезеңде диссертация рәсімделді.

**Зерттеу базасы.** Енгізу жұмыстары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізілді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:** Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

− Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіснамалық негіздерін орнықтыруға қатысты тұжырымдар жасалды. Бұл тұжырымдарды басқа кәсіби пәндердің оқыту әдіс-тәсілдерін жаңалауда қолдануға болады.

− Жазба және археологиялық деректердің оқу-тәрбие үдерісінде тарихи білім беру мен тарихи сана қалыптастырудағы қолданбалық бағдарлылық сипаты мен атқаратын қызметтері жіктеліп, жүйеленді;

− Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы деректерінің қолданбалық бағдарлылығының негізгі бағыттары мен педагогикалық әлеуеті айқындалды;

− Тарихшы мұғалімдер дайындау үдерісінде орта ғасырлар тарихы курсының мазмұнындағы тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіс-тәсілдері негізделді;

− Тарихи деректердің қолданбалы бағдарлылығын іске асырудың тиімді және көрнекі түрі ретінде мұражай педагогикасына негізделген орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуға байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі** теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына, міндеттеріне, нысанына, пәніне сәйкес жалпығылыми әдістердің қолданылуымен, теориялық тұжырымдар мен қол жеткен нәтижелердің болашақ тарих мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарының тарих мамандығы білім алушыларының оқу-тәрбие үдерісінде сыннан өтуімен қамтамасыз етіледі.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар**

– Орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы білікті және бәсекеге қабілетті болашақ тарих пәні мұғалімдерін дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерінің жүйесі болып табылады;

– Ортағасырлық тарихи деректердің қолданбалық сипаттағы мәні мен мазмұнын айқындау болашақ тарих мұғалімдерін ақыл-ой және іскерлік дағдыларын қалыптастырып, олардың кәсіби біліктілігін арттырады;

– білім алушылар орта ғасырдағы Қазақстан тарихы деректерінің қолданбалық бағдарлылығының әдістерін игеруі арқылы басқа кәсіби пәндердің де мазмұнын жете меңгеріп, игерген теориялық білімдерін танымдық, тәрбиелік және зерттеушілік салаларда табысты қолдана алатын болады;

– орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін оқу үдерісіне енгізу «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында нақтыланған құндылықтарды қоғам мүшелерінің белсенді азаматтық позициясына айналдыруға ықпал етеді.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу.** Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары **Scopus** компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми «Asian Social Science» журналының 2013 жылғы 5-саны 6-томында, Алматы, Түркістан, Лодзь, Никосияқалаларында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 4 мақалада баяндалды. Зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес ҚР БҒМ ЖАК бекіткен тізімдегі журналдарда 7 мақала; Қазақстан, Канада, Түркия және Ресейдің ғылыми басылымдарында 6 мақала жарияланды. Жалпы алғанда диссертация тақырыбына байланысты барлығы 17 мақала жарық көрді.

**Жұмыстың құрылымы.** Жұмыс кіріспе, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

# 1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫҚ БАҒДАРЛЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қазақстанның орта ғасыр тарихы деректерін оқу үдерісінде қолдануға қатысты зерттеулер тарихнамасы

Жоғары оқу орындары басшылыққа алатын мемлекеттік білім алу стандарттары тиімділігінің жоғары болуы білім алушылардың танымдық белсендігіне байланысты болатын оқыту процесіне екпін түсіріп, барлық күшті осы іс-әрекетке бағыттауды ұсынады. Бұл жағдай шолу лекциялары мен тәжірибелік сабақтарды өткізу әдістеріне, Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға, ағымдық және қорытынды білім бағалауды өткізу әдістеріне жаңа талаптар енгізуге итермелейді. Жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектің басты ерекшеліктерінің бірі оның жалпы және кәсіби тұрғыдан жоғары білікті болуымен қатар өздігінен білім алу мүмкіндігінің жоғары болуымен танылады. Жаңа талаптар жүйесі жоғарғы оқу орындарында оқытылатын барлық пәндерге, соның ішінде тарихи білім беретін пәндер кешеніне де қатысты.

Тарихты оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының кезеңдеріне байланысты өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңдегі «Қазақ тарихы»«КСРО тарихы» құрамында оқытылғандықтан, пәннің мазмұнында таптық сипаттар басым болатын. 1989-1990 оқу жылынан бастап республика мектептерінде жаңа дербес пән – «Қазақстан тарихы» пәні оқытыла бастады. 1991-1992 жж жаңа оқу жоспарына сәйкес ЖОО жүйесінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту қолға алынды. 1992 ж. бастап әртүрлі дәрежедегі оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәні тарихи білім берудің кезеңдеріне сәйкес бөлініп, кең түрде оқытыла бастады. Сонымен қатар ЖОО-да білім алушылардың отандық тарихтан мемлекеттік емтихан тапсыруларының міндеттілігі де «Қазақстан тарихы» пәнінің мәртебесін көтерді. Алайда, XX ғасырдың 90-жылдарының басында «Қазақстан тарихы» пәнінің оқытылу жайы, ұйымдастыру формалары, әдістері, оқу бағдарламалары, оқулықтар, Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі талабына толық сай емес еді. Осыған орай Қазақстан тарихы мәселелерін жетік оқытудың бағдарламалары жасалып, тың идеялар басшылыққа алынды. Қазіргі кезеңде тарихи білім берудің мақсаттары былайша айқындалды:

− адамзаттың тарихи даму жолы туралы тарихи білімдерді игеруіне жол ашу;

− тарихи оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізуге қабілеттілікті қалыптастыру;

− отансүйгіштік пен тарихи тәжірибе гуманизм идеялары негізінде рухани құндылыққа бағыттау;

− өз халқының тарихы мен мәдениетін қызығушылықпен құрметтеу;

− ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеу;

− тарихи білімдер мен әдістерді қолданып, қоғамдық ойдағы жаңа мағлұматтарды өз позициясы тұрғысынан сын көзбен бағалауға және дұрыс тұжырымдар жасауға қалыптастыру.

Аталмыш мақсаттарды жан-жақты қамтып, жүзеге асыру барысында «Қазақстан тарихы» пәні келесі бөлімдерге бөлінді:

1. Ежелгі Қазақстан тарихы (ежелгі заманнан V ғасырға дейін)

2. Қазақстанның орта ғасыр тарихы (б.з V ғасырынан XVII ғасырдың аяғына дейін)

3. Жаңа замандағы Қазақстан тарихы

4. Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы [23].

Осы аталған бөлімдердің ішінде біздің зерттеу проблемамызға байланысты болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың маңызы зор. Қазақстанның орта ғасыр тарихы жоғарғы білім беру жүйесінде тарихи білім берудің маңызды сатыларының бірі. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын жүйелі түрде оқыту өз халқымыздың тарихын барлап, оның мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін игеру үшін аса маңызды қызмет атқарады. Бұл бағытта ортағасырларда Қазақстан аймағын мекендеген ру-тайпалардың қалыптасу тарихын, көшпелілер мен отырықшы елдер арасындағы қарым-қатынас пен ұлттық мәдениет қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету қажет.

Қазақстанның орта ғасыр тарихын танып-білуге талпынған әрбір зерттеуші мемлекет, қоғам және ұлттың қалыптасу тарихын тек тарихи деректерге сүйене отырып қана түсіндіре алады. Тарихи деректер ұғымына орыс ғалымы Г.М.Иванов: «белгілі бір тарихи кезең жайлы түсінік қалыптастыратын жекелеген тарихи фактілер мен болған оқиғалар және тарихи процесстен көрініс беретін материалдық мәдениет заттары мен құжаттар жиынтығы» [24] деп анықтама береді. Сонымен қатар, тарихи деректердің өлшеусіз сарқылмайтын тарихи білім көзі екендігіне шүбә келтіруге болмас. Жалпы тарихи деректердің маңыздылығын анықтауда белгілі бір кезеңге және белгілі бір елдің тарихына байланысты классификациялау жүйесі қалыптасқан. Тарихи деректерді классификациялауға байланысты өз пікірін алғашқылардың бірі болып білдірген неміс ғалымы И.Дройзен [25] болды. И.Дройзеннің пікірінше, адам іс-әрекетінің нәтижесін екіге бөлуге болады: тарихи ескерткіштер мен дәстүрлер.

Орыс тарихшысы Л.Н.Пушкарев «тарихи деректерді жазба, заттай және этнографиялық деп үш типке бөле отырып, жазба деректердің өзін құжаттық және баяндаушы деректер деп екі түрге жіктеп қарастырады [26]. Белгілі шығыстанушы академик Б.А.Ахмедовтың пікірінше, жазба ескерткіштерді классификациялаудың ең тиімді әдісі – оларды типі мен түріне қарай бөлу дей отырып, жазба деректерді төмендегіше типтерге бөледі:

1. Құжаттық деректер түрлері: Жарлықтар, жоғарғы және ұлыс билеушілерінің грамоталары; Мемлекеттік және ведомствоға қарасты мекемелердің құжаттары; Жеке актілер; Лауазымды тұлғалардың және көрнекті саяси және діни қайраткерлердің өзара байланысқан хат-хабарлары.

2. Нарративтік деректердің түрлері: Жылнамалар (маңызды оқиғалардың қысқаша жылма-жылғы жазбалары); Тарихи хроникалар; Мемуарлар;

Өмірбаяндар; Тарихи-әдеби анықтамалықтар; Этика-дидактикалық мазмұндағы трактаттар [27].

Қазақ тарихына қатысты тарихи-мәдени мұраны тарихи деректік тұрғыдан зерттеуге, Отан тарихын зерделеуде жаңаша көзқарас қалыптастырып, тарихи деректердің талдануында тың ойлар ұсынған ғалымдар қатарында М.Қ.Қозыбаев [28], Қ.М.Атабаев [29], Б.Ғ.Аяған [30], Б.Е.Көмеков, М.Х.Әбусейітова [31] болса, тарихи деректердің мұражайлық сипатын арнайы қарастырған К.Н.Райымхан [5, 43 б.] сынды ғалымдар еңбектерін атауға болады. Олар тарихи деректерді талдау мен қолданудың, тарихи мәселелерді зерделеудің бағыт-бағдарын анықтап берді. Қазақ тарихына қатысты жазба деректер түрі мен типіне қарай классификацияланумен қатар, жазылған тіліне қарай парсы, араб, түркі, қытай, орыс тілді деректер деп өз ішінде бірнеше топтарға бөлінеді. Ал, қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдиннің көзқарасы бойынша, парсы деректердің өзі этносаяси сипатына қарай тимуридше, шайбанидше, шағатайша (қашқарша), сефевидше және тағы басқа түрлерге жіктеледі [32].

Тарихи деректерді классификациялауға байланысты әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, олардың пайда болу тегіне, сыртқы ерекшеліктеріне, хронологиялық мерзіміне, жазылу тіліне, саяси бағытына байланысты бөлінетіндігін зерделей келе, қазақ тарихына қатысты тарихи деректерді, отандық тарихшылар шартты түрде 7 түрге бөліп қарастырады:

1. Археологиялық деректер
2. Жазба деректер
3. Фольклорлық деректер және ауыз әдебиеті
4. Жылнамалар
5. Мерзімді басылымдар
6. Шежіре
7. Заң актілері.

Тарихи деректерді тарихшылардың пікірлерін зерделей келе, оның түрлері мен типіне байланысты классификациялаудан оларды мәліметтер көзі, қоры ретінде дұрыс пайдалану жолдарын қарастыру қазіргі Қазақстан тарихының маңызды мәселелерінің біріне айналып отырғандығын байқаймыз. Әсіресе, бүгінгі күні Қазақстанда мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқының өзінің төл тарихына деген қызығушылығының артып келе жатқан жағдайында тарихтың негізін құрайтын тарихи деректер ерекше маңызға ие болып отыр [33].

Соңғы жылдары Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты ғылыми айналымға енген жазбаша деректер саны едәуір өскен. Бұл деректерОңтүстік Қазақстан қалаларының өмірі жайлы толығырақ мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштерін қайта жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында 2003 ж. мемлекеттік деңгейде қолға алынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазақ мемлекеттілігінің тарихын зерттеуде маңызы зор шетелдік қорлардан бірегей жәдігерлер мен архивтік

құжаттар қазақ дерекнамасы мен тарихи-мағлұматтар базасын толықтырды. Тарих ғылымында алғаш рет қазақ халқының мәдени тарихының барлық даму кезеңдерін қамтитын деректер қатары ғылыми айналымға шығарылды.

Басқа халықтардың тарихы сияқты, қазақ халқының тарихы да өзінің төлтума деректерінің негізінде жазылды. Белгілі тарихшы Мухаммед Хайдар Мырзаның «Та'рих-и Рашиди», Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» атты шығармаларының көп бөлігі ауызша тарихнамалық хабарлар негізінде жазылғанымен, түркі өркениетінде де жазба мәдениеттің болғандығынан хабар береді. Сондықтан, ұлттық деректерімізді тани білу ел тарихын оқып-үйренудің және зерттеудің шешуші шарттарының біріне жатады.

Қазақстанның орта ғасырдағы тарихы жөніндегі мәліметтер парсы, түркі, қытай, орыс тілдерінде жазып қалдырылған. Жазба деректер Қазақстанды мекендеген халықтардың әлеуметтік қатынастары, мәдениеті, тұрмысы, әдет-ғұрпын танып-білуге, зерттеуге жол ашады, сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары жайлы тарихнамалық мәліметтер базасы кеңейді [34].

«Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы жазба деректерінің құрылымы» 1 суретте қарастырылған.




Сурет 1

Кесте 1 - Тарихи білім қалыптастыратын тарихи деректердің мазмұндық жүйелеу сызбасы

| | | |
|---|---|---|
| *Орыс тіліндегі деректер*<br>А.И.Тевкелевтің журналдары мен қызметтік хабарлары, Орыс мемлекетінің елшілік құжаттары | | Орыс князьдарының Орданың билік орындарымен қарым-қатынастары, қалаларды локализациялауға байланысты деректері берілген. |
| *Қытай тіліндегі деректер*<br>Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары. | | Ортағасырлық Қазақстан территориясын мекендеген ұлттар мен ұлыстардың этникалық құрамы, егіншілік пен ирригация рухани мәдениет мәселелері қарастырылған. |
| *Түркі тіліндегі деректер*<br>Шади Молданың «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме»,<br>Хафиз-и Таныш ибн мир Мұхаммед Бухаридің «Шараф-наме-йи шахи»,<br>Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік», «Грамоты из Сыгнака», Зайн ад-дин Васифидің «Бадаи′ ал-вакаи′», Молла Мұса бен Молла Айса (Иса) -ходжа Сайрамидің «Тарих-и амнийа» | | Орта ғасырдағы қазақ халқының құрылуымен, Қазақ хандығының пайда болуы, дамуымен XV-XVIII ғғ. қазақ қоғамы өмірінің көрінісін жаңғыртып, көрсетумен байланысты едәуір тарихи мәліметтер бар. Түркі тайпаларының материальдық мәдениеті, тұрғын жайлары жайлы мәлімет береді, түркі халықтарының тарихи географиясы мен этникалық тарихы зерделеуде маңызды орынға ие мәліметтерді жинақтаған. |
| *Араб тіліндегі деректер*<br>Ибн фадлаллах ал-Умаридің «Китаб масалик ал-абсар ва мамалик ал-амсар» шығармасы, Ахмед ибн Мухаммед ибн Арабшахтың «Аджайиб ал-макдур фи тарих-и Таймур»шығармасы, | | Түркі халықтарының этнологиясы, әдет-ғұрпы, шаруашылығы, қалалар арасындағы ара қашықтық, географиялық жағдайы мен сауда жолдары жайлы құнды деректер келтірілген. Араб деректерінің компиляциялық сипаты басым болып келеді. |
| *Батыс деректері*<br>Марко Поло (1254-1324 гг.) «Книга о разнообразии мира», Гильом де Рубрук (1220-1293) «Путешествие в восточные страны»,<br>Карпини Джованни ди Плано (1182-1252 гг.) «История монголов/Путешествие в восточные страны» | | Қазақстан аумағындағы этникалық-саяси бірлестіктер, әмір Темір билік еткен кезеңдегі әскери-саяси оқиғалар, оның Тоқтамыспен және Едігемен қарым-қатынастары, ноғайлар мен қазақтардың одақтастық қатынастары туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер бар. |
| *Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде* | | Тарихи оқиғалар, елдер арасындағы қарым-қатынас жолдары, сонымен қатар қазақ тарихының мазмұнын байыта түсетін құнды бірқатар құнды мағлұматтар алуға болады. |
| *Парсы тіліндегі деректер*<br>Джамал ал-Каршидің «Ал-Мулхакат би-с-сурах» еңбегі, Ала эд-Дин Ата Мәлік Жуайнидің «Тарих-и жаһангушай» шығармасы, Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегі | | Ортағасырлық қалалардың географиялық орналасуы, демографиялық,әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы бірқатар мәліметтер келтірілген. |

Бұл шығармалардың ішінде XIV ғ. - XV ғ. басындағы Қазақстанның тарихы жайлы құнды мәліметтер көзін құрайтын басқа да деректер жеткілікті. Олар Қазақстан тарихының орта ғасырдағы кейбір мәселелеріне арналатын араб [34], парсы [35-36], түркі[37-38] шығармаларынан үзінділер Қазақстан мен ТМД территориясында кітап және кітаптар жинағы (серия) түрінде жарыққа шықты. Кейбір ортағасырлық авторлардың Қазақстанның XIV-XVII ғғ. тарихы, соның негізінде Сырдария маңы қалалардың тарихы аударма түрінде де, қолжазба түрінде де жарыққа шықпаған, олар еліміздің және шетелдің сирек қолжазбалар қорларынан табылуда. Сондықтан жаңа жазба деректер көзін ашу қазір де өзекті мәселе болып отыр. Алайда, зерттеу жұмысы барысында қарастырылған ортағасырлық авторлардың танымал еңбектерінің ішінде Оңтүстік Қазақстан қалаларының XIV-XVII ғғ. саяси дамуы, экономикасы мен әлеуметтік қатынастары негізінде жазылған Қазақстанның ортағасырлық тарихын ашып көрсететін түпнұсқалық жазба дерек жоқтың қасы десе де болады. Бізге дейін көшірме түрінде жеткен аталмыш еңбектер қазақ жеріне келген алғашқы шетел саяхатшыларының күнделіктері, Орыс мемлекетінің XV-XVII ғғ. елшілік құжаттары, орыс жылнамалары мен ресми құжаттары, дипломат естеліктері мен журналдары, саяхатнамалар мен тарихи географиялық еңбектерінен таңдамалылар, араб географтары мен саяхатшылар естеліктерінен үзінділер, саны жағынан көп емес акт іс-қағаздары, салық төлеу шарттары ішінде қысқа сипаттама ретінде берілгендіктен оның өзін де біз құнды дерек көзі деп қарастырамыз. Алайда, қолда бар жазба мәліметтердің көпшілігінің субъективті сипатқа ие болатындығын ескеріп, оларды археологиялық зерттеу қорытындыларымен біріктіре пайдалану – Қазақстанның орта ғасырдағы тарихын объективті түрде сипаттауға мүмкіндік беретіндігін айрықша атап өткіміз келеді.

Алғашқы қауымдық қоғамнан, ежелгі дүние мен орта ғасырлардан қалған еңбек құралдары, қару-жарақтар, мекен-жайлардың, қоныстардың, керуен сарайлары мен әскери бекіністердің жұрты, қорымдар, т.б. материалдық ескерткіштер ғылымда археологиялық деректер ретінде қарастырылады. Олардың негізінде топыраққа көміліп, жер астында қалып, қалалар мен бекіністердің қираған орындарында бірнеше қабаттардан тұратын төбелер түрінде мәдени қабаттар қалыптасады. Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырдағы тарихшылардың, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олардың еңбектерінде өздері көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған ежелгі қалалар мен қоныстардың жұрттарына, заттар мен бейнелерге сипаттама берілген.

Орта ғасырдағы қазақ жерінің дамуы жайлы қалам тартқан әуесқойлардың, өлкетанушылардың және ізденуші-зерттеушілердің назарын аударған ежелгі қалалардың құландылары мен архитектуралық ескерткіштері Арыс, Келес, Бөген, Шаян, Арыстанды, Бадам, Қарашық өзендері бойында көптеп сақталған. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын зерделеу барысында археологиялық зерттеулермен бірлестікте жұмыс жасау жазба деректердің тиімділігін

арттырумен қатар, орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты оқиғалардың шынайы бет-бейнесін қалыптастыруға жол ашады. Зерттеу нысанына айналған аймақтың ортағасырлық тарихын зерделеу мен оны кезеңдерге бөліп қарастыру жайлы Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич [39], К.М.Байпақов [40], М.Елеуов [41], Б.Ә.Байтанаев [42] өз еңбектерінде кеңінен мағлұматтар берген.

Аталмыш зерттеушілердің тұжырымдарында аймақтың археологиялық тұрғыда зерттелу тарихы үш кезеңге бөліп қарастырылады:

1. Бірінші; революцияға дейінгі кезең: XVIII ғасырдан бастап –XX ғасырдың 20-жылдарына дейін. Бұл кезең мәліметтерді жинақтау мен ескерткіштерде алғашқы барлау жұмыстарының жүргізілуімен шектелді

2. Екінші кезең: Кеңес дәуіріндегі зерттеулер – археологиялық ескерткіштердің тізімін жасау, топографиялық ерекшеліктерін анықтау, қала құландыларының жобасын жасау, мемлекеттік қорғауға алу, жекелеген қалалар мен архитектуралық және монументальды құрылыстарды мерзімдеу мен баламалау. Алғашқы археологиялық экспедициялардың ұйымдастырылуымен ерекшеленеді.

3. Үшінші кезең: тәуелсіз мемлекет территориясындағы тарихи маңызы бар қала құландыларын жоспарлы түрде зерттеумен айналысқан кезең. Бұл жоғарыда аталған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сығанақ, Жанкент, Шымкент, Сауран, Отырар қалаларында соңғы ғылым жетістіктерді пайдалана отырып, аэрофототүсірілімдер жасау. Зерттелу нысанына айналған қалаларда «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мұражайландыру мен консервация жұмыстарын жүргізу кезеңі [43].

Зерттеушілер тұжырымдарын саралап, аймақтың зерттелу дәрежесін диссертация тақырыбына сәйкестендіріп, үш кезеңге бөліп қарастырсақ; бірінші кезең – мәліметтерді жинақтау және ескерткіштерге алғашқы жүргізілген зерттеулер – XVIII ғасырдың басында басталып, Қазан революциясына дейін жалғасқан (сипаттама беру, суретке түсіру, орналасқан орны жайлы мәліметтер беру). Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық ескерткіштер мен қалалар, өзендердің ағысы мен халқының орналасуы жайлы алғашқы деректер С.Ремезовтың 1701 ж. «Сібірдің сызба кітабы» мен 1737 ж. жарық көрген атласта анықталып [44] көрсетілді. XVIII ғасырдың 20–жылдары Каспий теңізі, Орта Азия мен Кавказдың археологиялық ескерткіштеріне байланысты толық мәліметті қамтитын карта құрастырылды. Онда Сырдария өзенінің бойында жайласқан Аскент, Фараб, Есвиджаб /*Испиджаб*/ қалалары картадан нақты орны көрсетіліп, жазба деректерден алынған жаңа мәліметтермен толықтырылған [45]. Натуралист–зоолог Н.А.Северцов 1864 ж. өзінің Түркістан өлкесіне іс-сапары барысында Әулие-Ата, Түркістан және Ташкент қалаларын азық-түлік және мақта өндірісі өнімдерімен қамтамассыз ететін Шымкент облысының қалаларының халқының орналасуы мен географиялық, экономикалық дамуы жайлы нақты деректер жинақтады. Іс-сапар барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің діни орталық ретіндегі орнын айқындайтын деректер [46] көптеп берілді. П.И.Пашино өз шығармасында Сайрам, Манкент, Шымкент қалаларындағы сауда-саттық мәселелері, керуен

жолдарының орналасуы, халқының саны мен саяси жағдайы жайлы мәліметтерді толықтырды. Сонымен қатар аймақтағы Ахмет Ясауи кесенесі мен суармалы егіншіліктің өркендеп дамуынан хабар беретін ортағасырлық Сауран қаласының фортификациялық жүйесі жайлы деректер базасын кеңейтті [47]. Сауран қаласына қазба жұмыстарын жүргізгендер қатарында А.К.Гейнстің аты аталады. 1866 ж. Түркістан өлкесіне жасаған саяхатының барысында Сауран, Ясы, Карнақ және Испиджаб қалаларының құландылары жайлы археологиялық деректер қатарын толықтырды [48].

1867 ж. Археологиялық комиссияның тапсыруымен орыс шығыстанушысы П.И.Лерх Сырдария бойындағы Сауран, Сығанақ қалаларының қала жұртына толық сипаттама беріп, тіркеу жұмыстарын жүргізді. Жанкент қаласына қазба жұмыстарын жүргізіп, жазба деректермен салыстыра отырып, талдау жасады. Сауран қаласының құландыларымен танысқан ғалым құландылар арасынан медресеге кірер қақпаның екі жағында орналасқан мұнара белгілерін анықтайды. Хазірет Сұлтан мешіті мен құлпытастарда жазылған жазбалардың көшірмесін алады [49]. П.И.Рычков «Түркістан иелігіне енетін қалалар» ретінде Оңтүстік Қазақстанда орналасқан «Янги Утрар, Сабрар» қалаларын көрсеткен. Қалалардың қалыптасуы жайлы аңыздарға тоқталып, Түркістан қаласының құрылымы мен фортификациялық жүйесі, шаруашылығы жайлы мәлімет беріп, XVIII ғасырдағы демографиялық жағдайына тоқталады [50].

Оңтүстік Қазақстанның қала мәдениетіне, архитектуралық сәулет өнеріне қатысты 1200-ге жуық фотодеректі А.Л.Кун жинақтап, жариялады [51]. Н.И.Веселовскийдің еңбегі Сырдария өзені бойындағы Жанкент, Отырар қаласының құландылары, Сайрам аралығындағы қалалардың қолданбалы бағдарлылығын арттыра түсіп, олардың ішкі құрылымы, орналасқан архитектуралық өнер туындылары, қала топографиясы, қалалардың ирригациялық жүйелеріне тоқталды. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларының әлеуметтік-мәдени дамуы жайлы археологиялық деректер қатарын толықтырды [52].

XIX ғ. 90-жылдары «Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің» мүшелері мен жергілікті интеллегенция өкілдері Қазақстанның оңтүстігіндегі жекелеген қалалар мен елді мекендердің тарихын зерттеді. Е.Смирнов Отырар, Сығанақ қалаларының әлеуметтік дамуы жайлы мәліметтердің қолданбалы сипатын арттыратын, суландыру жүйесі мен ирригациялық каналдардың атаулары, орналасуы, аймақтың топонимикалық атауларына байланысты да мәліметтер [53] келтірді. Н.Лыкошин Отырартөбе маңындағы төбелердің атқарған қызметі мен олар жайлы аңыздарға тоқталып, Отырар атауының шығуы жөніндегі деректер [54] береді. В.Каллаур Сунақ-Ата қаласының жұрты мен ондағы сақталған ғимарат қалдықтары жайлы мәлімет береді. Сығанақ қаласынан табылған керамикалық бұйымдар мен теңгелерге қарап, экономикалық және әлеуметтік жағдайы және қаланың суландыру жүйесін бағалауға мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарланған нақты деректермен [55] толықтырады. А.Черкасов кейінгі археологиялық зерттеулердің тиімділігін арттыра түсетін Отырар қаласы мен оның маңындағы төбелер атауларының

шығуы мен орналасуы заңдылықтары жайлы накты мәлімет беріп, ондағы мекендеген халықтың «белгілі бір кәсіппен айналысқан» деген өз тұжырымын дәлелдеді. Арыстан-баб мешіті мен цитадельді ерекше атап, қаланың ирригациялық және қорғаныс жүйесінің беріктігін бағалауға мүмкіндік беретін мәліметтермен [56] толықтырды. А.Кларе ортағасырлық қалалардың саяси дамуынан мәлімет келтіріп, олардың қолданбалы сипатын арттыра түсті. Атап айтқанда, Отырар қаласының Орта Азияның басқа қалаларына қарағанда танымалдығы, біріншіден, 1218 ж. Хорезм-шах өкілінің Шыңғысхан керуенін тонауымен, екіншіден, 1405 ж. қалада Әмір Темірдің қайтыс болуымен байланысты екенін атап өтеді. А.Кларе Отырар қала жұртында қазба жұмыстарын 5 траншеяға бөліп жүргізді, ондағы табылған заттарға тізім жасады. Аталмыш мәліметтер қала туралы VIII ғасырдан бастау алған тарихи мәліметтерді, араб деректеріндегі жазбаларға сәйкестендіре қарастырып, болып өткен оқиғаларды жылдар бойынша жүйелеуге мүмкіндік берді [57]. С.Маллицкий ортағасырлық қалаларда діни наным-сенімге байланысты салынған құрылыс орындарын арнайы қарастырды [58], оның зерттеулері аймақтағы архитектуралық ескерткіштер жайлы мәліметтер базасын толықтырды. А.И.Добросмыслов өз еңбегінде XV ғасырдан - 1864 ж. дейінгі аралықтағы аймақтың саяси тарихы жан-жақты қарастырған [59]. Аталмыш мәліметтер Түркістан мен оның аумағының географиялық жағдайын анықтап, өзге өңірлермен салыстыруға мүмкіндік береді. Н.Лыкошиннің аймақтың археологиялық ескерткіштер тізімі келтіріліген алғашқы жинағын жарыққа шығарды. И.А.Кастанье 1910 жылға дейін белгілі болған археологиялық ескерткіштерді түрі мен орналасқан өңірі бойынша топтастырды [60].

1893-1894 жж. В.В.Бартольдтың Шу және Талас алқабының, Ыстықкөл ойпаты мен Іле өзені алқабының ескерткіштерін зерттеді және оның берген мәліметтерінің қолданбалы бағдарланған сипаты, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын толық сипаттауға мүмкіндік береді. В.В.Бартольд зерттеген ауданының топографиясына жан-жақты тоқталып, Әулиеата (қазіргі Тараз) қаласының орнын белгіледі, қала салу ісі мен ондағы архитектуралық ескерткіштерге назар аударады [61-62]. XX ғ. басында құрылған Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір, Семей және Орынбор бөлімдері Орталық, Солтүстік-Шығыс Қазақстанды археологиялық зерттеу нәтижесінде накты материалдар жинақталып, жүйеге келтірілді. 1919 ж. Материалдық мәдениет тарихы академиясы, 1920 ж. Мұражайлар және өнер, табиғат, көне ескерткіштерді қорғау істері жөніндегі Түркістан комитеті құрылды. Ежелгі ескерткіштерді есепке алудың, зерттеудің, сақтаудың жаңа жолдары анықталды.

1921 ж. Орта Азия мен Қазақстанның археологиялық ескерткіштерін зерттеумен айналысатын «Туркомстарис», 1925 ж. бұл комитеттің атауы «Средазкомстарис» болып өзгереді. Аталған мекеме тарапынан XX ғасырдың 20-жылдары, «алғашқы қайта қалпына келтіру және есепке алу жұмыстары мен ірі нысандарды зерттеудің» алғашқы жұмыстары жүргізілді. 1923 ж. П.П.Иванов Сайрам қамал қорғанына сипаттама беріп, оны Испиджаб

қаласымен баламалайды [63]. 1925 ж. М.Е.Массон Сайрамды Испиджаб ретінде баламалауға күмән келтірді. 1927 ж. А.Ю.Якубовский Сығанақтың X-XIX ғғ. 20-40 жж аралығындағы тарихына, Сығанақ қаласы мен ондағы тарихи ескерткіштер құландыларына арналған ауқымды мақаласы жарияланады [64]. Мақалада аймақта егіншіліктің даму деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін қолданбалы сипаттағы қала топографиясы, ирригациялық жүйелері мен суармалы арықтарға мәліметтер келтірілген.

Оңтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштеріне жоспарлы түрде зерттеу жұмыстарын 1947 ж. А.Н.Бернштам бастаған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) жүргізді. Экспедиция өз жұмысы барысында Сырдария ауданындағы 31 төбені тауып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл төбелердің он екісі – Арыс пен Талас арасында орналасқан археологиялық ескерткіштер болса, он бірі – Отырар оазисінде, Сырдарияның сол жағалауы мен орта ағысында төрт ескерткіш, Қаратаудың солтүстік жоталарында үш, Түркістан мен Сығанақ аудандарында бір ескерткіш орналасқан [65]. А.Н.Бернштам мен Е.И.Агеева басқарған экспедиция Отырар оазисіндегі, Шу мен Талас өзендері аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар орындарының үлкен тобын зерттеп, картаға түсірді. Экспедиция жұмысының нәтижесінде қала орындарын зерттеу мен керамиканы топтау мәдени-тарихи кезеңдер туралы, қолөнер мен сауданың даму деңгейі жайлы алғашқы тұжырымдар жіктеле бастады.

Оңтүстік Қазақстан территориясында табылған керамикалық бұйымдарды Е.И.Агеева кезеңдерге бөліп қарастырды. Керамиканың жасалу технологиясы мен орнаментіне байланысты, осы кезеңге «моңғол-темірлік» деген атау беріп, сырлы керамиканың өзін 6 топқа бөліп зерттейді [66]. 1970 жж. бастап V-VIII ғғ. және XIII-XV ғғ. Отырар қаласы мен Отырар алқабының ескерткіштерін зерттеу қолға алынды. Жаңа құрылыстар жүргізілген жерлерде Шардара және Шүлбі археологиялық экспедициялары жұмыс істеді. Отырар мен Құйрықтөбеде жүргізілген қазба жұмыстары Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар кезіндегі тайпалар мен ұлыстардың материалдық мәдениетінің сабақтастығы жөнінде дәйекті ғылыми тұжырымдар жасауға негіз қалады. 1964-1965 жж. Жетісу археологиялық экспедициясы (К.А.Ақышевтің басшылығы) Шу, Талас алабындағы және Қаратаудың солтүстік беткейіндегі отырықшылық мәдениетінің дамуын зерттеу, керамикалық бұйымдарды хронологиялық кезеңдеу жүйесін нақтылау, отырықшылық мәдениеттің құлдырау себептері мен оның таралу шекарасын анықтау секілді жұмыстарды атқарды [67]. 1969-1970 жж. Отырар археологиялық экспедициясы (ОАЭ) бағдарламасы аясында маршрутты ізденіс, археолого-топографиялық жұмыстар, аэрофототүсірілім, авиабарлау, стратиграфиялық қазба мен шурф түсіру жұмыстары атқарылды. Барлау жұмыстарының нәтижесінде қала мәдениетінің белгілі ескерткіштерінің археологиялық картасы жасалып, археологиялық зерттеулердің тереңдей түсуіне мүмкіндік беретін осы картаға белгілі ескерткіштерден бөлек 80 жаңа қала, елдімекен орны түсірілді [68-69].

1972-1973 жж. Т.Н.Сенигова Түркістан қаласының цитаделі территориясына қазба жұмыстарын жүргізді. Цитадель қорғанының Солтүстік-Шығыс бөлігі мен Шығыс мұнараның жанынан салынған қима бойынша, қабырға шикі кірпіштен қаланғанын және қамал қабырғаларының үш құрылыс горизонтын анықтады және автор өз зерттеуінде Түркістанның XVII-XVIII ғғ. керамикалық өндірісі жайлы толыққанды ақпарат берді [70], ал табылған теңгелер археологиялық деректердің қолданбалы бағдарланған сипатын арттыра түсіп, қаланың ақшы айналымынан хабардар етеді [71]. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедицияның (ОҚКАЭ) құрамында, 1973 ж. бастап ертедегі суармалы жерлерді зерттеу мақсатында В.А.Грошевтің басшылығымен арнайы отряд құрылады. Негізгі зерттеу нысандары: Отырар оазисі, Сырдарияның орта ағысының сол және оң жағалауы, Қаратаудың оңтүстік және солтүстік беткейі қалаларында ирригация дамуы, ирригациялық техника, қаланы сумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыстар атқарды [72].

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан ортағасырлық қалаларды зерттеуде К.М.Байпақовтың қосқан үлесі зор. Ол өз зерттеулерінде тарихи деректердің қолданбалы бағдарланған сипатын кеңейте түсетін Сыр бойындағы қалалар – Испиджаб, Шымкент, Түркістан, Отырар, Сауран, Сығанақтың саяси тарихы, қолөнердің дамуы, суармалы егіншіліктің өркендеуі, сауда мен ақша айналымы, тұрғын үй құрылымы мәселелерін археологиялық және жазба деректер негізінде талдап, қалалардың тарихи топографиясы жайлы ауқымды тұжырымдар ұсынды, сонымен қатар қала орамдары, қалаларда тұрғызылған қоғамдық құрылыс орындары, тұрғын үй және әлеуметтік құрылымы жайлы жан-жақты әрі нақты мәліметтер берді [73]. Қалалардағы керамика өндірісі, шеберханалар, өңдеу тәсілдері, қолөнердің дамуы М.Қожаның «Отырардағы керамика өндірісі» [74] атты еңбегінде тұжырымдалды. Ортағасырлық Түркістан қаласында жүргізілген археологиялық жұмыстардың қорытындысы бойынша «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана» [75] атты монографиясы жарық көрді. Кітапта, Ахмет Ясауи кесенесінің маңында жүргізген қазба жұмыстары барысында ашылған діни және мемориалдық жәдігерлер жүйеге келтіріліп, кейінгі ортағасырлық қаланың материалдық мәдениеті, тұрғын жайлары, керамикалық бұйымдары мен оларға салынған таңбалар жайлы бірқатар мағлұматтар берілді.

Бірнеше кезеңге бөлінген «Мәдени мұра» бағдарламасы мақсаты елдің тарихи–мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және келешек ұрпаққа сақтап қалу. Осы бағдарлама аясында Сауран қаласында белгілі архитектуралық–археологиялық нысандарға (мешіт, медресе, ханака, қала қамалы) кең масштабты қазба жұмыстары жүргізілді. Қазба жұмыстары қала территориясында тарихи деректердің қолданбалы сипатын толықтай ашуға мүмкіндік беретін ашық аспан астындағы мұражайға айналдыруға бағытталған [76].

2004–2007 жж. аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы мен көне Отырардың өркендету жұмыстары аясында бірқатар археологиялық

ескерткіштерде (жұма мешіт (XIV ғ.), қала орамдары (XVI ғ.), қала қақпалары, моншаға (XIV ғ.) археологиялық зерттеу, консервациялау, мұражайландыру жұмыстары жүргізілді. Отырар оазисіндегі ежелгі ирригациялық жүйелерді зерттеу мақсатында 8000–ға жуық аэротүсірілімдер жасалды. Келешекте Отырар оазисін Қазақстан археологиясының ең таңдаулы ескерткіштерінің біріне айналдырып, оны әлемдік «Мәдени мұра» тізіміне енгізу жұмыстары жүргізілуде [77]. Осы бағдарлама аясында, Сығанақ археологиялық экспедициясы (САЭ) (*С.Жолдасбаев басшылығымен–М.А.*) өз жұмысын бастады. Қазба жұмыстарының мақсаты: ортағасырлық Сығанақ қаласы мен елдімекендерді зерттеу, материальдық және рухани мәдениетті құраушы элементтерді қайта қалпына келтіру, қаланың мәдени-шаруашылық дәстүрі мен әлеуметтік-экономикалық құрылымын анықтау болып белгіленді [78].

Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалар дамуының экономикалық аспектісі Р.З.Бурнашеваның еңбектерінде [79] жеткілікті талданған. Оның зерттеулерінде Отырар, Ясы-Түркістан, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Жент және Ташкент қалаларының XV-XVIII ғғ. теңгелері топтарға жіктеліп, олардың құрамы анықталды. Қалалардың ішкі және сыртқы саудадағы ролі мен әлеуетін анықтайтын ауданның сауда-экономикалық байланыстары жайлы ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Түркістан оазисіндегі қала мәдениетіне қарасты, барлық ғылыми айналымда жүрген және кейінгі ізденіс нәтижесінде алынған материалдар негізінде жарық көрген еңбектердің бірегейі, Ескі Түркістан және Сауран қалаларының көлемі, типологиясы мен топографиясына, археологиялық зерттелу тарихы, керамикалық бұйымдарына сипаттама беруге арналады [80]. Қаратаудың Солтүстік беткейінде орналасқан кейінгі ортағасырлық Күлтөбе және Ран қалалары қазба жұмыстары нәтижесінде табылған әшекей бұйымдар мен күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттарға қарай, қаланы мекендеген тұрғындардың этникалық құрамы жайлы мәлімет берген. Тұрғын жайларда бөлмелердің атқарған ролі, керамикалық бұйымдарға қойылған таңбалар жайлы біршама мәлімет беріп, оларды топтарға бөліп қарастырған [81].

Оңтүстік Қазақстан қалаларының археологиялық зерттелуі түрлі тарихи кезеңде ғылыми зерттеумен шұғылданған ғалымдардың алдына қойған міндеттері әртүрлі болғанымен, олар зерттеу нысанына айналған қалалардың белгілі бір қырын танытуға тырысты.

Қазіргі уақытта Отан тарихы ғылымының, оның ішінде археологияның алдында қойылған жаңа міндеттердің бірі - Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі шаруашылығы, мәдениеті мен қолөнерінің дамуы туралы бұрынғы материалистік көзқарасқа негізделген қағидалардан арылып, жаңа тұжырымдар жасау. Осыған байланысты далалық зерттеу жұмыстары кеңейтіліп, археологияның теориялық-әдістемелік мәселелері қолға алынды.

Соңғы жылдары тарихи білім берудің мақсаттары мен мазмұны археологиялық және жазба деректер көлемінің едәуір ұлғаюымен түбегейлі өзгеріске ұшырады. Сонымен қатар Қазақстан тарихын жеке пән ретінде оқыту барысында оқыту үдерісін жақсартатын жекелеген ережелер мен белгілі бір

жағдайға қажетті қолданбалық бағдарлылығының негізін құрайтын эмпирикалық түйіндеулер жинақталып, тарихты оқытудың кешенді әдістемелік жүйесін түзді. Дегенмен, соңғы жылдары тарихшы-ғалымдар Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі жетілген ғылыми негізді пәнге айналып үлгермегендігі жайлы талқылауда. Оның себебі, отандық тарихты оқыту әдістемесінің даму деңгейі Қазақстан тарихы ғылымының даму дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан, Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру барысында тарихи деректермен жұмыс жасаудың тиімділігін арттыру мен оның әдістемелік шарттарын анықтау – Қазақстан тарихын оқытудың жаңа әдістемесін қалыптастырудың бір мүмкіндігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Әлемдік білім беруді жетілдірудің негізгі міндеттерінің бірі – білім мен іс-әрекет тәсілдерін меңгеру арасында кездесетін алшақтықты жеңіп, зерттеулердің іргелілігін сақтау және бір мезгілде оқытудың қолданбалық бағдарлылығын арттыру болып отыр [82]. Бұл міндет қазіргі кезде Қазақстан тарихы пәнін оқытуды жетілдірудің кешенді міндеттерінің бірі ретінде тарихшы-ғалымдар мен әдіскер-оқытушылардың де ізденіс бағыттарын айқындайды. Зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен мазмұнын ашатын бұл міндетті біз тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне қатысты тұжырымдар жасау ретінде қарастырамыз. Осы кезге дейін Қазақстан тарихы пәнінің басқа да пәндер секілді тарихи білім берудің өзіндік әдіс-тәсілдері қалыптасқан [83]. Отан тарихын оқыту жүйесін екі негізгі бөлімге бөлуге болады:

біріншісі, жалпы Қазақстан тарихының барлық бөліктерін оқытуды бір кешенді үдеріс деп алып, оны оқытуды тыңғылықты жолға қою;

екіншісі, Қазақ тарихының белгілі бір анықталған бөлігі, мәселен, ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы секілді жеке мәселені оқытудың әдістемесі [84].

Отан тарихын оқыту білім алушының ойлау көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, көптеген тарихи құбылыстардың себеп-салдарлы байланыстарын ажыратып, тарихи оқиғалардың түп-тамырын зерделеуге, түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында тарихи білімнің плюралистік, әр қилы мазмұнды болуы, білім алушылар мен оқытушыларды дидактикалық және мәліметтік сипаттағы мәселелермен бетпе-бет келуге мәжбүрлейді. Тарихи білім беру тұжырымдамасының икемділігі оқытушылар мен мектеп мұғалімдеріне Қазақстан тарихын оқытудың жаңа құрылымы мен мазмұнын, тарихи білім беру саясатында басымдылық беретін бағыттарды өзінің анықтауына жол ашуда.

Осы мәселелердің барлығы отан тарихын оқыту саласында жаңа теориялық және тәжірибелік зерттеулердің, оқыту үдерісін ұйымдастырудың басқа да тұғырларын анықтауға түрткі болуда. Оқыту нәтижелерін іс-әрекеттік формада – пәндік және әмбебап (метапәндік) икемділік түрінде білдіру қажеттілігі іс-әрекетік тәсілдер мен жалпы білім беру аясында және жеке пәндерді, оның ішінде Қазақстан тарихын оқуда білім алушылардың меңгеруі

тиіс икемділіктердің ғылыми негізделген кешенін дайындау мәселесін өзекті етеді.

Тарихты оқыту пән ретінде тарихи ғылымның әдістемесі мен мазмұнына негізделеді. Ғылыми тарихи танымның маңызды ерекшелігі сол, тарихшы өткен өмірді сан алуан түрлі тарихи деректер – өз дәуірінің мәдени маңыздылықтарын есте қалдырған өткеннің дәлелдері мен ескерткіштері негізінде зерттейді. Сондықтан тарихи деректермен жұмыс істеу бейімділігі – тарихты сонау мектепте оқу кезінде қалыптасуы және одан әрі ЖОО-да бекітілуі тиіс басты пәндік бейімділіктердің бірі. Бір мезгілде тарихи деректермен жұмыс істеу метапәндік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Білім алушылар тарихи деректерді пайдалана отырып, тарихты ғылыми және ғылымнан тыс (көркемдік, күнделікті) тану әдістерінің өзгешеліктерін меңгереді, өткеннің және қазіргі заманның оқиғаларының кереғар баяндалу мен түсіндірілуін қалыпты жағдай ретінде ұғынады да, тарихи зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесін жинақтайды. «Тарихшы» мамандығының осы элементтерін меңгеру барлық білім алушылар үшін маңызды, себебі оларға қазіргі әлемді полимәдениетті деп қабылдап және онда өзіндік сәйкестігін анықтауға септігін тигізеді. Сондықтан да университет білім алушылар үшін тарихи деректермен жұмыс жасау тәжірибесі кәсіби, өзін-өзі дамыту тұрғысынан да маңызды.

Тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерінің кешенін модельдеуде қолда бар педагогикалық тәжірибеге сүйенген абзал, сонымен қатар тарих сабағында деректермен жұмыс істеуде XIX-XX ғғ. қалыптасқан дәстүрлерді талдап, осы жұмыстың басымдылық беретін бағыттарын, инновациялық әдістемелік шешімдерін анықтаған дұрыс болар еді. Тарихты оқытуда тарихи деректерді пайдалану мәселесін отандық және ресейлік тарихты оқыту әдістемесі ғылыммен ұғынуда тарихи деректердің орны мен мақсатын, оқытушы мен білім алушылардың оқу қызметінің тәсілдерін түсінумен ерекшеленетін төрт негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады. Тарихи деректер тарихты оқыту құралы ретінде ресейлік білім беру саласында XIX ғ. ортасынан бастап пайдаланылған.

Бірінші кезеңде – М.М.Стасюлевич, Н.А.Рожков, С.Ф.Фарфоровский сынды тарихшылар мен әдіскерлердің еңбектерінде тарихты оқыту барысында тарихи деректерді пайдалану мәселесінің ғылыми-тарихи аспектісінің мәні айқындалған. Ғалымдар білім алушылардың оқу танымдық қызметінің негізін тарихшылардың ғылыми-зерттеу қызметінің барысында байқады және осы жұмысты тарих сабағына ауыстырудың тиімді әдістемелік жолдарын табуға тырысты. М.М.Стасюлевич оқушылардың тарихи деректерді өз бетінше оқуына негізделген тарихты оқытудың «нақты әдісін» ұсынды. Ол оқулыққа балама ретінде ортағасырлар тарихы бойынша хрестоматияны жарыққа шығарды, онда философтар мен ғалымдардың ғылым туралы, атап айтқанда тарих туралы еңбектерінің үзінділері және жеке тарихи кезеңдерді оқу материалдары (тарихи очерк және замандастар мен ұрпақтардың жариялаған алуан түрлі деректер кешені) қамтылған [85].

Н.А.Рожков «зертханалық әдісті» ұсынып, дәріске әдеби, деректік, заттық деректерді кірістіруді ұсына келе, тарихи деректер аясын түрлендірді [86].

С.Ф.Фарфоровский «зертханалық әдісті» теориялық тұрғыдан негіздеді. Ол білім алушы тарихи деректермен жұмыс жасай отырып, тарихшы-ғалымның зерттеу әрекеті кезеңдері мен білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс жасау кезіндегі танымдық қызмет процедуралары арасындағы өзара байланысты көрсете келе, білім алушы өз бетінше тұжырымдар жасау үшін жеңілдетілген, жүйелі ойлау жолын жүріп өтуі тиістігін көрсетті. Аталмыш авторлар тарихи деректерді тарихты оқыту үшін білім алушыларды зерттеу әрекетіне тартуға мүмкіндік беретін басты құрал ретінде қарастырды. Осы ретте айта кететін жайт, М.М.Стасюлевичтің хрестоматиясы да, С.Ф.Фарфоровскийдің жоғары сынып оқушыларына арналған «Источники русской истории» (Орыс тарихының деректері) құралы да тарихи деректермен жұмыс жасауды ұйымдастыруға көмектесетін сұрақтар мен тапсырмаларды қамтымайды [87]. Мұның себебі аталмыш «зертханалық» және «нақты» әдістердің әдістемелік негізі ретінде позитивизмнің болуы мүмкін еді. Авторлар тарихи таным мен білім маңызының позитивистік негізіне қосыла келе, өткеннің ақиқаты тарихи деректерде ашық бейнеленген, тарихи фактілер деректерде «дайын түрде» кездесті, сондықтан да тарихи деректер «өз–өздеріне жауап береді» деп болжамдады. Тарихшының міндеті түпнұсқадағы тарихи деректерде қамтылатын фактілерді алудан, жүйелендіруден және жалпылаудан тұрады.

Екінші кезеңі – тарихи деректерді пайдаланудың дидактикалық-әдістемелік құрамдас мәселесіне ең алғаш болып В.Я.Уланов назар аударды. Автор ЖОО-да оқыту әдістерін мектепке өткізудің тиімсіздігін ескерді және мектепте «құжатнама әдісін» қолдануды жақтады, онда білім алушы деректермен жұмыс істеу үшін өздерінің білім деңгейлеріне сәйкес келетін тәсілдерді меңгереді, яғни мазмұнын айту, бір-бірін толықтыратын деректерді салыстыру, құжаттың мазмұнын оқулықтың мазмұнымен, мұғалімнің әңгімесімен немесе арнайы тарихи еңбектің үзіндісімен салыстыру [88] қарастырылатынын сөз еткен.

Үшінші кезең – тарихты оқытуда зертханалық әдіс қайтадан кеңінен пайдаланылды: оқулықтардың орнына жұмыс кітаптары келді, олардың арасында ең танымалы А.А.Введенский мен А.В.Предтеченскийдің [89] оқу құралдары еді.

Соңғы төртінші кезеңде – оқыту жүйесінде бүгінде әдістемелік дәстүрге айналған тарихи деректерді пайдаланудың сол кездің инновациялық әдістемелік жолдары негізделді және сыннан өтті. Біріншіден, тарихты оқыту тәжірибесінде тарихты оқытуды тарихи біліммен қатар тарихи танымның әдістерімен де қамтып ұсыну идеясы алғаш рет жүзеге асқан болатын. Екіншіден, дәрістерде оқу пәні ретінде тарихтың маңызын түрліше түсінуді білдіретін деректерді пайдалану үшін екі тәсіл ұсынылған болатын:

1) ғылыми тарихи таным процедураларынан бастап білім алушылардың танымдық қызметін тарихи деректермен үлгілеуге дейін;

2) тарих курсының мүмкіндіктерінен бастап деректермен жұмыс істеу тәсілдерін таңдауға дейін [90].

Соңғы жылдары «тарих ғылымын» білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерінің деңгейіне бейімделген ғылым саласы немесе білім алушыларды тұлғалық дамыту мәселелерін шешу құралы ретінде қарастыру жайлы пікірталас бүгінде де жалғасуда. Тарихи деректерді пайдалану мәселесі әсіресе дидактикалықжәне әдістемелік аспектіде зерделенді. Тарихи деректерге негізгі оқулыққа қосымша білім ұсынатын оқу құралы ретінде қарады. Деректердің мақсаты білім алушылардың көбіне оқытушының әңгімесінен немесе ғылыми әдебиеттен алынған тарихи түсініктерінің көрінісінен, нақтылауынан, кеңейтуінен байқалды. М.А.Зиновьев оқытушы қолданатын тарихи деректерді пайдаланудың әдіс-тәсілдерін негіздеді (құжатты оқытушының түсіндірмесімен оқуы және тиісті суреттерді көрсетуімен, оқытушының құжатқа дәйексөз келтіруі, оқыған құжаттар бойынша әңгімелесу т.б.) [91]. Білім алушыларға тарихи деректермен өзі жұмыс жасауға мүмкіндік беретін қолжетімді тәсілдер жүйесін құру мәселесі бір мезгілде алға қойылды. Н.В.Андреевская мен В.Н.Бернадский білім алушыларды оқытушының алдын ала іріктеген және бейімдеген құжаттарын білуді көздейтін сұрақтардың оқып отырған материалды талдайтын және жалпылайтын, құжаттың мазмұнын белгілейтін сұрақтар [92, с.151-156] деген үш типін ұсынды. А.А.Вагин және Н.В.Сперанская тарихи деректі оқытушының әңгімесіне қосу тәсілдерін және білім алушылардың тарихи деректі талдау тәсілдерін (қорытынды тұжырыммен түсіндіріп отырып оқуы, оқытушының оқыған құжаты бойынша әңгімелесуі) ерекшелеп, тарихи деректермен жұмыс істеу тәсілдерін жіктеуді бірінші болып жүзеге асырды [93].

Алайда білім алушының тарихи деректерді оқу барысында қолжетімді тәсілдер жүйесін құру мәселесі – ХХ ғ. 60-80-ші жылдары –білім алушылардың танымдық қызметін белсендендіру, танымдық дербестілікті дамыту мәселелерінде мақсатқа сай шешілді. Мәселенің шешілуіне Н.Г.Дайри, Ф.П.Коровкин, И.Я.Лернер айтарлықтай үлес қосты. Аталмыш әдіскерлер XIX ғ. соңы - XX ғ. басы зерттеушілері секілді тарихшының зерттеу қызметі Білім алушылардың тарихи-танымдық қызметін үлгілеу негізі болуы тиіс екенін көрсетті. Ғалымдар XX ғ. 30-60 жж. педагогикалық тәжірибесіне сүйеніп білім алушылардың тарихи деректермен оқу жұмысының ғылыми-тарихи және психология-педагогикалық негіздер теңгерімін қамтамасыз ететін әдістемелік жолдарды ұсынды. Н.Г.Дайри тарихты оқытудың зерттеушілік әдісін алға тартты, онда «оқыту кезінде тарихшы-ғалым өткен мен осы шақты тани отырып жүретін жолдарын айқындайды» деп түсіндірді. Н.Г.Дайри тарихты оқыту кезінде білім алушылардың танымдық дербестігін дамыту қажеттілігіне баса көңіл бөле отырып, тарих материалдары негізінде шамадан тыс логикалық пайымдаулар жасаудан сақтандырды [94]. Ғалым дәріске тарихи деректерді іріктеу критерийлерін алғаш болып негіздеді: болып жатқанның мәнін «дұрыс» сипаттау және оқулықтың олқылықтарының орнын толтыру, қоғамдық өмірдің барлық жақтарын құжатпен баяндау, тілдің ықшамдылығы және түсініктілігі,

сондай-ақ жалпы білім алушыларды , оның ішінде олардың зерттеушілік бейімділіктерін дамыту негіздері ретінде құжаттың мүмкіндіктері [94, с. 198-199] қарастырылды. Ф.П.Коровкин жазбаша тарихи деректердің түрлері мен тарихи құжат мазмұнының өзара байланысы туралы мәселені алға тартты, оның пікірінше деректер білім алушыларға шынайы білім алуға көмектесе алады. Автор тарихи деректердің білім алушылардың тарихи білімінің аспектілік құрамын көрсететін және әдістемелік тәсілдерді таңдауды анықтайтын әдістемелік топтамасын жасады [95, с. 69]. И.Я.Лернер тарихты оқытуда зерттеу ұстанымын негіз етті. Ғалым бұл қағиданы қолданудың басты мақсаты білім алушылардың ойлауын дамытуда деп білді, ал қағиданың мәнін: «…оқушы мұғалімнің басшылық етуімен тарихи ғылым әдістерінің көмегімен тарихи фактілер мен құбылыстарды өз бетінше талдау мен түсіндіру дағдыларын және бейімділіктерін иеленеді» [96] деп түсіндірді. Ғалым білім алушылардың ойлауын дамыту мәселесі проблемалық мәселелер жүйесін қолдану арқылы шешілуінің мүмкін екенін экспериментті түрде дәлелдеді, олардың мазмұндық негізін тарих ғылымның аспектілік мәселелері, ал іс-әрекеттік негізін ғылыми тарихи танымның әдістері құрайды. И.Я.Лернер тарихи құжаттарды оқудың басты тәсілдерін меңгеруге көмек беретін сұрақтар типологиясын дайындады (деректердің мәліметтерін жаңарту, құжаттың мәліметтерін түсіндіру, құжат авторының көзқарасын айқындау т.б.) [96]. Өкінішке қарай, бұл типология тарихты оқытудың жалпы тәжірибесіне негіз бола алмады, тарих оқулықтарында және тарих мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарда жүйелі түрде жүзеге аспады.

Осылайша, XX ғ. 60-80 жж. әдістемелік зерттеулерінде білім алушылардың жазбаша тарихи деректермен өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігі теориялық тұрғыдан негізделіп, экспериментті түрде дәлелденді, білім алушыларға тарихи танымның жеке процедураларын меңгеруге ықпал ететін сұрақтар мен тапсырмалардың нұсқалары ұсынылды. Аталмыш кезеңнің басты ерекшеліктері, біздің ойымызша, келесіден тұрады:

Біріншіден, тарихи танымның әдістемелік негізі жаңартылды;

Екіншіден, тарихи танымы тарих ғылымы сияқты «лингвистикалық» және «визуалды» бетбұрыстардың ықпалына ұшырайды және тарих сабағында ауызша, визуалды, заттық деректермен жұмыс істеу әдістемесі туралы арнайы ғылыми еңбектердің пайда болуы осының айғағы десе де болады [97].

Үшіншіден, соңғы жылдары әдіскер-тарихшылар тарихи деректермен жұмыс істеудің жеке тәсілдеріне емес, тұтас әдістемелік үлгілерді дайындауға көңіл бөле бастады. Атап айтқанда, тарихты тек тарихи деректер негізінде оқыту идеясы Ю.Л.Троицкийдің еңбектерінде біршама жүйелі қамтылды [98] және оны тарихшы жұмыс дәптерлерінің сериясында XX ғ. 90-шы жж. ортасында жарыққа шығарды. Осылайша, Ю.Л.Троицкий алғашқылардың бірі болып тарих сабақтарында бір-біріне қарама-қайшы тарихи және тарихнамалық деректермен жұмыс істеу қажеттілігі мен мүмкіндігіне назар аударды. Ю.Л.Троицкий құжаттық-әдістемелік кешенмен жұмыс істеу кәсіби тарихшыға тән (тарихи оқиғалар мәтінін қайта құру және тарихтың бір-бірімен байланысты

және іштей қайшылықсыз сипаттамаларын жасау) екендігін ерекше атап өтті. Білім алушылар құжаттық-әдістемелік кешенмен жұмыс істей отырып, өздері тарихи оқиғалардың нұсқаларын алға тартады – яғни, тарихты «жазады» деген ұстанымға негізделген. Әдіскер жаңа әдістемелік тәсіл – баяндайтын оқиғаларға қатысты мәтін авторының мағыналық қағидаларымен жұмыс істеуді ұсынады, төрт ықтималды қағида – замандас, ұрпақ, шетелдік, күлдіргіш сипатталады. «Тарихшы» кәсібіне баулу саласында Б.Д.Богоявленский мен К.Г.Митрофанов ұсынған білім алушымен тарихи деректерді кезең-кезеңімен талдауға үйрету әдістемесі де әзірленген. Аталмыш авторлар оқушыларды тарихи деректермен негізгі әрекеттерін (ақпаратқа бағдарлану, сын, тарихи талдау, тарихи синтез) және осы әрекеттерге сәйкес сұрақтарды, түсініктерді, ойлау жұмысының формалары мен операцияларды ерекшелейді [99]. Авторлардың дайындаған білім алушыға тарихи деректермен әрекет етуді меңгеруге, сырттан келетін кез келген ақпаратқа сыни және шығармашылық тұрғыдан қарауды үйренуге, өзге қағидаларды түсінуге мүмкіндік беретін міндеттер типологиясы маңызды болып табылады.

Заманауи зерттеушілердің басым бөлігі тарихи құжатты маңызды, бірақ тарихты оқытудың жалғыз ғана құралы емес деп қарастырады. Н.Н.Лазукова тарихты оқытуда «баламалы жағдайларды» пайдалану, яғни білім алушылардың көркемдік, публицистік және ғылыми әдебиетте берілген баламалы бағалау пайымдарын ұғыну әдістемесін дайындады: таңдау жағдайын жасау – оқушылардың оның маңыздылығын анықтауы – ұсынылған баламаларды қарастырудың критериалдық негізін нақтылау – оларды таңдаған критерийлерге сай талдау және бағалау – оқушылардың қарастырылып отырған мәселе бойынша өз қағидасын дәлелді баяндауы – оқытушының оқушының жұмыс нәтижесін талдауы [100]. Оқытудың мазмұнды және қызметтік кешендерін бейнелейтін тарихи деректермен жұмыс істеудің тұтас үлгісін Л.Н.Алексашкина дайындады [101]. Автор маңызды кешендерді талдай келе білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс жасаудағы олардың танымдық қызметі екі деңгейде болады:

− Кез келген деректі тарихтың ескерткіш ретінде білу (нақты, жеке таным);

− Тарихи кезеңмен оның ескерткіштері арқылы танысу (жалпы таным).

Ғалым танымдық қызметті сипаттай отырып екі бағытты көрсетеді: «археологиялық деректерге» (деректерді алғаш рет қабылдау, деректану білімінің элементтерімен алдын ала танысу) және деректерді талдау мен сынау бастамасы. О.Ю.Стрелова мен Е.Е.Вяземский тарихи құжаттарды талдау үшін көпдеңгейлі тәсілді ұсынды [102]. Авторлар талдаудың бес деңгейін ерекшеледі:

1) құжатты рәсімдеу (қайда және қашан пайда болды, авторы кім, құжаттың түрі);

2) тарихи логикалық (құжатта не туралы айтылады);

3) аксиологиялық (құжатта қандай құндылықтар қамтылған);

4) сыни (ақпарат объективтіме?, бұл құжатқа сенім артуға бола ма?);

5) праксеологиялық (тарихты оқуда құжатты қалай пайдалану, ол несімен пайдалы). Ғалымдардың құжат авторының, құжатта әңгіме етіліп жатқан өткен адамдарының менталды стереотиптерін, құнды түсініктерін және мақсаттарын талдауға жүгінуі аса маңызды. Басқаша айтқанда, адамдар әрекеттерінің өзі ғана емес, сонымен бірге өткен дәуір адамдарының ішкі әлемін білу де білім алушылардың зейін қою пәніне айналуы тиіс.

Осылайша, XX-XXI ғғ. зерттеушілер әдістемелік тұрғыдан іздену тармақтарын белгілейтін бірқатар инновациялық әдістемелік идеяларды ұсынып, негіздеді. Олардың арасында – оқу тарихи танымда қарама-қайшы тарихи деректерді пайдалану маңыздылығы, білім алушыларды деректерді көпаспектілі және көпдеңгейлі талдау тәсілдеріне үйрету қажеттілігі, ЖОО-да пайдаланатын тарихи деректер аясын кеңейту мәселесі талқыланды. Бүгінде ол заңнама және іс жүргізу құжатнамасы ғана емес, сонымен қатар жеке өзінің пайда болу дерегі, публицистика, көркем әдебиет, сондай-ақ визуалды, ауызша, заттық тарихи деректер. Тарихтың әрбір курсының мақсаттарына және мазмұнына, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне және олардың тұлғалық даму қажеттіліктеріне қатысты заманауи ғылыми тарихи таным әдістемесіне негізделетін тарихи деректермен жұмыс істеу икемділігін дамыту бағдарламасын жасау тарих әдістемесі мен тарихи білім беруді дамытудың келесі кезеңінің басты міндеті болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның орта ғасырдағы тарихы деректерін оқу үдерісіне қолдануға қатысты зерттеулер тарихнамасына жасалған талдаулар көрсетіп отырғандай, осы кезге дейін тарихи деректерді оқу үдерісіне қолдануға қатысты зерттеулер жүргізілгенімен оның білікті де бәсекеге қабілетті тарихшы мұғалімдер дайындаудағы қолданбалық бағдарлылығы арнайы қарастырылмағандығына көз жеткіздік. Демек, тарихи деректердік оқу үдерісіндегі қолданбалық бағдарлылығын дамыту әдіс-тәсілдерін жүйелеу бұрын назардан тыс қалып келгендігі, ал қазіргі кездегі оқытудың инновациялық технологияларын іздестіру және оны оқу үдерісіне енгізу міндеттері біздің зерттеуіміздің өзекті екендігін танытады.

### 1.2 Оқу үдерісінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының теориялық-әдіснамалық негіздері

Зерттеу жұмысы тарихи дерек көздерін пайдаланудың қолданыстағы формалары мен әдістерін талдау арқылы деректердің қолданбалық бағдарлылығын айқындауға, сондай-ақ оны оқу үдерісінде тиімді пайдаланудың әдістемелік шарттарын анықтауға арналған. Ал, тарихи деректермен жұмыс істеу ЖОО-да тарихи білім берудің әдістемелік жүйесінің ажырамас бөлігі болғандықтан оқу үдерісі міндеттеріне қарай тарихи деректермен жұмыс істеудің алуан түрлі әдіс-тәсілдері жасалынған және олар оқу-оқыту үдерісінде жиі пайдаланылады.

Тарих әдіснамасы – (грек тілінен аударғанда methodos – әдіс, таным жолы, logos – сөзі) – тарихи танымның әдістері мен ұстанымдарының қалыптасуын зерттейтін, тарих ғылымының әдістемелік аппаратын әзірлейтін, тарих

ғылымының әдістемелік таным туралы пән [103] екендігін ескерер болсақ, тарих әдіснамасына мынадай екі жалпылама анықтама беруге болады:

1. Ғылымда қолданылатын зерттеу әдістерінің жинытығы.

2. Ғылыми таным әдісі туралы ілім.

Тарих әдіснамасын тарихи зерттеулер жүргізудің құралы ретінде де қарастырады. Тарихшы әдіснама қағидалары мен ұстанымдар арқылы жаңа білім алып, тарихи оқиғалар мен құбылыстар туралы мәліметтерді айқындап, нақтылайды. Қазіргі таңда «әдіснама» тарихи танымның жалпы негізін құрайтын ұғым бола отырып, нақты тарихи зерттеу тәжірибесінің теориялық көрінісі әдістемелері, ұстанымдар, ғылыми тарихи түсініктерді қамтиды. Әдіснама танымға жетелейтін ойға мүмкіндіктер бере отырып, тарихшының зерттеу жұмысының тәжірибесін баяндайды. Сонымен қатар, әдіснама тарихи зерттеулерде жеке және жалпы мәселелерге сараптама жасай отырып, оны зерттеудің жолдарын қарастырады.

Тарих әдіснамасына берілген анықтамаларды сараптай келе, оның кең және тар мағынада қолданылатындығын анықтадық:

Біріншіден, тарихи зерттеудің бағыты мен мақсатын анықтайтын философиялық ұстанымдардың жиынтығын білдіреді.

Екіншіден, арнайы пән ретінде қарастырылып, оның міндеті тарихи зерттеу құрылатын ережелер және критерийлермен айналысу [104] болып айқындалады.

Отан тарихын өз дәрежесінде зерттеу үшін тарихшы-ғалымдар тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасына баса аудару қажеттігін қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді. Келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады» [105] деген сөздерінен аңғаруға болады. Алаш көсемінің бұл тұжырымының әдіснамалық мәні тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығына тікелей қатысты. Тарихтан сабақ алу – тарих ғылымының басты қызметі. «Өзінің тарихын білмеу», «өзінің тарихын жоғалтудан» «өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұратын» халықтың тығырықтан шығар жолы – тарихи жадын жаңғырту, биік интеллектуалды тарихи сана биігіне көтерілу болмақ. Демек, тарихтан сабақ алу дегеніміз – тарихи деректерге негізделген айғақтар және дәйектермен тұжырымдалған ғылыми көзқарасқа сүйенген азаматтық позициямен белсенді әрекет ету болмақ.

Посткеңестік кеңістікте қоғамдық ғылымдар жүйесінде қалыптасқан парадигмалар тарих ғылымында да тың әдіснамалық ізденістер жүргізудің қажеттілігін алға тартқан болатын. Осыған байланысты деректанушы Қ.М.Атабаев: «Отандық тарих ғылымындағы басты кемшілік – әдістемелік кемшілік. Барлық ғылымның негізі әдістемеде жатыр. Әдістемелік, теориялық мәселелерді анықтап алмай, басқа ғылымдар сияқты, тарих ғылымының да өз дәрежесінде дамуы мүмкін емес. Қазақстан тарихы ғылымының міндеті қазақ

ұлтының тарихын зерттеу болуы керек» [29,б. 35] деген тұжырымын алға тартады.

Әрине, осы орайда қазақ тарихы мен әдіснамасының өзекті мәселелерін кең ауқымды және терең зерттеулер арқылы ұтымды тұжырымдамалар жасау қажеттілігі артып отыр. Аталмыш мақсаттарды іске асыру барысында теориялық дайындығы жақсы, жаңаша ойлайтын жан-жақты білім алған мамандармен қатар, отандық тарих ғылымы мазмұнының дамуына өзек болатын мықты әдіснама қажет екендігі жайлы тарихшы-ғалымдар өз зерттеулерінде жаңа ұсыныстар айтуда.

Тарихшылар өткеннің оқиғаларын қайта жаңғырту кезінде, ал білім алушылар оны оқуда негізге алатын басты әдіснамалық ұстанымдары қатарында объективтілік және тарихи ұстанымдарды бөліп айтуға болады. Ендігі кезекте тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын нақтылау мақсатында тарихи танымдағы осы екі ұстанымға талдау жасап көрейік.

*Объективтілік ұстанымы* тарихи құбылыстарды қарама-қайшылығымен, жан-жақтылығымен және оны зерттеу барысында туындаған барлық қиындықтарымен зерттеуді болжамдайды. Оның мәні тарихты оқу және оқытудағы басты мәселе – «біздің өткеніміз туралы білетініміз шын ба?» деген сұраққа жауап беруден тұрады. Аталмыш ұстаным тарихта екі түрлі мазмұнда қолданылады. Біріншіден, объективтілік ұстанымы әрбір жеке деректің зерттеу негізінде жатуы керек. Екіншіден, дерек мазмұнының ақиқатқа негізделгендігін анықтау үшін деректің обьективтілік деңгейі мен субьективтіліктің ара қатынасы тең болып, тарихи ақиқатты анықтауда бірігіп көрініс тапқандығы мен берілген дерек мағлұматының біртұтас дерек ретінде талдануы және қаралуы міндетті болу керек. Тарихшы өзінің ғылыми зерттеу жұмысында қойылған міндетіне сай берілген мағлұматтың кез келген бөлігін пайдалануы мүмкін. Бірақ, бұл ақпараттың мазмұнын дұрыс ғылыми түсіндіру, оны зерттеуді соңына дейін нақтылықпен жеткізу барлық деректерді біртұтас дерек ретінде талдау барысында ғана мүмкін болады [106]. Кез келген тарихи зерттеудің мақсаты: «не болды? қалай болды? неге басқаша емес, солай болды?» деген қарапайым үш сұраққа жауап іздеуден тұрады. Бірақ, тарих ғылымында ақиқатқа жету үдерісі физикадағы, химиядағы және басқа да «классикалық» ғылымдардағы ұқсас үдерістерден анағұрлым ерекшеленеді [107].

Біріншіден, тарих ғылымында жаратылыстану ғылымдары секілді өткенді тікелей эксперимент, тәжірибе жүргізу арқылы бақылау мүмкіндігі жоқ. Онда тек өткеннің белгісі ретіндегі «іздер» – тарихи деректер қалдырылады, тарихшы қолда бар деректерді ғылыми тәсілдермен қолдана отырып, оқиғалар мен құбылыстарды ғылыми тұрғыда қалпына келтіруге мүмкіндік алады.

Екіншіден, жаратылыстану ғылымдарында басты зерттеу объектісі табиғат болса, тарих ғылымында ерік, ой-сана берілген тірі адамдар әрекет етеді. Сондықтан кейбір адамдар өз мүдделерін көздей отырып, белгілеген мақсатына әрдайым дұрыс жолмен жете бермейді, ал бұл оқиғаларды қасақана бұрмалау әрекеттері тарихи деректерде анық көрініс табады.

Үшіншіден, тарих ғылымы мемлекеттік идеологиямен ажырағысыз біртұтас жүйе іспетті. Тарих пен идеология бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне өзара ықпалдастықта дамиды. Басқаша айтқанда, «өткен тарихты зерттеп жүрген тарихшы қоғамдағы басым идеялармен бөлісіп, тарихи оқиғаларды объективті сипаттай ала ма? Осы жағдайда ақиқатты табу мүмкін бола ма?» деген мәселені қарастырар болсақ, тарихшы-ғалымдар өз кәсіби дайындық деңгейіне және дүниетанымдарына сүйене отырып осы сұраққа әртүрлі жауап береді.

Бірінші жауап – кез-келген идеология жалған. Өйткені белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделері өткінші болады. Әлеуметтік топтар өздерін және өздерінің мүдделерін мәңгі есте қалдыру үшін жалған сананы – ақиқатты монополиялық иемденуге ұмтылатын идеология жасайды. Сондықтан өткенді объективті түрде тану түптеп келгенде мүмкін емес.

Екінші жауап – ақиқат ғылым игілігі болып саналады және осы тұрғыдан ол идеологиямен үйлеспейді. Идеология біреудің мүдделерін білдіреді. Сондықтан, ол деректер нақты оқиғаның саналы немесе санасыз түрде бұрмалануына алып келеді.

*Тарихилық ұстанымы* дерекке тек нақты тарихи тұрғыда қарау емес, сонымен қатар деректің пайда болуы мен сақталуына әсер ететін оқиғаларды, құбылыстарды және үдерістерді зерделеу [108]. Сонымен бірге мынадай тұжырымның әдіснамалық мәні жоғары деп білеміз: «тарихи ұстаным диалектикалық әдістің құрылымды бөлігіне айналып, ғылыми тұрғыдан зерттеліп отырған оқиғаның танымдық тарихы мен дамуын анықтайды. Қазіргі ғылымда тарихи ұстанымға назар аударылу дамып отырған әлеуметтік-тарихи танымды теорияландыру, қоғамдық ғылымдарға математикалық әдістерді енгізу, абстракция мен формалдылықты кеңінен пайдалану және эмпиризмді қанағаттандыра ала алмауынан болады» [106, с.17].

Тарихи ұстанымның заманауи ғылыми тұжырымдамасы – адамзат дамуының өткені деп түсінілетін тарих ғылымы нысанының негізгі ережелері. Қоғамның дамуы табиғаттың дамуынан түбегейлі ерекшеленеді. Табиғат адам еркінен, санасы мен мақсаттарынан тыс өз заңы бойынша дамиды. Тарихи даму, ең алдымен адамдар қызметінің дамуымен байланысты болып, тұтастай тарихи сананы қамтиды. Тарихтың маңызды факторлары – сана ерік, эмоция түрінде көрінеді. Сананың барлық формалары қоғамдық тұрмыспен анықталады. «Іздерді» – тарихи деректерді сыни зерттеу негізінде құрылған дәйектер тарихи танымның кезеңдерін құрайды. Тарихи ұстанымы нақты тарихи мәселені шешу үшін қажетті дәйектерді мүмкіндігінше толық іріктеуді, айқындауды және сипаттауды талап етеді. Әр тарихи оқиғаның себеп-салдарлы байланыстары бар. Тарихи оқиғалар бір-бірімен тығыз байланысты. Тарихи құбылыстардың пайда болуы, дамуы және жойылуы хронологиялық уақытта және белгілі бір географиялық кеңістікте өтеді. Демек, тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы тарихи ұстанымдарды басшылыққа алу арқылы айқындалады деп санаймыз. Осы ұстанымдар тарихи деректерді талдау, таңдау,

дағдыға айналдыру және соның негізінде нақты іс-әрекетке айналалдырудың өзегін құрайды.

Ендігі мәселе тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдістемелік тұғырларына қатысты. Жалпы, тарихты оқытуда басшылыққа алынатын басты әдістемелік тұғырлар жүйелі; тұлғалық-қызметтік; аксиологиялық; құзыреттілік деп жіктеледі. Осы әдістемелік тұғырларды талдау тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығына айқындық беретін болады.

*Жүйелі тұғыр* үйлесімді тұтастықты танылатын күрделі объектілерді зерттеу кезінде қолданылады. Жүйелі тәсіл тұрғысынан тарихи объектіні зерттеуде объектінің ішкі және сыртқы байланыстары мен қатынастарын талдауды, олардың орны мен ондағы міндеттерін ескеру арқылы оның барлық элементтерін қарастыруды білдіреді. Оның мәнін нақтылайтын жүйелі тәсілді жүзеге асырудың негізгі қағидалары:

− жүйенің қасиеттерінің ерекшеліктерін бейнелейтін тұтастылық ұстанымы, әрбір элементтің қатыстылығы, жүйенің ішінде олардың орнынан және тұтастың ішінде әрбір элементтің қызметі мен қасиеттері;

− жүйені құрылым ретінде сипаттап, оның элементтері арасындағы байланыстар мен қатынастардың жиынтығын ашу арқылы сипаттауға мүмкіндік беретін құрылымдық ұстанымы;

− жүйенің ішкі және сыртқы факторларының өзара тәуелділік ұстанымы;

− объектіні үш аспектіде қарауды көздейтін сатылық қағидасы: дербес жүйе ретінде, анағұрлым жоғары деңгейдегі жүйенің элементі ретінде, өз кезегінде жүйе ретінде қаралатын оның элементтеріне қатысты барынша жоғары сатылы деңгей жүйесі ретінде;

− жүйелі объектіні сипаттау үшін көптеген үлгілерді құру қажеттілігін білдіретін жүйе ұсынудың көптүрлілік ұстанымы;

− жүйенің және оның статикалық қана емес, сондай-ақ өз даму тарихы бар динамикалық элементтерін зерттеуді талап ететін тарихи ұстанымы [109].

Жүйелі тұғыр кезінде, мысалы, білім беру жүйесі, оның қызмет ету үдерісі келесідей өзара байланысқан кешендердің жиынтығы ретінде қарастырылады: білім беру мақсаты; оның мазмұны; осы мазмұнды жүзеге асыру формалары, әдістері, құралдары (сабақ беру, меңгеру, оқыту технологиясы); білім беру жүйесінің субъектілері (педагогтар, оқушылар, ата-аналар); оқу орындары бүкіл білім беру жүйесінің құрылымдық элементтері және онда жұмыс істейтін педагогикалық үдерістер ретінде; білім беру жүйесінің құралы ретіндегі материалдық база.

Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда археологиялық деректің қолданбалық бағдарлылығын арттыруда жүйелі тұғыр тұрғысынан қарастырар болсақ, мынадай мәселелерге баса назар аударылуы қажет деп ойлаймыз:

− қазба жұмыстары кезінде алынған археологиялық деректі бастапқы қалпында сақтауға мүмкіндік беретін консервация жұмыстарына ерекше назар аудару;

− ортағасырлық қала негізінде мұражай құру жұмысын кезеңдерге бөліп жүзеге асыру;

– мұражай экспозициясын құру барысында негізгі экспозиция мен ашық аспан астындағы мұражай экспонаттар арасында байланыстың үздіксіз болуын қадағалау;

– мұражайландырылған археологиялық деректі барынша белсенді түрде туристер көп келетін орындар қатарына ендіруге жағдай жасау (археологиялық қорық-мұражайлар негізінде туристік-мұражай кешенін құру, ғылыми-туристік бағдарламалар жасау және оған археологиялық ескерткіштің әлемге танымал болуына және сақталуына жағдай жасайтын фактор ретінде қарау);

– археолог, тарихшы, мұражай қызметкері және соңғы жылдары жиі айтылып жүрген педагогтарды жаңа мұражайлар құру мен оны жас жеткіншектердің ұлттық санасын қалыптастыруда пайдалану жолдарын қарастыруда біріге жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

Осыған сәйкес археологиялық деректі қолданбалық бағдарлылығын жүйелі тұғыр арқылы арттырудың тізбегі мынадай болып шығады:




*Жеке тұлғалық тұғыр* адамның тұлға ретінде әлеуметтік, қызметтік және шығармашылық маңыздылығы туралы түсінікті білдіреді. Қазіргі қоғам – бұл жаңа технологиялар мен тұлғаның табысты әлеуметтендірілуіне қажетті білімдер жүйесі, соның ішінде тарихи білімдер қорын біріктіреді. Жыл өткен сайын жаңа ұрпаққа игеруге тиісті тарихи білімдер қоры мазмұнды бола түседі. Білім беру жүйесі мәліметті құрал ретінде пайдаланатын жаңа стандарттар мен әдістерді талап етсе, түйінді жаңа құрылым ретінде тұлғаның құзыреттілігін атауға болады [110]. Қазіргі уақытта білім саласында негізгі деп қаралатын міндеттердің іске асуына тұлғалық педагогика зор үлес қосты, атап айтқанда, білім алушының тұлғалық ерекшеліктерінің дамуына, түйінді құзыреттіліктердің қалыптасуына көмектесетін, қолдау көрсететін білім алушының өзін-өзі тануы және танытуы секілді үдерістердің жүруіне ықпал етеді [111].

Соңғы жылдары тарихи білім мазмұнында көптеген өзгерістер орын алды. Кәсіби білім беретін тарих курстарында тарихи оқиғалардың жаңа нұсқасы қарастырылып, тарихи оқиғалар, құбылыстар, дәйектерді әртүрлі қырынан талдау орын алуда. Осыдан келіп шығатын қорытынды, тарихи білімді өзі игеруге деген қабілеттердің қалыптасуына жағдай жасау, әрі өзін-өзі дамытудың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру педагогтың басты міндеттерінің бірі болып қалыптасуда [112]. Сонымен қатар білім алушы тарихи оқиғаға қатысты өз ойын пайымдап қана қоймай, өзінің ойын дәлелді дәйектер арқылы тұжырымдай алатын деңгейге жеткізуге тиіс. Педагог тарихи

шындыққа жету жолындағы білім алушының іс-әрекетін құптап, оған кеңес бере отырып, тарихи шындыққа жетуіне көмектесуі қажет. Сонда ғана өзіндік дәйекті пікірін қалыптастырған білім алушы тарихи деректерді қолдана отырып, тарихи білімнің жоғарғы сатысы – ұлттық тарихи сананың қалыптасуына жол ашады.

Тарихшы-мұғалімнің тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын тұлғалық тұғыр аясында қолданатын кәсіби-педагогикалық икемділіктері мынадай болып келуі мүмкін:

1. қарастырылатын тақырыптың гуманитарлық мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық мақсаттардың көлеміне қарай дұрыс қойылуы;

2. білім алушының тұлғалық дамуының деңгейін анықтау;

3. әр сабақтың алдында білім алушының тұлғалық дамуына қарай қойылған міндеттерді ескере отырып, сабақтың өту түрі мен оқу тапсырмаларының формасын өзгерту;

4. әдістемелік, адамгершілік, эстетикалық мазмұны бар педагогикалық жағдайды туындату;

Тарих сабақтарында жеке тұлғалық тұғырдың өзекті элементі қарым-қатынас үдерісі, ал тиімді әдістердің бірі келесі формаларда іске асатын – оқу диалогыдеректерді өзіндік талдаудың элементтері кездесетін оқу диалогы; тарихи деректер негізінде ұлттық тарихи сана қалыптастыру мәселелерін шешу; тарихи оқиғаға деген әртүрлі көзқарастарды салыстыру; оқу материалының проблемалы тұстарын мазмұндау; қайшылықты мәліметтері бар тақырыптарға пікірталас ұйымдастыру; топтық «ой талқы» ұйымдастыру; жобалық тапсырмалар беру; [113] болып айқындалған.

Осылайша, білім берудің өзіндік мазмұнды формаларын анықтай отырып, тұлғаның ақыл-ой, жігер-күші, кәсіби бағдарлылығы, эмоциялығы секілді жеке тұлғалықты арттыратын тұлға қасиеттерінің дамуына жол ашады, сонымен қатар ұлттық тарихи сананың қалыптасуына жағдай жасайды [114].

Тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын айқындауда қолданылатын а*ксиологиялық (немесе құндылықтық) тұғыр* теория мен тәжірибе арасында өзінше «көпір» болып табылады, яғни танымның тәжірибелік және абстрактілі-теориялық деңгейлері мен қоршаған әлемге (қоғамға, табиғатқа, мәдениетке, өз-өзіне) деген қатынас арасындағы байланыс тетігінің рөлін атқарады.

1. аксиологиялық тұғыр қоғамда адамзат өмірінің құндылықтарын, соның ішінде тарихи білімге қатысты құндылықтарды тануды және жүзеге асыруды, педагогикалық қызметке, жалпы білімге тәрбиелеуді және оқытуды білдіреді;

2. әр адамға қоғамдағы мүмкіндіктерді жүзеге асыруын накты қамтамасыз етуге қабілетті әділетті қоғамға қатысты идея маңызды құндылық болып саналады;

3. өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруімен педагогикалық құндылықтар да өзгеріске ұшырайды. Осылайша, педагогикалық ғылым мен тәжірибені дамыту үдерісінде біріншіден, оқудың түсіндіру-иллюстративтік, кейіннен мәселелік-дамушы және тұлғалық-

бағдарланған схоластикалық теорияларының алмасуымен; екіншіден, командалық-реттеуші тәрбиеден тұлғалық-адамгершілікке өтумен байланысты өзгерістермен ерекшеленеді. Педагогикадағы гуманистік құндылықтарға негізделген аксиологиялық тұғырлар тарихи-педагогикалық ғылымды дамытудың және білім беру тәжірибесін жетілдірудің әдістемелік негізі болып саналады.

Осы жерде құндылықтық тұғырды қолданудың өзегіне айналған мемлекеттік бағдарламаға айналған құжаттарға назар аударуға тура келеді. Ол құжат Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы. Осы жолдауда «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек. ... Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық ...» [1] деп «Мәңгілік Ел» идеясы тұжырымдалды. Жолдауда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы [115.] деген жеті құндылығы айқындалып, болашақ ұрпақты тұлғаландыратын педагог мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстарында басшылыққа алынатын әдіснамалық негіз ретінде алынды. Демек, құндылықтар тұғырын орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын батыл қолдануға осы мемлекеттік бағдарлама басшылыққа алынуы тиіс.

*«Құзыреттілік тұғыр»* мен «түйінді құзыреттіліктер» ұғымдары білім беруді модернизациялау жолдары мен түйінді мәселелерін талқылау нәтижесінде кең тарала бастады. Құзыреттілік тұғыр білім берудің мақсаттарын айқындаудың жалпы ұстанымдарының жиынтығы [116].

В.Шепель құзыреттілік анықтамасына «білім, дағды, тәжірибе және білімді қолдануға теориялық-қолданбалық дайындықты енгізуге болатындығын» айтады [117]. М.Чошанов, негізінен білімді құзыреттіліктің мазмұнды құрауышы деп қабылдап, процессуальды құрауыш ретінде дағдыны қарастырған [118]. Ал психологияда қалыптасқан «құзыреттілік» ұғымына педагогикалық іс-әрекеттің іске асуына бағытталған білім, ептілік, дағдылар (А.Н.Журавлёв, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков) [119] енгізіледі. Осылайша құзыреттілікке шартты түрде адамның құзыреттілігінде бар, бойында қалыптасқан әрекеттер жиынтығын келтіруге болады.

Білім беру барысында тарихшы-педагог білім алушының тарихи мәліметтердің үлкен көлемін игеруге деген қажеттілікті қалыптастыруға дайындауы; тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдай білуге, талқыланып жатқан мәселенің тарихнамасын білуге, маңызды тарихи оқиғалар жайлы өзіндік пікір қалыптастыруға дайындауы қажет [120]. Осындай ғылыми тұжырымда басшылыққа алып, құзыреттілік тұғырды қолдану арқылы

деректердің қолданбалығы негізінде тарихи білімді жетілдірудің алты деңгейі айқындалады:

1. өткен тарихтан сыр шертетен деректердің маңыздылығы жайлы баяндау. Мысалы: Ортағасырлық қалалар мен ескерткіштер негізінде қалыптасқан мұражайларға бару – Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайына экскурсия ұйымдастыру;

2. қалалардың тарихи дамуынан сыр шертетін қарапайым дәйектерді әр сабақ тақырыбына байланысты келтіру білу;

3. археологиялық және жазба деректердің сақталуы мен қазіргі кезде қолданылуы жайлы сипаттау;

4. адамзатың өткенінен сыр шертетін тарихи деректерді белгілі бір сабақ тақырыбына сәйкес қолданылып баяндау, «тарихи-мәдени мұра» сөзіне анықтама беру;

5. тарихи деректерді адамдардың қабылдауы әртүрлі болуы мүмкін екендігін ескеру.

Тарихты оқудың тікелей әдіснамалық ұстанымдарын қарастыруға өтпес бұрын алдын ала бір ескерту. Келешек туындайтын осы шақ әрдайым көпнұсқалы болады, яғни бірнеше мүмкіндіктер арасындағы таңдауды қамтиды. Сонымен қатар тарихи уақытты кері қайтаруға болмайтынын, оның бір бағытта жүретінін және онда ешнәрсені өзгертуге, жөндеуге, жақсартуға болмайтынын ұмытпаған жөн. Негізінде тарих шартты райды білмейді, сондықтан «егер… болғанда, не болар еді» деген пайымдаулардың тарихи ғылымға еш қатысы жоқ. Бұл әрине, тарихтағы ықтималды, бірақ болмаған баламаларды оқып-білудің қажеті жоқ деген сөз емес.

Аталмыш тұғырларды тарихты оқытуда пайдаланған тарихшы-мұғалім тарихи зерденің тек тарихи деректерде ғана сақталмағандығынан хабардар етіп қана қоймай, ол деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыта отырып, тарихты оқытуда пайдалану мүмкіндігі жоғары екендігін көрсете алады.

Әдістеме ғылымында оқытудың қолданбалық мәселелеріне байланысты зерттеулер қатары аз емес. Бұл зерттеулердің көпшілігі жаратылыстану ғылымдарына байланысты, атап айтқанда, математиканы оқытудың «қолданбалы бағдарлылығы» терминінің мазмұнын 1974 ж. алғашқылардың бірі болып В.В.Фирсов қолданды. Ол «Орта математикалық білімнің қолданбалы бағдарлылығының мәні деп – мектеп математика курсының практикамен мазмұнды және әдістемелік байланысын жүзеге асыру екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, ғалым терминді «мектеп математикасына қолданбалы мәселелерді математикалық әдістермен зерттеуге тән тұстарын ендіру» [121] мағынасында ұсынған еді.

Ю.М.Колягин мен В.В.Пикан математиканың қолданбалы бағдарлылығы «Оқытудың мазмұны мен әдістерін математиканы техникада және басқа ғылымдарда, кәсіби іс-әрекетінде, ауыл шаруашылығы мен күнделікті тұрмыста қолдануға бағдарлауында» [122] деп көрсеткен.

Н.А.Терешиннің көзқарасы бойынша: «Математиканы оқытудың қолданбалы бағдарлылығы деп оқытудың мазмұны мен әдістерін

математикадан тыс салаларда туған мәселелерді шешуге пайдалану» [123] болып тұжырымдалады. Ал химия пәнін оқытудың қолданбалы бағдарлылығы жайында С.С.Антонова «Химияны оқытудың мазмұны мен әдістерін білім алушылардың тәжірибелік мәселелерді шешуде химиялық білімдерін өз бетінше алуға және қолдануға бағдарлау» [124] деген сипаттама береді.

Біздің еліміздегі оқытудың теориясы мен әдістемесінде математиканы оқытудың қолданбалы бағдарлылығына арналған зерттеудің бірі – Р.А.Садуақасованың [22] еңбегі. Ол математиканы оқытудың қолданбалық бағдарлылығын мазмұнды-дидактикалық бағыттардың біріне жатқызған және басқа бағыттармен (функционалды, сандық және т.б.) тығыз байланыста қарастырған.

А.А.Колесников өзінің диссертациялық жұмысында филологияны оқытудың қолданбалық бағдарлылығын «Журналистикаға кіріспе» атты элективті курс арқылы жүзеге асыруды ұсынған. Оның ойынша, элективті курс білім алушылардың журналистикалық әрекетінің кейбір формаларында тиімді пайдалану мақсатында филологиялық білімдерін кеңейтіп, тереңдетеді [125].

Алайда, Г.В.Дорофеевтің ойынша, «қолданбалық» термині ғылымда өзгеше пайдаланылуы тиіс. «Егер, бір модель қандай да бір нақты мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылса, онда сол модель білім алушылар үшін қолданбалық мәнге ие деп есептеуге болады, яғни оларға тәжірибелік тұрғыда пайдалы» [126]. Сонда, біз «қолданбалық бағдарлылық» деп қандай да бір модельді тарих ғылымында және тарихқа тән әдістерді пайдаланатын басқа салаларда да қолдануға оқытуды түсінеміз.

Тарих – гуманитарлық ғылымдар кешенінде басты орын ала отырып, бірқатар маңызды мәселелерді шешеді. Тарих өз міндеттерін нақты тарихи дәйектерді зерттеу негізінде шешеді, яғни адамзат қоғамының өткенін белгілі бір жазба деректер негізінде қайта жаңғыртады. Тарих ғылымының жаратылыстану ғылымдарынан ерекшелігі сол, ол оқытып отырған нақты оқиғалары мен құбылыстары тікелей тәжірибеде зерттеуге келмейді. Тарих кеңістігінде орын алған оқиғалар мен құбылыстардың сол мезетте өткеннің игілігіне айналуымен қатар олардың қалыптасу шарттарының әртүрлілігі ол оқиғалар мен құбылыстарды зертханалық жағдайда тәжірибе жүзінде жаңғыртуға мүмкіндік бермейді [127].

Заманауи тарихи білімді жетілдірудің маңызды бағытына тарих курсының қолданбалық бағдарлылығы және оның мазмұны мен оқыту әдістемесінің практикамен байланысын жүзеге асыру жатады.

Тарихты қолданбалық және тәжірибелік бағытта оқытуды жүзеге асыру жолдары өте кең ауқымды әдістемелік мәселе. Алайда, нақты тарихты оқыту үдерісінде қолданбалық және тәжірибелік бағдарлылық өзара байланысты. Сондықтан да, ұғынуға жеңіл болу үшін біздің зерттеуімізде осы екі түсінікті бір атаумен – тарихты оқытудың қолданбалық бағдарлылығы деп қарастырдық.

ЖОО-да тарихты оқытудың қолданбалық бағдарлылығы жайлы ғылыми зерттеулерге шолу жасау оның анықтамасын тұжырымдауға мүмкіндік берді.

ЖОО-да тарихты оқытудың қолданбалық бағдарлылығы дегеніміз – пәннің теориялық және әдістемелік мазмұнын игере отырып, алған білімі мен білігін танымдық, тәрбиелік және ғылыми-шығармашылық қызметінде нақты қолдана алу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі болып тұжырымдалады.

Тарихи деректердің негізгі бөлігін құрайтын жазба деректер – тарихи білім берудің негізгі көзі. Жазба деректерді кәсіби тарихи пәндерді оқытуда пайдалану тарихи материалды нақтылауға, өткеннің жарқын образдары мен бейнелерін жасауға ықпал етеді, білім алушыларды зерттеліп отырған дәуір жағдайына енгізуге, оларға сол дәуірдің айқын көрінісін, тілін, рухын сезінуге септігін тигізеді. Білім алушыға қолжетімді жазба дерек – тарихи білімді қалыптастыру үшін таптырмас материал. Жазба дерекпен жұмыс істеу білім алушылардың ой-қиялын белсендендіреді, оларды тарихи құбылыстарды түсінуге үйретеді, қазіргі заманның ең маңызды қоғамдық-саяси жазба деректерді талдау дағдыларын игеруге көмегін тигізеді. Жазба дерекпен жұмыс істеу білім алушыларды тарихи зерттеу әдісімен іс жүзінде таныстыру жолдарының бірі ретінде білім алушыларда мәтінді сыни талдау тәсілдерін қалыптастыруға алып келеді. Тарихи білім мазмұнын қалыптастыруда жазба деректердің үйлесімді пайдалануы оның қолданбалық бағдарлылығы мен білімнің нәтижелілігін арттырады. Жазба деректермен жұмыс жасаудың тиімділігі екі жағдайда айқындалады:

− Жазба дерек білім алушылардың оны өз бетінше талдау күрделілігінің деңгейіне қарай тиімді;

− Білім алушылар жазба дерекпен жұмыс жасауды алдын ала дағдыланған жағдайда [128].

Білім алушылардың жазба дерекпен өз бетінше жұмыс жасауы түрлі мақсатта жүргізіледі:

*Біріншіден,* жазба деректің мазмұны педагогтың баяндауынан және басқа да білім көзінен алынған білімдерді көркемдеп сипаттауға, мысалмен келтіруге, нақтылауға және толықтыруға жағдай жасайды.

*Екіншіден,* білім алушылар өз біліміне сүйеніп жазба деректе сипатталған тарихи фактіні белгілі тарихи дәуірде болғандығын анықтап, автордың және жазба деректе аталған тұлғалардың белгілі бір дәуірге әлеуметтік және саяси қатыстылығын белгілеуге мүмкіндік алады. Мұндай жұмыс білім алушылардың тарихи ой-өрісін жетілдіруге жол ашады.

*Үшіншіден,* жазба дерек білім алушылардың ірі тарихи оқиғаны, қоғамдық өмірдің маңызды оқиғасын өз бетінше тануы үшін түрткі материал болып табылуы мүмкін. Жазба дерек ұғымдардың мазмұнын және олардың маңызды белгілерін ашуға қызмет етеді. Білім алушылар логикалық соңғы бөлімдерін, жазба деректің басты ой-тұжырымын анықтау мақсатында дәлелдер табуға үйренеді [129].

Жазба дерекпен жұмыс істеу барысында білім алушыларға:

− жазба деректің мазмұнын талдау, жоспар құру, жазба деректе қарастырылған мәселелерге жауап іздеу, бірнеше жазба деректі салыстыра отырып, оған сыни баға беру ұсынылады.

– білім алушылар жазба дерек материалдарын маңыздылығы мен мазмұнына, тақырыпқа сәйкестігіне қарай топтау, оның мазмұнын қысқаша баяндау, оқыған дерек бойынша тұжырым қалыптастыруды үйренеді.

ЖОО-да білім алушыларға жазба дерекпен жұмыс істеу барысына тәжірибелік семинар сабақтарында уақыт бөлінеді. Жазба дерекпен жұмыс жасаудың жоғары сатысы білім алушыларды жазба деректерды сыни тұрғыдан өз бетінше талдау жасауы, өз тұжырымдарын дәлелді түрде негіздеулері, жазба деректерді жаңа материалды игеру барысында пайдалануларын қалыптастыруды көздейді.

Тарихи деректермен жұмыс істеу кезінде білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескеру арқылы үш түрлі деңгейдегі күрделі тапсырмалар дайындалады:

1. Деректі талдау – одан дәйектер алу – оларды ауызша әңгімелеп, жазбаша шығармада, сурет арқылы түсіндіру. Деректі сипаттау мен картаның; құқықтық күнделік пен күнделік жазбалардың; кез келген тұлғаның мемуарлары, хаттары және портреті байланыстырылуы мүмкін.

2. Білім алушылар жазба деректерге сұрақтар ойлап табады, сөзжұмбақтар құрастырады, оқиғаларды сипаттай келе өз мәтіндерін жазады. Жазба дерекпен осылай жұмыс жасау білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді, бірақ еңбекті көп қажет етіп, уақытты да көп алады.

3. Жазба деректермен жұмыс жасау барысында білім алушылар археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттай деректерді де сәйкестендіре отырып, өзінің дайындалған тақырып мазмұнын көркемдей түседі.

Тарихи жазба дерекпен жұмыс жасау барысында кездесетін кемшіліктерді да атап өткен жөн. Бұл – жазба дерек мәтінінен белгілі бір оқиға немесе қалаларға қатысты тікелей және жанама тұжырымдар жасай алмауы, өз тұжырымдарына логикалық дәлелдеме келтіре алмауы, жазба дерек мазмұнын толық ұғына алмауы. Аталмыш кемшіліктердің орнын археологиялық деректермен жұмыс жасау арқылы толықтырсақ болады. Дәлірек айтқанда, қазіргі жағдайда ашық аспан астындағы мұражайларға айналған ортағасырлық қалаларға экскурсия жасау арқылы жазба деректің мазмұнын аша түсуге болады.

Тарихшылар сүйенетін нақты тарихи деректер бізге дейін өткен дәуір адамдарының еңбек ету құрал-жабдықтарының қалдықтары, күнделікті тұрмыстық заттар, сәулет құрылғылары және материалдық мәдениеттің өзге де ескерткіштері түрінде жетті. Адамзат қоғамының өткені туралы мәліметтерді қиссалардан, өлең-жырлардан, аңыз-әңгімелерден, мақал-мәтелдерден, тіпті ұлт қолданатын тілге құрылымдық талдау жасай отырып та аламыз. Әсіресе, тарихи деректер заңнамалар жинағы, мемлекеттік және жекеменшік актілері, публицистік және көркем шығармалар түріндегі жазба деректер құрамында көрініс тапқан. Өткеннің дәйектері жеткен барлық осы формалар тарихи деректер деп қабылданады. «Тарихи дерек» ұғымы белгілі бір тарихи дәуір жайлы түсінік қалыптастырып, орын алған тарихи оқиғалардың себебі мен

салдарын анықтауға жол ашатын оқиғалар мен көрініс тапқан жекелеген дәйектер бейнеленген материалдық мәдениет заттары мен құжаттарының жиынтығы [130] деп қарастырылады.

Ресейдің тарих ғылымының дамуының алғашқы кезеңдерінде тарихшы-ғалымдар XIX ғасырдың ортасынан бастап, онда қамтылған өткеннің оқиғалары мен құбылыстары туралы мәліметтердің маңыздылығына баға беруге тырысты. Бірақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында деректану ғылымының негізін қалаушылар десе де болатын Э.Бернгейм, Ш.В.Ланглуа, Ш.Сальброс, П.Кири [131] сынды ғалымдар «тарихи дерек» сөзіне анықтама беруде, ол дерек авторларының сана-сезімін немесе тарихи ойлау қызметін бейнелейтін материал сияқты түсіну шеңберінен аспады. Осылайша, өмірдің нақты оқиғаларын бізге тікелей бейнелеп жеткізетін және тарихи қоғамның заңды дамуын дәлелдейтін дәйектерді қамтитын адамдардың тіршілік әрекетінің барлық өнімдерін дәстүрлі тарихи деректер деп санауға болады. Тарихшы ғылым үшін зор маңызы бар көптеген дәлелдердің мүлдем сақталмағанын сонымен қатар бізге кездейсоқ құбылыстарды бейнелейтін және тарихи үдерістің заңды бағытын ұғынуға көмектеспейтін материалдардың да жеткендігін ескеру тиіс. Бірақ тарихи маңызды дәйектер сақталған деректер көп жағдайларда тарихи үдерістің кішкентай ғана бөлігін, ал кейде нақты бір құбылыс туралы мәлімет береді. Ондайларға, мысалы, мүлікті сату-сатып алу туралы келісімшарттар, борыштық міндеттер, шайқастар туралы хабарламалар, тұрмыстық заттар мен еңбек құралдары, белгілі жерде қандай да бір ұлттың өмір сүріп жатқанын дәлелдейтін топоним немесе кез келген тайпада кездесетін некелік қатынастар жүйесі жатады.

Деректер арасында өткен оқиғалар туралы барынша нақты және жан-жақты мәлімет бере алатындары да кездеседі. Сонымен қатар, қандай да бір жазба дерек өмірдің талабына сәйкес туындағанымен, оның мазмұны жасаушыға ғана маңызды болып көрінгенімен, ондағы айтылған көп мәліметтің тарихшы үшін айтарлықтай мәні жоқ болуы мүмкін. Осыдан шығатыны, әр дерек жеке-жеке тереңдетілген зерттеуді қажет етеді, соның негізінде оның шынайылық деңгейі туралы, деректегі жеткізілетін мәліметтердің нақтылығы және оны тарихи зерттеулерде пайдалану мүмкіндігі туралы мәселені де шешуге болады.

Қазіргі заманғы зерттеулерде, соның ішінде А.Т.Степанищевтің еңбектерінде тарихи дерек ұғымы

- тар мағынада – бұл «ғылыми зерттеулердің негізін құрайтын жазба ескерткіш».
- кең мағынада – «қандай да бір мағлұматтар беретін, хабарлайтын» құжат;
- қарастырылып отырған тақырып аспектісінде – «хабарлама туындататын немесе таратуға бағытталған мәліметті қамтитын кез келген жүйе, тарихи құжат немесе басылым» [132] деген бір-біріне тәуелсіз үш мағынада қарастырылады.

Кейбір зерттеушілер оқыту үдерісінде пайдаланылуы тиіс негізгі деректер ретінде жазба деректерді ерекшелейді. Олар жазба деректерді мазмұнына қарай

түрлерге және топтарға бөлуге болады деп есептейді. Л.Н.Пушкарев [133] жазба деректерді топтаудың және жүйелендірудің біршама үйлесімді жүйесін ұсынады. Ол ең алдымен, жазба деректерді іс жүргізушілік және баяндайтын деп екі типке бөліп қарастырады. Одан соң іс жүргізушілікті ол 4 түрге бөледі: картографиялық, статистикалық, актілі және кеңселік, ал баяндайтын типті 4 түрге: жеке, көркемдік, тарихи және ғылыми деп бөледі. Соңында көрсетілген түрлердің әрқайсысын келесідей топтайды:

1. Картографиялық: тарихи жоспарлы карталар; саяси жоспарлы карталар; экономикалық жоспарлы карталар;
2. Статистикалық:экономикалық санақ;халық санағы;саяси және мәдени санақ.
3. Актілі: саяси актілер; әлеуметтік-экономикалық актілер; заң актілері.
4. Кеңселік деректер: грамоталар; тізілімдер, кітаптар, қаулылар; іскерлік қатынас хаттар.
5. Жеке:хаттар;күнделіктер; мемуарлар.
6. Көркемдік: очерктер (корреспонденция); лирика, драма; романдар, әңгімелер, хикаяттар.
7. Тарихи: тарихи әңгімелер; ежелгі жазба жәдігерлер; шежірелер.
8. Ғылыми: тарихи еңбектер; философиялық-социологиялық еңбектер; географиялық суреттеулер.

Қазақстанның түркітанушылар мен шығыстанушылары ортағасырлық жазба деректердің аз зерттелуін, деректерді классификациялаудағы қиындықтармен байланыстырады. Теориялық деректануда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы жайлы деректер ішінде парсы және түркі деректерін территориялық сипатына қарайклассификациялау кең етек жайған [4].Түркі жазба деректерін классификациялауда филолог-ғалым Ә.Құрышжановтың түзген жүйесі ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ә.Құрышжанов кезеңдерді тарихи дәуірлеуге байланысты тарихи деректерді жүйелі бірізділік тұрғысынан бөледі: ерте орта ғасыр (I-X ғғ.) –көнетүркі жазбалар, орта орта ғасыр (XI-XV ғғ.)–ескітүркі жазбалар және кейінгі орта ғасыр (XVI-XVIII ғғ.) –жаңа түркі жазбалар [135]. Ғалым сонымен қатар жазба деректерді жазылу уақыты, қолдану аясы және тілдік ерекшеліктеріне қарай да классификациялайды [135,б. 104]. Аталмыш ұстанымға сәйкес жазба деректерді талдауда келесі жүйелеу ұсынылды:

1. Хронологиялықфактор [136].
2. Географиялық фактор – осы факторға негізінде жазба деректер территориялық өлшемдерге сәйкес бөлінеді.
   - Алтын Орданың жазба деректері;
   - Мысыр мен Парсы елінде жазылған деректер;
   - Қырым деректері;
   - Батыс Украина жерінде жазылған деректер;
3. Этногенетикалық фактор [137].

Автор ұсынған классификациялаужүйесін филологтармен қатар тарихшылар да пайдалануға болады. Ал басқа зерттеушілер деректік оқыту

базасын тек жазба деректермен шектемеуді, сонымен бірге оқыту үдерісіне археологиялық деректерді қосуды да ұсынады. Археологиялық деректер барынша танымдық жүктемені қамтиды, сондай-ақ өткен дәуірдің пайдаланылған материалдық куәгерлері болып табылады.

Археология – бұл адамдардың өткенін заттай материалдар негізінде зерттейтін кешенді тарихи ғылым. Археология нысаны– зат, оның пәні зерттеудің жалпы тарихтан ерекшеленетін арнайы тәсілдердің болуын талап етеді. Осылайша, археология ғылымы физикадан – спектрлік талдауды, химиядан – сапаны, математикадан – ақпаратты өңдеудің статистикалық тәсілдерін, биологиядан түрлерді топтау тәсілдерін т.с.с. алып пайдаланды.Археологиялық зерттеулер жүргізу жоғары білім саласына тиесілі құзыреттерге жатады. Бұл зерттелетін материалдардың күрделілігімен түсіндіріледі.

Қорыта айтқанда, жоғары білімді маманның алған білімдерінің жиынтығын өмірінде, күнделікті тұрмыста, кәсіби іс-әрекетінде белсенді пайдалануы, ұлттық тарихи сананың жоғары деңгейінің қалыптасуы – жалпы мәдениеттің маңызды бір бөлігі. Тарихты оқытудағы дәстүрлі бағыттарына қолданбалық бағдарлылықтың мәселелерін кіріктіру – кең ауқымды әдістемелік мәселе болып табылады.

Сонымен, ЖОО-да тарихты оқытудың қолданбалық бағдарлылығы дегеніміз – пәннің теориялық және әдістемелік мазмұнын игере отырып, алған білімі мен білігін танымдық, тәрбиелік және ғылыми-шығармашылық қызметінде нақты қолдана алу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі болып тұжырымдалады. Осы анықтамаға сай орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытудағы тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту әдістемесін жетілдіру арнайы қарастыруды қажет етеді деп білеміз.

# 2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ БІЛІМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

## 2.1 Тарихи білім қалыптастырудағы ортағасырлық деректердің қолданбалық бағдарлылығы

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр педагогтың қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» [138, 24] деп, мамандыққа қатысты оқыту мәселесіне ерекше мән беру қажеттілігі атап көрсетілген. Кәсіби іс-әрекетке деген болашақ мұғалімдердің дайындығы мәселесі А.А.Бейсенбаева, Ф.Н.Гоноболин, Э.А.Гришин, К.К.Жампейсова, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьмина, К.Левитан, А.К.Маркова, В.Д.Семенов, В.А.Сластенин, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан және т.б. ғалымдар еңбегінде қарастырылған. Жоғары оқу орындары мен мектепте тарихи білім берудің, жалпы Қазақстан тарихы курсын оқыту мен жекелеген тақырыптарын оқытудың әдістемесін жасаған ғалымдар қатарында Е.Бекмаханов [139], М.Қозыбаев [140], Т.Тұрлығұл [13], К.Аманжолова [141], Б.Әбдіғұлова [14], Е.Жевако [142], И.Кадирбеков [143], Б.Сарсекеев [15], Б.Акназаров [144] еңбектерін атауға болады.

Тарих – бакалавр дипломын қолға алатын әрбір білім алушының бойында болуға тиіс бірқатар жалпы мәдени біліктіліктердің қалыптасуына жол ашатын міндетті базалық пәндердің қатарына жатқызылады. Өйткені, тек Отан тарихын оқыту барысында ғана тарихи мұра мен салт-дәстүрге ұқыпты әрі құрметпен қарауға, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді дұрыс қабылдауға, тарихи процесстің заңдылықтары мен қозғаушы күшін ұғынуға жол ашады.

Тарихи білімді игеру – білім алушыларды дербес зерттеу қызметіне талаптандыратын, олардың өз пайымдаулары мен тұжырымдарын талдауға ынталандыратын, өз ойын жеткізу қабілетін жетілдіретін белсенді үдеріс. «Адамзаттың өткенін зерделеу» міндеті тарихи білімнің мазмұнын, оны іріктеудің негізгі ұстанымдарын өзгертуді талап етеді. Соңғы жылдары тарихи білімнің мазмұнында жергілікті, ұлттық, ортаазиялық және әлемдік тарихтың элементтері, атап айтқанда деректері өзара үйлесім тауып, бірлестікте пайдаланылуы тиіс. Осы элементтердің дұрыс сәйкес келуінеқол жеткізудің өзі негізгі міндет болып табылады. Қазақстан тарихын оқыту да дербес жұмыстың белсенді әдістерін, соның ішінде әртүрлі деректерді қоса пайдалануды көздейді.

XXI ғасырда елді модернизациялау міндеттерін іске асыруға белсенді қатыса алатын тарихшы мұғалімдердің жаңа буынын дайындау мәселесі қоғамда ерекше талқыға түскен түйткілді мәселелердің бірі. Жас ұрпақты тарихи біліммен сусындату арқылы ұлттық тарихи сананың жоғарғы деңгейін қалыптастыру жолдарын ашатын бірден-бір тұлға –тарихшы мұғалім екендігі

анық. Тарихшы мұғалімдердің жеке адамгершілік, кәсіби қасиеттерімен қатар, өзінің қызметінде дәстүрлер мен жаңашылдықтардың арақатынасын ескеріп, отандық және әлемдік тәжірибеге сәйкестендіре отырып ұйымдастыру қабілетіне білім алушының құндылықтық бағдарлау қабілетінің қалыптасуы тікелей байланысты.

Тарих пәнінің мұғалімі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы «... ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, республиканың қоғамдық-саяси экономикалық және мәдени өміріне белсене қатысуға, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулуға, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін меңгеруге көмектесуі тиіс» [138] – деген міндеттерді жүктейді.

Қазіргі кезде педагогикалық білім берудің жаңару жағдайында тарихшы-мұғалімдердің бойында табылуға тиіс кәсіби қасиеттерге назар аударар болсақ,

Біріншіден, тарихи білім алуға деген қоғамдық қажеттіліктерді қамтамассыз ете алатын деңгейде тарихи білімнің мазмұнын игеру. Аталмыш қажеттіліктерге адамның отандық және әлемдік мәдениетке кірігуін қамтамассыз ету, оның мәдени ой-өрісінің кеңейту, адамзат тарихында жинақталған әлеуметтік және тарихи тәжірибені игеру, қоғам мен адам дамуы және одан туындайтын мәселелер мен тенденцияларды түсіну. Дәстүрлі білім беру жүйесінде болашақ тарих мұғалімінің білімі тереңдігі мен жүйелілігі сияқты критерияларға сәйкес бағаланған. Соңғы жылдары осы критерийлерге білімді алудағы мобильділік пен оны талдау мен түсіндіре білу қабілетін қосады. Тарихшы мұғалімнің қарқындап дамушы әлемде жаңа білімді игеріп отыру оның басты кәсіби құзыреттіліктерінің бірі.

Екіншіден, тарих мұғалімі қоғамдық саяси мағлұматтары бар мәліметтер легін басқару қабілетіне ие болуы тиіс. Қазіргі жағдайда білім алушының ұлттық тарихи санасы тек тарихи әдебиеттер мен оқулықтар оқу негізінде қалыптаспайды, бұқаралық ақпарат құралдары, әлемдік интернет желісі, телеарналар арқылы алынған мәліметтер тарихи білімді толықтырудың бірден-бір жолы. Аталмыш деректерден алынған мәліметтер көп жағдайда мифологиялық сипатта жазылып, білім алушының қоғам өмірі мен әлеуметтік қағидалар жайлы ұғымын бұрмалап, белгілі бір тарихи оқиғаға деген көзқарастың қалыптасуына кедергі келтіреді.

Үшіншіден, заманауи тарих мұғалімі қолжетімді барлық педагогикалық технологиялар мен құралдарды пайдалануы қажет.

Төртіншіден, мұғалімнің жеке әлеуеті мен кәсіби жетілуді ынталандыру мәселесі де маңызды орын алады. Тек, жоғарғы оқу орындарында

пайдаланылатын әдістемелік құралдар арқылы білім алушының кәсіби жетілуін ынталандыруға жол ашпайды.

Соңғы жылдары жасалған білім стандарттары «педагогикалық білім беру» бағытын ұстанып, білім беру саласында жұмыс жасайтын маманның кәсіби дайындығына айқын басымдылық берілген. Жоғарғы оқу орнын бітіруші әрбір түлек білім берудің әр саласында өзінің кәсіби қызметін іске асыра алатын педагогикалық құзыреттіліктердің игерілу деңгейіне көп назар аударылған. Болашақ тарих мұғалімі оқу барысында алған білімі мен игерген тәжірибесі негізінде әртүрлі құзыреттіліктерді іске асыратын қабілеттілікке ие болуы қажет. Білім алушы тек қана белгілі бір білім жүйесін игеріп қана қоймай, сонымен қатар алған біліммен тәжірибелік, зияткерлік амалдарды жасауға дайындығын көрсетуі қажет. Мұндай амалдар пәндердің оқу бағдарламаларын құрастырудағы ұстанымдарға өзгеріс енгізіп қана қоймай, сонымен қатар оқу пәндерінің өзара ықпалдастығының жаңа деңгейін қалыптастыруды талап етеді. Ол үшін ЖОО-да тарихты оқытуда мектепте тарихты оқытудағы туындайтын мәселелерге бет бұруы қажет. Кредиттік жүйемен оқытуда білім алушылардың өзіндік жұмысына көп көлем берілген. Оқытушы білім алушыны өздігінен әртүрлі пәндер бойынша білімін толықтыруға, дерек іздеу, өңдеу, бағалау және алынған мәліметті қолдануға үйретуі қажет. Өз кезегінде ЖОО-да игерілген дерекпен жұмыс істеу білу қабілеті болашақ тарих мұғалімінің мәліметтер легін басқаруда кәсіби қызметінің негізіне айналады. Жаңа буынның білім беру стандарттары негізгі оқу бағдарламаларын құрастыруда таңдау еркіндігі берілген. Бұл жағдай негізгі оқу бағдарламаларын жаңа кәсіби талаптар, міндеттер және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес әрдайым жаңартуға деген мүмкіндікпен қатар негізгі оқу бағдарламаларын мазмұнды толықтыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Жоғарғы оқу орындарына барлық пәндер циклдерінің вариативті бөлігін білім алушылардың және мектеп тәжірибесінің қажеттіліктеріне қарай толтыруға мүмкіндік беріледі.

Болашақ тарих мұғалімдерін дайындау мүмкіндіктері жайлы мәселе қозғалғанда, одан туындайтын қиындықтар жайлы айтпай кету мүмкін емес.

Бірінші мәселе, болашақ мұғалімнің міндетті педагогикалық және кәсіби білім беретін пәндер арасындағы тепе-теңдікті сақтау;

Екінші мәселе, білім беру стандартын жүзеге асыруда аудиториялық сабақтар мен білім алушының өзіндік жұмысы ара салмағының ұтымды көлемін анықтау;

Үшінші мәселе, педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру мен орнын анықтау; Тәжірибеге бағытталған оқу үдерісінде бұл мәселе жетекші орынды иеленеді.

Төртінші мәселе, негізгі оқу бағдарламасын іске асыру барысында кадрлар әлеуеті;

Жалпы алғанда, жаңа буын стандарттары тарих мұғалімдерін дайындау деңгейінің заманауи талаптарына сәйкес келеді. Алайда осы деңгейде тарих мұғалімдерінің кәсіби дайындығының сапасын арттыруға болар немесе болмасын уақыт көрсетеді. Болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта

ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын дамытуда тарихы бай Оңтүстік Қазақстан қалаларының материалдарын пайдалану тиімді. Түрлі тарихи деректерді, жазба деректерді зерттеу – тарихи білімді қабылдаудың және түсінудің маңызды шарттарының бірі. Қазіргі тарих дәрістерін деректермен аналитикалық жұмыс жүргізбей елестету мүмкін емес. Тарихи деректерді тарихты оқытуда пайдалану бірқатар өзара байланысқан мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда:

− нәтижеге бағытталған тарихи білім қалыптастыру, нақтылау және тереңдету;

− зерттелетін мәселелерді нақты тарихи дерек түріндегі мысалдармен дәлелдеу, теориялық ережелердің, идеялардың дәлелділігін қамтамасыз ету;

− білім алушылардың ой-өрісін дамыту, өз бетінше дұрыс тұжырым мен қорытындылар жасауды үйрену; білім алушылардың бағалау қызметін, олардың танымдық мүмкіндіктерін қалыптастыру [145];

Тарихи деректерді оқу үдерісіне енгізу арқылы халықтың тұнып тұрған асыл мұрасына айналған археологиялық және жазба деректерді болашақта өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде қолдану, қоғам мен отбасында ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулып, өз ұлты мен мемлекетін қорғайтын, ұлттық тарихи санамен қаруланған тұлғаларды тәрбиелеп шығару септігін тигізеді. Қазіргі гуманитарлық ғылымдардың теориялық-танымдық тұжырымдамасында адамның шығармашылық іс-әрекетінің жемісі болып табылатын тарихи деректерді адамзаттың өткенінен мәлімет беруші түсінігінде қарастыру өзекті әрі түйінді мәселе болып табылады. Тарихи деректерге деген қызығушылық артқан соңғы жылдары ЖОО-да тарихи білім қалыптастыру барысында тарихи деректерді қолданбау мүмкін емес құбылыс. Тарихи деректерді тарихи білім беруде қолдану бірқатар міндеттерді шешуге септігін тигізеді:

− Салыстырмалы толық әрі терең тарихи білімнің қалыптасуына;

− Тарихи білімді нақтылап, тереңдетуге;

− Теориялық ойлар мен ережелердің дәлелдігінің қамтамасыз етілуіне;

− Білім алушының ақыл-ойының дамуына;

− Қарастырылып отырған мәселене бейнелер арқылы зерттеуге;

− Білім алушының тақырып жайлы нақты әрі дұрыс шешім қабылдауына;

− Білім алушының танымдық мүмкіндіктерінің артып, тарихи деректі сыни көзбен бағалау әрекетінің қалыптасуына;

Жазба деректермен жұмыс жасау білім алушыда қарастырылып отырған тақырып жайлы анық әрі түсінікті көріністің қалыптасуына негіз болады. Жазба деректердің қолданбалық бағдарлылығының дұрыс деңгейде ашылуы білім алушының тарихи декрекпен жұмыс жасауының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Жазба дерекке жаңа тарихи білім қалыптастырудың көзі ретінде қызығушылықтың қалыптасуы үшін жазба дерек жайлы анықталуы тиіс мағлұматтар (сурет 2 )




Сурет 2

Жазба деректермен жұмыс жасауды дұрыс ұйымдастыру мақсатында оны басқа тарихи деректерден ерекшелейтін қасиеттері (сурет 3) мен оның




Сурет 3

танымдық іс-әрекетінің үш деңгейіне бағытталған тапсырмалар жүйесін мақсатты қолдану маңызды.

Бірінші деңгей – қайта жаңғыртушы. Дерек мәтінін түсінуге бағытталған таблица, схемаларды үлгі бойынша толтыру, карапайым жоспар құру,

нақтылауды қажет ететін мәтінді қайта баяндау, қойылған сұрақтарға жауаптар, негізгі түсініктерден үзінділер келтіріледі.

Екінші деңгей – қайта жасау, түрлендіру. Білім алушының зерттелген дерек бойынша қарастырылған тақырып мәтінін талдау, негізгі идеяларды ерекшелеп көрсету, басқа да теориялық материалдармен бірлесе отырып, пайдалану жұмыстары жүргізіледі. Реферат, баяндама, жазба дерекке сұрақтарды білім алушылардың өздігінен қоюы, кең көлемді жоспар, тезистер, мәнмәтіндер құрастырылуы онысбасқа деңгейлерде ерекшелейді.

Үшінші деңгей – шығармашылық ізденіс. Бұл деңгейде білім алушыларға бірнеше дерек пен зерттеушінің көзқарастарын салыстыра қарауды, мәнін түсінуді қажет ететін танымдық тапсырмалар ұсынылады. Өз көзқарасы мен тұжырымдарын дәйектеу, белгілі бір тақырып бойынша деректер жинақтап, оған талдау және жүйелеу жұмыстарын жүргізу, тақырып бойынша шығарма немесе эссе дайындаудан тұрады.

Танымдық іс-әрекеттің аталмыш деңгейлеріне сүйене отырып, жазба деректермен жұмыс жасаудың оқытуда қолданудың үлгі модельдерін қарастырдық:

Бірінші үлгі модельде жазба деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту мақсатында оларды түрінің сан алуандығына байланысты шартты түрде түрлерге бөліп қарастыру жүзеге асырылды. Әрбір жазба дерек жұмыс жасауда зерттеушіден дәлдік пен саналы қатынасты талап етеді, сондықтан төменде орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты жазба деректің сан алуандығына айқындылық беретін дерек түрлері бөліп қарастырамыз: (кесте 2):

Кесте 2

| Жазба дерек түрі | Тақырыпқа қатысты жазба деректер |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Мемлекеттік сипаттағы жазба деректер | «Грамоты из Сыгнака», Моленвиль де Бартелеми «Восточная библиотека», Э.Дженкинсонның саяхат күнделіктері, Ф.Аврильдің саяхат есептері, А. Олеарийдің саяхат күнделіктері |
| Халықаралық сипаттағы құжаттар: келісім шарттар, хаттамалар, өзара келісім құжаттары | Орыс мемлекетінің елшілік құжаттары, Мәскеу мемлекетінің Қазақ хандығымен байланыс кітаптарынан үзінділер, Қытай деректемелер (Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары) |
| Саяси тарихқа қатысты құжаттар | Парсы және араб, түркі деректері: «Тарих-и Рашиди», «Тарих-и Абилхаир-хани», «Шараф-наме-йи шахи», «Бахр ал-асрар», «Тарих-и амнийа», Ибн Фадлаллах ал-Умаридің, Ибн Арабшах шығармаларынан үзінділер, |

2 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Тарихи сипаттағы құжаттар | Парсы және араб, түркі деректері: «Тауарих-и Гузида-йи Насратнаме», «Шайбани-наме», «Бадаи ал-Вакаи», «Зубдат ал-асар», «Тарих-и Кашгар», «Джам ат-тауарих», Қытай деректемелер (Әулеттік тарихи жылнамалар), Ала ад-дин Ата Малик әл-Жуайнидің «Тарих-и Жаһангуш», Утемиш-хаджи-дің «Чингиз-наме», Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» |
| Жеке мұрағатқа қатысты деректер | «Михман-наме-и Бухара», Гонсалес де Клавихо Руй «Дневник путешествия в Самарканд ко двору Тимура», Йақұттың «Му‘джам әл-булданы» |
| Әдебиет мәнеріндегі деректер | «Фатх-нама», «Тарих-и Кипчаки», |

Ортағасырлық Қазақстан тарихы жайлы қол жетімді тарихи деректердің көпшілігін жоғарыда келтірілген кесте бойынша талдар болсақ, олардың білім алушыларға берер танымдық, тәрбиелік әрекеті жандана түсер еді. Екінші үлгі модельде жазба деректі оның мазмұнының құрылымына қарай зерделеу. Жазба деректі аталмыш критерийлер бойынша талдайтын болсақ, оның мазмұнының келесі компоненттерге жіктелу керектігін байқаймыз:

Ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректердің мазмұнын келесі компоненттердің (сурет 4) бар болуына анықтайтын болсақ, олардың орта ғасыр тарихы жайлы берер мағлұматының құндылығы арта түсер еді.




Сурет 4

Үшінші үлгі модель бойынша жазба деректі оның мазмұнында көрсетілген тұлғаның атынан зерттеу. Аталмыш жазба деректі зерделеу әдісін «тілсіз» мәтінге жан бітіріп, өз көзімен баяндаушы мәтін авторы мен жазба деректі талдаушы арасында көрінбейтін мәдени және рухани байланыс орнайды, бұл әдіс көпсубъектілі тұғыры деп қарастырылады [146].

Кез келген жазба деректі қарастырар болсақ, онда:

1. Нақты тарихи оқиғаның қатысушысы – белгілі бір тарихи тұлға жайлы баяндалады

2. Жазба деректе сонымен қатар қарастырылған тарихи оқиғаға жанама қатысушы жайлы айтылады.

3. Жазба дерек авторы материалдарын қолданатын тарихи оқиғаға қатысып, оны баяндаушы «бірінші автор» тарихшы жылнамашы болады.

4. Жазба деректің «екінші авторы» болған тарихи оқиғаға немесе құбылысқа өз ойын ашық айтады, өз толғаныстарымен бөліседі.

Жоғарыда келтірілген тарихи тұлғалар мен дерек авторлары арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін болсақ, жазба деректе айтылмаған мәліметтердің жаңа қырынан анықталуына септігін тигізеді. Бұл жағдай қосымша тарихи білімнің қалыптасуына жол ашады. Бұл модельде жұмыс жасау деректің шынайылығын анықтау мақсатында біз ұсынған жүйе бойынша жазба деректерді археологиялық деректермен салыстыра отырып зерттеу, деректе аталған тұлғалардың тарихи оқиғаға байланысты субъективті көзқарасын, пікірін білім алушыға күштеп танытуына жол берілмес еді.

Бесінші үлгі модельде жазба деректе қарастырылған тарихи оқиғаның болашақты зерделеуде, өткенді танудағы маңыздылығы мен орнын анықтайды. Жазба деректі зерттеудің бұл жолы гносеологиялық немесе танымдық деп аталып, оның жұмыс жасау жолы келесі суретте көрсетілген.

Жазба деректің мәлімет беру құндылығы:
Жазба деректен қандай мәліметті біле алдым?
Жазба деректе қандай тарихи оқиға жайлы баяндалған?

Жазба деректің мәліметтік мүмкіндігін кеңейту мен нақтылау:
Жазба дерек мазмұнына байланысты туындаға сұрақтар;
Жазба дерек авторына қатысты сұрақтар;
Жазба дерек жазудағы мақсаты?

Жазба деректің аксиологиялық құндылығы:
Жазба дерек өткенді зерделеп, түсінуге мүмкіндік берді ма?
Басқа жазба деректерден айырмашылығы қандай?

Қарастырылатын тақырыптың келешекте зерттелуі:
Жазба дерекке қатысты нақтылайтын мәселелер мен сұрақтар;
Жазба деректің мәліметтік шектілігі неліктен?
Автор айтылуға тиіс кейбір деректерді неліктен жасырды?
Қарастырылатын тақырыпқа қатысты қандай деректі пайдалануға болады?

Сурет 5

Жазба деректермен жұмыс жасауда білім алушы дайын тапсырмаларды орындай алу икемділігін қалыптастырумен қатар қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты жазба деректерді өздігінен жіктеп, қажетті деректер шеңберін анықтай алу дағдысын қалыптастырады.

Алтыншы үлгі модельде қарастырылып отырған мәселеге қатысты тарихи деректердің бір немесе одан да көп түрлерін пайдалана отырып, тақырыпты ашу [146]. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда қалыптасып, дамыған қалалар санын анықтау үшін жазба және археологиялық деректерді салыстыра отырып, талдау қалалар санына қатысты нақты әрі дұрыс мәлімет алуға мүмкіндік береді. Жұмыс жасаудың әртүрлі жанрлары бойынша тарихи мәлімет беретін аалмыш тарихи деректер кей кездері бір-біріне қайшы мәліметтер ұсынғанымен осы тартыста қарастырылған мәселенің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді. Салыстырмалы тұғырдың маңыздылығы сонда деректе берілген мәліметті әр уақытта қайта тексеруге мүмкіндік береді, яғни жазба деректі талдаудың сыни деңгейіне жетеді.

Жетінші үлгі модельде жоғарыда қарастырылған жазба деректерді зерттеудің барлық тұғырларын қолдана отырып, жазба дерекпен жұмыс жасаудың көпдеңгейлі зерттеуін [146] ұсынады (кесте 3):

Кесте 3

| | |
|---|---|
| Жазба деректің айқын белгілерін анықтау | Бірінші деңгейге тарихи деректің түрін анықтау мәселесі, дерек авторы, баспаға шыққан жылдары, деректі жазу себептері айқындалады. |
| Деректің мазмұнына тарихи логикалық талдау жасау | Екінші деңгейде дерек мәтінінде «үстірт» берілген мәліметтермен жұмыс жасалады, Дерек мазмұнына тарихи логикалық талдау жасаудың шарттары деректе басты әрі маңызды оқиға немесе тұлғаны анықтап, оған қатысты автордың шынайы қатынасын анықтау |
| Деректерге құндылықтық талдау жасау | Деректі талдаудың бұл деңгейі алдыңғы деңгейлерге қарағанда деректе келтірілген әлеуметтік-саяси құбылыстар, тарихи тұлғалардың құндылықтық нұсқаулары, ережелерін қайта қалпына келтіру, талдау жұмыстарымен, сонымен қатар автордың жеке құндылықтық нұсауларын зерттеумен айналысады. |
| Дерекке сыни талдау жасау | Аталмыш деңгейдің басты мәселесі тарихи деректің ішкі сыни талдану мәселесі. Бұл деңгейде зерттеуші тарихи деректің шынтуайттылығына назар аударып, тарихи оқиғалар мен фактілердің автордың қасақана бұрмалауы жолдарына тоқталады, сенімділік мәселесі қаралады. |
| Дерекке праксиологиялық талдау жасау | Бұл деңгейде тарихи деректің белгілі бір тақырыпты зерттеудегі құндылығы, тарихи деректі талдаудың жүйелі талдау мәселесі айқындалады. Тарихшы-мұғалімнің тақырыпты ашу мақсаты мен білім алушының танымдық әрекетінде нақты тарихи деректі қолданудың мән-маңызын анықтаумен аяқталады. |

Білім алушыға тарихи білім қалыптастыруда анықталған тарихи деректерді қолданумен қатар, тарихи деректерді іздеу, сұрыптау, талдау, түсіндіру, мәліметті ұсыну маңызды роль атқарады. Біздің алға қойған мақсатымыз да гуманитарлық ғылымдар қатарына жататын тарих пен педагогиканың ұштасатын нүктесін тауып, ұлттық құндылықтарды насихаттау жолындағы тарихи деректердің ролі мен орнын айқындап беру болатын әрі

қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлықтай ұлттық материалдық құндылықтарын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге және ұлттық тарихи сана қалыптастыруда неге қолданбасқа деген ойдамыз.

Тарихи деректердің негізін құрайтын археологиялық деректерді оқу үдерісінде пайдаланудың бірнеше жолы бар:

*біріншіден*, тарихи зерттеу нысанына айналған археологиялық деректер негізін құрайтын ортағасырлық қалаларды ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру,

*екіншіден*, аталмыш құрылған ашық аспан астындағы мұражайлардың педагогикалық әлеуетін ашу мақсатында тақырыптық экспозициялық жоспарын ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану мүмкіндігі жоғары болатындай етіп ұйымдастыру,

*үшіншіден,* ашық аспан астындағы мұражайларға айналу мүмкіндігі жоғары ортағасырлық қалаларға туристік маршруттар ұйымдастыру болып табылады.

Ең алдымен, ортағасырлық қалаларды ашық аспан астындағы мұражайларға айналу мүмкіндіктерін талқыламас бұрын, «қала мәдениетінің дамуы жайлы не білеміз?», «ортағасырлық қаланың құрамдас бөліктері мен қала мәдениеті ескерткіштеріне не жатады?» және бұл жайлы мағлұматтар зерттеу жұмысының екінші, яғни қала мәдениетінің пайда болып дамуына түрткі болған жағдайлар баяндалған тарауында қарастырылған және ондағы ортағасырлық қала мәдениеті жайлы мәліметтер кейінгі ортағасырлық қалалар мен қала салу ісінің қалыптасуындағы ерекшеліктерді көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар орта ғасырдағы Қазақстанның дамуы жайлы алған білімін тереңдете түсуге көмектесетіндігі анық. Ал Отан тарихындағы өзекті мәселелер жайлы білімін тереңдету әрбір адамның өз Отанына деген мақтаныш сезімін оятып, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қамқорлықпен қарайтын ұлтжанды тұлға болып қалыптасуына жетелейді. Қазіргі кезде қоғам алдындағы өзекті мәселе ұлтжанды ұрпақ қалыптасуының бір белгісі де бойына туған елі мен жерінің рухани және материальдық мәдениет құндылықтарын сіңірген адам екендігі анық. Ал материальдық мәдениет көненің көзі мен тарихтың тірі куәгерлері аталған археологиялық деректер негізін құрайтын ортағасырлық қалалар мен археологиялық жәдігерлерді оқып-танымай толық сипатқа ие болмайтындығы белгілі.

Археологиялық деректер негізін құрайтын жәдігерлер мен ортағасырлық қалаларды оқып-тану отан тарихының бір бөлігі деп қарастырылып, жас ерекшеліктеріне қарамастан, барлық адамдарға қызықты. Алайда, адамдардың физиологиялық ерекшеліктері алған мәліметтерді қабылдау, ойлау, бағалауды тең дәрежеде жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан адамдарды археологиялық деректермен таныстырмас бұрын, мына мәселелер ескерілуі керек:

- отан тарихының өзекті тақырыбы ретінде ортағасырлық қалаларды тануға деген қызығушылықтың туындау дәрежесі;

- тарих пен өнер мазмұнын жеке тұлғаның немесе экскурсия ұйымдастыруға жоспарланған топтың игеру дәрежесі;

- археологиялық деректердің зерттелу, сақталу дәрежесі мен әлеуеті;

Аталмыш мәселелердің алғашқылары адамның жеке тұлғаның мәліметті қабылдау мен игеру қасиеттеріне байланысты болғандықтан, соңғысы тарихи ескерткіштердің зерттелу дәрежесін кеңірек талқыласақ дейміз.

Қала мәдениетіне қатысты археологиялық деректерді екі аспектіде зерделеуге болады: алғашқысында «дерек зерттеудің нысаны» болса, екіншісі «дерек консервация мен мұражайландыру жұмыстарының нысаны» ретінде қарастыруға болады. Қазіргі уақытта отандық ғылымда бірінші, яғни деректерді зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінген, алайда, біздің көзқарасымыз бойынша, археологиялық деректі танудың аталмыш екі тәсілін бір-бірімен байланыстыра жұмыс жасайтын уақыт жетті деген ой туындайды. Өйткені, археологиялық ескерткіштерді консервациялау мен мұражайландырудың негізгі мақсаты да археологиялық мұраны сақтау мен қазіргі қоғамда бұл мәселенің көкейкестілігін жоғарылату екендіг белгілі. Әрине, консервациялау мен мұражайландыру жұмыстарын жүргізбестен бұрын, алдымен,

- деректі археологиялық зерттеудің қазіргі қоғам үшін қажеттілігі қандай дәрежеде, егер қажет болса,

- ашық аспан асты мұражай экспозициясы мен туристік маршруттардың бағыт-бағдарын жасау, және оны

- оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жолдары қаншалықты қамтылғандығын анықтау мен сараптаудан өткізу қажеттілігі туындайды.

Қазба жұмыстары жүргізілген және консервациялауға дайын тұрған археологиялық деректерді бірнеше типке бөлуге болады. Олар:

- археологиялық кешен – археологиялық ескерткіштер жиынтығы (ортағасырлық қалалар мен олардың территориясында табылған объектілер);

- археологиялық ескерткіштер (ортағасырлық қалалар);

- археологиялық объектілер (ортағасырлық қала территориясынан табылған құрылыс нысандары);

- табылған археологиялық заттар.

Кез келген археологиялық деректі сақтап қалу үшін оған әлсін-әлсін консервациялық және реставрациялық жұмыстар жүргізіліп отырылуы керек. 1992 ж. ЮНЕСКО бекіткен халықаралық құжат нормаларына сәйкес, ескерткішті реставрациялау консервацияның бір әдісі ғана деп беріледі, олардың басты талабы неғұрлым аз қол тигізіп, ескерткішті ұзақ мерзімге консервациялауға тырысу деп анықталады. Соңғы жылдары ең көп қолданып жүрген консервациялық жұмыстардың өзі *қорғау (протекцион), сақтау (презервацион) және тұмшалау (консервацион)* деген бөліктерге бөлініп қарастырылады. Консервацияның бірінші түрі *ескерткішті қорғау* – оны тонаудан, қиратудан, бүлдіруден (адам әрекетінен) аман болуын үздіксіз қадағалау болса, *біріншіден*, ескерткіш айналасына оның сәнін, көрінісін бұзатын құрылыстардың, автожолдардың салынуына жол бермеу. *Екіншіден,*деректі мемлекеттік қорғау, яғни негативті әрекеттерден сақтайтын

заңдар, құжаттар, талаптар қабылдау болып табылады. Оның ішіне қорғалу аймағын құру да енеді. Үшіншіден, физикалық қорғау археологиялық деректерді табиғи күштің әсерінен сақтайтын баспана, шатыр, бастырма тұрғызу жатады. Консервацияның екінші түрі сақтауға ескерткішті бастапқы қалпында аман *сақтап қалу* үшін жасалған барлық іс-әрекеттер кіреді. Оның ішінде деректі үздіксіз және әрдайым бақылауда ұстау, ерекше күтімге (ылғал мен су, химикаттар, түрлі жәндіктер мен кеміргіштердің зиянды әрекеттерінен сақтау) алу жұмыстары да жатады. Консервациялаудың үшінші түрі *тұмшалау* деп аталып, деректің бастапқы қалпын ұзағырақ сақтау мақсатында жасалатын іс-әрекеттер жиынтығын құрайды. Тұмшалау тарихи ғимараттар, археологиялық кешен мен ортағасырлық қалалардың аман қалуына бағытталған әрекеттердің басын біріктіреді [147].

Консервациядан кейін жүзеге асырылатын жұмыстар қатарына мұражайландыру жатады. Ортағасырлық қалалардан табылған деректерге мұражайландыру жұмыстарының жүргізілуіндегі ерекшелік аталмыш екі аспекті негізінде қалыптасады, олар:

*технологиялық* (археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілу әдістері, қазылып алынған деректерге консервация жұмыстарының жүргізілуі және ішінара мұражай экспозициясын құрудан туындайды); және

*әлеуметтік* (қазіргі қоғамдағы археологиялық қазба негізінде табылған деректердің табылу мен анықтау қажеттілігі, археологиялық деректердің қоғам үшін қажеттілігі, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қолдану жолдарын анықтау қажеттілігі туындауын қадағалаудан басталады) [148].

Аталмыш аспектілердің алғашқысы тарихшылар мен археологтардың іс-әрекетімен байланысты болса, екінші аспекті педагогтар, мұражай қызметкерлерінің жұмыстарына тікелей қатысты. Қазіргі таңда аталмыш салаларда жұмыс жасайтын ғалымдар алдында кезек күттірмейтін өзекті мәселе археологиялық деректерді сақтау мен экспонаттау болғанымен, біздің ойымызша, екінші жағынан әлеуметтік бағытқа да жеткілікті дәрежеде назар аударылса екен деген ой туындайды. Дүниежүзілік және отандық тәжірибеге сүйеніп, ортағасырлық археологиялық деректерде мұражайландыру жұмыстарының жүргізілуін бірнеше кезеңге бөлуге болады:

− археологиялық деректі іздеп табу, орнын анықтау, жағдайын, көрінісін құжаттау;

− археологиялық деректі ғылыми зерттеуден өткізу;

− қайта қалпына келтіру немесе консервациялық жұмыстардың жүргізілуі;

− табылған археологиялық деректерді көрсетуді ұйымдастыру (қорғалу аймағын анықтау, консервация, экспозициясын жасау және туристік маршруттар ұйымдастыру);

XX ғ. тарих ғылымы үшін қиын болғанымен, археология, өлкетану саласына деген қызығушылық арта түсті, жас жеткіншектер қатысуымен алғашқы археологиялық экспедициялар ұйымдастырылды, «Кеңестік археология» журналында «Мұғалімге және өлкетанушыға көмекке» атты тұтас айдар пайда болады. Онда А.А.Монгайт, Д.А.Крайнов, Б.А.Колчин [149]

сияқты т.б. әйгілі ғалымдар өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялады. XX ғ. 60-жылдары археологиялық үйірмелер және оның құрамдас бөлігі болып табылатын өлкетану қозғалыстары қарқындап дами бастады. XX ғ. 70-80-жылдары білім алушылардың қатысуымен жазғы археологиялық лагерьлер ұйымдастыру кеңестік археологтар экспедициясында жыл сайынғы қалыпқа айналды.

Соңғы жылдары археологиялық зерттеулермен айналысатын экспедициялар ұйымдастыру қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытының бір бөлімі ретінде қайта жандануда. Тарихтың бір саласы болып табылатын археология ғылымның педагогикалық әлеуеті осы кезеңге дейін оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктері жылдар бойы зерделеніп, меңгеріліп, ұзақ уақыт бойы оқу үдерісінде қолданылғанын ерекше атауға болады.

Сондықтан, ЖОО-да археологиялық деректер арқылы мәні мен маңыздылығын арттыруға болатын «Ежелгі ғасырдағы Қазақстан тарихы», «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәндерін оқытуда археологиялық деректердің танымдық мүмкіндіктерін пайдалану тиімді екені анық. Археологиялық деректер өзінің нақтылығы және шынтуайттылығымен тартады. Білім алушы көне және мәңгілік бір затқа, өзінің өткен тарихынан хабар беретін археологиялық дерекпен танысуда айрықша сезімге бөленеді. Білім алушы археологиялық табылған затты қолына алып өзінің өткеніне үңіледі және өзін ойша бұрынғы өткен ғасырларға жетелейді. Таңдану сезімінің қызығушылыққа өткені маңызды, ол өз кезегінде тарих сабағында өткенді танудың басты себебіне айналады. Мәжбүрлеуге емес, қызығушылыққа негізделген оқыту анағұрлым мақсатты және өнімді екені бұрыннан аян. Тарих сабағында археологиялық деректерді пайдалану дәрісті түрлендіріп, оны барынша қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар мұғалімге алға қойған танымдық, дамушы және тәрбиелік кешендерді қамтитын педагогикалық мақсатына жетуге үлкен көмегін тигізеді.

Археологиялық деректер елдің ежелгі тарихын зерттеуде деректердің түпкі көзі болып есептеледі. Әсіресе археологиялық деректер жазба деректердің жұтаңдығымен ерекшеленетін елдер тарихында маңызды орынға ие. Егер жазба деректер автордың сол белгілі кезеңдегі оқиғаға жеке және үрдістік сипатта болуын көрсетсе, археологиялық деректер сол дәуірдегі адамзаттың тұрмыстық хал-ахуалын объективті түрде айқындап отырады. Мұнда ескерткіштер сол кезеңнің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайында барынша көрнекі түрде бейнелейді [150].

*Қазіргі кезде археологиялық деректерді мынадай түрлерге жіктейміз:*

1. Мекен-жай орындары; 2. Жерлеу орындары; 3. Әулиелік орындар;

4. Елді мекендер және қорымдар[151].

Археология ғылым ретіндегі тарихтың уақыт пен кеңістіктегі түсінігін анағұрлым кеңейтеді. Адамзаттың жазба мәдениеті дамымаған ежелгі және орта ғасырдағы тарихи дамуы жайында мәліметтер археологиялық деректер негізінде бізге жетіп отыр. Археологиялық деректер тарихшы мен өз елінің тарихын тануға ұмтылған жастар үшін сарқылмас білім көзі десек те болады.

Еуразия кеңістігінде тарихи-мәдени ескерткіштердің көптігімен ерекшеленетін мемлекеттің бірі – Қазақстан Республикасы. Қазақстаннның бүтіндей территориясын өзінің ерекше қайталанбас экспонаттарымен танылатын ашық аспан астындағы мұражай деуге болады.Археологиялық қазбалардың арқасында соңғы 50 жыл ішінде археологиялық деректер мөлшері екі есеге артты әрі олардың мазмұны 10-15 жыл сайын жаңарып отырады. Қазақстанда археология ғылымының өркендеп дамуы кезеңінен бастап археология ғылымы Қазақстанның ортағасырлық деректеріне сүйеніп оның тарихы мазмұнын түбегейлі өзгертіп, әлемдік масштабта үлкен қолдауға ие болды. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихында елеулі өзгеріс жасаған археология ғылымының жетістіктеріне тоқталар болсақ, урбанизация үдерістерінің қарқынын және отырықшы және қала мәдениетінің дамуын зерттеуде Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстанның орта ғасыр тарихының әлемдік өркениеттің дамуына қосар үлесі зор [152].

Қазақстан археологиясының қазіргі хал-ахуалы жаңа Қазақстанның тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасын жасауға толық мүмкіндік ашып отыр. Тарихи сананы қалыптастырудың жаңа тұжырымдамасында ортағасырлық тарихи және археологиялық деректер мен жетістіктер маңызды орынға ие. Археологиялық деректерге негізделген «Қазақстанның тарихи сана қалыптастыру» тұжырымдамасының басымдылық беретін бағыттары ретінде

біріншіден, Қазақстан археологиясы жетістерінің отырықшы мен көшпелі мәдениеттердің ықпалдастығы аясында Еуразия мәдениеті мен тарихына қатыстылығы;

екіншіден, қазақ жерінде өмір сүрген мәдениеттердің сабақтастығы Қазақ тарихының үздіксіз жалғастығы;

Археология ғылымының жетістіктерін саралай келе, тарихи білім қалыптастыруда мынадай бағыттарға басымдылық пен міндеттер жүктелуі тиіс:

1. Ортағасырлық археологиялық деректерді зерттеу;
2. Тарихи деректердің хронологиялық кезеңдеу типологиясын жасау;
3. Ежелгі өнім беретін шаруашылықтардың эволюциясы мен технологиялық деңгейін, қолөнер түрлерін зерттеу, атап айтқанда, малшылық, егіншілік, ирригация, тау-кен ісі мен металлургия, керамика өндірісі мен тоқымашылық, сауда және ақша айналымын талдау жасау, өндірісте пайдаланатын құралдар мен құрылыс жабдықтарын зерттеу;
4. Урбанизация мен номадизмнің өзара әрекеттесе дамуының ерекшеліктерін зерделеу;
5. Археологиялық деректерді қорғау, консервация, реставрация, есепке алу; археологиялық деректердің популяция, сақтау мәселелері, теориялық ұстанымдары мен технологиясы, әдістемелік бағыттары; археологиялық деректердің мұражайландыру мәселелері [153].

Аталмыш міндеттер мен бағыттарды жүзеге асыру мақсатында қазіргі Қазақстан археологиясы мынадай мәселелерге басымдылық береді:

Бірінішіден, Қазақстанның социум ретінде адамзаттың даму процесіне әсері; Еуразия өркениетінің материальдық және рухани дамуына қазақ жерін

қоныс тепкен тайпалар мен халықтардың қосқан үлесі; қазақ мемлекетінің қалыптасуының кезеңдерге сәйкес дамуы;

Екіншіден, ежелгі және орта ғасыр дәуірінде жазба, археологиялық, нумизматикалық деректер негізінде отырықшы және көшпелі мәдениеттердің ықпалдастығы, Қазақстанның протоқалалық өркениетінің бастапқы кезеңіндегі мәселелерді шешу, көшпелілердің отырықшылануы;

Қазіргі кезде далалық өркениетпен сабақтаса дамыған ортағасырлық Қазақстандағы VI-XVIII ғғ. урбанизация процесінің даму қарқынын зерттеу жолға қойылды. Қала мәдениетін этнологиялық зерттеулер деректерімен сәйкестендіре кешенді зерттеу ұтымды нәтижелер беретіндігі айдан-анық еді. Қала құрылымы, қала қызметі, қала салу ісі мен архитектурасын қолөнердің дамуы, сауда, ақша айналымы, шаруашылық, демографиялық жағдайы, әлеуметтік қатынастары негізінде зерттеу – ортағасырлық қалалар, жалпы алғанда, орта ғасырдағы Қазақстан жайлы кешенді деректердің жинақталуына жол ашты.

Археология ғылымының басымдылық беретін бағыттары Отан тарихын зерделеуге байланысты жүргізілген қарқынды жұмыстары «ҚР-ның тарихи сана қалыптастырудың» негізгі тұжырымдарымен сәйкес келеді. Бұл тұжырымдамада айтылғандай қазақ тарихы ұзақ уақыт бойы КСРО тарихына қарағанда екінші орынға қойылып, тыңғылықты зерттелмеді. Сондықтан да қазақ тарихына қатысты мәселелер Қазақстан азаматтарының қызығушылығын тудыруда.

Орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты тарихи деректердің сипаты мен мазмұнына жасалған талдаулар көрсеткендей олардың барынша күрделілігіне көз жеткіздік. Жазба деректердің тілдік, мазмұндық және жанрлық ерекшеліктері, археологиялық деректердің алуан түрлілігі мен өзіндік ерекшеліктері білім алушыдан оларды танып, білетін және зерделеп, зерттей алатын арнайы білімдік дағдыларды талап етеді. Сонымен бірге осы танымдық тұрғыда танылған білім жүйесін педагогикалық, ғылыми зерттеушілік және қоғамдық-саяси қызметінде қолданудың да әдіс-тәсілдерін меңгеру де білім алушының өз бетінше дербес игеруіне қиындықтар туғызатындығы аңғарылды. Содан да тарихи деректердің құнды ақпараттары тарихи сананы бекітуші, дәйектеуші педагогикалық фактор ретінде сұрыптап алу, талдау, бағалау және оны нақты жағдайда, нақты мақсатқа қолдану деген педагогикалық бірізділіке сай іске асырылуы қажет болады. Демек, ортағасырлық тарихи деректердің педагогикалық әлеуетін барынша тиімді пайдалану арқылы білім алушы мен оқытушы арасындағы педагогикалық үдеріс тарихи сана қалыптастыру арқылы тұлғаның елжандылық қасиеттерін шыңдап, оның саяси, рухани өмірлік позициясын нығайтуға қызмет ететін болады.

## 2.2 Ортағасырлық тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының бағыттары мен педагогикалық әлеуеті

Қазіргі уақытта болашақ тарих мұғалімінің маман ретінде қалыптасуына, қоғамда жеке әрі белсенді іс-әрекетпен айналысуына ықпал жұмыс жасайтын

әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалар жасау бағытында зерттеулер жүргізіліп келеді. Бұл жағдай зерттелетін педагогикалық мәселелердің қиын түйінінің шешілуіне жағдай жасайтын ғылыми таным-түсініктер тұрғысының диалектикалық жан-жақтылығына ерекше мағына береді.

Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны белгілі. Бірақ сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы, түбегейлі жан-жақты зерттелмеуі тарихи сананың көмескі тартып, ұлттық рухтың әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе өткен жиырмасыншы ғасырдың ұрпақтары өз тағдырлары арқылы талай рет көз жеткізді. Ендеше отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе – ғылымның қазіргі заманғы және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген теориялық және әдіснамалық ұстанымдарына сүйеніп жүргізілген іргелі зерттеулердің нәтижесі арқылы интеллектуалды ұлт және интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу екендігі айқын.

Осы мақсатқа сәйкес жалпы Қазақстанның тарих ғылымының алдына төмендегі міндеттер қойылды:

− өткен тарихты үзінділер түрінде емес, мүмкіндігінше тұтас үдеріс ретінде қарастыру;

− көне және ортағасырлық тарихқа баса назар аудару;

− Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін қайта қарау;

− қазақ диаспоралары тарихын зерттеуге басты назар аударумен қатар елімізді мекендейтін этникалық топтардың тарихына тиісті мән беру [83].Сан түрлі дерек көздерін саралап, тарихтың ақиқатын ашу қаншалықты маңызды болса, оны келер ұрпаққа жеткізу де соншалық маңызды.

«Әлеует» ұғымын белгілі бір мақсатқа жету, жоспарды іске асыру барысында іске қосылып жинақталатын өзінде бар ішкі қор, жинақ немесе құрал ретінде және белгілі бір саладағы тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүмкіндіктері ретінде де қарастырады [155]. Педагогикалық ғылымдарда әлеует категориясы «тәрбие әлеуеті», «білім әлеуеті» ұғымдарымен қатар кең мағынада «педагогикалық әлеует» түсінігі қолданылады. Педагогикалық әлеует ұғымын орыс ғалымы О.О.Киселева, адамның тұлғалық дамуын белгілі бір дәрежеде анықтайтын өзара байланысты және шартты жүйе мүмкіндіктерінің жиынтығы деп қарастырады [156]. Ал Т.Л.Божинскаяның пікірі бойынша, педагогикалық әлеует – бұл, болжамды бағдарлылық анық байқалатын интегралды білім беру [157] деп қарастырады. Осы пікірлерді негізге ала отырып, педагогикалық әлеует дегеніміз білім алушыларға тәрбиелік әрекет етуге жол ашатын әдістемелік және мазмұндық құндылықтық құралдардың жиынтығы деп қарастыруға болады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде әлеует мынадай түрлерге бөлінеді, атап айтқанда тұлғалық (Л.В.Елагина, М.В.Корепанова, П.Ф.Кравчук, Н.В.Мартишина және т.б.); педагогикалық (Т.Ф.Романова, Т.Л.Божинская, И.Ю.Турчинова); интеллектуальды (В.И.Богжашев, Е.А.Косьмина және т.б.); коммуникативті (Р.А.Максимова, С.И.Самыгина, Е.Н.Суркова және т.б.). Педагогикалық әлеуеттің құрылымында ерекше рөл атқаратын педагогикалық қабілеттер оның инструментальды сипаттамасын толық ашып көрсетеді.

Қабілеттердің психологиялық теориясын педагогикалық әлеуетпен байланыстыра қараған ғалымдар қатарында Л.Д.Кудряшованы [158] ерекше атауға болады. Қазіргі уақытта педагогика ғылымында мәдениеттің педагогикалық әлеуеті белсенді түрде жан-жақты зерттелінуде. Мазмұнында мәдениеттің педагогикалық әлеуеті жайлы және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет үдерісінде оны іске асыру мен өзектендірудің әдіс-тәсілдері туралы түсінікті ендіретін бұл мәдени-педагогикалық құбылыстың тұтас қарастыру О.О.Киселева, О.М.Позднякова еңбектерінде жүзеге асырылған.

Мәдениеттің педагогикалық әлеуеті құрылымын қарастыра отырып, О.О.Киселева келесі элементтерді ерекше атап көрсеткен: нормалар, құндылықтар, педагогикалық іс-әрекетке қатысты ережелер жайлы түсінікті біріктірген сана, жалпы және отбасылық педагогиканың фактілеріне көрініс беретін тәлім, кәсіби тәлім, ғылыми-тәжірибелік шығармашылық пен әлеуметтік мәдениеттің өнімдері [158].

Педагогикалық әлеуеттің сан қырлы аспектілеріне көңіл бөлген авторлардың еңбектерін саралай келе, тарихи деректердің педагогикалық әлеуеті мазмұны бойынша мынадай құрауыштар негізінде жүйеленгендігін анықтадық: тарихи деректердің танымдық әлеуеті жекелеген археологиялық және жазба деректер (тарихи ғылыми тілде артефактілер) негізінде жинақталады. Ал тұлғаның қалыптасуына әсер ететін тарихи деректердің педагогикалық әлеуеті екі формада жүзеге асырылады: біріншісі, объективтендірілген артефактілер жиынтығының мазмұны арқылы; екіншісі, тарихи сана мен белсенді іс-әрекетте тарихи феномендерді «тірілту» немесе «қалпына келтіру» арқылы. Осыдан келіп, тарихи деректердің педагогикалық әлеуетінің семиотикалық (білім беру) және аксиологиялық (құндылықтық) құрауыштар арқылы жүзеге асатындығына көз жеткіземіз.

Тарихи деректерді зерделеу барысында көпкескінді педагогикалық міндеттер шешімін табады, атап айтқанда: білім беру, танымдық, тәрбиелік, дүниетанымдық. Осы міндеттер арасында өзіндік көпқырлылығымен ерекшеленетін рухани құбылыс – жас ұрпақтың бойында азаматтық тұлғаның өзегі болып саналатын тарихи сананың қалыптасуы екендігі даусыз.

Ұлттық тарихи сана қалыптастыруда орта ғасырдағы Қазақстан тарихын танып-білудің үш құрамдасбөліктен құралатын кешенді бағыты төмендегідей:

Бірінші бағыт – Ортағасырлық Қазақстан тарихын әртүрлі деңгейдегі оқу орындарындағы оқыту дәрежесін үнемі жетілдіріп отыру.

Екінші бағыт – Отандық тарихты қолда бар құралдарды, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, халық арасында кең насихаттау.

Үшінші бағыт – Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңін тереңдей зерттеу [159].

Тарих – қоғамның, мемлекеттің кемелдігін танытады. Өркениетті елдер төл тарихына құрметпен, жауапкершілікпен қарап, ерекше назар аударады. Өйткені, өткен тарихын құрметтей білген ұрпақ, келер ұрпаққа өз дәуірін сыйлата білері анық. Отан тарихының өзекті де тағдыршешті мәселелеріне баса мән беру, оның шынайы мазмұнын қалыптастырып, танымдық-тәрбиелік

маңызына мән беру арқылы ұлттық сана қалыптастыруға негіз қалайды. Отандық тарих ғылым ның міндеті еліміздің басынан өткізген жекелеген үрдістеріне байыпты талдау жасап, тұтас тарихты байыптау.

Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру жөніндегі жаңа тұжырымдама бойынша көне замандардан бергі Қазақстан тарихының дерек көздеріне жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттілігі баса көрсетілді. Тарихи шындықты қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан көрсететін құжаттарға көп жағдайда зерттеушілердің қолы жетпей келді. Бүгінде жаһандану жағдайында ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу қиын мәселеге айналды. Солай дегенмен де бұл мәселе мемлекеттік деңгейде күн тәртібінен түспейтін стратегиялық міндеті. Сондықтан, бүгінгі жоғары оқу орындарының алдында жоғары білімді, білікті тарихшы мұғалім мамандар даярлау маңызды міндетке айналып отыр.

Ұлттық тарихи сана ұғымына ғылыми тұрғыдан анықтама берер болсақ, жеке тұлға, әлеуметтік топ пен халықта, ұлтта өзінің шыққан тегі, ұлттық тарихтағы маңызды оқиғалар мен қоғам қайраткерлері, ұлттық тарихының жалпы адамзат тарихында алар орны мен олардың арасындағы қатынас жайлы түсінік қалыптастыруға бағытталған ұғымдар, пікірлер, көзқарастар, салт-дәстүрлер жиынтығы мен білім жүйесі. Осылайша, жеке тұлға, халық немесе ұлт өз өткенін сүзгіден өткізіп, уақыт пен кеңістікте қайта жаңғыртуға мүмкіндік алады және жеке тұлға өзінің белгілі ұлт өкілі екенін саналы түрде мойындауына жол ашады. Ұлттық тарихи сана қалыптасуы жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттеріне байланысты жүзеге асырылады. Ұлттық тарихи сана қалыптасуының үш түрлі деңгейі бар:

Ұлттық тарихи сананың *бірінші деңгейі* – адам белгілі оқиғаларды бақылай отырып немесе оның қатысушысы атанып, одан өзіне ғибрат алады. Адамның тарихи санасы толық әрі нақты емес, субъективті бұл деңгейде, оның тарихи үдерісті толықтай бағалауға мүмкіндігі жетпейді. Алайда, адамның оқиғадан алған әсерлері мен деректері естеліктер түрінде жинақталады.

Ұлттық тарихи сананың *келесі деңгейі* кез келген халықтың ұлттық белгілерін қалтқысыз сақтайтын рухани құндылықтары қатарына жататын халық ауыз әдебиеті негізінде қалыптасады. Оған ертегілер, аңыздар, шешендік сөздер, айтыс, жаңылтпаштар, мифтер, қара өлеңдер, эпостық жырлар, тарихи өлеңдер, лирикалық өлеңдер, өтірік өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жатады. Бұл деңгейде ұрпақтар сабақтастығы орын алып, адамдар тобының бірге өмір сүруіне негіз болатын ұлттың рухани құндылықтары мен адамгершілік мұраттары белгілі бір мінез-құлық өлшемдеріне айналады. Аталмыш деңгейде ұлттық тарихи сана жүйелі әрі толық қалыптаспайды. Алайда, көрсетілген белгілер ұлттық тарихи сананың өзегіне айналған ұлттық мінез-құлық пен оның ерекшеліктері, адамның дүниетанымы мен ой жүйесі, өзін-өзі ұстау әдеті мен дағдылары, эмоцияны көрсету үлгілерінің қалыптасуына негіз болады.

Ұлттық тарихи сананың *үшінші деңгейі* ұлттық тарихи құндылықтарға жататын археологиялық ескерткіштермен танысу, өнер, кескіндеме, театр, кино

туындыларын тамашалау негізінде қалыптасады. Өнер, кескіндеме, театр және кино туындылары балаға эмоциялық деңгейде ықпал етіп, одан алған әсері көпке дейін адам жадында сақталады.

Білім алушылардың ашық аспан асты мұражай экспозициясымен жұмыс жүргізуінде де өзіндік ерекшеліктер мол. Өйткені ЖОО-да оқу кезеңі оқушылық өмірден кәсіптік әрекетке байланысты ересек өмір салтына ауысатын өтпелі сипаттағы кезең. Білім алушылар өздерін қоршаған ортада кездестірген тұрмыстық, әлеуметтік мәселелердің жауабын көбіне сырттан, өнер мен ғылымнан іздеуге бейім келеді әрі білім алушылардың танымы мен талғамының барынша байыпты, парасатты мазмұн алуына ықпал жасайды. Осы ізденіске ашық аспан асты мұражайдың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктері молынан пайдаланылуы керек. Соған сәйкес білім алушы аудиториясына арналған экскурсияларда мұражай экспонатының үш түрлі қыры ескерілуі керек: танымдық (ақыл ойды дамыту), сезімдік (мазмұндық және түрлік тұтастықтағы мұражай экспонатын қабылдаудың көрнекілік ерекшелігі мен сезімдік ықыластылығы) және аффектілік (ескерткішке қамқорлықпен қарау). Бұл психологиялық сапалардың арақатынасы аудиторияның, топтың интелектуалдық және жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Білім алушымен ашық аспан асты мұражайларда жұмыс жүргізуді педагогикалык үдеріс ретінде қарастырудың да өзіне тән ерекшеліктері болады. Атап айтқанда «жеке тұлғалық тұрғыдан қарастырғанда бұл жаста адамгершілік және эстетикалық сезімдердің барынша белсенді дамып, мінез-құлықтың қалыптасуы мен тұрақтану кезеңі және аса маңыздысы, ересек адамның азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіптік-еңбектік, әлеуметтік іс-әрекеттер кешенін меңгеру кезеңі» [160] болғандықтан білім алушылардың оқу үдерісінде археологиялық деректерді пайдалану мазмұны барынша өткір мәселе ретінде қарастырылуда. Ашық аспан асты мұражайлардың білім беру қызметі білім алушылардың танымын кеңейтіп, оларды рухани тұрғыдан баюына және тарихи білім деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Отан тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған тақырыптық экскурсиялар – тарихи оқиғалар мазмұнына талдау жасап, ой қорытуларына ықпал жасайды. Осы аталған факторлар ұлттық тарихи сананың үшінші деңгейіне өтуге мүмкіндік береді.

Білім алушыларға ұлттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерде келесілер атап көрсетілген: тұлғаның ұлттық сана-сезімі ұлттылық туралы ой-пікірді, ұлттың өткен тарихына, бүгіні мен болашағына деген көзқарасты, ана тілін үйрену мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті, ұлттық мүдде мен құндылықтар бағдарын түйсіне отырып, қабылдауды білдіреді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, соңғы онжылдықта жастар арасында рухани-адамгершілік дағдарыстың барлық аспектілерде (адамгершілік, әлеуметтік, физикалық, психикалық) күшеюіне байланысты қоғамның аса күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқандығын тілге тиек етпеу мүмкін емес. Мұндай тұжырымға Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінде

ұлттық сана-сезім мен ділдің, азаматтылық пен патриотизмнің төмен деңгейде болуы негіз бола алады. Бұл, ең алдымен, өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін білмеу сынды сипаттамадан анық аңғарылады. Әсіресе бұл жағдай қазақ жастарының арасындағы туған тілі мен тарихын, салт-дәстүрлерін білмегенімен қоса, осы мәселе жөнінде терең ойланып-толғанбайтындарына тікелей қатысты. Осылайша олар келесі ақиқатты көзден таса қалдыратыны анық: халықтың жойылуы үшін оның физикалық тұрғыда қырғынға ұшырауы міндетті емес – оны жадыдан, ой мен сөзден айыру жеткілікті, сөйтіп халықтың жаны өлім құшады [161].

Тарихи сана жүйеленген және жүйеленбеген тарихи деректер мәліметтерін өз бойына сіңіре отырып, маңызды тарихи оқиғалар мен дәйектер негізінде қалыптасатын рухани құбылыс. Әдетте, ол тұлғаның рухани дамуына тікелей немесе жанама әсер еткенімен, көп жағдайда тарихи сана ғылыми таным тереңдігінің жетіспейтіндігімен ерекшеленіп, тарихи үдерісті түсінуге мүмкіндік беретін ықпал етуші күштердің жоқтығымен сипатталады. Ғылыми негіздегі тарихи сана тарихты оқу мен оқытуда жүйелілік ұстанымына сүйенген тарихи білімдер өткен шақ пен болашақтың үйлесімді байланысы нәтижесінде қалыптасатындығы айқындала түсуде.

Жас ұрпақтың бойында ғылыми негізді тарихи сананы қалыптастыру мүмкіндіктері ЖОО-да тарихты оқытуға ерекше міндеттер жүктейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздің ЖОО-да оқытылатын Қазақстан тарихы пәні – тарихи сана қалыптастырудың негізгі тірегі. Отандық тарих ғылымы, соның ішінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихының мазмұны археологиялық жетістіктер арқылы терең де түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Сонымен қатар, еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген жаңарулар тарих ғылымының мазмұнын тоталитарлық қоғамда үстемдік еткен идеологиялық қыспақтан арылтып, төл тарихты жаңа әдіснамалық тәсілдерге сүйеніп зерттеуге жол ашты.

Тарихи сананың ғылыми деңгейін қалыптастыруға деген қажеттілік қоғамның рухани өміріндегі қарқынды өзгерістер негізінде туынданған. Тіпті тарих ғылымы қазіргі уақытта саяси теке-тірестердің түйініне айналды десе де болады. Алайда, шынайы тарихи білімге деген сұраныстың жоғарылуы, керісінше ЖОО-да тарихи білімдер цикліне бөлінетін сағаттардың қысқаруына бағытталған қарама-қайшылыққа ұласты. Осы қарама-қайшылықтарға қарамастан, жастардың тарихи білімге деген ұмтылысы бәсеңдеген жоқ. Тарих институты жүргізген сауалнама нәтижесінде қоғам арасында тарихты білуге деген құштарлықтың негізінде

1. Өткен тарих жайлы шындықты білуге деген ұмтылыс деп қарастыратындар 41% болса,
2. Өз ой-өрісін кеңейтуге деген құштарлық негізінде тарихи білімге ұмтылғандар 30%-ды құраған.
3. Өз мемлекетінің, халқының тамыры терең тарихын біліп, түсінуге бағытталған ұмтылысты қолдайтындар 28%-ды құрайды,

4. Алдыңғы ұрпақтың тәжірибесін білуге деген құштарлықты басшылыққа алғандар 17%-бен шектелген.

5. Тарих беттерінен көкейкесті сұрақтарға жауап табуға тырысатындар 14%-ды құраған [162].

Осы сауалнаманың нәтижесіне назар аударсақ, қатысушылардың тарихқа деген қызығушылығының себептері анық әрі ізгі ниеттерге негізделгендігін байқаймыз. Осы сауалнамаға толықтыру ретінде тарихты зерделеуге түрткі болған жағдайларға тоқталар болсақ, онда сауалнамаға қатысушы азаматтардың 44%-ы қазіргі қалыптасқан жағдайды толық түсіну мен объективті білім алу мақсатында тарихты білуге деген құштарлық қалыптасқандығын сөз еткен. Ал қатысушылардың 20% -ы тарихты жетік білу өмір жолында дұрыс шешім қабылдауға көмегі тиетіндігін, ал сауалнамаға қатысушылардың 28% -ы баланы тәрбиелеудегі тарихтың рөлін [163] ерекшелеген. Сауалнамаға қатысушылардың 39%-ы тарихи білімсіз адамның мәдениетті болуы мүмкін емес дегенді айтады.

Үкіметтік емес «Стратегиялық әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қоры 2011 жылы жүргізген сауалнама нәтижесі бойынша, қарапайым халыққа «Ел тарихында болған қандай оқиға сізде мақтаныш сезімін оятады ?» деген сұрақтарға жауап іздеген. Сұраққа жауап берушілерге ел тарихындағы елеулі оқиғаларды еске түсіру ұсынылған. Төменде көрсетілген № 4 кестеде, біріншіден, Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуін тарихтағы ең елеулі оқиға деп қарастыратындығын жеткізген:

Кесте 4

| № | Оқиғалар тізімі (қарапайым халық) | % |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алуы | 16,5 |
| 2. | 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары | 1,8 |
| 3. | Д.Қонаев басқаратын кезеңде Қазақстанның дамуы | 0,7 |
| 4. | Тың жерлерді игеру | 0,6 |
| 5. | Қазақстанның Ресейге қосылуы | 0,6 |
| 6. | Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуы | 0,5 |
| 7. | Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы | 0,5 |
| 8. | Тәуелсіз мемлекеттің конситуциясын қабылдауы | 0,5 |
| 9. | Жоңғар шапқыншылығына қарсы тұру | 0,4 |
| 10. | Түркі қағанаты | 0,3 |

Осы «Ел тарихында болған қандай оқиға сізде мақтаныш сезімін оятады?» сұрақты сауалнама жүргізушілер тарихшыларға қойған. Ондағы жауаптарды салыстыра қарастыру көп мәселеге айқындық береді.

Кесте 5

| № | Оқиғалар тізімі (тарихшылар) | % |
|---|---|---|
| 1. | 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуы | 18,7 |
| 2. | Ұлы Отан соғысына қатысуы; 92 қазақстандықтың Кеңестер Одағының батыры атануы, оның ішінде екі қыз бала | 18,5 |
| 3. | Д.Қонаев тұсында Қазақстанның индустриалды дамуы, қалалардың салынуы | 18,3 |
| 4. | Жоңғарларға қарсы тойтарыс беруі | 11,6 |
| 5. | Тоталитаризм тұсында қазақ тілі, діні, мәдениетін сақтап қалуы | 7,0 |
| 6. | 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі | 5,2 |
| 7. | Т.Әубәкіровтың қосмосқа ұшуы | 5,0 |
| 8. | Тың жерлерді игеру | 5,0 |
| 9. | Қазақ Хандығының қалыптасуы | 4,7 |
| 10. | «Алаш» қозғалысы | 3,5 |
| 11. | Кенесары Қасымов қозғалысы | 2,3 |

Осы сұрақтардың жауабынан белгілі болғандай, Қазақстанның ортағасырлық тарихы кәсіби тарихшыларда қызығушылық тудырғанымен, қарапайым халық үшін Қазақ хандығының құрылуы, Қазақ хандығының өркендеп дамуы кезіндегі оқиғалар, Оңтүстік Қазақстан территориясында төбе-төбе күйінде жатқан тарихи ескерткіштеріміз бен олардың тарихы мақтанышы сезімін оятуға жол ашпайтындығы белгілі болды және орта ғасырдағы оқиғаларға халық аса мән бермейтіндігі анықталған [163]. Осы сауалнама нәтижесіне талдау жасағанда Қазақстанның ортағасырлық археологиясының мақтан тұтатын жетістіктерін насихаттаудың кемдігі немесе төмен дәрежеде болуына көзіміз жеткендей болды.

Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы өз елінің, өз жерінің тарихын білуге міндетті. Білім алушылар санасында «Менің елімнің тарихы – менің тарихым» деген нық сенім орнығуы керек. Осы маңызды мәселелердің іске асуында тарихи сананың алатын орны ерекше. Жалпы, тарихи сана – қоғамдық сананың ерекше түрі, тарих үдерістің рухани жағы және нақты іс-әрекеттерден туындайтын категориясы. Тоталитарлық билік кезеңінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында тарихтан басқа мамандықтарда төл тарихтың мүлде оқытылмауы – жоғары білімді мамандардың отандық тарих бойынша жаппай рухани жұтаңдығын қалыптастырғаны белгілі. Бұндай келеңсіз жағдай пролетарлық интернационализм құндылықтарын дәріптеп, ұлттық құндылықтарды тұмшалау арқылы іске асты. Нәтижесінде, ғылыми-көпшілік әдебиетте әлеуметтік категория болып орныққан «мәңгүрттену» үдерісі белең алды. Елінің, халқының өткенін анық білетін, рухани дүниесі бай азаматтарды қалыптастыру бүгінгі күннің талабы және ондай азамат ел тірегі болмақ.

Осындай жағдайда азаматтарымыздың бойында тарихи сананы қалыптастыруға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп отыр.

Қазақстан тарихы пәнінің әртүрлі деңгейдегі оқу орындарындағы оқыту мазмұны мен әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігі осындай себептерден туындайды. Қазіргі таңда оқу жоспарына енгізілген кәсіби пәндерді жастардың игеретін мамандығының құзыреттеріне қарай бағыттауға, яғни мақсатты білім беру ісіне ерекше назар аударылуда. Отан тарихынан болашақ тарих мұғалімі өткен тарихымыздың мол деректерін ала отырып, оның тәжірибесін болашаққа бағдар етіп ұстанады, өзіндік ойлау жүйесі бар зиялы азаматтардың қатарын үнемі толықтырып отырады. Осындай себептермен де Отан тарихын оқытуды жетілдіру үшін қажетті шаралар үнемі іске асырылып отыруы тиіс.

ЖОО жүйесінде тарихшы мұғалімдерді дайындаудың мақсаты – мектеп қабырғасында жас ұрпақты елжандылыққа, ұлттық рухта тәрбиелеуге дайындау болғандықтан, мектепте оқылатын тарих пәнінің міндеті де тарихтың жарқын беттерін, халқымыздың рухы өрлеген даңқты кезеңдерін, ұлтымыздың адамзат өркениетіне қосқан қомақты үлесін мақтаныш ретінде сипаттауға мейлінше көп орын бере отырып, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталады. Ал тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік дағдарыстар, әлеуметтік катаклизмдер, тоқыраулық жағдайлар логикалық бірізділікпен және сабақтастықпен беріліп, олардың себеп-салдарлы байланыстары дәлелді баяндалуы керек. Сонымен бірге олардың көрінісі сол кездегі тарихи дамудың баламалы жолы болғаны тарихтан сабақ алу мақсатында алға тартылуы жөн.

Отандық тарих пәнін оқытуға қойылатын ең басты талаптар сабақтың пәндік және саяси дәрежесінің жоғары болуы, баянды түбегейлі білім беру үшін жастардың танымдық қабілетін дамытатын әдіс-тәсілдерді үнемі қолданып отыру, танымдық қабілетті жан-жақты дамыту үшін білуге құштарлық сезімін ояту, жаңаны түсіндіру, тарих мазмұнының рухани тәрбие беру мүмкіндіктерін толық пайдалану қажет. Отандық тарихты оқып-үйренуге деген ынтаны дамыту, оны меңгеру үстінде жалпы пәнге деген жауапкершілік пен қызығушылықты арттыра отырып, пәнді меңгеру тәсілдерін, оқу, ойлау, бағалау дағдыларын қалыптастырамыз. Әрбір білім алушы Қазақстан тарихы пәнін оқып үйренудің қоғам үшін де, өзінің жеке басы үшін де қажет екенін түсінуі тиіс. Әсіресе, бұл пәннің бүкіл адам баласы басынан кешкен тарихты таныстырып қана қоймай, адамзаттың ілгері дамуы үшін, келешекті болжау үшін аса қажет екенін ескерген жөн.

Болашақ зиялы азаматтарды тәрбиелеу үшін Қазақстан тарихын тереңдете оқыту арқылы олардың танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасауға болады. Ол үшін білім алушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарға белсене қатынасуына мүмкіндіктер жасауға тиіспіз. Білім алушыларға қазіргі заманғы білім мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие бере отырып жеке тұлғаны қалыптастыру осылайша басты бағыт ретінде ұсталынады.

Осы ұстанымдарды негізге ала отырып, орта ғасырдағы Қазақстан тарихын тарихи білім мен сана қалыптастырудағы негізгі бағыттарын былай айқындаймыз:

1. Болашақ тарих мұғалімі ретінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихының мазмұнын меңгерту арқылы білім алушылардың жеке интеллектуалдық дамуын бақылау, оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына тиімді жағдай жасау.

2. Білім алушылардың осы пәнге деген ынтасы мен қабілетін зерттеу, қызығушылықтарына бағдар беру.

3. Дәстүрлі қоғам тарихының мазмұнындағы құндылықтар арқылы олардың ұлттық санасын қалыптастыра отырып, өз ойын еркін жеткізе алатын ойлау, сөйлеу дағдыларды игеруіне мүмкіндік жасау.

4. Ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды кезеңі ретінде орта ғасырдағы Отан тарихының өзекті мәселелерін танып-білуге арналған ғылыми ізденістеріне бағыт беру.

5. Білім беру, жан-жақты дамыту, тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыруда тарихи тұлғалардың өнегесі мен олардың мұрасын кеңінен пайдалану [164].

Қоғамдық қатынастар мен саяси-экономикалық саладағы өзгерістер тәуелсіз елдің білімді ұрпағын қайта тәрбиелеу қажеттілігін туындатады. Болашақ ел тағдыры да осы жастардың қолында. Халқымыздың санға қырлы тарихын өмір шындығына сай зерттеу мен насихаттау және жастардың тарихи санасын қалыптастыру ұлттық рухты әспеттеуге, Тәуелсіз Отанымыздың нағыз патриоттарын тәрбиелеуге қызмет етпек. Осы ойымызды мына пікірімен тұжырымдауға болады: «Ұлттық сананы қалыптастыру үшін Ұлы Дала тарихын ұрпақ санасына тірілту керек» [165], сонда ғана біз мақсатымызға жетеміз.

Тарихи деректерді зерделеу барысында көп кескінді педагогикалық міндеттер шешімін табады, атап айтқанда: білім беру, танымдық, тәрбиелік, дүниетанымдық. Осы міндеттер арасында өзіндік көпқырлығымен ерекшеленетін рухани құбылыс – жас ұрпақтың бойында оның азаматтық тұлғасының өзегі болып саналатын тарихи сананың қалыптасуы екендігі даусыз.

Жүргізілген зерттеулер тарихи барысында деректердің қолданбалылығын және оның қол жеткізген педагогикалық әлеуетін жүйелеуге және жіктеуге зәру екендігіне көз жеткіздік. Мәселеге нақтылық беру үшін «Ортағасырлық тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының бағыттары мен педагогикалық әлеуеті» деп аталатын кесте түзілді. Әрине бұл кестені тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы бағыттарын және оның педагогикалық әлеуеті мен құзыреттерін толық қамтитын әмбебап жүйе деп қабылдауға болмайды. Алдағы уақытта кешенді зерттеулер барысында кесте толықтырылатын болады және оның мазмұны нақтылана түсетін болады. Осы кесте мәселеге қатысты білімдер кешенін нақтылауға және жинақтауға айқындық береді деп ойлаймыз. Осы бағытта жүргізіліп келе жатқан зерттеулердің басты міндеттері орта ғасыр дәуіріндегі жазба және археологиялық деректер негізінде тарихи білім қалыптастыру бағыттарын айқындау болып табылады (кесте 6).

Кесте 6 - Ортағасырлық деректердің қолданбалық бағдарлылығының негізгі бағыттары мен педагогикалық әлеуеті

| Ортағасырлық тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының негізгі бағыттары | Ортағасырлық деректердің педагогикалық әлеуеті | | |
|---|---|---|---|
| | Танымдық | Тәрбиелік | Педагогикалық әлеуеті |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы | Тарихи деректер мәліметтер арқылы ортағасырлық қалалардың қалыптасу тарихымен танысады. | Өз елінің тарихына деген құрмет сезімі қалыптасады | Ашық аспан астындағы мұражайларға саяхат ұйымдастырады; мұражай педагогикасы |
| Қалалардың саны мен локализациялау | Қалалардың локализациялауына қатысты археологиялық және жазба деректер мәліметтерін салыстыру және талдау арқылы жаңа тарихи білім қалыптастырады. | Қазақ Хандығының көшпелі отырықшы өркениетімен танысады. | Қала тарихына қатысты жазба және археологиялық деректерді салыстыра алу біліктілігін меңгереді. |
| Қалалардың саяси тарихы | Өркениет орталықтары ретінде қалалардың саяси тарихы мен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы қалалардың орны мен ролін ажыратады, оған баға бере алады. | Қалалық өркениет жетістіктеріне мақтаныш сезімдері қалыптасады | Қалалардың саяси тарихы бойынша экскурсия-сабақ өткізе алады. Жекелеген қалалар тарихын ірі оқиғалармен байланыстырып ғылыми мақала жаза алады. |
| Дәстүрлі қолөнер түрлері мен қалаларда даму дәрежесі | Қалаларды дамыған дәстүрлі қолөнер түрлерімен танысады; олардың жасау технологиясы жайлы толық мәлімет алады. | Қалалық қолөнер бұйымдарының мәдени, рухани және тұрмыстық қызметтерінен эстетикалық ой түйеді. | Дәстүрлі қолөнер жетістіктерін бүгінгі озық технологияны қолданып, жаңғырта алады, дәстүр сабақтастығын іске асырады. |
| Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы | Керамика өндірісінің дамуы және оның жасау технологиясымен танысады, тұрмыста қолданылуы және сауда қатынасындағы орнын анықтайды. | Бұйымдардың жасалу технологиясы, көркемдік пішіні, өрнектері эстетикалық сезімдер қалыптасады. | Керамикалық бұйымдарға ғылыми эстетикалық тұрғыда талдау жасап, баға беру, зертханалық жағдайда бұйымды қалпына келтіру, жасау дағдыларын игереді. |

6 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Кейінгі ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлардың ерекшеліктері. | Отырықшы өркениеттің басты белгілерінің бірі ретінде дәстүрлі сәулет өнерінің қыр-сырымен танысады. | Сәулет ескерткіштеріне деген құрмет және мақтаныш сезімдері, тарихи сана қалыптасады. | Сәулет ескерткіштеріне экскурсия ұйымдастырады, арнайы баяндама жасалып, ғылыми мақала жазады. |
| Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар | Дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік жіктеліс пен этникалық құрамы жөнінде жан-жақты мәлімет алып, ғылыми танымы қалыптасады. | Қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ететін этникалық бірлік пен келісім құндылықтары қалыптасады. | Әлеуметтік жіктелуді негізгі алып, қоғамның экономикалық дамуына баға беру, ұлттар бірлігі құндылықтарын насихаттау, демографиялық жағдай туралы мәлімет алады. |
| Егіншілік пен ирригация дамуы | Дәстүрлі қоғам отырықшылық мәдениеті жайлы тың мәліметтер кешенімен танысады; қазақ қоғамындағы көшпелі және отырықшы мәдениетінің симбиозы туралы ғылыми тұжырымды меңгереді. | Егіншілік мәдениетінің дәстүрлі қоғамдағы атқарған рөлі мен алатын орнын білу арқылы мақтаныш сезімі қалыптасады. | Тарихи деректер мәліметтерін сараптап, талдап, егіншілік және ирригация құрылыстары тақырыбында ғылыми мақала жазылады. |
| Жергілікті және сыртқы сауда, тауар – ақша қатынастары | Орта ғасырдағы нарықтық қатынастарын тану арқылы дәстүрлі қоғамды жаңа қырынан таниды. | Сауда және қаржы қатынастар мәдениетін меңгереді. | Өлкетану бағытында ғылыми мақалалар дайындап, баяндама жасайды, дәстүрлі нарық қатынастарын қазіргі заманғы қаржылық қатынастармен сабақтастырады. |

*1. Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы*

Отырықшылар мен көшпелі өркениет өкілдері арасындағы байланыс әртүрлі сипатта жүзеге асырылды: егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығы өнімдерімен айырбас жасау, қолөнер бұйымдарын,қару-жарақ, ат-әбзелдерін айырбастау. Сонымен қатар қалалық орталықтардан далаға маталар, ыдыс-аяқтар жеткізілді. Археологиялық деректер көрсеткендей, қала мәдениеті мұнда жергілікті отырықшы мәдениетін өз бойына сіңіре отырып, Соғды қала мәдениеті дамуының жоғарғы дәрежесінің жетістіктері негізінде қарқындап дамыды [166].

Дамыған және кейінгі ортағасырда көшпелілердің, отырықшылардың және қалалықтардың өзара әрекеттесуі экономикалық, мәдени байланыстар түрінде көрініс тауып, Қарахан мемлекеті құрылды. Бұл кезеңде қала мен дала бір-біріне қарама-қарсы әлем түрінде емес, керісінше аталмыш мемлекеттің экономикалық базасына айналды. IX-XIII ғғ. Орта Азиядақалалар санының өсуі көбінесе өзіндік бірегей мәдениетті өздерімен бірге ала келіп қала мәдениетіне енгізген көшпелілердің көптеп отырықшылануы негізінде жүрді.

Оңтүстік Қазақстан қала тұрғындары мен Сарыарқаның ғана емес, Орта Азияның, Шығыс Түркістанның көшпелілері арасында сауда, мәдени айырбасты жүзеге асыратын көшпелілер мен отырықшылардың экономикалық байланыстарының орталықтары ретінде кейінгі ортағасырлық қалалар Сайрам, Сауран, Сығанақ, Созақ танылды.

Қазақстан аумағында қала мәдениетінің ошағы саналатын қалалардың пайда болуына бір қатар алғышарттар мен себептер ықпал етті. Ортағасырлық қалалар көшпелі және отырықшы-егінші әлемдердің түйіскен жері негізінен Қазақстанның шеткі аймақтарында пайда болып, дамыды.

Қазақстан территориясының басым бөлігі егіншілік пен отырықшылық, қалалық мәдениет дамуына кері әсерін тигізетін аридті, қуаншылық аумаққа жатады. Осының әсерінен тұрғылықты халықтың көпшілігі осы табиғи ортаға көпғасырлық бейімделу мен адаптация нәтижесінде көшпелі мал шаруашылығымен айналысты [167].

Осындай тарихи деректерге негізделген Ортағасырлық Қазақстан тарихының тыңғылықты зерттелуі Қазақстанның тарихи-мәдени синтездің орталықтары ғана болуымен қатар көшпелі және отырықшы мәдениеттердің синтезі негізінде қазақ халқының мол үлесі жатыр деген қағиданың дұрыстығын дәлелдейді.

Ұлы Жібек жолының да мәдениеттердің ықпалдастығы жолы ретінде маңызы зор. Қазақстанның ортағасырлық қалаларында әртүрлі дінге табынушылар, мәдени эталондар, әртүрлі ұлттар мен ұлыстар біріге отырып, Қазақстанның қала мәдениетіне ғана тән ерекше өркениетті қалыптастырды, кейін уақыт өте келе, бұл дәстүрлер қазіргі уақытта да өз жалғасын табуда [168].

2. *«Қалалардың саны мен локализациялауы»* бағытында жазба және археологиялық деректер тығыз бірлікте қарастырылады. Қазақстан урбанизациясын зерттеу барысында Қазақ Хандығы тұсында қалалардың

өркендеп дамуы ең өзекті мәселенің біріне айналған. Өйткені осы кезең қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы, дамуы оның мемлекет болып танылуын ашып көрсететін кезең десе де болады.

Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың саны мен олардың атауына байланысты жазба деректерге сараптама жасаған археолог К.М.Байпақов алдыңғы кезеңге жататын 20 шақты қала атауын анықтаса, XV-XVIII ғғ. мәдени қабаттары бар қалашықтар саны 23-ке жететіндігін баяндайды [168]. Аталмыш мәселеге байланысты М.Тұяқбаевтың мәліметтеріне сүйенсек, тек Түркістан ауданына қарасты 16 кейінгіортағасырлық қалашық болған [80, с.66-67]. Әрине, бұл қалалардың барлығы да жергілікті сауда мен қолөнер орталығы ретінде танылған кішігірім қалашықтар болғандығы анық.

Қазақ билеушілерінің қол астындағы қалашықтар саны жайлы әр деректе әрқилы мәлімет беріледі. Әдетте қалалардың нақты саны орыс деректерінде көрсетіліп келгенімен, кейбір араб-парсы деректерінде олардың атаулары тізіледі.

1696 ж. шілдеде казак Василий Кобяков Түркістанға сапары жөнінде жазылған дерегінде «Тәуке ханның қарамағындағы қалалар саны 25. Тәуке ханның өзі Түркістан қаласында тұрақтаған» [169] деп көрсетеді. Тобыл казактары Феодор Скибин мен Матвей Трошиннің дерекьерінде Қазақ Ордасы қалаларының тізімінде Қазақ Ордасында барлығы 32 қала бар [169, с.15] екендігі айтылады.

XVII ғ. соңында француз ориенталисті Бартелеми д' Эрбело де Моленвиль Түркістан қалаларықатарында Жент, Ходжент, Шахрохия, Отырар немесе Фараб, Испиджаб, Тараз, Шелдж, Қарақұм, Қотанды атайды [170]. К.М.Байпақовтың зерттеуінде осы 32 ортағасырлық қалашықтардың аты аталады [168, с.17]. Оңтүстіктегі қалалардың саны мен локализациялануы археологиялық қазба жұмыстары мен жазба деректерді талдаудың негізінде айқындалуы білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

*3. Қалалардың саяси тарихы*

Қазіргі Оңтүстік Қазақстан территориясында орналасқан ортағасырлық қалалардың барлығы дерлік Қазақ хандығы құрамына XVI ғасырдың соңында енді. Қазақ хандығы құрамындағы қалалард туралы қытай деректері де мол [171, с.558].

Көшпелі Өзбек мемлекетінің билеушісі Әбілқайыр 1468-1469 жж. қайтыс болған соң, қазақ хандары бірден Түркістан үшін күрес бастады. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» көрсетуінше 1470 ж. Түркістанға Керей хан жау болып келген [33, с.21]. 1472 ж. Мұхаммад Шайбаниге қарсы Сырдария бойындағы қалалар үшін соғыста қазақтардың негізгі тірегі Созақ қаласы және оның маңындағы елдімекендер болды [33, с.106; 172, 55 б.].

Шайбанидың Сығанақты басып алу әрекеті Түркістандағы темірліктердің өкілі Мазид тарханның Бұрындық ханмен бірігіп, қарсы жорыққа шығуға әкеліп соқты. Алайда, XV ғ. аяғында қазақ хандарының күшеюінен қауіптенген моғол ханы Сұлтан Махмуд Отырарды басып алып, Шайбаниді Отырарға шақырады. Осы жерде өзара бітім жасасып, оған Отырарды береді. «Шайбани-

намеде» бұл одақ деп аталғанымен бұл Мұхаммад Шайбанидің Сұлтан Махмуд ханға тәуелді болуы, яғни оның қарамағына қызметке тұруы деп бағаланады.

Бұл жағдай, әрине, Бұрындық хан мен Жәнібек ұлдарының наразылығын туғызады [172, 36 б.]. Шайбани қазақ билеушілерінің әскеріне қарсы тұра алмайтындығын сезіп, Отырар қамалының ішіне тығылады. Шайбанидің қоршауда қалғандығын естіген Сұлтан Махмуд хан көмекке әскер жіберіп, Бұрындық хан мен Шайбанидің бітімге келуіне себепкер болады.

XV ғ. аяғында қазақ хандары және Мұхаммад Шайбани арасындағы күрес уақытша бейбіт жолмен шешілді. Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Сығанақ, Сауран және осыларға іргелес жатқан Қаратау ауданымен Созақ және басқа да елдімекендер қазақ хандары қолында қалды [173].

XVI ғ. Түркістан қалалары үшін күрес жалғасты. XVI ғ. басында Қасымхан Түркістан қалаларының ішіндегі қиыр оңтүстікте орналасқан Сайрам қаласын басып алады. Осылай Сырдарияның орта ағысындағы қалалардың басым бөлігі Қасым хандығының құрамында болды [173, с.367-368]. Сол кезеңде қазақ хандары Дешті Қыпшақтың батысында орналасқан Сарайшықты басып алды. Мырза  Мұхаммад Хайдардың хабарлауынша Бұрындық хан Сарайшықта орналасқан [174]. Осы қалада Қасымханның қайтыс болуы және XVI ғ. бүлікшілік кезеңі басталуы қазақ билеушілерін осы қаладан кетуге мәжбүр етті. XVI ғ. аяғында қазақтар Түркістан уалаятының барлық қалаларын өздеріне тұрақты қаратады.

Қалаларды басқаруды хан тағайындаған әкімдер жүргізді. Олар ханның жақын туысқандары–сұлтандар болды. Н. Витсенның хабарлауынша, Тәуке кезінде Созақ қаласында билеуші болып, «Абла-султан» – Абылай сұлтан (болашақ Абылай ханның атасы), Сауран қаласын – «Каз-султан» (болашақ Әбілқайыр ханның әкесі Кажы), Сырнак қаласын (*Сығанақ қаласы – М.А.*) – Есім сұлтан (Қаип-султанның әкесі), Иқанда – «Булат-султан» (Әбілмәмбет ханның әкесі), Отров (*Отырар қаласы – М.А.)*– Тұрсон хан, Сайрам қаласында Қарабас-султан болды [178, с.67]. Хандар астаналық қалалардан (яғни Түркістан мен Ташкенттен) сыртқа шыққанда олардың сенімді адамдары – «дятьки их» – басқарып отырған. Ташкентте Жолбарыс ханның сенімді адамы Ұлы жүздің атақтысы – Төле би болатын. Оны орыс дерегінде хандардан да жоғары құрметтеледі деп көрсетеді [33, с.97]. Түркістанда  ерекше сенімге ие болған Нияз батыр болды. Ол жөнінде орыс дерегінде Орта жүздің атақтысы, Семеке хан кезінде үлкен билікке ие болған, ал Нияз батыр қайтыс болған соң Түркістанды басқарып Әбілмәмбетті хандыққа отырғызғандығы айтылады [179, с.164].

Оңтүстік Қазақстан қалаларына орасан соққы берген жоңғарлардың шапқыншылығы болды. Жоңғар жорықтары кезінде Сайрам мен Созақ қиратылып, ойсырап қалды. XVIII ғ. аяғында Созақта бар болғаны 40 үй қалыпты. Н.Алимовтың хабарлауынша, Созақ шағын қала болмаған, оны қалмақтар талқандап, тұрғындарын өздеріне көшіріп алды [178, с.28]. Шәді төре Жәңгірұлының айтуынша, Абылай хан Созақты қайта көтеру үшін Оңтүстіктің басқа аймақтарынан отырықшы халықты аталған қалаға көшірген

[180].

Қазақтардың этникалық территориясында қалыптасып дамыған Сыр бойындағы қалалар үшін көпжылдық күрес Тәуекел ханның тұсында аяқталды. Кейінгі ортағасырлық Түркістан, Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары Қазақ хандығының негізгі саяси және экономикалық орталығы статусын сақтап қалды. Қазақ хандығының жағдайы туралы деректерді жоңғар елшілерінің [181, с.388], А.И.Тевкелевтің жазбаларынан кездестіреміз [178].

*4.Дәстүрлі қолөнер түрлері мен даму дәрежесі.*

Қазақ хандығы тұсында Оңтүстік Қазақстан қалалары дәстүрлі қолөнер түрлері мен сауда, егіншілік дамыған өркениет ошағына айнала бастады. Қалаларда далалықтарға, көшпенділерге қажетті бұйымдар – маталар өндірілді. Мата өндірісі Оңтүстік Қазақстанда ортағасырларда, нақты айтсақ, қарахандық кезеңде, болғаны анық. Маталардың кейбір түрі деректерде «түркістандық» деп аталған, Исфиджабта мата базары болған, Отырарда мата шеберханасының белгілері де табылған [182]. Археологиялық зерттеулер кейінгі ортағасырлық дәуірде де мата өндірісі болғанын көрсетеді. Мысалы, Отырартөбенің XVI-XVIII ғғ. қабаттарында жүргізілген қазба жұмыстары барысында мақта дәні мен қозапая қалдықтары табылды [73, с.186]. Осыған қарап, мата жасауға ең қажетті осы техникалық дақыл Отырар айналасында өсірілгенін байқауға болады. Отырарды қазу барысында жіп иіру құралының бөлшегі – керамика бөлшектерінен жасаған ұршық, ши тоқыма өрмегінің кейбір құралдары, мата тоқитын өрмектің де құралы /грузик ткацкого станка/ табылған [73, с.173]. Қазба барысында мақтадан және жүннен тоқылған мата, Күлтөбе қалашығынан түйе жүнінен тоқылған алаша (сақталуы жақсы) қалдықтары да табылды [80, с.30].

Қалаларда сүйек өңдеу ісі дәстүрлі әрі кең танымал кәсіптердің бірі болды. Қазба жұмыстары барысында қалалардан бірінші өңдеуден өткен, яғни кесілген бұғы, жейран, ақбөкен мүйіздері табылды. Сүйектен жасалған бұйымдарды ішінде ұршық, пышақ, түйме, ілгектер, тоқыма құралы көптеп табылды [73, с.173].

Жазба деректеде қалаларда дамыған металл өңдеу жайлы – «ружье они, ...Казачьей Орды люди, покупают в Бухарах, а порох делают у себя в тех вышеписанных городех» деп көрсетеді. Темірді алу, оны кеннен балқытып шығару қалада емес сыртта атқарылды [172, с. 430]. Ал қорғасын кені Түркістан қасында, Сабынды тауында орналасыпты, оның көп мөлшерде болғаны соншалықты кез келген адам қорғасынды алып оқ құйған [179, с.30]. Ал екінші бір дерек қорғасынды Қарнақ қаласында ерітken деген мәліметтер келтіреді [172, с.384].

Темір ұқсату белгілері, әсіресе, Отырарда көп табылды. Отырардың қасындағы Құйрықтөбе ескерткіші аумағында, үлкен каналға таяу жерде XV ғасырдың теміршілер орамы қазылды. Оны қазу барысында кіреуке сауыт бөліктері, көптеген жебелер табылды [183].

Ауыл шаруашылығы, ағаш өңдеу құралдарымен бірге Отырар қаласының XVI ғ. жататын қабатынан салт аттыға жасалған темір бұйымдар: үзеңгі, таға, өмілдірік бөліктері көп кездескен [183, с.86].

Тері бұйымдар жасау, әсіресе, етік тігу өріс алды. Тараз қаласы маңындағы Королевка ауылынан «қой мүйізі» өрнегімен безендірілген, теріден тігілген ортағасырмен мерзімделетін жай табан етік табылды [184].

Күлтөбе қалашығынан табылған күміс сырғалар, бұғы басы бейнесінде басылған өрнекпен, нақыштама және нүктелі өрнек соғылған күміс білезіктер [185, с.202] зергерлік өнердің жоғары технологиясын танытады. Сол сияқты ер балаға және қыз балаға арналған шүмектердің табылуы [81, с.96] бала тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін танытады деп білеміз.

*5. Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы.* Ортағасырлық қалалардағы қазба жұмыстары барысында ең көп кездесетін материалдар керамикалық бұйымдар болғанымен жазба деректерде мұндай қолөнер саласына көп маңыз берілмеген. Бұл сала тек археологиялық зерттеулер барысында ғана анықталатындықтан жергілікті керамикалық өндіріс, керамикалық өнім мен оларды жасау технологиясы жөнінде тек археологиялық материалға сүйеніп жаза аламыз.

Кейінгі орта ғасыр дәуіріндегі Отырар, Түркістан, Сығанақ керамикасы ерекшеліктері жайлы К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.В.Ерзакович, Е.Смагулов, М.Тұяқбаев [71; 134; 185, с.214; 186, с.129-210; 187, с.15-16] бастаған бір топ ғалымдар өздерінің зерттеулерінде сөз еткен. XVI-XVIII ғғ. керамикасы, керамикалық өндіріс ошақтары мен өнімдері жайлы деректер бірқатар ауқымды зерттеулерге арқау болған [73, с.162-166; 80-81]. Аталған зерттеулерде, XVI-XVIII ғғ. керамикасын екі топқа: сырсыз және сырлы керамикаға бөліп қарастырылады. Біріншіден, табылған керамикалық бұйымдардың 40 %-ын горшок іспетті құтылар құрайды. Аталған құтылардың өзі отқа қойып ас әзірлейтін және ас салатын болып екіге бөлінген.

Оңтүстік Қазақстан территориясындағы қалалардың көпшілігінде керамикалық бұйымдардың түрлері мен жасалу технологиясына байланысты кең ауқымды зерттеулер жүргізіле қойған жоқ.

Қазақ хандығы тұсында керамика шеберханалары Отырар, Түркістан және Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Ран қалашығында табылып отыр. Керамика және тиын пошымдарына қарап, С.Жолдасбаев бұл шеберхананы XVI-XVIII ғғ. жатқызады [81, с.58-64].

XV ғ. керамикалық шеберханалары алғаш Отырар қалашығын зерттеу барысында табылды. К.А.Ақышев, К.М.Байпақов, Л.Б.Ерзаковичтер Отырар рабадындағы құмырашылар шеберханасын сипаттайды [183, с.129-210]. М.Қожаның 1996 ж. жасаған есептеулерінде Отырар XVI-XVIII ғғ. керамикалық шеберханалардың саны 12-ге жеткен. Аталған мерзімде де шеберханалардың жеке немесе орам-орам болып орналасуы байқалады [78, с.112]. Керамикалық шеберханалар пештерінің көлемі де алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда кішірейе түскен.

Керамикалық бұйымдар шеберінің мамандануы жөнінде пікір шеберхана

ішінен табылған керамикалық ыдыс-аяққа, құмдандар құрылысының ерекшеліктеріне назар аударудан туындайды. Отырардың XVI-XVII ғғ. керамистері негізінен сырлы кесе – пиала шығаруға маманданған. Мұның себебі Сыр бойындағы қалалардың Қазақ хандығының құрамында болып, көшпелілермен тығыз сауда-саттық байланыста болуында. Өйткені, көшпелі тұрмысқа көлемі үлкен хұм-құмшалардың, ірі құмыралардың қажеті жоқ екендігі анық.

Отырар шеберханаларында түрлі үлгідегі пештердің болуы шеберлердің мамандануының бір айғағы десе де болады. Этнографиялық материалдар Орта Азия керамистері сырлы ыдыстардың жеке түрлерін шығаруға маманданғанын көрсетіп отыр. Мысалы, Риштан шеберлері ақ сырлы ыдыс шығарса басқа керамистер сары түсті сырлы ыдыс шығарған [189, с.208; 155].

*6. Кейінгі ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлардыңерекшеліктері.*

Оңтүстік Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалалары қала мәдениетінің көпжылдық тарихын сақтаушы ғана емес, өңірдің әлеуметтік дамуының бір көрінісі ретінде де қарастыруға болады. Қаланың негізгі құрылыс компоненті деп орамдарды атауға болатындығын анықтады. Орамдар сыртқы келбеті тұрғын жайлар массивінде тікбұрышты, трапеция тәріздес, көпбұрышты пішінге ие және бір-біріне жапсарласа тығыз салынған құрылыс жүйесі. Тұрғын үйлердің магистральді көшелерге шығатын дербес есігі болмады. Орамдар жүргінші және магистральды көшелерден биік қабырғалармен қоршалып, дараланды.

Тұрғын жай мен тұрғын бөлмені жабдықтауда тұрақтылық байқалады, мәселен көлемді сыпаға түтіндігі бар тандыр орналасқан, тандыр оттығының ауызы бөлменің кіре берісіндегі таснауасы бар алаңқайға бағытталған. Күлтөбе қалашығында тұрғын бөлмелердің ішкі жабдықталуында жоғарыда аталған элементтер кездеседі. Биіктігі 40 см болатын сыпа, бөлме ортасында таснауа–суағар, оның алдында тандыр ошақ орналасқан [81, с.19-21**]**.

Бөлмеде орналастырылған пештердің де бірнеше түрі бар, мәселен түтіндігі жоқ тандыр. Мұндай тандырлар бөлменің бір бұрышын саздан соғылған үлкен сыпа алып жатқан тұрғын жай бөлмелерінде орналастырылады [190]. Бөлме пешінің өте сирек кездесетін түрі көбінесе екі бөлмелі үй-жайларда кездеседі, бір бөлменің кірер есіктің оң жақ аралық қабырғасында сыпа орналасқан, екінші бөлмеде жобасы таға сияқты жер ошағы бар саздан соғылған төсемге орналастырылған.

XVI-XVII ғғ. ортағасырлық қаладағы тұрғын жайлар сыпа мен қабырға астынан жүргізілген түтіндігі бар тандырлармен жылытылатын. Алайда осы уақытта тандыр жанынан ернеуі биік емес, саздан соғылған, тас қоршаулары бар кішігірім алаңқай тәрізді сыпадан биігірек ашық ошақтар пайда болады.

Тұрғын үйге байланысты археологиялық және этнографиялық мәліметтер тұрғын үй дамуында екі бағыттың қалыптасқандығын байқатады. Біріншіден, құрылысы мен үй салу жоспарында алға жылжушылық орын алған, мәселен XIII-XIV ғғ. бір немесе екі бөлмелі үйлердің жоспары күрделеніп, көп бөлмелі үйлерге айналған. Алайда, үй-жай бөлмелерін бір тізбек бойына салу әлі де

болса сақталған. Үйдің ішкі жабдықталуы да жетіле түскен. Әсіресе, бұл пеш алды тереңдеуді орынды пайдалану байқалады және ол бөлмені ұзына бойлай белағаштан басталып, кіре беріске дейін жалғасқан.

Тұрғын жай жобасының өзгеруіне онда мекендейтін отбасы мүшелерінің санының артуы себеп болса керек. XIV-XV ғғ. қала құрылысында көп секциялы үйлер саны көбейген, бұл жағдай отбасылық тұрмыс-тіршіліктің өзгерген түрлерінің қалыптасқандығы мен бір үй-жайда бірнеше отбасының бірігіп өмір сүргендігінен хабардар етеді. XVI-XVII ғғ. қала құрылысында тұрғын бөлме мен тұрғын үй ауданының кеңеюі қала тұрғындарының әл-ауқаты мен санының артқандығын көрсетеді.

Екінші бағыт, кейінгі ортағасырлық тұрғын жай архитектурасында қалыптасқан жаңа өзгерістерге байланысты болды. Ол – түтіндігі ұзын кан типтес тандыр тәрізді пешпен, яғни әмбебап ошақпен жылытылатын тұрғын үйдің пайда болуы еді.

Тұрғын жайлардың дамуында түбегейлі бетбұрыс кезеңі деп XIV ғ. бірінші жартысын атауға болады. XIV ғ. орта шенінде тұрғын үйдің ішін жабдықтауға белгілі бір стереотип қалыптасып, кан жүйесі бар үй-жайлар тұрғын үй архитектурасында негізгі үлгіге айналды. Дәстүрлі типтің қалыптасуына өңірдің жергілікті халықтарының түркіленуі үлкен маңызға ие болды. XIV-XV ғғ. тұрғын жай формаларының біркелкілігіне қарай аймақ тұрғындарының этникалық бірыңғайлығы жайлы да айта кету керек. XVI-XVII ғғ. дәстүрлі тұрғын үй бөліктерінің қалыптасуына халықтың шаруашылық және тұрмыс салты белгілі бір әсерін тигізді, мәселен, алдыңғы кезеңдерге қарағанда шаруашылық–қосалқы бөлмелерге, олардың құрылымын жетілдіруге ерекше назар аударылды.

Оңтүстік Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қаладағы тұрғын үйлері XIX-XX ғғ. елдімекендерде өмір сүретін қазақтардың үй-жайларына қатты ұқсайды [81, с.18-20].

Кейінгі ортағасырлық тұрғын үй-жай үлгілері Оңтүстік Қазақстанның кейбір қалалары мен ауылдарында соңғы кезеңге дейін сақталған.

*7.Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер.* Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары қала тұрғындарының әлеуметтік құрылымы мен саны жайлы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде қазба барысында бай, ауқатты және кедей қала тұрғындарының да үй-жайлары анықталды [73, с.189-198]. Бай тұрғындардың үй-жайларының аумағы үлкен, бөлмелер саны көп, орталық бөлмелердің аумағы кең, қойма көлемі үлкен болған. Этнографтар да ауқатты тұрғындар үйлері тұрмысы орташа қала тұрғындары үйлерінен тек үй-жай көлемімен ғана ерекшеленеді деген мәліметтер келтіреді. Бұл тұста есте сақтайтын бір жағдай әрбір үй-жай жері қала территориясында орналасқан және бірқатар зерттеушілер, қала аумағында жер құны жоғары [191] және жерге жеке меншіктің болуы да жер иеленушінің қоғамдағы орнын анықтайтын басты көрсеткіш деп білуге болатындығын айтады.

Кейінгі ортағасырлық Қазақстанның этникалық тарихының негізгі мазмұны тайпалардың ұлыстарға бірігуінің аяқталуы, қазақ жүздерінің этникалық құрамының толығымен анықталуы, сырттан келген және тұрғылықты халықтың араласып кетуі мен миграциясы. Ұлыстарға бірігу ұзақ процесс және оны жекелеген кезеңдерге бөліп қарастыруға болмайды. XIV ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың бірінші жартысы Ақордада тайпалардың этникалық құрамы тұрақтала бастайды да, моңғол және түркі халықтарының этникалық ерекшеліктері бәсеңдеп, ұқсастықтары көбее түседі. Қазақстанның халқы этникалық жағынан алғанда біртекті болып, негізгі бөлігі түркі тілдес халықтарға тиесілі болады. Осы кезеңде ұлыстардың қалыптасуы аяқталып, XV ғасырдың екінші жартысында оларға «қазақтар» деген этноним бекітіледі. XVI-XVIII ғғ. Қазақстанның оңтүстігін Дешті Қыпшақ пен Жетісуда қоныс тепкен тайпалар мемлекеттік және территориялық жағынан қауымдастыққа бірігіп, ортақ тілі, кейін белгілі болғандай материалдық және рухани мәдениетте ортақ тип пен бір-біріне ұқсас өмір сүру салтын ұстанғандығы анықталды.

Қала халқына қарағанда ауыл тұрғындарының құрамы біркелкі болғанымен, қалалардың этникалық құрамына да әртүрлілік тән. Оны құраушы компоненттердің көпшілігі біздің эрамыздың бірінші ғасырынан белгілі. Уақыт өте келе, олар қала тұрғындарының негізгі құраушы бөлігіне айналған.

*8.Егіншілік және ирригацияның дамуы.*

Көне суармалы егіншілік пен қалалық мәдениеттің негізгі орталығы болған Оңтүстік Қазақстан аймағының алар орны. Оңтүстік Қазақстан территориясында тарамдала ағатын көптеген тау өзендері, олардың ішіндегі су мол Сырдария, Бадам, Арыс және Ақсу өзендері де Талас Алатауының алдыңғы бөлігі мен Қаратау бөктерін отырықшылыққа қолайлы алқапқа айналдырған [192, с.15-16]. Сырдарияның аңғары жергілікті тұрғындар үшін маңызы мен орны ерекше екенін ортағасырлық авторлар өз еңбектерінде атап өткен. Фазаллах ибн Рузбиханның (XV-XVI ғғ.) берген мәліметтеріне назар аударсақ: «Сейхун өзені кейбір хадистерде айтылғандай, пейіштен бастау алатын төрт өзеннің бірі....» [36, с.73-74]. Ал археолог К.Ақышев «Сырдария ежелгі өркениет ошағы. Ніл Египет дамуында қандай роль атқарса, Қазақстан тарихында Сыр сондай орынға ие» [186] –дейді. Осы деректер қазіргі кезде «Сыр – Алаштың анасы» деген қанатты сөз түрінде қолданысқа ие болды.

Ауа райы мен жеткілікті су көздері, суарудан құнарлығы артатын топырақтың болуы едәуір көлемді және тұрақты өнім беретін егіншілікпен айналысуға мүмкіндік берді. Су көздері сауда жолдарының да бағыттарын анықтайтын факторлардың бірі болды. Сонымен жайлы табиғи-географиялық және тарихи жағдайлар Оңтүстік Қазақстанның аймақтары мен алқаптарының шаруашылық, әкімшілік және сауда орталықтары болатын қалалардың негізін қалаған егіншілердің ірі қоңыстары пайда болуына мүмкіншілік туғызды. Осы мүмкіншіліктер Қазақ хандығының қалыптасуында бір ерекшеліктің қалыптасуына жағдай жасады. Атап айтқанда, бір мемлекет ішінде бір-біріне ұқсамайтын түрлі көшпелі, қалалық және отырықшы-егінші секілді

шаруашылық-мәдени кешендердің болуы еді.

Қазақ хандығы тұсында Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары далалық аймақтарға егіншілік өнімдерді жеткізіп отырды. Егіншілік өнімнің негізі Түркістан ауданы аймағындағы алқаптарда болды. XVII ғ. аяғында Түркістан қаласында болып қайтқан Василий Кобяков «А хлеб де у Тевки хана родитца многое число, пщеница и ячмень и проса, а хлебы сеют озимые и еровые» [172, с. 430] деп жазады.

XVI-XVII ғғ. Отырардың тұрғын үйлердің ұраларында сақталған бидайдың мөлшерін білу үшін қазба барысында табылған әрбір үйдің ұраларын, олардың сыйымдылығына есептеу жүргізілді. Осының нәтижесінде археологтар келесі қорытындыға келді: бір отбасыға жеткілікті азық-түлікпен қатар әрбір үшінші үйде 5-8 тонна бидай болыпты. Осыған қарап қала тұрғындарының үштен бірі бидай өсіріп сатумен айналысқан [193].

Жазба және археологиялық деректер Оңтүстік Қазақстан қалаларында егіншілік пен диқаншылықтың өркендеп дамығандығынан бірқатар мәліметтер берсе, қала маңында егін мен бау-бақша өнімдерін суару үшін тартылған ирригациялық жүйелер мен каналдар аталмыш мәліметті толықтыра түскендей. Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеу археологтардың күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Бұл мәселе XX ғ. 70-жылдарында қолға алынған. ОҚКАЭ құрамында «Отырар қаласын суландыру жүйесін» тексеру бөлімі құрылып, қаланың сумен қалай қамтамасыз етілуі және оның аумағында егін шаруашылығының қандай дәрежеде болғандығы тексерілген еді.

Біз қарастырып отырған кезеңде Отырарда Темірарық су жүйесі жұмыс атқарды. Оның жалпы ұзындығы 30 км болды [194, с.180-183]. Сауран қаласын сумен қамтамасыз ету және қала маңындағы бау-бақшаларды суару кәріздер көмегімен жүзеге асырылған. Олардың қалдықтары аэрофототүсірілім көмегімен анықталған. Васифи деректеріне қарағанда, кәріздерді қалаға жергілікті діни қауымның ірі өкілі Мир-араб сыйға тартқан.

Сауранның айналасында 350 шаруашылық орындары байқалады. Мұндай бау-бақша мен жүзімдіктер орындарының ең ауқымдысы 2-2,5 га, кішісі 0,5 га [172, с.36-38].

Төменарық каналы Сығанақ қаласының «Төменарықтан» алынған су арқылы суландырылғаны туралы XYI ғ. басындағы жазба деректердегі Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы болған Фазлаллах ибн Рузбиханның жазуында кездеседі [36, с.1-14]. Сығанақ қаласын оңтүстік жағынан су тартылған Төменарықпен суландырса, солтүстік шығыс жағынан Қаратаудан аққан бұлақ суларымен суландырған. Бұл туралы да қаланың көрнекті діни адамдарына берілген куәліктерде Қаратаудан шығатын Мыңбұлақ, Шолақ, Арыстанды, Қызылтал, Келте, Шалғая сияқты бұлақтардың суын пайдаланып, жер айдап өнім алуға құқық берілген [33, с.313-320].

Археологиялық деректер барысында табылған агроирригациялық көне атыздар, ірі өзендерден тартылған каналдар мен таудан ағатын өзендер, бұлақтардың іздері, сонымен қатар қалада орналасқан тұрғын үй

территориясындағы әрбір үшінші үйде бидай сақтайтын үлкен ұралардан қала тұрғындары суармалы егіншілікпен айналысқандығының бірден-бір көрінісі екендігі анық.

*9.Жергілікті және сыртқы сауда, тауар – ақша қатынастары.*

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар басқа елдерден әкелінген заттардың, бұйымдардың уақытша сақталатын қойма қызметін атқарумен қатар сауда-саттық жасайтын орын болды. Айталық, Қажы Тарханнан /ортағасырда Астрахан осылай аталған/ көптеген игіліктер әкелінген, семіз қойлар, аттар, түйелер және басқа да бағалы заттар, тиын мен құндыз терілерінен жасалған тондар, садақтар, ақ қайыннан жасалған оқтар әкелінген деген мәліметтер береді [36, с.116-117].

Оңтүстік Қазақстан қалаларының Мауераннахрмен XVI ғ. сауда байланыстары жөнінде жазба деректерде мәліметтер кездеседі. Мысалы, «Таварих-и гузида» және Бинаидың «Шайбани-намесінде» Бұқарадан тауарларымен саудагерлердің келгені хабарланады. Онда олардың Аркук арқылы Түркістанға бара жатқаны айтылады. Ал Хафиз-и Таныш Абдаллах хан және Баба сұлтан арасындағы соғыс кезінде Бұқарадан Сауранға саудагерлер келгенін айтады. Ибн Рузбиханда қазақ саудагерлері мұсылман орталықтарына барып тұрады, ал мұсылман елдерінің саудагерлері олардың арасына барады деген хабарлар кездеседі [36, с.75].

Қытаймен сауда байланыстары болғанына археологиялық айғақтар бар. Отырар, Түркістан, Сауран қалашықтарында XVI-XVII ғғ. қытай селадоны мен фарфоры табылып, жазба деректердегі мәліметтерді археологиялық деректер де толықтыра түскендей [173, с.56]. Отырарда Цзяцин билеген кезең (1522-1566 жж.) таңбасы бар фарфор табылды.

Сауда орталығы ретінде Ұлы Жібек жолы бойында және көшпенділер мен отырықшылардың түйіскен жерінде орналасқан қалалардың маңыздылығы жоғары болды. Теңіз жолдарының ашылуымен халықаралық сауда жолдарының маңыздылығы төмендегенімен, олардың жергілікті сауда қатынастары бәсеңдеген жоқ. Жазба деректерден саудаға түсетін тауарлардың ассортиментінің алуан түрлі екендігін байқаймыз. Ортағасырлық қалалар халықаралық деңгейде Қытаймен, Ресеймен, Хотан, Шығыс Қашқармен тұрақты сауда қарым-қатынасын орнатқан.

Фазлаллах Рузбихан Сығанақ қаласын «қазақ халқының сауда орталығы» деп атайды [36, с.113]. «Қаланың тұрғындарының және онда келіп саудамен айналысатын саудагерлерінің көптігі сонша, қаланың базарында күніне 500 түйе сойылып кәуап жасалса, кешке дейін бір түйір қалмай сатылып кетуші еді дейді. Қалаға жақын әр елдерден тауар әкелінгендіктен бұйымдардың түрлері өте көп. Ол қала халқында Дешті Қыпшақтықтарды да толық қамтамасыз ете алады [36, с.116].

Оңтүстік Қазақстан қалалары Мәуереннахр, Хорезммен сауда қарым-қатынасын жасаған. Ал XVII ғ. Ресеймен сауда жасау ерекше маңызға ие бола бастайды. Қалалардан жиналатын алым-салық тұрақты кіріс көзі болды. XV-XVI ғғ. қамтитын «Мактубат ва аснад» деп аталатын өте бағалы деректе тархан

грамоталарының үлгілері келтіріледі. Онда Түркістан мен Қорасан қалаларында қорғаныс грамоталары жоқ саудагерлерден хардж, тамга, саугат, саламана, пишкаш, хидматана салықтары алынған [194]. Ірі дін қызметкерлері ең жақсы егістік жерлерге вакф ретінде Түркістанда Ахмет Ясауи кесенесінің маңында, Сығанақта Зийа ад-Дин Сығнакидің мавзолейінің жанындағы жерлерге ие болған [33, с.235]. Қала қолөнершілері және басқа қарапайым халық хан мен мемлекеттің, тархан грамоталарын иеленушілердің, вакфтық құрылыс кешендері есебіне әртүрлі салықтар төлеген. Салықтар тек табиғи түрде ғана емес, ақша түрінде де алынған. Сауда операцияларында ақша кең қолданған. XVI ғ. ортасында Орта Азиядан келетін мыс теңгелер ағыны қысқарады. Базарда Ясыда және Ташкентте басып шығарылған теңгелер айнала бастайды. Күміс теңгелер көбінесе ірі және транзиттік саудаға пайдаланылған, ішкі қала саудасында аз қолданылған. XVII ғ. Оңтүстік Қазақстанның ақша жасау ісінде қызықты ерекшелікті атайтын болсақ, онда мұнда ақша айналымында теңгеге ұқсамайтын қалың мыс сымнан бөліп алынған мыстың кішкене бөліктері де жүрген. Мұндай жасалымдар Отырар мен Түркістанда жүргізілген қазба жұмысының нәтижесінде анықталған. Түркістанда теңге соғу XV ғ. аяғында немесе XVI ғ. басында басталған деп санайды нумизмат-ғалым Р.З.Бурнашева [79, с.83]. Түркістан теңгеханасында шайбанилік Ескендір ханның (1560-1583 жж.) атынан күміс теңгелер шығарылған. Бұл Орта Азияда күміс тапшылығына орай мұндай теңгелер соғу аз болған. Түркістан теңгеханасында басқа күміс теңгелер соғылмапты. Сондықтан нумизмат «бұл теңге ханның таққа отырған кезінде, яғни 1560 ж. соғылған» [195, с.52-61] деп санайды.

Түркістан–Ясы қаласында соғылған мыс теңгелерде «Ясыда соғылған» деп көрсетілген. Теңгелерге кейде киік те бейнеленеді. Көптеген теңгелер бетінде Әділ хан деген жазу бар. Олар Түркістан мен Сауран теңгелері бетінде кездеседі. Р.З.Бұрнашеваның пікірінше, бұл нақты хан есімі емес, жалпы әділетті ханның атауы. Нумизмат жорамал ретінде бұл біріншіден, Қожа Ахмет Ясауи әулиені сыйлағандықтан хандар өз атын жазбаған десе, екіншіден, хандардың жиі ауысуына орай жасалған деген пікір айтады.

Жазба деректерде өз атынан теңге соқтырған бір ғана қазақ ханы аталады. Ол Ташкентте билік жүргізген қазақ ханы Тұрсын Мұхаммед болды. Тұрсын Мұхаммед тұрғындардан бадж мен харадж жинапты [33, с.42]. Р.Бұрнашева Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитажда Тұрсын Мұхаммедтің екі теңгесін тапқан [79, с.49].

Жоғарыдағы жүйеде жасақталған тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығына негізделген оқыту білім алушылардың өткен және қазіргі әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибесін жекелей ұғыну негізінде білім алушылардың құнды бағдары мен нанымдарының қалыптасуын; патриоттыққа тәрбиелеу мен өзге адамдарға құрмет көрсетуді болжайды. Тарих сабағында жазба деректер мен археологиялық материалды пайдалану дегенде біз оның көрнекті әзірленуін ғана айтпаймыз. Зерттеудің және затты танудың жазба деректер жұмыс жасау әдістері мен археологиялық зерттеу тәсілдерін пайдаланған маңызды. Археологиялық деректер де жазудан кем сөйлемейді,

сонымен қатар зерттеуге тиіс жазба деректе айтылуға тиіс ойды ұғына білу, білім алушыларды археологиялық деректің тілін «тыңдауға» үйрету олардың зейінін, ассоциативтік және абстрактілі ойлауын дамытуды, ең бастысы, логикалық ойлауға үйретуді білдіреді.

Қорыта айтқанда, орта ғасырдағы тарихи деректердің педагогикалық әлеуетін ғылыми негізде айқындап, оны тарихшы мұғалімдерді дайындаудағы маңыз үлкен екендігіне көз жеткізе отырып, сол деректердің қолданбалық бағдарлылығын арттыруға қатысты әдістемелік жұмыстарды жетілдірудің маңыздылығын атап айтуға болады. Сол үшін де Оңтүстік Қазақстан қалалары мысалында археологиялық және жазба деректерді орта ғасырдағы Қазақстан тарихы пәнін оқытуда барынша ұтымды пайдаланып, нақты әдістемелік зерттеулер жүргізуге басымдық берілуі керек деп білеміз.

# 3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫҚ БАҒДАРЛЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3.1 Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын жетілдірудің әдіс-тәсілдері

Ұлттық сананы дамыту – ұлттық тарих, мәдениет және тіл түрінде көрініс тапқан ұлттық байлығымызды игере отырып, өзімізді бағалай білуге бет бұрудан басталады. Ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісіне іріктеу арқылы енгізу ұлттың асыл мұрасы – рухани байлығымен сусындатып, өз ұлты мен мемлекетін көзінің қарашығындай сақтайтын елжанды тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталады.

Кеңістік пен уақыт шеңберінде өлшеніп, адам және коғам табынатын идеялар мен идеалдар, ол – ұлттық идея. Ұлттық сананың негізгі тірегі – ұлттық идея. Өзінің мәнін рухани байлықтан іздейтін жоғары игілікті идеяларсыз адам, коғам, өркениет өмір сүре алмайтыны белгілі. Рухани байлық пен жеткен жетістіктер өскелең ұрпаққа мирас болып, өткен тарихымыздың құндылықтарының жиынтығы ретінде мәдени мұраға айналады.

Жалпыадамзаттық құндылықтармен астасқан отан тарихы туралы білім берудің қазіргі кезде ұлттық идеология мен сананы қалыптастыруға да ықпал-әсері жетерлік. Дәстүрлі құндылықтармен толыққан ұлттық сана мен идеология отан тарихынан сусындаған біліммен бірлестікте, тығыз байланыста дамуы керектігі жөнінде «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек… Мен тағылымы мол тарихымызбен, ұлы бабалардың ұлағатты өмірінен алар тәлімімізбен біздің алдағы асулардан алқынбай асатындығымызға сенемін…» [196] деген болатын

Өскелең ұрпақ бойына ұлттық құндылықтар санатына жататын ұлттық мазмұнын сіңіруде болашақ мұғалімдердің де атқарар міндеті үлкен, арқалар жүгі ауыр. Білім берудің мақсаты мемлекеттік білім беру стандартынан тыс танымдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жағдай жасау мен білім стандартында көрсетілгеннен төмен емес білімді игеру. Білім және оқу іс-әрекетін іске асыра отырып, болашақ мұғалім жоспарланған білімділікті ішкі тұлғалық жоспарға ауыстырады.

ЖОО-ның түлегі бір мезетте жоғары деңгейдегі кәсіби икемділіктерді игерген маман бола алмайды, бірақ ол кәсіби жоспарда оның өздігінен жетілуіне жағдай туғызатын құралдарды игеруі қажет. Б.Д.Сыдықовтың пікірінше «...Қазіргі кезде болашақ мұғалімдерді даярлаудың басты кемшіліктерінің бірі – нақты әдістемелік деңгейдегі оқыту теориясының әлсіздігі, яғни теориялық білім мен оны практикада қолданудың үйлеспеушілігі, соның салдарынан білім алушы– болашақ мұғалім тәжірибелік іскерлік пен дағдыны жеткілікті меңгере алмайды...» [197]. дегенді айтады.

Жоғары оқу орнында білім алу барысындағы тиімді шешімдер мен оңтайлы жағдайлар болашақ тарих мұғалімі психикасының барлық деңгейдегі дамуы мен өзгерістеріне ықпал етіп, оның тұлға, маман ретінде дамуын іске

асырады. Сонымен қатар, тұлғаның кәсіби бағыттылығы – оның ойлау қорын сипаттайтын ақыл-ойының бағыттылығын анықтайды. Болашақ тарих мұғалімі әрдайым сөйлеу арқылы қызмет атқаратындықтан жоғары оқу орнында білімді табысты игеруі үшін, маңыздысы, интеллекттің ашық көрінген вербальді типін еңсеруі тиіс. Сөздік қоры бай, танымдық қызығушылығы жоғары әрі оны тиімді пайдалана білетін нақты және жалпылама түсініктердің қарым-қатынасын дәл ажырата білетін, жоғары деңгейде жетілген абстрактілі ойлау қабілетіне ие болуы қажет.

Жоғары білім беруде болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби дайындаудағы маңызды мақсаттарының бірі – білім алушыны іс-әрекет субъектісі ретінде дамыту болып табылады. Білім алушының кәсіби-тұлғалық қалыптасуының бір жағы оның жоғары оқу орнындағы оқу іс-әрекеті болып табылады. Білім алушының оқу іс-әрекеті – білім, іскерлік, дағдыларды білім алушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуы жөніндегі жоспарлар және бағдарламалармен мақсатты бағытталған әрі басқарылатын үдеріс ретінде түсіндіріледі. Оқу іс-әрекеті үдерісінде пәндік-тәжірибелік белсенділік пен танымның тасымалдаушысы білім алушының субъектісі рөлін атқарады.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Сөздің ең ұлысы – тарих» екендігін ескерсек, Отан тарихын болашақ тарих мұғалімдеріне оқытудың өзекті мәселелерінің бірі – ұлт тарихын, дүниетанымын, салт-дәстүрін, бізге жеткен мол мұрасын бүгінгі және болашақ ұрпаққа насихаттау барысында олардың ұлттық танымдарын кеңейту. [198]. Егемендік алған жылдардан бастап, елімізде де отан тарихын оқыту жаңа белеске көтеріліп, қоғамдық-саяси өмірде өзіндік орнын айқындауда. «Тарихты өткен өмір ғана, – деп білу» қате пікір.Оның себебі, өткен өмірді тану, отан тарихын оқыту – ұлттық сананың іргетасы болып табылады. Ұлттың әлемдегі өзіндік орнын шынайылықпен жазылған тарих анықтап берсе, бұрмаланған тарих ұлттың жер бетінен өздігін жоғалуына жол ашады. Осы мәселелерді ескере отырып, түбіміз бір Түркия мемлекеті өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін отан тарихын білім беру мен насихаттау көзі ретінде дамытуға, жетілдіруге ерекше мән берілгендігі жайлы түрік елінің басшысы Мұстафа Ататүрк: «алдымен ұлтқа тарихын, ұлтының асыл екенін, барша мәдениеттің анасы – алдыңғы қатардағы ұлттың ұрпағы екенін үйретуге тиіспіз» [199], – деген сөзінен-ақ аңғаруға болады.

Ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтар негізінде деке тұлға қалыптастыру бұл білім берудің басты міндеттерінің бірі. Әрбір пәннің мазмұны негізгі базалық білім беру деңгейімен үйлесе отырып, белгілі бір анықталған ұғым-танымдық шеңбер аясында аяқталады. Оқу пәнін таңдау бойынша зерделеу мақсатында оқу жоспарының вариативтік бөлігі кеңейтіліп беріледі.

Кәсіби білім беру бағдарламасы негізінен жеке тұлға мен белгілі бір әлеуметтік топтың өзіне сай ерекшеліктерін ескеріп, қоғам мен еңбек нарығының талабына сай келіп, қызмет ететін жоғары білікті маман мен мамандыққа деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталады.

Оқу бағдарламалары негізінде болашақ маман иелеріне берілетін білім мазмұны анықталып, түзіледі. Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша, меңгерілуге тиісті білім, шеберлік пен дағдылардың көлемі мен мазмұнын айқындайтын құжат. Сонымен қатар, бағдарлама оқытылатын тақырыптардың деңгейі мен мазмұны, оқылатын мазмұндық көлем мөлшері анықталып, сипатталады. Осы пәнді оқу барысында білім алушының алатын білімі, білігі, дағды деңгейі белгіленіп, айшықталады.Сонымен қатар, оқылатын пәнге байланысты қолданатын құралдар мен әдістемелік нұсқаулар көрсетіледі. Бағдарлама-пән оқытушысы ЖОО-да басшылыққа алатын негізгі құжаты.

Бағдарлама мазмұнын ашатын материалдарды орналастыру барысында үш ұстаным басшылыққа алынады: 1) спиралдық; 2) бірыңғайлық; 3) шоғырлану [200].

Аталмыш ұстанымдарды педагогикалық тұрғыдан талдайтын болсақ: бағдарламада тақырыпқа қатысты материалдар бір жүйелілік, бірыңғайлық жүйесіне негізделсе, аталмыш бағдарлама шиыршықталған, спиралдық жүйемен жасалған. Ал, бағдарламада шоғырлану жүйесі қолданылса, тиісті материалдар тақырыптар арасына үзіліс салып, жаңа деректермен толықтырылып, оқыту барысында қайталанып беріліп отырады дегенді білдіреді.

Оқу пәні – білім беру мақсатын іске асыруда дидактикалық ұстанымдарға сәйкестендіріліп, сұрыпталған белгілі саладағы ғылым негізін құрайды. Оның басты мақсаты–ғылым, ақпарат, іс-әрекет туралы студентке тиісті, тиянақты әрі нақты мәлімет беріп, оның теориялық және қолданбалы негіздерін анықтап, таныту.

Берілетін білім, білік, қойылатын мақсатты анықтайтын оқу пәні болғандықтан, студенттерге оны меңгеру барысында берілетін тиісті сағат мөлшері мен саны оқу жоспарында айқындалады. Белгілі бір пәннің білім мазмұны ЖОО-на арналған оқулықтарда беріледі. Оқулықтардан алған білім негіздері арқасында білім алушының ізденіп, өздігінен шұғылдануға мүмкіндік молайып, білімін тереңдетуге жол ашылады [201].

Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім беру мен жаңа қоғамның талаптары мен қажеттіліктерінің деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Заман талабына сәйкес жаңа білім нәтижелері маманның білім сапалары мен құндылық бағдарларын қоғам жаңа құрылымдық дамуына сәйкестендіріп белгілеуде. Соған сай оқыту үдерісінде білім алу мен оқу талаптары білім көздерінің қайта қаралуын қажет етеді:

*біріншi* – стандарттар мен бағдарламаларда білім беру мақсаты нәтижелерінің тиянақталып, берілуі;

*екінші* – оқытушы орны мен рөлінің өзгеруіне сәйкес әдістердің түрленуі;

*үшінші* – білім беруді ұйымдастыру үдерісінің өзгеруі.

Оқытуды жалпы білім деңгейіне, әлеуметтік талаптарға сәйкестендіру дегеніміз – оқу үдерісінде студенттердің материалды терең меңгеруімен қатар олардың кәсіби қабілеті мен ынтасын дамытып, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік туғызатындай етіп ұйымдастыру.

ЖОО-да мұғалім даярлаудың мазмұны мен деңгейіне қойылатын талаптар әрбір мемлекеттің мәдениетінің, рухани байлығының өркендеп дамуы, адамзат іс-әрекетінің барлық салаларындағы өзгерістер, қоғамның қалыптасуына бағытталған жалпы талаптарға, сонымен қатар болашақ мұғалім даярлау негізін құрайтын пәндер цикліне негізделген талаптарға арқа сүйейді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевбілім беру саласы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға қатысты «оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпараттың терең талдау машығын игеруге бағытталуы тиіс» [202] деген ой айтады. Бұл міндет жаһандық білім кеңістігіне енген соң, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда әрбір адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсынудың өзектілігінен туындап отыр. Болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлығының жай-күйі, білім беру нәтижесінің сапасы, білім алушылардың дайындық деңгейі мен жетістіктерін бірыңғай жүйемен зерделеу білім беру жүйесін бәсекеге қабілеттілікке жеткізу міндеттері мен білім мазмұнын жаңарту аясындағы жасалатын маңызды қадамдардың бірі. Оқытудың мақсаты оқыту мазмұнына тікелей байланысты.

Болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын Оңтүстік Қазақстан қалалары материалдары бойынша оқыту мазмұны, формалары мен әдістерінің жүйесі болашақ тарих мұғалімдерінің сапалық деңгейінің артуына негіз болады. Мұғалімнің дайындық деңгейі мен сапасы тікелей оқыту мазмұнының тиімділігіне, оқыту үдерісін ұйымдастыру мен сабақтардың өткізу формалары мен әдістеріне тікелей тәуелді. Оқыту мазмұнының негізіне алынған жүйелі тәсіл оқыту үдерісін, оқу сабақтарын жүргізудің формалары мен әдістерін тиянақты жобалап, барлық қажетті және мазмұнды құраушыларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Оқыту мазмұнын оңтайлы қалыптастыру білім берудің барлық кезеңдерүшін маңызды мәселелердің бірі болып келген. Адамзат қоғамының дамуының тарихи кезеңдерінде не үшін оқытамыз, неге оқытамыз, қалай оқытып тәрбиелейміз деген бағыттағы сұрақтарға жауап іздейтін өзіндік білім беру жүйелері қалыптасып дамыған. Білім беру мазмұны мәселесі бойынша әдебиеттерге жүргізілген талдаулар аталған мәселенің ғылыми-теориялық бағытта маңызды жетістіктерге жеткендігін көрсетті. Білім беру мазмұнының теориялық аспектілері В.В.Краевский., В.С.Леднёв және т.б. [203] еңбектерінде қарастырылған.

Оқыту мазмұны әлеуметтік тапсырыстың көпдеңгейлі педагогикалық моделі ретінде қарастырылады. Жобаланатын білім беру мазмұны деңгейлерінің иерархиясы:

1) жалпы теориялық деңгей;

2) оқу пәні деңгейі;

3) оқу материалы деңгейі;

4) оқу үдерісінде оқыту мазмұнын іске асыру деңгейі.

*Мазмұн* – оқыту үдерісінің міндетті компоненті. Болашақ тарих мұғалімдерін оқытудағы оқыту мазмұны өзгермелі сипатқа ие. Бұл алдымен тарих ғылымының ұдайы дамуы, жіті зерттелуі негізінде тарихты оқыту мен әдістемесінің өзгеруіне ықпалының болуымен түсіндіріледі [204].

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті білімді де білікті маман дайындау. Білім беру жүйесінің мақсаттық ұстанымдарының негізін стандартта сипатталатын білім беру нәтижелері, әрбір пән бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны және оларға сәйкестендіріп жасалған оқу-әдістемелік құралдар құрайды.

Соңғы жылдары адамзат қоғамының білімді де білікті кадрларға деген сұранысы өзгеріп, жоғарылай түсті. Кәсіби қабілетінің жоғары болып, қажетті маманға айналудың қажетті атрибуты тек қана кәсіби білімді жан-жақты игеру ғана емес, сонымен қатар, кәсіби мүмкіндіктерін анағұрлым толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолданбалық бағдарланған білімді де игеру болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі аталмыш өзгерістер арнаулы академиялар мен білім ордаларының жаппай ашылуымен емес, болашақ тарих мұғалімдерін даярлау сапасына, жалпы білім беру мен әр пәнді жеке-жеке алғандағы мазмұнына жауап беру қажеттігін айқындайды. ЖОО-да маман даярлау мәселесі еліміздегі білім беру саласындағы жағдайларға да, жыл сайын өсіп отырған бітірушілерге де байланысты бүгінгі таңда өзекті тақырыпқа айналуда. Бүгінгі таңда қоғамның алға қойған мақсаттарына жауап беретін оқыту мазмұнын анықтау, оқу үдерісін ұйымдастыру, оқыту формасы мен әдісін анықтау ЖОО-ның білім беруде алға қойған міндеттерінің ең негізгісі десе де болады. Әсіресе, заман талабына сай мұғалімдер даярлау өзекті мәселе болып қалуда. ЖОО да оқыту мазмұнына қойылатын талаптар жоғары білімді дамыту мемлекеттік стратегиясымен анықталады және жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандарттарынан көрініс тапқан [205].

Болашақ тарих мұғалімдеріне жоғары білім берудегі білім берудің мазмұны, сонымен қатар жекелеген пәнді оқытудың ғылыми-әдістемелік тұрғыда жетілдірілуінің негізгі мазмұны жұмыс берушілер мен әлеуметтік сұраныс талаптары, мемлекеттік деңгейдегі қабылданған стандарттары, қаулы-қарарлар мен бағдарламалар жетілдірілуімен анықталады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 ж. №554 және 2015 ж. №32 бұйрығына сәйкес бекітілген «Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіру туралы» тапсырмасына сәйкес орта білім берудің қолданыстағы бағдарламасының 5-11 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәніне сараптамалық талдау жұмыстары жасалынып, біршаматүзетулер енгізілді. ҚРПрезиденті Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» атты 2014 жылғы 15 желтоқсандағы сөйлеген сөзі негізінде – «Қазақ хандығының 550 жылдығы» орай «Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбындағы материалдар қолданыстағы оқу бағдарламаларына қосылды.

*5-9 сыныптардың «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасындағы енгізілген өзгерістер:*

*1. 7 - тармақ: «Тарихқа саяхат» (14 сағат):*

- қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы, «қазақ» терминінің мағынасы;
- Қазақ хандары (Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуке);

2. *33 - тармақ: 3-бөлім* «Кейінгі орта ғасырдағы Қазақстан. Біртұтас мемлекеттің құрылуы» (23 сағат).

3. *34 - тармақ:* «Қазақ хандығының құрылуы» (3 сағат);

- Керей мен Жәнібектің көшуі, хандардың саяси қызметі;

4. *35 - тармақ:* «Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырлардағы дамуы мен күшеюі» ( 9 сағат);

5. *36 - тармақ*: «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы» (4 сағат)

- Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесі, қазақ ханы мен сұлтандар, халықтың әлеуметтік құрылымы, қалалар мен елді-мекендер [206].

Аталмыш тақырыптарды орта білім беру бағдарламасында нақты әрі тиянақты оқытуда болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» атты таңдау компонентін оқыту мазмұнын жетілдіру мақсатында, сонымен қатар тарихи білім қалыптастыру мен оның қолданбалық бағдарлылығын дамытудың маңыздылығы зор.

Қазіргі таңда болашақ тарих мұғалімдерін даярлау жүйесіндегі Қазақстан тарихы курсына жататын пәндер циклі маңызды орын алады. Қазақстан тарихы курсының пәндері 5В011400 – Тарих мамандығының оқу жоспарында көрсетілген міндетті және таңдау компоненттері тобындағы пәндерге жатады және бастапқы курстарда оқытылады. Бұл пәндерді оқытудың негізгі мақсаты – білімдердің іргелі базасын құру. Соның негізінде білім алушылар теориялық Қазақстан тарихы мен арнайы курстар циклы аясында тарихтың барлық бөлімдерін одан ары тереңдете және толық әрі нақты оқып үйренуге мүмкіндік алады. Қазақстанның орта ғасыр тарихы» болашақ тарих мұғалімдерінің арнайы кәсіби дайындығын қамтамасыз ететін іргелі пәндердің қатарына жатады. «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім ерте орта ғасыр кезеңін (VI-XII ғғ.) қамтиды. Ол ежелгі Қазақстан тарихы шеңберінде де оқытылады. Екінші бөлім хронологиялық тұрғыдан қазіргі Қазақстан аумағындағы және оған көрші аймақтарда (XIII ғ. басынан XVIII ғ. алғашқы ширегіне дейін) орын алған оқиғаларды қамтиды. VI-XVII ғғ. қазақ даласында мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы, дамуы, өркендеуі және құлдырауы төңірегіндегі мәселелер қарастырылады. Қазақстанның XIV-XVII ғғ. аралығындағы тарихи кезеңі қазақ этносының қалыптасуының аяқталуы, Қазақ хандығының құрылуы, нығаюы, өркендеуі мен құлдырауы, қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің дамуы сияқты тарихи құбылыстармен сипатталады.

«Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы 5В011400– Тарих мамандықтарының Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандарты негізінде жасалады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жазылған «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің мазмұны оқытудың қолданбалық бағдарлылығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін көреміз. Қазіргі қолданыста бар осы пәннің бағдарламалары қолданбалық бағдарлылықты жүзеге асыру қажеттілігін толығымен қарастырмайды. 5В011400–Тарих мамандығы білім алушыларына «Қазақстан тарихы» курсының негізгі бөлімі болып табылатын «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсы 4-семестрде алғашқы қоғам тарихы, ежелгі дүние тарихы, ортағасырлар тарихы, ежелгі Қазақстан тарихы курстарынан кейін оқытылады.

«Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәніне жоспарланған кредит саны – 4, яғни 180 сағат, оның ішінде лекцияға 30 сағат, тәжірибелік сабаққа 30 сағат оқытушы басшылығымен өтетін өзіндік жұмысқа (СОӨЖ) 60 сағат, білім алушының өзіндік жұмысына (СӨЖ) 60 сағат бөлінеді. Осыған сәйкес пәннің оқу бағдарламасы, силлабусы, лекциялық, тәжірибелік және зертханалық сабақтардың оқу әдістемелік кешені, СОӨЖ, СӨЖ тақырыптарының тізімі дайындалды.

«Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсының мақсаты – санқырлы негізде қазақ жерінде түркі мемлекеттерінің құрылуы, монғол үстемдігі кезіндегі қазақ даласы, қазақ халқының шығу тегі мәселесін ашу, қазақ мемлекеттілігінің шығуының және этникалық территориясының қалыптасуының, ұлттық мәдениетінің қайталанбас ерекшеліктерін ашып көрсету, Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы тарихынан білім алушыларда жүйелі тарихи білім қалыптастыру.

Осы мақсатқа байланысты аталған таңдау курсын оқытудың келесі міндеттері туындайды:

- Білім алушыларды ауқымды материал негізінде қазақ жерін орта ғасырда мекендеген халықтардың қалыптасуын, мәдениетін, тарихын хронологиялық тиянақтылық кезеңдеу негіздерінде қарастыру;
- қазақ халқының этносаяси дамудың түркілік кезеңмен бөлінбес байланыстылығын көрсету;
- қазақ халқының қалыптасуының жалпы заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін ашу;
- ортағасырларда Қазақстан территориясында өмір сүрген көшпелі ру-тайпалардын, отырықшы елдердің шаруашылық салтына, әлеуметтік дамуына, мәдени ерекшеліктеріне жазба және ауызша деректерді пайдалана отырып, ғылыми талдау жасау;
- Моңғол шапқыншылығы салдарларының қазақ медиевистикасындағы Ақ Орда мен Көк Орда туралы тарихи тұжырымдамалар, қазақ халқының этногенез мәселесі бойынша негізгі пікірлерді талдап, қарастыру.

*Пәнді меңгергеннен кейін білім алушылар білу керек:*

- «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсының мазмұны мен міндеттерін;
- аталған курстын оқу бағдарламасын;
- арнайы ұғымдарды, оларды дұрыс пайдалану;

- Қазақстанның орта ғасыр тарихынын негізгі тарихи оқиғаларын;

- Қазақстанның орта ғасыр тарихынын негізгі тарихи деректерін және тарихнамасын;

- қазіргі уақыттағы Қазақстанның орта ғасыр тарихынын өзекті зерттеу мәселелерін.

*Құзыреттер және оқыту нәтижелері*

*1 БЖҚ–* Ойлау мәдениеті қалыптасқан, ақпаратты қабылдап, сараптай білуге, мақсат қойып және оған қол жеткізудің жолын таңдай білуге қабілетті.

*2 БЖҚ–* Мамандық, пәндік бағытты біліп шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті.

*Білімі:*

– тарихи деректерді талдаулары тиіс.Б1

– тарихи карталар бойынша жақсы бағдарлай алулары және оны ауызша жауап беруде пайдалана алулары керек; Б2

*Дағды:*

– деректанулық және тарихнамалық талдау дағдыларын игерген; Д1

– ғылыми анықтаушы аппаратты жасау дағдыларын біледі; Д2

– Әр түрлі жазбаша жұмыстарды, рефераттарды, баяндамаларды, аннотацияларды және тұжырымдамаларды жазу дағдыларын игерген; Д3

- Семинар сабақтары барысында білім алушы ауызша айта білуге дағдыланған; Д4

- Нақты тақырып бойынша библиографиялық тізім жасайды; Д5

*Құндылық құраушылар:*

– мақсатына сенімді, рухани өрісі кең, талапты; Қ1

– өзін-өзі дамыту деңгейін, кәсіби дағдыларын жетілдірудің өз бетінше білім алуға қабілетті. Тарихи деректермен жұмыс істей алу; Қ2

*Білім:*

– теориялық-әдіснамалық негіздерін, теориялық білімідерін кәсіби іс-әрекетінде пайдалануды сипаттайды; Б1

– тарихи зерттеу жүргізудің әдіснамалық қыр-сырын және жүзеге асыру жолдарын біледі; Б2

*Дағды:*

– кәсіби қызметінде өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастырады, қызмет түрлерін жоспарлайды, жүзеге асырады; Д1

*Құндылық құраушылар:*

–кәсіби үдерісте қатысушылармен гуманистік қарым-қатынас орната біледі; Қ1

–топта және ұжымда әріптестерінің пікірлерін бағалай біледі; Қ2 [207]

*Пәннің мазмұны*

**1 тақырып. Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәні, мақсаты мен міндеттері**

Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәні, құрылымы мен міндеттері. Тарихты зерттеудегі көзқарастар мен бағыттар. Ортағасырлық көшпелі қоғамдардың тарихи-мәдени өміріне қатысты мәселелердің зерттелмеуіне байланысты

туындаған пікірлер. Қазақстан тарихын зерттеудегі әдістер. Археологиялық, этнографиялық, жазба және ауызша деректер. Классификациялау мәселесі.

**2 тақырып.Тарих сахнасында ежелгі түрік тайпалары**

Түрік қағанатының қалыптасып, өркендеуі. Аварларды, кидандарды, отыз татарларды және Енисей қырғыздарын Бумын қағанның бағындыруы. Орта Азия территориясында эфталиттермен күрес, шығыс Иран елімен байланыс. Ақ ғұндар империясына қарсы Сасанидтік Иранмен одақ құру және бекіту. Естеми қағанның жорықтары және мемлекет шекарасының Қара теңіз бен Манжурияға дейін жетуі. Қағанаттың ішкі саяси-этникалық жағдайы. Ұлы Жібек жолы – ежелгі түрік мемлекеттеріндегі кірістің басты көзі. Соғды көпестері және олардың қоныстары. Ұлы Жібек жолы үшін түріктер мен ирандықтардың арасындағы күрес.

**3 тақырып. VI-VIII ғғ. Жетісу мен Орталық Қазақстандағы этносаяси процестер**

Батыс және Шығыс түрік қағанатының бөліну себептері. Қытайдың күшеюі және түріктерді бағындыруы. Батыс Түрік қағанаты: әлеуметтік-этникалық және саяси тарихы. Қала мәдениеті дамуы. Түргеш қағанатының қалыптасуы. «Қара» және «сары» түргештер арасындағы қарым-қатынас. Қарлұқ конфедерациясының қалыптасуы. Арабтар және Ұйғыр қағанаты арасындағы соғыс. Қимақ қағанаты. Мемлекеттік құрамы және әкімшілік бөлінуі. Қимақ мемлекетіне қарасты қалалар және оларды локализациялау мәселесіне қатысты жазба және археологиялық деректер.

**4 тақырып. IX-XII ғғ. Қазақстан аймағындағы мемлекеттер**

Оғыз тайпалар конфедерация қалыптасуының процесі. Оғыздар мемлекеті туралы М.Кашғаридің деректері. Оғыздардағы мемлекеттік жүйенің дамуы. Өңірдің саяси өмірінеі оғыздардың ықпалы. Қыпшақ тайпалары конфедерациясының қалыптасуы. Қыпшақтар мен қаракидандар арасындағы қарым-қатынас. Қыпшақ хандығы мен Хорезм. Қарахан мемлекетінің әлеуметтік құрылымы және шаруашылығы. Исламның мемлекеттік дін ретінде ресми қабылдануы. Қидандардың 1141 жылғы жеңісі. Қарақытай мемлекеті.

**5 тақырып.VI-XII ғғ. қалалар мен коныстар**

VI-X ғасырлардағы қалалардың қалыптасуы және олардың түрлері. Жазба деректемелерде ерте ортағасырлық қалалар туралы мәліметтер. Қазақстан – дамыған қалалық мәдениеттің орталығы. Қалалар саны мен құрылымы. Ұлы Жібек жолы: қолөнер мен сауданың дамуы. Қалалық архитектура. Қоныстар. Сауда қатынастары мен ақша айналымы.

**6 тақырып. Өркениет жүйесінде Қазақстан аймағы**

Көшпелі шаруашылығының типологиясы. Көшпелі мал шаруашылығы және отырықшы егін шаруашылығының бір-біріне ықпалы. V-XII ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті. Тіл мен жазу.Жүсіп Баласағұн. Ауызша әдебиет. Дін. Ахмет Яссауи. Әл-Фараби, Әл-Қашғари және басқалар.

**7 тақырып. XIII ғасырдын басындағы Орталық Азиядағы геосаяси жағдай**

Моңғолдар, Керейіттер. Орталық Азияның көшпелі тайпалары. Шығу тегі және тілі туралы мәселелер. Әлеуметтік құрылым және саяси сипаты. Саяси үстемдік үшін күрестер. Көрші елдермен қарым-қатынасы. Монгол мемлекеттінің қалыптасуы. Шыңғыс ханның көтерілуі. Монголдардың жорықтары. «Отырар опаты». Оңтүстік Қазақстан қалаларының моңғолдарғы қарсы соғыс. Моңғол ұлыстарының қалыптасуы. Моңғол ұлыстарының құрамындағы Қазақстан аймағы. Қазақстан территориясындағы моңғол ұлыстарының орнығу проблемасы. Қазақ халқының тарихында Жошы ұлысының алатын орны мен маңызы.

**8 тақырып. Алтын Орда мемлекетінің тарихы**

Қазақстанның далалық бөлігі Жош ұлысының құрамында. Қазақстан тарихы монгол дәуірінің негізгі деректері. Жошы ұлысындағы мұрагерлік тәртібі туралы түріктердің тарихи аңыздары. Алтын Орданың деректері мен тарихнамасы. Алтын Орда заманы – Ұлы даланың экономикалық және мәдени гүлдену кезеңі. Алтын Орда тарихының негізгі кезеңдері, хандары және олардың сырткы және ішкі саясаты.

**9 тақырып. Постмонғолдық мемлекеттері**

Алтын Орданың саяси тарихы мен ыдырауы. Қазақстан аймағында пайда болған мемлекеттер. Ноғай ордасының территориясы мен тұрғындардың этникалық құрамы, басқару жүйесі. Көшпелі өзбектер мемлекетінің этникалық құрамы. Әбілқайырдың ішкі және сыртқы саясаты. Көшпелі узбектер хандығындағы дағдарыс. Сібір хандығының территориясы мен саяси тарихы.

**10 тақырып. XIII-XV ғғ. Қазақстан қалалар және мәдениет**

XIII-XV ғғ. қала мәдениеттің дамуындағы ерекшеліктер. Қала және қалалар салу дәстүрлерінің дамуы архитектура. Ортағасырлық қалалардың құрылымы. Қолөнер өндірісі мен сауда қатынастарының дамуы. Ислам дінінің архитектураға ықпалы. Қазақстандағы ірі архитектуралық құрылыстар (Ахмед Иасауи, Жошы хан, Алаша хан мазарлары). Отырықшы-өркениеттің көшпелілер мәдениетіне тигізген әсері.

**11 тақырып. Қазақ мемлекетінің құрылуы мен күшеюі**

XIV-XV ғғ. қазақ халқының қалыптасуы. Қазақ хандығының құрылуы этногенетикалық процестің аяқталуының көрінісі, территориялық шекаралардың анықталуы, этникалық құрылымының нығаюы. «Қазақ» сөзінің мәні туралы. Қазақ хандығының негізін салушылар және олардың генеалогиясы.

Сырдария маңындағы ортағасырлық қалалар үшін күрес. Қазақ хандығының экономикалық және саяси дамуындағы қалалардың орны. Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандарының сыртқы және ішкі саясаты. Көшпелі мемлекеттіліктің дәстүрінің сақталуы. Қазақ хандығындағы билік ету структурасының демократиялық сипаты.

**12 тақырып. XVI-XVII ғғ.басындағы Қазақ хандығы**

Қазақ хандығының басынан өткерген дағдарыс себептері. Хақназар хан тұсындағы Қазақ хандығының жерлерін біріктіру саясаты. Қазақ-орыс

қатынастарының басталуы. Оңтүстік аймақтарда орналасқан жер иеліктері үшін күрес.

**13 тақырып. XV-XVII ғасырлардағы Қазақстан және қазақ мәдениеті**

Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы. «Жеті Жарғы» тарихи талдау. Әлеуметтік қатынастар. Тәуке ханнан кейінгі саяси бытыраңқылықтың күшеюі. Қазақ хандығының сырткы байланыстары. XV-XVII ғғ. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі.

**14 тақырып. Орта ғасырдағы қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары.**

Көшпелілер қоғамында қалалық өркениеттің орнығуы. Оңтүстік Қазақстан территориясында ортағасырлық қалалардың қалыптасуы және олардың қазақ хандығы дамуындағы орны мен ролі. Сырдария бойындағы қалалар. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалалар. Сайрам маңындағы қалалар. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларындағы дәстүрлі қолөнер түрлері мен қалаларда даму дәрежесі. Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясының орта ғасырдағы дамуы.

**15 тақырып. Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер.**

Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы демография мәселелері, ортағасырлық қала тұрғындарының әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар. Егіншілік және ирригацияның дамуы. Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы жергілікті және сыртқы сауда, сауда-ақша қатынастары [208].

Біздің диссертациялық жұмысымызда «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің тарихты ЖОО-да оқытудың мақсатына сәйкес болуы, іргелілігі мазмұндылығы, қолданбалық бағдарланғандығын ескерілуі тұрғысынан зерттеп, оларды пайдалану жолдары мен ұстанымдарына талдау жасалды. Білім алушылардың «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінен қолданбалы сипаттағы тарихи білімдерін қалыптастыру оқытудың дидактикалық ұстанымдарына сәйкестендіре жүзеге асырылды. Оларға *көрнекілік, ғылымилық, қолжетімділік, теорияның практикамен байланысы, саналылық және белсенділік, жүйелілік және біріздділік ұстанымдары* белгіленді. Алғаш рет аталмыш ұстанымдарды пайдалану мүмкіндіктері тарихи деректерді оқыту ерекшеліктерімен байланысты анықталды. Осыған сәйкес төмендегі ұстанымдар басшылыққа алынды:

1. *Көрнекілік ұстанымы.* «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқытудың қолданбалық бағдарлылығын арттыруда көрнекілік ұстанымын жүзеге асырудың дәстүрлі тәсілдерімен бірге, ортағасырлық қалалардың, ашық аспан асты мұражайлардың, сонымен қатар сол обьектілерді көрнекі көрсететін археологиялық сызбалар, сұлбалар мен қазба барысы жайлы түсірілген видеороликтер арқылы археолог-маманның сол обьектімен жұмыс жасауын көруге болады. Тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын көрнекілік құралдардың (суреттер, фотосуреттер, карталар, видеороликтер және т.б.) көмегімен жүзеге асырылуы қажет.

2. *Ғылымилық ұстанымы.* Оқу/оқыту материалын тарихи білімнің толықтырылуына сай жүйелеп, археология жетістіктері мен жазба деректердің қолданбалы бағдарланғандығын ескеру қажеттілігі туындайды. Ашық аспан асты мұражайлар жұмысының тарихи-педагогикалық негіздерін (тарихи оқиғалардың маңызын) сауатты мазмұндауды, білім алушыларды мұражай педагогикасының әдіснамасымен таныстыруды қамтамасыз етеді. «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінен ұсынылатын қолданбалы материал – тарих, археология және мұражайтану құрылымы мен заңдылықтарын заманауи түсініктерге сәйкестендірумен ерекшеленеді.

3. *Қолжетімділік ұстанымы.* «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәніне пайдаланатын оқу/оқыту материалының қолданбалы сипаттағы мазмұнын, әдістерін білім алушылардың даму дәрежесіне қанағаттандыруға бағыттау мен түсінуге қолжетімді болуы қажет. Нақты қолданбалы сипаттағы білімді оқытуда оқу материалын меңгерудің деңгейлері әртүрлі болады:

1) Толық бір тақырыптың аясында,
2) Толық және бірнеше тақырыптар жиынтығы аясында,
3) ішінара бір тақырып немесе тақырыптар жиынтығы аясында.

Осы деңгейлерді жүзеге асыру мақсатында оқу материалының қолданбалығы маңызды тарихи құбылыстар мен оқиғаларды ажыратып, оның қайсысын қарастыру керек екендігін анықтайды.

4. *Саналылық және белсенділік ұстанымы.* Білім алушылардың білімді саналы түрде меңгеруі бірқатар шарттарға байланысты: яғни білімге деген ынтасының, оған байланысты білім алушылардың танымдық белсенділігінің, сонымен қатар оқытушының қолданатын оқыту әдістері мен құралдарының, оқу үдерісінің жалпы ұйымдастырылуының бар болуына. Білім алушылардың танымдық белсенділігі артуы үшін өзіндік жұмыс ретінде тарихи деректерді зерделеу көмегімен орындалатын қолданбалық бағдарланған логикалық тапсырмаларды ұсынған жөн. Тапсырмалар мысалдары зерттеу жұмысымыздың 3.2 бөлімінде келтірілген. Білім алушылардың «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің қолданбалық сұрақтарын меңгерудің саналылығы мен белсенділігін арттыруда сабақ формасын таңдап алу да үлкен роль атқарады. Білім алушылардың саналылығы мен белсенділігінің маңызды шартына өзін-өзі бақылау сияқты педагогикалық жағдайды тудыру жатады. Бұл жағдай оқу процессінде бақылау материалдарын жасап, пайдалануды қамтамасыз етеді. Сол арқылы білім алушы өзінің қолданбалық білім деңгейін бағалай алады. Өзін-өзі бақылау мақсатында білім алушыларға қызықты болатын Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалар тарихына қатысты деректерден алынған мағлұматтар бойынша тесттер (оқытудың кіріспе, ағымдық және қорытынды кезеңдері үшін) пайдалануға болады.

5. *Теорияның практикамен байланысы ұстанымы.*

«Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсында теорияның практикамен байланысы жазба деректерден алынған тарихи білімнің археологиялық деректермен сәйкестендіріле отырып, жүзеге асырылуында. Болашақ тарих мұғалімінің тәжірибелік іс-әрекетке даярлығы оқытудың сапасының маңызды

критерийлерінің бірі болып табылады. «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» курсында қолданбалық бағдарланған мазмұнды материалдың жеткіліксіздігі – алынған тарихи білімнің шынайы өмірмен байланысын жоюға ықпал жасайды.

*6. Жүйелілік және бірізділік ұстанымы.* Жүйелілік ұстанымы білім алушылардың қолданбалық бағдарланған мазмұнды оқу материалын жүйелеу және жалпылау бойынша өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталған. Жүйелілік және бірізділік ұстанымының жүзеге асырылуының нәтижесі – кез-келген қолданбалық бағдарланған білімдерді өз бетінше жүйелеу, жалпылай алу қабілетінің қалыптасуынан көрініс табады. Алайда, «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін игеру барысында теорияның практикамен байланыс ұстанымы тек оқытудың мазмұны арқылы ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін ұйымдастыру мен оқытудың сәйкес әдістері мен түрлері арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Дәстүрлі дидактикаға сәйкес осы бағытта «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінен білімдерін практикада қолдануына бағдарланған сабақ түрлері де (экскурсиялар) үлкен үлес қосады. Білім алушылардың игерілген білімі шынайы өмірмен тығыз байланыста түсіндіріліп, тәжірибелік тұрғыдан талданылса, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығының артары сөзсіз.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту төмендегідей сипатта жүзеге асырылды:

1.*«Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарда тиімді оқыту әдістерін қолдану арқылы;*

Оқытудың нәтижелілігі – болашақ тарих мұғалімдерін алған білімді тәжірибелік сабақтарда тиімді қолдану секілді мәселелерді шешуге даярлығын қалыптастырумен анықталады да, оқытудың аталмыш әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі: *жоба әдісі, проблемалық әдісі*. Біз қарастырып отырған «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні аясында жоғарыда аталған әдістерді қолданудың технологиялары жасалынды.

*Оқытудың «жоба әдісі»* ұғымына ең нақты анықтамаларды И.Д.Чечель [209] мен Н.Ю. Пахомова [210] өз ғылыми зерттеу жұмыстарында берген. Жоба әдісі жеке тұлғаға бағытталғандықтан, бұл әдіс білім алушының жобаларды орындауға бағытталған, өзіндік жұмысын ұйымдастыруға негізделген оқыту әдісі ретінде түсіндіріледі. Оның мазмұны мен құрылымы болашақ тарих мұғалімдерінің пәннің оқу бағдарламасын толық игеруін қамтамасыз етеді де, оқу барысында жобалар жасауға, кәсіби іс-әрекеттің таңдап алған саласы бойынша шынайы жаңа нәтижелерге қол жеткізуге негізделген. «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні шеңберінде оқытудың қолданбалық бағдарлылығын тарихи деректер арқылы дамыту мақсатында болашақ тарих мұғалімдеріне нақты қолданбалық білімдерін жүйелеу мен жалпылауға бағытталған оқу-әдістемелік жобалар жасау ұсынылды.

Жеке жоба жасау барысында білім алушыға мынадай іс-әрекетті басшылыққа алу ұсынылған:

1 Қолданбалық бағдарланған мазмұнды тарихи деректерді *іріктеп алу* (тарихи білім мен сана қалыптастыру үшін);

2 Іріктеп алынған тарихи деректерді *жүйелеу және жалпылау*;

3 Тарихи деректерді оқу мәліметін алудың ғылымилық, қолжетімділік, бірізділік, көрнекілік көзқарасы бойынша *дидактикалық өңдеуін орындау*;

4 Тарихи деректердің қолданбалық сипатының көмегімен ұсынудың жолдары мен тәсілдерін *таңдап, жүзеге асыру*;

*Проблемалы оқыту әдісі.* М.М.Левина әрбір болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығы – проблемалық оқыту технологиясына негізделуі қажет [211] дегенді айтады. Білім алушыларға проблемалы мазмұндағы кәсіби мәселелердің жиынтығын шешу ұсынылады. Проблемалық оқыту әдісін пайдаланудың нәтижелеріне: шығармашылық кәсіби мәселелерді шешу арқылы білім алушының өзіндік дербестігінің дамыту, болашақ тарих мұғалімдерінің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, кәсіби әрекеттің уәждемесін дамыта отырып, ғылыми-әдістемелік әрекетке деген қызығушылықтың артқанын көреміз.

*3.Пән тақырыптары бойынша алынған білімдерді толықтыру, кеңейту мақсатында өзіндік жұмыстар орындауда.*

Дәрісханадан тыс орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы – оқу үдерісінің негізгі бөлігі айналған. Оқу үдерісінің бұл бөлігі қазіргі кезеңде ерекше сұранысқа ие болғандықтан, ерекше өрлеу үстінде. Жоғары оқу орындарының білім алушылары алдында өз бетінше білім алудың дағдысын қалыптастыру міндеті тұр. Өзіндік жұмыстарды оңтайлы жүргізудің шарттарын төмендей нақтылауға болады:

1. Мақсатқа бағытталған аудиториядан тыс өзіндік жұмысын тиімді *жоспарлау мен ұйымдастыру*;

2. Оқытушының әдістемелік жетекшілігінің негізінде өзіндік жұмысты ұйымдастыру, кеңес беру, орындау нәтижелерін бақылау мен бағалау, жоспарлау үшін түзетулер жасау;

3. Өзіндік жұмыс үдерісін ұйымдастыру мен оқытушымен кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін оқыту орталары.

Дәрісханадан тыс өздік жұмыстың дидактикалық мақсаты: сабақ кезіндегі игерген білімді бекіту, тереңдету, оны кеңейтіп жүйеге келтіру, жаңа оқу материалын өз бетінше меңгеру және өзіндік ой еңбегінің, дербес ойлаудың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруды іске асыру. Дәрісханадан тыс өзіндік жұмыс оқу бағдарламасының талабына сай, білім алушының қызығушылығы мен қажеттілігіне және даму деңгейіне лайық етіп құрылады. Үйреншікті сабақ түрлерінен айырмашылығы уақыттың шектелмеуі, жұмысты орындаудың тәртібі мен ұзақтығын білім алушы өзінің мүмкіндігі мен жағдайға байланысты таңдайды. Дәрісханадан тыс өзіндік жұмыс білім алушыдан тек ой еңбегін ғана емес, өзіндік білім алуды ұйымдастыра білуін талап етеді. Бұл үдеріс іске аспаса, өзіндік жұмыс мәні мағынасыз жұмысқа айналып, білім алушының ынтасына кері әсерін тигізеді. Дәрісханадан тыс жұмыс білім алушының дербес ойлау қабілетін, ерік жігерін, мінезін қалыптастыратыны текке айтылмаған.

Дәрісханадан тыс орындалатын жеке жұмысты жүйелеу өте қажет деп санап, оның сипатына орай мынандай түрлерге бөлдік.

***1.Дәріс мазмұнын толықтыру, конспектілеудегі өзіндік жұмыстың іске асуы–дәрісте оқылған материалға қажетті жаңа ақпараттар қосу.*** Мұндағы дербес орындалатын жұмыс:

– оқулықпен, кітаппен жұмыс;

– конспектілеу;

– дәріс конспектісіне ондағы жетімсіз ақпараттарды әртүрлі әдебиеттер мен ақпараттар көзіне сүйеніп толықтыру;

– қажетті сұрақтың жауабын іздеу;

– өзінше тұжырымдар жасау;

–ОБӨЖ сабағына түсініксіз сұрақтарды даярлау;

– дәріс кезінде жазылған тірек – сызбаның мәнін ашып, толықтырады және жартылай іздену мен конспектілеу әдістерін қолдану арқылы іске асады. Мұндай өзіндік жұмыс нәтижесінен білім алушының білімі жоғарылайды, оқулықтан басқа да ақпарат көздерімен жұмыс жасаудың, дәріс кезінде жазып алынған тірек-сызбаның, қысқаша жазылған конспектінің мәнін ашу іскерлігі қалыптасады.

***2. Семинар сабағының тапсырмасын орындаудағы өзіндік жұмыстың іске асуы– өздігінен орындауға берілген тарау, модуль, тақырыптар, проблемалық сұрақтардың жауабын іздеп табу.***

Білім алушының өзіндік жұмысы;

– тапсырмадан туындаған сұрақтың жауабын іздеу, табу;

–оқу, қорыту;

– баяндама даярлау;

– піікірсайысқа дайындалу т,с, сияқты іс әрекетті атқарады.

Оған оқулықпен, басқа да кітаптармен жұмыс, реферат даярлау, жоспар құру, конспектілеу, тезистер жазу, есептер шығару, жаттығулар орындау және жартылай іздену әдісі арқылы орындалады. Мұндай процестен шығатын нәтиже – білім алушының білімі артады, кітаппен, оқулықпен, интернетпен, ақпараттар көзімен жұмыс жасаудың, баяндама даярлаудың, пікірсайысқа даярланудың іскерлігі қалыптасады.

*3*. ***ОСӨЖ сабағының тапсырмаларын орындаудағы өзіндік жұмысты орындау– проблемалық сұрақ борйынша ақпараттар көзінен жауап іздеу, түсініксіз сұрақтарды іріктеп ОСӨЖ-сабағына даярлау****.*

Білім алушының өзіндік жұмысы:

– проблемалық сұраққа жауап іздеу;

– ақпаратты жүйеге келтіру;

– тақырып бойынша тұжырымдар жасау;

– тапсырма сұрақтарына дәлелдер келтіру;

– тапсырманы конспектілеу;

– тапсырма бойынша ізденуде ақпарат көздеріне сілтеме жасау;

– түсінбеген сұрақтарды айқындау.

Өзіндік жұмыстың бұл түрі оқулықпен, интернетпен, кітаппен жұмыс, жоспар құру, жазбаша, ауызша, графикалық, жаттығулар орындау, баяндама, реферат, конспекті және тірек– сызба даярлау әдістерін қолдану арқылы орындалады. Осылауша іске асқан білім алушының өзіндік жұмыс нәтижесінде, интернетпен, оқулықпен., кітаппен жұмыс жасаудың, проблемалық сұрақтарды шешуде түрлі әдіс-амалдар қолданудың іскерлігі қалыптасып, білімі тереңдейді.

***4. БӨЖ тапсырмасын орындаудағы өзіндік жұмыстың іске асуы– өздігінен орындауға берілген тапсырмалар бойынша ақпараттар көзінен жауап іздеп тауып, оны конспектілеп, түсініксіз сұрақтарды іріктеп, ОБӨЖ сабағына даярлау***.

Білім алушының өз бетінше жұмысы:

– интернет, әдебиеттер, оқулықтар т.б. жұмыс жасау;

– берілген тапсырмалар мен проблемалық сұраққа жауап іздеу;

– табылған материалды салыстыру;

– табылған материалды сараптау;

– берілген тақырыпты немесе тапсырманы қорыту;

– реферат, баяндама даярлау арқылы проблемалық сұрақты шешу, оны дәлелдеу.

Білім алушылардың өзіндік жұмыс тақырыптары

| № | Өзіндік жұмыс тақырыптары | Тапсырманы орындау формасы |
|---|---|---|
| 1 | Қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары | Реферат |
| 2 | Көшпелілер қоғамында қалалық өркениеттің орнығуы | Баяндама |
| 3 | Оңтүстік қазақстан қалаларының қалыптасуы және олардың Қазақ хандығы қалыптасуындағы ролі | Кейс |
| 4 | Сырдария бойындағы қалалар | Эссе |
| 5 | Қаратаудың солтүстік беткейіндегі және Сайрам | Кейс |
| 6 | Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер | Реферат |
| 7 | Қалаларда дәстүрлі қолөнер түрлерінің дамуы | Баяндама |
| 8 | Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы | Реферат |
| 9 | Ашық аспан астындағы мұражайларға ұйымдастырылған экскурсиялардың педагогикалық әлеуетін Қазақстанның орта ғасырдағы тарихын қалпына келтіруге жан-жақты пайдалану | Баяндама |
| 10 | Ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлар туралы археологиялық деректердің қалыптасуы | Эссе |

*4.Оқу практикасы аясында.*

Болашақ тарих мұғалімдерін оқытудағы оқу практикалары ЖОО-да оқу үрдісін ұйымдастырудың жалпы стратегиясын, білім алушыларды кәсіби даярлаудың негізгі бағдарламаларының мазмұнын және кәсіби бағытын (мысалы, тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші) ескеру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылар үшін жоғары оқу орнында білім алу барысында ұйымдастырылатын оқу практикасында экскурсияларға барудың маңызы зор. Экскурсиялар барысында білім алушыларға таныстырылатын археологиялық жәдігерлер мен мұражай экспонаттарының орасан зор танымдық-тәрбиелік әлеуетімен қамтудың маңыздылығы жоғары екендігін байқаймыз. Ашық аспан асты мұражайларға экскурсияның оқыту тәжірибесінде төрт түрі белгілі, олар: танымдық, білім беру, дамытушы және тәрбиелеуші.

*Танымдық экскурсия* – мұражай жайлы жалпы мағлұмат беру мақсатында ұйымдастырылады. Экскурсия барысында мынадай мәселелер қарастырылады:

- ашық аспан асты мұражайға айналған ортағасырлық қала жайлы жалпы мағлұмат алу;
- Мұражайдың тақырыптық-экспозициялық жоспарына енетін археологиялық ескерткіштермен танысу;
- мұражай экспозициясының негізгі бөлімдерімен танысу;
- Ашық аспан асты мұражайының жекелеген маңызды экспонаттарымен танысу;

Аталмыш экскурсия барысында тек маңызды деген тақырыптар жайлы сөз қозғалып, қосалқы мәселелер назардан тыс қалады. Танымдық экскурсия бар білімді кеңейту мақсатында ағартушылық сипатта өткізіледі.

*Білім беру экскурсиясы*– әрбір экскурсия барысында білім беру мақсаты жүзеге асырылғанымен, бұл типтегі экскурсияда оған басымдылық беріледі. Білім беру экскурсиясы әлеуметтік жіктелуі алуан түрлі және әртүрлі жастағы көрермендерге арналып, басты мақсаты ұсынылған тақырып жайлы білімді кеңейту. Мәселен, «Ортағасырлық қалалар тарихы» атты тақырыпты экскурсия жоспарына енгізер болсақ, онда мынадай міндеттер жіктеледі:

1. Ортағасырлық қала қандай бөліктерден тұрады?
2. Ортағасырлық қалалардағы керамикалық шеберханалар қаланың қай бөлігінде орналасты?
3. Дәстүрлі қолөнердің қандай түрлері дамыды, олардың үлгілерімен таныстыру
4. Архитектуралық ескерткіштер жайлы толық мағлұмат алу

Аталмыш міндеттер білім беру экскурсиясы мен дамытушы экскурсияның бірлесе жұмыс жасауына да мүмкіндік береді. Мәселен, дәстүрлі қолөнер түрлерін қарастырғанда, керамикалық бұйымдардың жасау технологиясы мен оны жасауда қолданылатын шикізат түрлері жайлы сөз болады, онда керамика жайлы білімді тереңдетіп қана коймай, сонымен қатар қолданылатын шикізат түрлері жайлы кеңірек мәлімет алуға мүмкіндік береді.

*Дамытушы экскурсия* мұражай экспозициясымен жұмыс жасауда оның мазмұны мен методикалық ұстанымдарына ерекше назар аударады. Мысалы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайдың құрамдас бөлігі болып табылатын «Түркістан тарихы» мұражайына жасалатын экскурсияны қарастырайық.

Мұражай экспозициясы мұражайға келушіге археологиялық ескерткішті көрсетудің ерекше құралы. Археологиялық жәдігерлер мен ескерткіштерді экспозицияға біріктірудің қағидалары мынадай:

– тарихи құндылығы – экспозиция тарихи және мәдени құндылығы жоғары бұйымдардан құралған;

– ғылымилығы мен бір идеяға бағынуы – экспозицияның өз тұжырымдамасы болады және ол белгілі бір мақсат-міндеттер аясында құрылады

– кері байланыстың орнауы – экспозицияны көрушінің шығармашылық қабылдау мүмкіндігі ескеріледі.

– қолжетімділігі – экспозиция деңгейі қоғам мен ортаның танымдық деңгейіне негізделеді.

Аталмыш қағидаларға сәйкес біріккен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайдың құрамдас бөлігі болып табылатын «Түркістан тарихы» мұражайының экспозициялық жоспары 8 бөлімнен құралған [212].

«Түркістан тарихы» мұражайының экспозициясымен танысқан әрбір келуші танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандырып, экспозицияның басты мақсатын анықтауға, яғни, ежелгі Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихы жайлы толыққанды мәлімет алуға мүмкіндік жасалғанын көреміз. Мұражай экспозициясы тұтас идеяға біріккен логикалық байланыста жасалып, тарихи сабақтастық пен хронологиялық мерзімдеуде біріздділік сақталғаны байқалады.

Мұражай экспозициясымен кеңірек танысуға мүмкіндік беретін бірден-бір маңызды құжат тақырыптық экспозициялық жоспар болып табылады. Тақырыптық экспозициялық жоспар (ТЭЖ) мұражай экспозициясын құру үшін топтастырылған экспозициялық материалдың құрамы көрініс тапқан мұражай құжаты. Тақырыптық экспозициялық жоспарда экспозиция бөлімдерінің, тақырыптарының, тақырыпшаларының, тақырыптық кешендерінің аттары көрсетіледі, сонымен қатар бастапқы мәтіндер, алғы сөздер, экспонаттар жайлы маңызды мәліметтер жинақталған тізімі, сақталған орны мен шифры жазылады. ТЭЖ – құрылатын мұражайдың жұмыс жасау жанры, бағыт-бағдары және оған сәйкес экспонаттар жинақталып біткеннен кейін жасалады. ТЭЖ жасау барысында оның нақты қандай бөлімдерге бөлініп, мұражайға келушілерге қандай туристік маршруттар ұсынатындығы толықтай жоспарланып қойылуы қажет. Мұражай экспозициясын ТЭЖ арқылы тану барысында археологиялық жәдігерді көрсетудің тәсілдері мен туристік маршруттары қалыптасады, оған сүйене отырып, мұражайға келуші экспонат жайлы толық әрі кешенді мағлұмат алуына жағдай жасалады. Мұражайлардың тақырыптық-экспозициялық

жоспары ұлттық тарихи сана қалыптастырудың бірден-бір жолы десек қателеспеспіз. Мәселен, Түркістан қаласының тарихи өзегі болып табылатын қорғау аймағын зерттеу, қалпына келтіру жөніндегі кешенді бағдарлама аясында ұлттық тарихи сана қалыптастыру мақсатымен «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» құрылымы кеңейтіліп, қазіргі кезде қорық-мұражайдың құрамында 8 мұражай жұмыс істейді.

Тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы мұражай экспозициясында барынша көрнекілікпен танылады. Осы мұражайлардағы терихи деректердің қолданбалық бағдарлылығының тарихи білімді тереңдетуге жасайтын ықпалын көрсету мақсатында*«Түркістан және оның аумағындағы тарих жауһарлары»* атты туристік маршрутты ұйымдастыру жолдарын үлгі ретінде ұсынуды жөн көрдік.

**№ 2 туристік маршрут –Түркістан және оның аумағындағы тарих жауһарлары** (Сурет А1)

**Маршрут түрі:** Оралмалы

**Маршрут қиындығы:** Орташа

**Категориялар:** Рухани-тарихтық, археологиялық туризм

**Маршрут мақсаты:** Түркістан қаласын рухани астана статусына көтеруге негіз болған сәулет өнері және археологиялық ескерткіштерімен танысу, мол тарихи-мәдени мұраны қоғам игілігіне айналдыру, жеке тұлғаның рухани мәдениетінің жоғарылуына жағдай жасау.

**Экскурсия түрлері:** танымдық, білім беру, дамытушы, тәрбие беруші

**Жалпы сипаттама.** Ортағасырлық Түркістан қаласы цитадель, шахристан және рабадтан тұрады. Солтүстік және батыс бөлігінде мұнара мен қабырға қалдықтары сақталған. Фортификациялық жүйенің мықтылығынан хабар беретін қаланы айналдыра қоршаған қабырғаның ұзындығы 3 км-ге жуық. Қазақ хандығының астанасы болған қалада адамды рухани тазалық пен жан тыныштығына жетелейтін мешіттер мен зиярат жасауға болатын [213] діни құрылыстар өте көп. «Әзірет Сұлтан» мемлекетік тарихи-мәдени қорық мұражайы басшылығымен «Мәдени-мұра» аясында Түркістан қаласын туристік қалаға айналдыру мақсатында бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізілді. Атап айтсақ, Түркістан қаласында орналасқан Әбілманбет ханның қысқы ордасы немесе қыстауы қосымшада көрсетілгендей (Сурет А2), осы аталған хан ордасының көшелері (Сурет А3), Мүсәлла, Тәкия, Жеті-ата қақпаларында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді

Түркістан қаласында архитектуралық ескерткіштердің санының көптігінен қала жайлы бөлек туристік маршрут енгізуге мүмкіндігін береді. Мәселен,

**«Түркістан - рухани астана» тақырыбында**

- ежелгі Күлтөбе қаласы
- ортағасырлық Түркістан қаласы
- Қожа Ахмет Ясауи кешені (Сурет А4)
- Есімхан кесенесі (Сурет А5)
- Рабия Сұлтан бегім кесенесі (Сурет А6)
- Қылует жер асты мешіті

- ортағасырлық монша (Сурет А7)
- Құмшық ата жер асты мешіт мұражайы
- Түркістан тарихы мұражайы
- Әл-Қожа ата кесенесі
- Гауһар ана кесенесі
- XVIII-XIX ғғ. қала көшелері – ашық аспан астындағы мұражай (Сурет А8)

Осы ескеркіштердің ішіндегі өзінің сәулетімен көз тартатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мешіт, ханака, медресе, кесене сынды діни құрылыстарын, олардың қызметтерін сәулетшілердің бір ғимаратқа біріктіре білген аса ірі кешені. Оның құрамында аумағы әрқилы ұзын-саны 34 бөлмесі бар. Оңтүстіктен шығысқа қарай бір жіпке тізілгендей алып портал өзінің өлшемімен көз тартады, ғимараттың орталық залында қазандық және әулие қабырханасы орналасқан. Орталық залға және қабырханаға бүйірінен шығыс пен батыстан бөлмелер қосылған. Орталық залдың бұрыштарынан ғимаратты сегіз бөлікке бөлетін екі қабатты сегіз дәліз жапсырылған. Жоспарда құрылыстың жалпы ауданы 65,5 х 46,5 м. Жеке құрылыстардың кешені орнына жеке-дара зәулім қоғамдық ғимараттың пайда болуы өз заманында сәулет өнерінің дамуында айтулы жаңа қадам болды [214].

Сәулетті кешен - кесененің бас (оңтүстік) кіре-берісі орналасқан маңдай беті - пештак салтанатты портал үлгісінде сомдалып және ол ғимараттың басқа бөлігінен 20 м жоғары етіп жасалған. Бас портал ойығының ені 18,2 м. Пештактың ғимараттың негізгі бөлігінен биік, үстем болуы ғимараттың сәулеттілігін айқындап отырады. Бұрын М.Е.Массонның көрсетуінше, екі шеткі шағын бөлмелер арқылы енетін есіктер әдетте жабық болады екен. Ал келген адам ғимарат ішіне аса шеберлікпен жасалып сүйектелген, үш деңгейлі аса әсем ою-өрнек түскен, күмістелген, һәм алтын жалатылған қола алқасы бар орталық ағаш есік арқылы жіберілген [215]. Косымшада көрсетілген бас есік (Сурет А9) табалдырығын аттай отырып келуші бірден ғимараттың орталық залына тап болады. Бұл әр қыры 18,5 м шаршы зал аса зәулім етіп жасалған. Қазан тұрғандықтан кесененің орталық бөлмесі қазандық (Сурет А10) деп аталған. Қазандыққа шығыс пен батыс жақтардан бірінші және екінші қабаттарда шағын құжыраханалар - тұрғын бөлмелер жапсарлас етіп салынған. Қазандық Орта Азия мен Қазақстан аумағында ең үлкен күмбезбен көмкерілген. Күмбез жасыл түсті сырлы қышпен қапталған. Төбесіне қарасаң басың айналатын қазандық бөлме күмбезінің ең жоғарғы нүктесі жер деңгейінен 39 м биіктікте орналасқан. Күмбез ішкі жағынан бедерлі сталактиттермен безендірілген, XX ғ. басында олардың бетінде боялған өрнек іздері анық байқалатын болған. Орталық залдың байырғы мозаикалық панелінің бір бөлігі тек қазандықтың солтүстік ойығында ғана сақталған. Қабырханаға апаратын есіктің қабырғасында кашиннан құрастырылған жоғарғы бөлігі үшжапырақ болып аяқталатын дөңгелек, солтүстік ойық қырларында - гүл іспетті медальондар сақталыпты. Панельдің негізгі бөлігі көк түсті алты қырлы сырлы қаптамалардан құрастырылып, мозаикалық бордюрімен қоршалған. Л.Ю.Маньковскаяның пікірінше,

«композициялық талғампаздығы жағынан бұларға пара-пар келетін панельдер сол кездегі самарқандық ескерткіштерінде де жоқ» [216]. Қабырғаның төменгі бөлігінде өсімдік өрнек түскен құмтастан жасалған белбеу өтеді. Қазіргі кезде қазандықтың солтүстік ойығында, қабырханаға апаратын есік алдында қоладан сомдалған лаухасы бар ұзындығы 8 м шамасындағы ту сабы сүйеліп тұр. 1885 ж. кесенеде болған Н.И.Веселовскийдің жазбаларына қарағанда, «есік үстінде қырынан қойылған, ұзындығы төрт саженьнен де көптеу болса керек, жасыл жалау тұр» [14, с.26].

Солтүстік ойық ортасындағы оюлы өрнек түскен, сүйектелген XIV ғасырдың ағаш есігі қазандықты қабырханамен жалғап тұр. Есік жақтауы темір қаңылтырмен қапталып, бетіндегі созыңқы нақыштар ішіне алтын әріптермен Құран мәтіндері жазылған. Есік үстіне бетіне жазу түскен тас тақта орнатылған. Қожа Ахмет Ясауи қабірханасы бір жағы 7,15 м шаршы бөлме. Қабырғаларының орта тұсында терең емес ойықтарының жоғары бөлігі қазандықтағыдай оймышты сталактиттермен безендірілген. Реставрациялық жұмыстар барысында қабірхана күмбезінің астында орналасқан сылақ бетінде бояулы ою-өрнек пен эпиграфика қалдықтарының бары анықталды. Қабырғалардың төменгі бөлігінде алты қырлы жасыл түсті сырлы қыштармен қапталған панель бар [217]. Ең қызықтысы, көне кашинды қаптамаларда қабырғаға тіке қарағанда көрінбейтін, бірақ қырынан қарағанда байқалатын орта бөлігінде өсімдік өрнекті медальон мен шетіне жақын сызықшалар бар. Панель мозаикалық бордюрмен қоршалып, бұрыштары жылтыр қою көк ұстыншалармен қапталған. Қабырғаның төменгі жағында өсімдік өрнек түскен тас белбеу өтеді. Қабірхана еденінде ауданы 4,7х3,8 м, биіктігі 46-48 см күйдірген кірпіштен төртбұрышты орын жасалған. Оның шығыс жағында, қабырхананың нақ ортасында Қожа Ахмет Ясауидің текпішекті үстіңгі бөлігі шағын арка іспетті болып аяқталатын құлпытасы тұр. Оның беті жылтыр, ақ, сары және қара жолақтары бар түсі бозғылт жасыл серпентинит тақталарымен көмкерілген. Құлпытастың 1,05 х 2,94 м іргесі биіктігі 14 см қысқа жағы - 1,2 м, ұзын жағы - 3,1 м ағаш кесінділермен бекітілген. Бұрыштар әшекейлі темір қапсырмалармен бекітілген. Құлпытастың жалпы биіктігі 1,85 м, кейбір бөліктері оймыштап өрнектелген. Құлпытастың шығыңқы бөлігіне сталактиттер үлгісіндегі өрнек түскен, солтүстік бұрыштары бұрама бағаналармен, оңтүстік бұрыштары цилиндрлік бағаналармен әшекейленген. Бұрын құлпытас үсті арнайы маталармен көмкерілген болатын. Олардың арасында, өрнектерінің ерекшеліктеріне қарағанда XV ғасырға жататын мата үлгісінде жазулар ізі сақталған. Құлпытасты айнала қола шырағдандар (олардың бір бөлігі Темірдің кесенеге сыйға тартқандары) қойылған. Қабірхана ішіндегі төртбұрышты көтерменің оңтүстік-батыс бөлігінде Қожа Ахметтің әйелі мен ұлы Ибраһимшах қабірлері орналасқан.

Бөлме үстіне екі қабат күмбез орнатылған. Ганчтан жасалған өрнекті әшекей қабырхана төбесін жауып тұрған төменгі күмбезді жасырып тұр. Сырттай қабырхана төбесіне биік барабан үстінде тұрған сәнді көп қатпарлы (52 қатпар) күмбез орнатылған. Қожа Ахмет Ясауи қабырханасының сыртқы

күмбезінің диаметрі 10 м. Қабырханаға солтүстіктен байырғы заманда жоғары лауазым иелері кірген көркем безендірілген Мұхаммед Ханафийа деп аталатын портал жасалған.

Ғимараттың солтүстік-батыс бөлігінде крест тәрізді бөлме - мешіт орналасқан. Мешіт төбесі қосымшада көрсетілгендей қос күмбезбен көмкерілген (Сурет А11). Күмбезге шаршы негіз жасау мақсатында Орта Азия сәулет өнерінде алғаш рет қиюластырылған аркалар жүйесі пайдаланылған. Сталактиттермен әшекейленген күмбездің төменгі белдемшесінде он алты терезе жасалған. Терезелерден түскен жарық желкендермен ойықтардың жапсырма әшекейлеріне түсіп отырады. Мешіттің бас есігі «жолбарысхана» дәлізінде орналасқан және оның ойығының жоғары бөлігі ганч сталактиттермен әшейленген.

Мешіттің батыс қабырғасының ортасында мозаика тәсілімен жасалған тамаша михраб бар. Михрабтың П-үлгісіндегі жақтауында, маңдайшасында және сталактиттік төрт ойықшада жазулар орналастырылған (Сурет А12). Әйнектелген панельдің мозаикалық шетінде ескі алтынмен аптау іздері сақталған. М.Е.Массон жазуларына қарағанда жұма намаздан кейін мешіт ішінде дәуріштер зікір салып, Ахмет Ясауи «Хикметінен» үзінділер оқыған. Мұны көзбен көрген орыс және европалық саяхатшылардың жазуынша зікірді тамашалауға орасан көп халық жиналған. Мешіт бөлмесі «жолбарысхан-хана» дәлізі арқылы кітапханамен және ғимараттың орталық залы - қазандықпен байланысады.

Қабірхана мен мешіт арасында зияратхана деп аталатын дәліз орналасқан. Мұнда зиярат жасауға келгендердің басым бөлігі әулие жатқан орынды көруге мүмкіншілік алған. Зияратхана мен Ахмет Ясауи бейіті жатқан қабірхана арасын есік ойығына қойылған қосымшада берілген суретке сәйкес ағаш тормен (Сурет А13) ғана бөлініп тұр. Бұған ұқсас дәліз қабырхананың шығысында да бар. Екі бөлме төбесі де Орта Азияның ортағасырлық ескерткіштерінде өте сирек кездесетін крест үлгісіндегі жабумен өрілген. Л.Ю.Маньковскаяның пікірінше, «осы шатырлар ғимарат құрылысшысының ойлап тапқандарының ең озығы және ол басқаларға ұқсамайтындығымен ерекшеленеді» [213, с.107]. Ғимараттың солтүстік-шығыс бөлігінде Үлкен Ақсарай және оған қарама- қарсысында Кіші Ақсарай орналасқан. Бөлмелердің осылай аталуы олардың түсіне емес, XVI-XVIII ғасырларда Түркістанда қазақтың Ұлы жүз бен Орта жүз хандарының ордалары орнығып, аталған бөлмелердің түрлі салтанаттар үшін пайдалануымен байланысты болғанын Т.К.Басенов көрсетті [218]. Үлкен және Кіші Ақсарай залдарының жоғарғы қабаттарында жүріп тұруға болар өтпелі дәліздер жасалған.

Ғимараттың оңтүстік-батыс бөлігінде «халім» немесе В.А.Гордлевский бойынша «атала көже» деп аталған рәсім-жоралық тағам дайындайтын халімхана, яғни асхана орналасқан [219]. Бөлмеде екі қазан орналасқан ірі пеш құрылған. Мұнда осы уақытқа дейін сақталып келген «шара» деп аталатын үлкен ағаш астау ішіне «атала көже» құйылып, астауды төрт кісі көтеріп, қазандық бөлмесіне жеткерген соң кедей-кепшік пен зияратқа келгендерге

үлестірілген. Ғимараттың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан үлкен күмбезді бөлмеде құдық болғандықтан құдықхана деп аталыпты. Кесененің маңдай бетінің құрылысы аяқталмай қалды. Пештак пен мұнаралардың төменгі бөлігі тікбұрышты өрнекті майоликалық панно қойылуға дайындалған күйінде қалған. Пештак қуысында құрылыс барысында пайдаланған ағаш «есектер» сол күйінде қалған. Ғимараттың үш - шығыс, батыс және солтүстік фасадтары ғана әшекейленген. Олар кең түрде эпиграфика қолданылған геометриялық және өсімдік өрнектермен айшықталған. Әсіресе, майоликалық және мозаикалық нақыштар солтүстік порталда көп шоғырланған. Олардың портал үстінде қалықтап тұрған қатпарлы күмбезбен көршілес тұруы - бұл кесененің сыртқы келбетіндегі ең сымбатты және ою-өрнек шоғырланған орын етіп тұр.

Өзінің архитектуралық үйлесімділігімен көз тартатын келесі құрылыс Түркістандағы монша да біз қарастырып отырған кезеңнің көрікті құрылысы (Сурет А14). Ол да пошымы шаршы күйдірген кірпіштен соғылған көп күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Ортадағы күмбез үлкен, оның айналасындағылары шағын болып келеді. Ғимараттың фасадтары өрнектелмеген, саны тоғызға жететін әртүрлі көлемді бөлмеден тұрады. Жуынатын негізгі бөлме 8 қырлы, ортасында сегізқырлы қыш сыпасы бар [220] (Сурет А15). Жуынатын бөлме алды бөлме «балхи» күмбезімен көмкерілген. Ішкі шағындау бөлмелерде ыстық пен суық су резервуарлары орналасқан. «Ыстық» бөлмесінде массажға арналған жалпақ сыпа бар. Ғимараттағы сыпа мен еден 1,5 х 0,8 м мәрмер тақтайшалармен көмкерілген. Еден асты түтін жүріп жылытатын канал - кендермен жасақталған. Олар қазан жылытатын ошақтан шығып сегіз қырлы орталық бөлмедегі сыпа астына барады да сол жерден басқа бөлмелердің астындағы еден астына тарайды [221].

Туристік нысан ретінде тартымды объектілердің бірі ретінде Түркістан қаласы көшелерінің XVIII-XIX ғғ. көрінісін қалпына келтірген мамандар шығыс қақпадан бастап, қосымшада көрсетілгендей Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне дейін жалғастырған (Сурет А16). Келуші көрермен ортағасырлық қала тұрғындарының бір қырымен танысу оны ерекше бір сезімге бөлейді, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігі жайлы кеңірек мәлімет алуға көмектеседі. Ортағасырлық қала кейпіндегі ашық аспан астындағы мұражай экспозициясында тұрғын үй интерьерінің ішкі көрінісі толық бұрынғы қалпына келтірілген, астық сақтайтын қамбалар, бастырмалар, хумдар, құмыралар мен көзелер мұражай экспозициясының мазмұнын аша түскен. Ортағасырлық көше бойлай жүрген көрермен архитектуралық үйлесім тапқан ғимараттар әсерінен өзін ерекше әлемге тап болғандай сезінері анық.

Аталмыш архитектуралық ескерткіштердің барлығының дерлік композициялық ауқымдылығы, пропорциялық өлшемнің дәлдігі, құрылымдық шешімінің ұтқырлығы, бұған қоса, мейлінше бай безендірілуі мұражайға келуші рухани құндылықтарды танып, отан тарихының әлем тарихындағы орнын айғақтауға, ұлттық тарихи сананың орнығуына бірден-бір септігін тигізері анық.

Экскурсияның негізгі мақсаты археологиялық ескерткіштер жайлы толық мәлімет алуға жағдай жасайтын қабылдау қабілеттерін дамыту. Тұлғаға қажетті қабілеттері мен психикалық қасиеттердің дамуынсыз шығармашылық мәліметтердің игеру, археологиялық ескерткіш жайлы білім жинақтау, оның тарихы жайлы терең зерттеулер жасауға жол ашылмайды. Атап айтқанда, ең алдымен жеке тұлғаның бақылау мен бағдарлау қабілеті, матеиалды әсерлі қабылдау, талдау өз бақылауларын жинақтап салыстыру дағдылары жоғары деңгейде дамуы қажет. Мұнда сонымен қатар түсті, өлшемді, ритм мен фактураны сезу, эстетикалық қабілеттерді де жатқызуға болады. осылайша дамытушы экскурсияны тарихты толыққанды зерттеуге бағытталған әрекеттердің бастапқы кезеңі ретінде қарастыруға болады.

Бастапқы кезеңде педагогикалық бағыттылығы жоғары бұл оқыту кезеңінде маңызды деген келесі міндеттер жүктейді:

– тарихи-мәдени ескерткіштер мазмұнын білуге деген эмоциональды ықыластылықты қалыптастыру;

– археологиялық ескерткіштен көрген және білген мәліметтерін талдау қабілетін қалыптастыру, өз бақылаулары мен ой-пікірлерін салыстыра отырып, қорытынды жасау;

– шығармашылық қиялдың дамуы;

– эстетикалық қабілеттерді дамыту;

– өз ойын, сезімдерін, пікірлерін сөзбен жеткізе алу қабілетін дамыту;

*Тәрбиелеуші экскурсия* мақсаты жеке тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен танымдық белсенділігін арттыру болып табылады. Әрине кез келген экскурсия тәрбиелік мазмұн элементерін қамтиды. Алайда тәрбиелеуші экскурсия келесі міндеттер негізінде жұмыс жасайды:

– танымдық белсенділігін қалыптастыру;

– қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

– зейін салуға тәрбиелеу;

– мұражай мәдениетін қалыптастыру [222];

Тәрбие міндеттері сәтті жүргізілуі үшін оқытудың дамытушы мазмұнда жүзеге асуы маңызды. Эмоциональды ықыластылық, ассоциативті ойлау, когнитивті қабілеттер мен қиял тәрбиелік жұмыстардың тиімді жұмыс жасауына көмектеседі, психолог С.Л.Рубинштейннің айтуынша «субъектінің сыртқы ықпалына жоғары деңгейдегі алғырлықты қалыптастырады» [222, 256-257 бб]. Тәрбие беретін және дамытатын міндеттердің бірлесіп жүзеге асуы жеке тұлғаға қажетті қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл экскурсия түрін жалпы білім беретін мектептің барлық сынып оқушылары мен ЖОО-ның білім алушыларына қолдануға болады, өйткені, көненің көзіне айналған археологиялық жәдігерлермен тікелей қатынас жасау орнықты адамгершілік және эстетикалық критерийлердің қалыптасуына жағдай жасап, ұлттық тарихи сананың қалыптасуына жол ашады.

Қазақстанның оңтүстік бөлігі ежелден-ақ мәдениеті өрге өрлеген аймақтардың бірі. Оның ішінде ортағасырлық қалалар бұл дамудың тірегі болған. Орта ғасырдағы қалалар қазақ елінің әлеуметтік-саяси, шаруашылық,

этникалық жәие мәдени дамуының орталықтары болғаны белгілі. Оңтүстік Қазақстан тарихи-мәдени ескерткіштерашық аспан асты мұражайға айналдыру аясында аталмыш машруттарды ескере отырып, қазіргі таңда бұл аймақта тарихи-өлкетанушылық, келешекте энтотуризм салаларын дамытуға мүмкіндігі жетерлік.

Тарихи деректердің негізін құрайтын археологиялық деректерді оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың бірнеше жолы бар:

*біріншіден*, тарихи зерттеу нысанына айналған археологиялық ескерткіштер – ортағасырлық қалаларды ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру,

*екіншіден*, аталмыш құрылған ашық аспан астындағы мұражайлардың педагогикалық әлеуетін ашу мақсатында тақырыптық экспозициялық жоспарын ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану мүмкіндігі жоғары болатындай етіп ұйымдастыру,

*үшіншіден,* ашық аспан астындағы мұражайларға айналу мүмкіндігі жоғары ортағағасырлық қалаларға болашақ тарих мұғалімдері үшін оқу практикалары барысында экскурсиялық маршруттар ұйымдастыру.

Отан тарихындағы өзекті мәселелер жайлы білімін тереңдету әрбір адамның өз Отанына деген мақтаныш сезімін оятып, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қамқорлықпен қарайтын ұлтжанды тұлға болып қалыптасуына жетелейді. Қазіргі кезде қоғам алдындағы өзекті мәселе ұлтжанды ұрпақ қалыптасуының бір белгісі де бойына туған елі мен жерінің рухани және материальдық мәдениет құндылықтарын сіңірген адам екендігі анық. Ал материальдық мәдениет көненің көзі мен тарихтың тірі куәгерлері аталған археологиялық деректер негізін құрайтын ортағасырлық қалалар мен археологиялық жәдігерлерді оқып-танымай толық сипатқа ие болмайтындығы белгілі.

Археологиялық деректер негізін құрайтын жәдігерлер мен ортағасырлық қалаларды оқып-тану отан тарихының бір бөлігі деп қарастырылады. Алайда, адамдардың физиологиялық ерекшеліктері алған мәліметтерді қабылдау, ойлау, бағалауды тең дәрежеде жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан адамдарды археологиялық жәдігерлер және ортағасырлық қалалармен таныстырмас бұрын, мына мәселелер ескерілуі керек:

– отан тарихының өзекті тақырыбы ретінде ортағасырлық қалаларды тануға деген қызығушылықтың туындау дәрежесі;

– тарих пен өнер мазмұнын жеке тұлғаның немесе экскурсия ұйымдастыруға жоспарланған топтың игеру дәрежесі;

– тарихи ескерткіштердің зерттелу, сақталу дәрежесі мен әлеуеті;

Соңғы жылдары осы бес белгімен қатар археологиялық ескерткіштерді мұражайландыру мен болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда пайдалану мүмкіндіктері тарихшылар, мұражай қызметкерлері мен педагогтар арасында кеңінен талқылануда. Сұрыптау мен сараптаудан өткен археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлерді болашақ тарих мұғалімдерінде ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда келесі түрде қолдану жолдары ұсынылады, мәселен:

1. Ашық аспан астындағы мұражай. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген ортағасырлық қалалардың барлығын дерлік келешекте ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру жоспары болғанымен, әлі күнге дейін осы типтегі мұражай жасақталмаған. Тек Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи кесене кешенінде толық қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң, қорық-мұражайдың құрылымына енген мұражайдың бірі «Ашық аспан астындағы мұражай» болып ашылды

2. Қорық-мұражайлар ұйымдастыру.

3. Археологиялық парк құру.

4. Археологиялық ескерткіштер

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне айналған ортағасырлық қалаларға туристік маршруттар жоғарыда аталған экскурсия ұйымдастырудың барлық түрлерін қамтиды [223].

Бұл тармақшада Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлығын жетілдірудің мазмұнын айқындауда басшылыққа алынатын дидактикалық ұстанымдар іріктеліп, әдіс-тәсілдері қарастырылды. Сонымен қатар, нақты қолданбалық білімді оқытуда оқу материалын меңгерудің деңгейлері қарастырылды.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын жетілдірудің әдіс-тәсілдері арнайы қарастырылды. Нәтижесінде «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні бойынша тәжірибелік сабақтарды тиімді оқыту әдістерін қолдану арқылы ұйымдастыру; пән тақырыптары бойынша алынған білімдерді толықтыру, кеңейту мақсатында өзіндік жұмыстар орындауда; оқу практикасы аясында; ашық аспан астындағы мұражайларға айналу мүмкіндігі жоғары ортағағасырлық қалаларға болашақ тарих мұғалімдері үшін оқу практикалары барысында экскурсиялық маршруттар ұйымдастыру сияқты оқу түрлерінде тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың тиімділігіне көз жеткіздік. Келесі тармақшада Қазақстанның орта ғасыр тарихы оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту әдістемесін ұсынамыз.

### 3.2 Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыта оқытудың құралдары және оны пайдалану

Болашақ тарих мұғалімдеріне білім беруде Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыта оқыту технологияларын педагогикалық жобалау – дидактикалық тапсырмаларды шешумен қатар, мақсат етілген педагогикалық іс-әрекетті нақты әрекет әдісі жобасына жақындататын, бірқатар жүйелі кезеңдерді іске асыруға бағытталған, оқытушының бірнеше сатыдан құралған құрылымды күрделі іс-әрекеті. Оқытуды алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған педагогтың білім алушылармен реттелген өзара әрекеті ретінде қарастыруға болады. Оқу үдерісінде білім алушылар ғылыми білімдер жүйесін, тәжірибелік білік пен дағдыларды, оқыту мазмұнын құрайтын қызмет ету мен ойлау әдіс-

тәсілдерін игеруі керек. Оқу үдерісінде меңгерілген білім, білік, дағдылар жүйесі білім алушының білімінің негізін құрайды. Осылайша білім мазмұны қоғамның ағымдағы және келешектегі қажеттіліктерін анықтайтын, яғни әлеуметтік тапсырыспен білім мақсаттарының (оқытудың) өмірде жүзеге асуы болып табылады.

Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәні бойынша оқу бағдарламасын, ЖОО-ның жеке сабақ түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды талдау, пәннің мазмұнын игеруі үшін, нақты білімдер алып, оны кәсіби іс-әрекетте пайдалануды үйренуі үшін оқытушы өзінің алдына қойған мақсатына жетуге тырысады. Нәтижесінде Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқу үшін болашақ тарих мұғалімдеріне тән төрт типтік мазмұн бөліп көрсетілді.

1.Қарастырылған мазмұн арқылы мақсатты анықтау: «жаңа материалға кіріспе», «негізгі ұғымдарды белсендіру», «мазмұнды қарастыру және іздестіру арқылы оқыту». Бұл жерден көріп отырғанымыздай мақсат оқыту материалдарының мазмұн саласын анықтайды.

2. Оқытушы іс-әрекеті арқылы мақсатты анықтау: «болашақ тарих мұғалімдерін жаңа тарихи қолданбалық бағдарланған материалдармен таныстыру», «қолданбалық бағдарланған материалдар мазмұнын жүйелеу» және т.б.

3. Болашақ тарих мұғалімдерінің зияткерлік және кәсіби дамуының ішкі үрдістері арқылы мақсат қою: «жүйелік дағдыларын дамыту», «сабақ айту және түсіндіру саласындағы шеберлігін дамыту» және т.б. Мұндай құрылымдауда пән деңгейіндегі жасалған білім беру мақсаттарынан көруге болады.

4. Болашақ тарих мұғалімдерінің оқу іс-әрекеті арқылы мақсат қою: «пәндік тапсырмалар мен тесттерді орындау» және т.б. Бір қарағанда оқу мақсаттарын бұлай құрылымдау сабақты жоспарлау және өткізуде нақтылық көрсетеді.

Оқыту әдісі дәстүрлі анықтамада [224] оқыту мақсатын іске асыруға, немесе білім алушылардың танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен оқыту міндеттерін қамтамасыз ету үшін оқытушының іс-әрекеттерінің мақсатқа бағытталған жүйесі деп анықталған. Нақты пән бойынша оқыту іс- әрекетін ұйымдастыру тәсілі деңгейінде әдіс нақты мазмұндалады. «Әдіс» (грек тілінде methodos) терминінің жалпы теориялық түсіндірмесі – қандай да бір мақсатқа жету; нақты міндетті шешу; тәсілдердің немесе операциялардың, нақтылықты тәжірибелік немесе теориялық меңгерудің тәсілі. Ал оқыту әдісін білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі ретінде тұжырымдауға болады. Тақырыптарды оқыту аудиториялық сабақтарда іске асырылды (лекциялар, тәжірибелік сабақтар) және аудиториядан тыс іс-шаралар (конкурстар, тақырыптық диспуттар, экскурсиялар және т.б.). Оқыту тиімділігін арттыру мақсатында оқытушылар түрлі әдістемелер мен технологияларды қолданады. Соңғы жылдары білім алушылардың оқу үрдісінде өзара қарым-қатынас белсенділігін арттыру әдісін тәжірибелі мұғалімдер кең қолдануда. Яғни жұппен, топпен тарих сабақтарында өз беттерінше жұмысты орындау дағдыларын қалыптастыру.

Нақты пән бойынша оқыту әдісі, оқыту әдістемесі «қалай оқыту қажет?» сұрағына жауап беріп, өзінің белгіленуі бойынша осы үдерісті оңтайландыруды қарастырады. Сонымен қатар ЖОО-да тарихты оқытуда сабақты сапалы деңгейде өтілуіне, білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарын, тәжірибелік іс-әрекеттерін тиімді қолдануға көңіл аударуда.

Болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау олардың кәсіптік білімі мен шығармашылық қабілеттілігіне, білім алу біліктілігі мен дағдысына жаңа талаптар қойып отырғаны белгілі. Демек, болашақ тарих мұғалімінің білімі ұдайы толықтырылып, жетілдіріп, рухани даму дәрежесі үнемі артып отыруы қажет. Осы бағытта біз болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихын дамыта оқыту құралдары мен оны пайдалануға тоқталар болсақ:

***I. Білім алушылардың орта ғасырдағы қалалар тарихына қызығушылықтарын арттыру.***

Тұлғаның қалыптасуында маңызды түрткі болып есептелетін бұл педагогикалық және психологиялық тетікті, оқу үдерісінде пайдалану оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Тұлға қалыптасуының бір ерекшелігі ретінде адамгершілік сана-сезім, өзіндік санасының, өз әрекетінде дербестікке ұмтылу сияқты, сонымен қатар білім алушыға бұл кезде ұқсауға, еліктеуге лайық «өз кейіпкерін» іздеу секілді ерекшеліктер тән болады. Әрине ортағасырлық қалалар саяси жағдайы жайлы деректердің көпшілігі батырлар, хандар өмірі мен қызметіне тікелей байланысты болғандықтан, олар жайлы тартымды әңгіме ұлттық тарихи сана қалыптастыруға негіз болмақ. Бұл тұста оқушының ұлттық тарихи сананың қалыптасуының екінші деңгейіне тән белгілердің пайда болғандығын байқаймыз. Алайда, оқытушының оқу үдерісінде басты міндеті осы аталған сезімдерді өшіріп алмай, күнделікті сабақ барысында және қосымша тапсырмалар беру арқылы одан әрі ұштай түсуі қажет. Білім алушылар бойында қызығушылықты арттырудың бір-бір жолы ретінде – көзге көрінетін барлық объектілерді танып-білуге құмарлығы жоғары болуы, әрі оның түрі, түсі, көлемі, жасалған материалы, жекелеген заттардың қолдану ерекшеліктеріне байланысты жекелеген қалалар тарихына қатысты жекелеген мәселелер бойынша көптеген сұрақтар туындайды. Осы тұста ашық аспан асты экспозициясымен таныстыру барысында мұражай экспонаттарын өздері күнделікті қолданатын ұғымдармен салыстыра отырып түсіндіру қажеттілігі артады. Мәселен, тұрғын үй интерьерінде сыпа жайлы баяндағанда, оның қазіргі кереует немесе диван есебінде пайдаланылғандығын айту, таснауа–суағар қазіргі кездегі канализация қызметін атқарғандығы баяндау қажет. Сонда ғана тұрғын үй интерьеріндегі ерекшеліктер жайлы түсінік қалыптасатындығы байқалады.

Білім алушылар ашық аспан асты мұражайы экпозициясын қарай жүріп, тарихи фактілер туралы алғашқы түсініктер мен ұғымдар калыптастырып, солар аркылы жалпы экспозицияның мазмұнына салыстыру мен талдау жасауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, аудиториялық сабақ барысында алған теориялық білім мазмұнын жүйелей алуы ашық аспан асты мұражайда жүргізетін экскурсия тақырыбын кеңейтуге жағдай жасайды, білім алушыларға

экпозициядан немесе жеке экспонаттан алған әсерін ауызша түрде баяндау түрлеріне басымдық беру керек, мәдени құндылықтарды саналы түрде игеру дағдыларын қалыптастыруға мән беру қажет. Аталмыш сипаттағы экскурсияның жалпы мақсаты да ашық аспан асты мұражайды аралауға деген ішкі қажеттілікті, тарихи және мәдени құндылықтардың бір бөлігі ретінде мұражай заттарына ұқыпты көзқарас қалыптастыру [225], бір ауыз сөзбен айтқанда мұражай мәдениетін қалыптастыра отырып тарихи деректі тануға деген қызығушылықтың артуымен негізделеді. Яғни білім алушы үшін археологиялық деректің түр мен түсі, сипаты қосалқы мәнге ие болып, ендігі жерде оның мазмұны, атқарған қызметі, тарихи оқиғаның өрбуіне қаншалықты әсерінің бар екендігі басты назарға алына бастайды.

***ІІ. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық жекелеген қалалар тарихының ықшамдылығы мен мән-маңыздылығын ескеру.***

Қазақстанның оңтүстік бөлігі ежелден-ақ мәдениеті өрге өрлеген аймақтардың бірі. Оның ішінде ортағасырлық қалалар бұл дамудың тірегі болған. Орта ғасырдағы қалалар қазақ елінің әлеуметтік-саяси, шаруашылық, этникалық жәие мәдени дамуының орталықтары болғаны белгілі. Зерттеу жұмысына арқау болған ортағасырлық қала тарихына қатысты тарихи деректердің тарихи маңыздылығы, ақпараттылығы жоғары, атап айтқанда,

біріншіден, ортағасырлық қалалардың отырықшылық, суармалы егіншілік және қала мәдениеті орталығы болғанынан хабар беретін егін шаруашылығында пайдаланатын құрал-жабдықтардың табылуы, ирригациялық канал іздерінің анықталуы;

екіншіден, ортағасырлық Қазақстан қалаларында тұрғызылған фортификациялық жүйелер ондағы инженерия ғылымының жоғары дәрежеде дамығандығынан хабар береді. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалалары үш бөлікке бөлінген: цитадель, шахристан, рабад және олардың әрқайсысын қорған қабырғалар қоршаған;

үшіншіден, ортағасырлық қала тұрғындары тек егіншілікпен ғана емес, сонымен қатар қала көшелеріндегі қуыстарда мал өсіріп, қала сыртында да қоражайлары болған әрі қалалар территориясынан мал сүйектері табылған;

төртіншіден, Қазақстанның орта ғасыр археологиясында – мұсылман археологиясы деген бағыт қалыптаса бастады. Атап айтқанда, Сауран, Сығанақ, Отырар қалаларында мешіт, медресе және сағана орындары, Түркістан қаласында сопылардың жер асты діни орындар-ғарлар, Әулие Құмшық-ата, «Қылует» жерасты мешіті, Ахмет Ясауи мавзолейі. Архитектуралық ескерткіштердің бұл түрінің кең етек жайғандығы діннің қоғамда жоғары дәрежеге ие болғандығынан ғана хабар бермейді, сонымен қатар ислам дінімен бірлесе жүретін ғылым мен білімнің дамығандығынан да хабардар етеді. Аталмыш археологиялық объектілер көне заманнан қазірге дейін қасиетті және тәубе ету орындары болып саналады;

бесіншіден, дәстүрлі қолөнердің жоғары дәрежеде дамығандығынан хабар беретін керамикалық заттар мен дәстүрлі қолөнер бұйымдарының көптеп табылуы;

алтыншыдан, ортағасырлық нумизматика жайлы жаңа мәліметтердің алынуы жоғары деңгейде дамыған сауда қатынастарынан хабардар береді.

***III. Белгілі бір жекелеген тақырыптар бойынша логикалық тапсырмалар беру.***

Тарих ғылымында болып жатқан өзгерістер, тарихи білім беру арқылы ұлттық тарихи сана қалыптастыру мен деңгейін көтерудегі рөлі қайсыбір өзекті мәселелері бойынша әлі де болса ортақ тұжырымдар қалыптаса қойған жоқ. Тіпті, дәріс пен тәжірибелік сабақтарын, іс-тәжірибе, өзіндік жұмысты жүргізу үшін бекітілген үлгі формалары анықталмаған. Сондықтан, мүмкіндігінше,білім алушыларға логикалық тапсырмалар беру арқылы тарихи білім қалыптастыруға күш салу қажеттілігі туындауда. Басқаша айтқанда, білім алушыларды ойландыратындай, тарихи білім беру жүйесіндегі оқиғаларға баға беретіндей немесе оларды салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарының ара-жігін ашып беретіндей тапсырмалар берілу қажеттігі артуда. Әрине, кезкелген логикалық тапсырма ортағасырлық қалалар мен олардың тарихы аясында болады. Яғни, тарихи оқиғаларды, қала атаулары, қалалардың әлеуметтік-экономикалық, саяси тарихына қатысты терминдерді білу жағы, оларға қатысты құбылыстарды суреттей алу мәселесі, тарихи деректерді салыстыру-талдау сияқты тапсырманың үлгілері барынша кеңінен қолдану ескеріледі. Дегенмен, болашақ тарих мұғалімдерінің орта ғасырдағы Қазақстан тарихы туралы білімдерді игерудің қажетті шарттарының бірі болатын логикалық тапсырмаларды құрастыру әрбір оқытушының өзіндік педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігіне тікелей байланысты.

*Логикалық тапсырмалар құрастыру барысында тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады:*

1. Тарихи оқиғалар және оған қатысушылар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей
2. Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға сұрыптау, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын жаңғыртушы деңгей
3. Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей

***IV. Көпшілікке етене таныс тарихи тұлғалар мен оқиғалардың ортағасырлық қалалардың тарихындағы орны.***

Бұл жағдайда біз көпшілікке етене таныс тарихи тұлғалар мен оқиғалардың ортағасырлық қалалар тарихындағы орнына ерекше екпін беруді дұрыс деп ойлаймыз. Атап айтқанда, Қазақ Хандығының қалыптасып дамуына өз үлестерін қосқан хандар, билер секілді белді тұлғалардың өмір жолы мен олардың ортағасырлық қалалармен байланысы, олардың танымал еңбектеріндегі Оңтүстік Қазақстанның қалалар тарихына қатысты мәселелердің баяндалуы; Сонымен қатар Қазақ Хандығы тарихында елеулі орын алатын тарихи оқиғалар мен олардың ортағасырлық қалалар тарихымен байланысы арасындағы мәселелердің қарастырылуы орта ғасырдағы Қазақстан тарихындағы қалаларлар орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Аталмыш әдіс-тәсілдер «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқытуда дәріс, тәжірибелік сабақтар, пікірталас, теориялық конференциялар, болашақ тарих мұғалімдерінің өзіндік жұмысы түрінде ұйымдастырылатын оқыту формаларының құрамында бір-бірін толықтыра отырып, оңтайлы әдіс ретінде ең тиімділері анықталып сабақ сапасын арттыру үшін қолданылады

Қазіргі таңда болашақ тарих мұғалімінің кәсіби жетілуі және әлеуметтік қажеті бұрын-соңды болып көрмеген оның ынта білдіру ептілігіне, қалыптан тыс мәселелерді шешу шеберлігіне, өзінің дербес әрекеттерін жоспарлау мен жобалау қабілеттеріне тәуелді. Ұзақ жылдар бойына тарихты оқытуда білімнің негізгі көзі оқытушы болып келгендігі белгілі. Бірақ, уақыт ағыны бұл бағыттың толыққанды білім беру үшін жеткіліксіздігін көрсетіп берді. Білім беру жаңа әлеуметтік құбылыстарға байланысты заманауи талаптарға жауап бере алатындай деңгейде өзгеруі, жетілдірілуі тиіс. Осы орайда болашақ тарих мұғалімдеріне кәсіби пәндерді оқытуда инновациялық оқыту әдістері көптеп қолданысқа ие болуда [226].

Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлығын дамытуда ең маңызды ықпал ететіні – ұсынылатын, оқып үйренетін оқу материалдары мен оқыту/оқу әдістері. Тақырыпқа байланысты материал көп табылатын болса, үйрену барысы да қысқарады.

Болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқытудың қолданбалық бағдарлығын дамытудағы оқыту әдістерін таңдау, олардың сабақ барысында арақатынасы келесі шарттарға байланысты;

1) оқыту түрінен, яғни оқу үрдісін ұйымдастырудан;
2) оқу топшаларын құрудан;
3) сабаққа бөлінген уақыт санына;
4) оқу құралдарының болуына;
5) оқу аудиториясының сапасына;
6) оқытушының әдістемелік шеберлік деңгейіне [226].

Оқыту әдістерімен оқыту қағидалары жүзеге асады. Аталған оқыту әдістердің жалпы сипаттамасын қарастырайық. Болашақ тарих мұғалімдеріне оқу материалын ауызша баяндауда сөз мағлұматтың жетекші көзі. Мұнда жазбаша түрге қарағанда мағлұмат көбірек беріледі, өйткені бұл әдіске эмоционалды құрамдас бөлігі (дауыс ырғағы, мағыналық екпін, дауыстың қаттылығы мен тембрі, тыныс) кіреді. Топ осы материалды ауызша баяндауда тәрбиелік оқытудың мүмкіндігі, бұған қажетті мағлұматты жеткізуге мүмкіндігі туады, кейін өзіндік жұмыс, әңгімелесу барысында жүйеленеді және тереңдетіледі. Осы әдісті әрі қарай жетілдіру жолдарының бірі – оқу бағдарламасынан мағлұматтарды мәселелік жеткізу, бұл әңгімелеу барысында, дәріс үстінде монологтан диалогқа ауысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аудиторияның сұраққа өз жауабын іздететін проблемалық жағдайлар туғыза білу керек және ойлануға шамалы уақыт беру үшін тиісті үзілістер жасау, оқытушылардың танымдық белсенділігін проблемалық сұрақтарды қысқа ілікпе сөздермен қою арқылы қолдау қажет. Оқу материалын ауызша баяндау әдісіне түсіндіру, нұсқау, әңгіме, дәріс кіреді [17, 45-49 бб].

Дәріс – болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқытудың қолданбалық бағдарлығын дамыту мақсатында ұсынылатын оқу материалының нақты дидактикалық блогын жүйелі түрде ашуға арналған жеке құрамды оқыту түрі. Осы түрді жүзеге асыру барысында ортағасырлық тарихи жағдайлардың, мәселелердің және оқу және шешу тарихын терең және жүйелі сараптау беріледі. болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқытудың қолданбалық бағдарлығын дамыта оқытуда осы оқу материалының маңызы мен орны көрсетіледі. Әдетте дәрісте 2 сағат ішінде 2-3 сұрақ қарастырылады [227]. Болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлығын жетілдіру мақсатында оқылатын дәрістердің келесі түрлерін атап өтуге болады:

- Кіріспе;
- Тақырып бойынша дәріс;
- Қорытынды;
- Мәселелі;
- Шолу [228];

*Тәжірибелік сабақтар* оқу пәнін терең меңгеру, болашақ тарих мұғалімдерінің оқу мағлұматтарын өз бетімен іздену мен талдауға дағдылануы, оларда шығармашылық пікірталастарға белсенді қатысуды, ғылыми ойлауды қалыптастыру мен дамыту, дұрыс қорытынды жасап, өз пікірін жеткізіп және өз пікірінде қалуы үшін оқу бағдарламасының ең күрделі сұрақтары (тақырыптары, бөлімдері) бойынша жүргізіледі [229].

Мұнда болашақ тарих мұғалімдері оқытушылардың жетекшілігімен жасалған зерттеулерінің нәтижелері бойынша рефераттарын, баяндамаларын, хабарламаларын талқылайды. Тәжірибелік сабақ – теориялық оқытудың жалпы жүйесінде маңызды басқыш болып табылады. Оның басты мақсаты – болашақ тарих мұғалімдерінің дәрістерде және оқу материалдарымен өз бетінше жұмыс істеген кезде алған теориялық білімдерін нығайту және тереңдету және олардың материалдарды ауызша жеткізу дағдыларын қалыптастыру, олар дамытқан ғылыми қорытындыларды қорғауға үйрету. Сонымен қатар тәжірибелік сабақтар болашақ тарих мұғалімдерінің өзіндік жұмыстарын бақылау құралы ретінде қызмет етеді [230].

***Болашақ тарих мұғалімдерінің өзіндік жұмысы.*** Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алушылар арасында жүргізілген интернет-сауалнама нәтижесі, олардың 30%-ы өзіндік жұмысты презентация түрінде орындағанды құптайтынын айтқан, ал 50%-ы конспект түрінде, 10%-ы кез келген формада десе, қалған 10%-ы өзіндік жұмысты орындау тіпті ұнамайтындығын айтқан. Білім алушыларға қойылған «өздігінен жұмыс жасау оңтайлы ма? әлде оқытушымен бірге жұмыс жасау ма?» деген сұрауларға 70%-ы оқытушымен жұмыс жасау оңтайлы десе, қалған 30%-ы өздігінен жұмыс жасаудың тиімділігін айтқан. «Білім алушы белсенділігін бағалаудың қай жүйесі тиімді?» деген сұрақтарға 70%-ы баллдық жүйенің білім алушы білімін объективті бағалауға мүмкіндік беретіндігін атап өткен. Жүргізілген сауалнамалар нәтижесі білім алушылардың белсенділік,

саналылық, қызығушылық секілді қабілеттер оның іс-әрекетінің сипаты мен ұйымдасқандығының деңгейіне, бақылаудың әдісі мен формаларына, өзін-өзі бақылау, өз нәтижелерін бақылауға деген білім алушының көзқарасына байланысты екендігін көрсетті. Білім алушы игеруге тиіс білім жиынтығының жүйелілігі мен зерттеу мақсатының айқындығы игерілуге тиіс білімнің толық меңгерілуіне түрткі болады.

Жүргізілген зерттеулер барысында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру формалары жайлы білім алушылар 55%-ы білім алушы үшін ең оңтайлысы ғылыми мақалалар жаздыру десе, 20%-ы логикалық тапсырмалар орындау мен жобалар жасау деген жауап айтқан, ал 10%-ы реферат жазу деген жауаптармен шектелген. Өзіндік жұмыс ұйымдастырудың ең қиын формасы ретінде 35%-ы реферат жазу деп жауап берсе, 47%-ы логикалық тапсырмалар орындау деген, қалған 18% білім алушы ғылыми әдебиеттерді өңдеу деп атаған. Жүргізілген ғылыми-тәжірибелік зерттеулер нәтижесін қорытындыласақ,

– білім алушының өзіндік жұмысты орындамауының негізгі себебі субъективті мәселелерге тікелей байланысты

– білім алушы кітапханаға өз мүддесіне сәйкес жұмыс жасауға емес, оқытушы нұсқауымен баратындығы анықталған.

Осы зерттеулерді қорытындылай келе, білім алушының өзіндік жұмысын белсенді орындалуы алдағы кәсіби іс-әрекетке деген тұрақты әрі қатаң ынталандырудың болуында екендігі анықталды. Сонымен қатар өзіндік жұмысты ұйымдастырудың ең қиын формасы ретінде танылған логикалық тапсырмалармен жұмыс жасау білім алушылардың ой-өрісінің дамуына өз септігін тигізетіні анық.

Біз зерттеу жұмысы барысында болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқытудаңы қолданбалық бағдарлығын дамыту мақсатында логикалық тапсырмаларды кеңінен қолдану керек екендігіне көз жеткіздік. Тапсырма – бұл оқу-танымдық міндеттерді жүзеге асыру формасы, сондай-ақ, ұғымдар жүйесін қалыптастыру кезіндегі оқытушы мен білім алушының іс-әрекетіндегі байланыстырушы буын. Жоғарыда айтып өткендей, сұрақтар мен жаттығулар тапсырмалардың, оның ішінде педагогикалық тапсырманың бір түрі [23].

Тарихи деректермен жұмыс жасауда берілген тапсырмалар оның қолданбалық бағдарлылығын үш деңгейге сүйене отырып дамытуға болады:

1. Тарихи оқиғалар және оған қатысушылар жайлы мәлімет жинақтауға негізделген қарапайым деңгей

2. Тарихи деректерге терең талдау жасап, топтарға сұрыптау, сыни көзқарастың қалыптасуына жол ашатын жаңғыртушы деңгей

3. Білім алушының іс-әрекеті пікірталас пен зерттеу түрінде ұйымдастырылған кезде тарихи деректермен еркін жұмыс жасауға бағыттайтын шығармашылық деңгей

*Білім алушылар өздігінен атқаратын қолданбалық сипаттағы жұмыс түрлері де күрделілігіне байланысты деңгейлерге бөлінеді:*

1. Тарихи дерек жайлы мәлімет жинақтау (сурет 6)




Сурет 6

2. Белгілі бір тарихи оқиғалар жайлы мәлімет алуға болатын жазба дерек түрлерін анықтау (кесте 7)

Кесте 7

| Жазба дерек түрлері | Мәлімет алуға болатын зерттеу тақырыптары | Қалыптастыратын тарихи білім деңгейі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мемлекеттік сипаттағы жазба деректер | 1. Егіншілік пен ирригация дамуы<br>2. Жергілікті және сыртқы сауда, сауда–ақша қатынастары<br>3. Қалалардың саны мен локализациялау | |
| Халықаралық сипаттағы құжаттар: келісім шарттар, хаттамалар, өзара келісім құжаттары | 1. Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы<br>2. Қалалардың саяси тарихы<br>3. Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар | |
| Саяси тарихқа қатысты құжаттар | 1. Қалалардың саны мен локализациялау<br>2. Қалалардың саяси тарихы<br>3. Дәстүрлі қолөнер түрлері мен қалаларда даму дәрежесі | |
| Тарихи сипаттағы құжаттар | 1. Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы<br>2. Кейінгі ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлардың ерекшеліктері. | |

7 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Жеке мұрағатқа қатысты деректер | 1. Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар<br>2. Егіншілік пен ирригация дамуы<br>3. Жергілікті және сыртқы сауда, сауда–ақша қатынастары | |
| Әдебиет мәнеріндегі деректер | 1. Қалалардың саяси тарихы<br>2. Дәстүрлі қолөнер түрлері мен қалаларда даму дәрежесі | |

3. Ортағасырлық Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайынан хабар беретін мәліметтерді сұрақ-жауап түрінде нақтылап көрсету (кесте 8)

Кесте 8

| Үлгі тапсырма | |
|---|---|
| Сұрақтар | Жауаптар |
| 1. Ортағасырлық қалаларда өркендеп дамыған дәстүрлі қолөнер түрлері қандай?<br>2. Ортағасырлық қала экономикасында елеулі орынды алған қолөнер түрі<br>3. Керамикалық бұйымдар неше топқа бөлінеді?<br>4. Кейінгі орта ғасыр дәуіріндегі Отырар, Түркістан, Сығанақ керамикасы | |
| 5. ерекшеліктері жайлы зерттеулер жүргізген археолог-ғалымдар?<br>6. Керамикалық шеберхана көптеп анықталған ортағасырлық қалалар?<br>7. XVI-XVII ғғ. Тұрғын жайлардың неше түрге бөліп қарастыруға болады?<br>8. Жергілікті және сыртқы сауда, сауда – ақша қатынастары жайлы құнды мәлімет беретін жазба деректер? | |

4. «Тарихи деректегі негізгі ой мен тарихи оқиға» атты тақырыпта таблица түзіп, дерек жайлы мәліметті нақтылай түсу (кесте 9)

Кесте 9

| Жазба деректер | Археологиялық деректерден алынатын мәліметтер | Тарихи оқиға немесе ортағасырлық қалалар жайлы деректер |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

9 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Орыс тіліндегі деректер | | |
| Қытай тіліндегі деректер | | |
| Түркі тіліндегі деректер | | |
| Араб тіліндегі деректер | | |
| Батыс деректері | | |
| Қазақ шежірелері – тарихи дерек ретінде | | |
| парсы тіліндегі деректер | | |

5. Орта ғасырдағы Қазақстанда өркениет орталықтары болып табылатын қалалар тарихына қатысты орын алған саяси, экономикалық және әлеуметтік оқиғаларды болған мерзіміне байланысты топтастырып, жіктеу

6. Қалалардағы саяси билік пен басқару жүйесіне қатысты тарихи дерек авторы келтірген дәлелдемелерді жүйелеу

7. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидің «Михман-наме-йи Бухара» атты шығармасын ортағасырлық қалалар жайлы берілген мәліметтерді нақтылау үшін




Сурет 6

8. Кез келген тарихи дерек Орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты қандай мәліметтер бере алады?

Кесте 10

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты тарихи оқиғалар | Жазба деректер | Археологиялық деректер |
| Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы | | |
| Қалалардың саны мен локализациялау | | |
| Қалалардың саяси тарихы | | |

10 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Дәстүрлі қолөнер түрлері мен қалаларда даму дәрежесі | | |
| Керамика өндірісі және керамикалық бұйымдар технологиясы | | |
| Кейінгі ортағасырлық қалалардағы тұрғын жайлардың ерекшеліктері. | | |
| Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар | | |
| Егіншілік пен ирригация дамуы | | |
| Жергілікті және сыртқы сауда, сауда–ақша қатынастары | | |

9. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты тарихи оқиғалардың мән-мағынасын анықтау мақсатында нақты материалдармен толықтыру мақсатында реферат, ғылыми мақала дайындау

Қазақстанның орта ғасыр тарихының қолданбалық бағдарлығын Оңтүстік Қазақстан қалалары материалында дамытуда тапсырмалармен жұмыс жасаудың рөлі жоғары деп білеміз. Тапсырмалармен жұмыс істеуді тиімді ұйымдастыруда кейс әдісін қолдануға болады.

Кейстер бірнеше сөйлемнен басталып, бірнеше бетке жалғасуы мүмкін. Бірнеше бетті қамтитын кейс-тапсырмалар білім алушыға оны шешуде қиындық туғызуы мүмкін. Білім алушыға ұсынылған жағдайтарды жан-жақты негіздеуге мақсатты түрде бағытталған, проблемаларын ашық пікірталас уақытында талқылау мен шешім қабылдау икемділіктерін меңгертуге негізделген оқу үдерісі. Кейс әдісі нақты күнделікті өмірден алынған фактілер негізінде проблемалық жағдайтар туындатумен ерекшеленеді.

Кейс әдісі тәжірибелік дағдылар мен теориялық оқыту арасында тиімді үйлесімін табуға мүмкіндік береді. Оқытушының аудиториялық сабақ барысында пікірталас ұйымдастыруымен білім алушының ой-өрісі дами түседі. Мұндай пікірталастарда педагогтың ең негізгі іс-әрекеті бағыттаушы сұрақтар беру, шешім қабылдауға бағыттаумен шектеледі [232] Оқыту үдерісі барысында кейс әдісін қолдану білім алушы бойында тәжірибелік дағдылардың дамуына мүмкіндік береді:

– зерделеу (белгілі бір тарихи деректе берілген тарихи оқиғаға қатысты);

–тәжірибелік (теориялық оқу барысында алған білімін тәжірибемен ұштастыру);

– шығармашылық (тарихи деректерде берілген ортағасырлық қалалардың әлеуметтік дамуы жайлы мәліметті қалаллар жайлы толық көріністі қалыптастыруға бағыттау);

– коммуникативтілік;

– әлеуметтік дағдылар мен өзі-өзіне талдау жасай білу дағдыларының қалыптасуына жол ашады.

Оқыту үдерісі барысында қолданатын кейс түрлері және құрылымы үш бөліктен тұрады:

– кейсті нақтылап, зерделеуге қажетті қосымша мағлұматтың берілуі;

– нақты жағдайларды сипаттау арқылы;

– кейске берілетін тапсырмалармен жұмыс жасау [233].

Кейстің жалпы белгіленген стандартты формасының болмауына байланысты, ол баспа, мәтіндегі фотосуреттер, диаграммалар, кестелер және т.б. берілсе, білім алушылар үшін мазмұны көрнекі болып шығады. Соңғы кезеңде мультимедиа қолдана отырып, презентация жасау жаппай қолданыс табуда.

Нақты жағдайды қолдану әдісі:

– нақты болған тарихи оқиғадан немесе оқу тәжірибесінен алынып дайындалған жазбаша жағдай үлгісі;

– білім алушының нақты оқиғаны өздігінен зерделеуі мен талқылауы;

– аудиториялық сабақ барысында болған оқиғаны оқытушы жетекшілігімен бірлесе отырып талдау [234];

– «тарихи оқиғаның орын алуына қатысты шешім шығару» үдерісін басшылыққа алу.

Кейстің басқа оқыту әдістерінен ерекшелігі:

– нақты тарихи оқиғаларға байланысты теорияларды жариялауға мүмкіндік береді;

– тарихи құбылыстарға байланысты білім алушыны нақты мәселені зерделеуге қызықтыруға мүмкіндік береді;

– тарихи мағлұматты жинақтау, қайта өңдеу және зерделеу бойынша білім және дағдыларын белсенді түрде меңгеруге жол ашады [235].

Кесте 11

| Кейс әдісіне біріккен әдістер | Кейс әдісіндегі олардың ролін сипаттау |
|---|---|
| модельдеу | Нақты жағдайдың моделін құру |
| Құрылымды талдау | Жағдаятты талдау мен құрылымды бейнелеу |
| Ақыл-ой тәжірибесі | Жағдаятты ақыл-ой көмегімен түрлендіріп одан білім алу әдістері |
| Сипаттама беру | Жағдаятты сипаттама беру |
| Қиындық туғызу | Жағдаяттың негізінде жатқан мәселені бейнелеу |
| Пікірталас | Мәселеге байланысты пікір алмасу мен оны шешу жолдары |

Біздің жағдайымызда кейстерді оқыту мақсатына байланысты: тарихи оқиғаларды зерделеуге және бағалауға үйрететін кейстер, тарихи проблеманы шешу жолдарын талдауға және шешімдер қабылдауға үйрететін кейстерді ұсынуға болады.

Ал «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқытуда кейс-стади әдісін қолдану өте тиімді, себебі оның мазмұны қазба жұмыстары барысында

анықталатын археологиялық деректер мен орта ғасырдағы Қазақстан тарихына қатысты жазба деректердің талдануына байланысты үнемі өзгерістерге тәуелді болып келеді. Сондықтан білім алушылар жаңа тарихи білім қалыптастыруға бағытталған тарихи деректермен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін толық үйреніп білуі қажет.Сонымен қатар орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытудакейс-стади әдісін қолдану теориялық білімдерді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Төменде *кейс-стади әдісі* бойынша сабақ үлгісі мысалға келтірілген.

*1–тақырып. «Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер».*

Семинар сабағының мақсаты:

− Білім алушыны нақты тарихи оқиғаны түсініп үйрену, нақты шешімдер қабылдауға үйрету;

− Жазба деректерден алған теориялық білімін мұражай экспозициясына қойылған археологиялық деректермен салыстыра қолдануды үйрету;

− Қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына қатысты баламалы шешімдерді қабылдау барысында талдамалық қабілеттерді қалыптастыру.

Семинар сабағының жоспары:

*Дайындық кезеңі.* Білім алушыларға тапсырма беру: ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан хабар беретін мәліметтерді жинақтау.

Тапсырма ретінде Сығанақ қаласының экономикалық және саяси жағдайы бойынша нақты ситуациялық жағдай беріледі:

XIII ғ. моңғол шапқыншылығынан зардап шеккен қала жайлы Ала ад-дин Ата Малик әл-Жуайнидің (XII-XIII ғғ.) «Тарих-и Жаһангуш (Әлемді билеушінің тарихы)» атты шығармасындағы деректерге сүйене отырып, мынадай мәлімет келтіруге болады:

*«Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы әскері 1219-1220 жж. қысында Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалардың бірінен соң бірін өзіне қаратты. Жошы әскері моңғолдарға соғыс басталмастан бұрын қызметке тұрған жергілікті саудагерлер Хасан-қожа мен Әли-қожа қала тұрғындарын өз еркімен берілуге үгіттеу мақсатында алып жүрді», «Тоқтаусыз көрсетілген қарсылықтан кейін қала тізе бүгіп, барлық тұрғындары өлтірілді»* деген жолдарды кездестіруге болады. Бұл мәліметтер қай ортағасырлық қала жайлы айтылған.

*Кіші топтарда білім алушылардың өзіндік жұмысы:*

1. Ортағасырда Түркістан уалаятына енген бұл қала жайлы алғашқы деректер X-XI ғғ. сәйкес келеді.

2. Махмұд Қашқаридің «Түркі тілінің сөздігі» атты шығармасында «Саманидтер мемлекетінің қалаларына жақын орналасқан оғыз қалаларының бірі» деген дерек келтіріледі.

3. Академик В.В.Бартольд «Фараб аумағында орналасқан кішігірім бай қаладан басқа өңірлерге садақ тасымалдайды» - деген мәліметтер береді.

*Талқылау*: Кіші топтардың тәжірибелік жағдайды шешу үшін қорытындылары, оқытушының және басқа шағын топтардың сұрақтарына жауап беру).

*Нәтижелері және білімі мен дағдыларын бағалау.*

Кіші топтардың және жеке білім алушылардың жұмысы бағаланады. Оқытушы бағалауда келесі критерийлер негіздейді:

– Мәні мен маңыздылығына бойынша жауаптардың берілуі;

– тарихи деректермен жұмыс жасаудағы сауаттылығы;

– тарихи деректерді дұрыс әрі тиімді пайдалануы;

– сабақтағы белсенділігі (жеке, шағын топтар).

Аталған үлгі семинар сабағын өткізуде негіз ретінде қолданылуы мүмкін. Әрбір нақты пән бойынша тапсырмалардың күрделілігіне қарай жоспарына өзгерістер енгізілуі мүмкін, нақты жағдайлар да тарихи оқиғалардың маңыздылығына қарай таңдап беріледі.

Енді нақты тақырыптар бойынша ұйымдастырылған *тәжірибелік сабақ* мысалдарын келтірейік.

*1–тақырып. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы.*
*Жоспар:*

1. Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстандағы сілемдері.
2. Сауда және тауар алмасу.
3. Мәдениеттердің өзара әсері.

*ОБӨЖ тапсырмалары.*

*1–тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар:*

1. Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстандағы тарихи қалалардағы қалыптасуы туралы тарихи деректерге тоқталу.
2. Жібек жолының орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан аумағында сауданы, қала мәдениетін, халықаралық қарым-қатынастарды дамытудағы тарихи маңызына баға беру.
3. Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалалардың дамуына ықпалы.

*2–тапсырма.Рефераттар мен баяндамалар жазу.*

1. Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.
2. Ұлы Жібек жолы және Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы мәдениет пен өнер.

*2–тақырып. Оңтүстік Қазақстанның кейінгі орта ғасырдағы қалалары.*
*Жоспар:*

1. XVI-XVII ғғ. Оңтүстік Қазақстанның қалалары.
2. Архитектура мен құрылыс.
3.Сауда және ақша айналымы.

*1–тапсырма.Талқылауға арналған сұрақтар.*

1. Кейінгі орта ғасырдағыОңтүстік Қазақстан қалаларының қазақ мемлекеттігінің дамуындағы алған маңызды орнын ашып көрсету.

2. Ибн Рузбиханның, Хафиз Таныштың, Зайн ад-Дин Васифидың тарихи деректеріндегі қала мәдениеті мен отырықшы-егіншілік шаруашылықтың дамуы туралы мәліметтерге тоқталу.

3. Кейінгі орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстандағы қалаларда шаруашылықтың дамыған түрлеріне және деңгейіне сипаттама беру.

4. Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстандағы қалаларда тұрған халықтың әлеуметтік құрамына сипаттама беру.

5. Оңтүстік Қазақстанның кейінгі орта ғасырдағы қалаларының археологиялық зерттелуі туралы мәліметтер.

***Белгілі бір жекелеген тақырыптар бойынша логикалық тапсырмалар беру.***

*I,II,III деңгей тапсырмалары*

*– Орта ғасырдағы Қазақстандағы орын алған саяси жағдайлар мен стратегиялық маңызы зор қалалардың экономикалық дамуы жайлы алғашқы мәліметтерді жинақтау*

Кесте 12

| Алғашқы мәліметтер | Қытай деректері | Орыс деректері | Археология лық деректер |
|---|---|---|---|
| Ортағасырлық қалалардың саяси тарихында орын алған оқиғалар | | | |
| Қазақ хандығының қарамағындағы қалаларда егіншіліктің дамуы жайлы мәліметтер | | | |

– Жекелеген ортағасырлық қаланың саяси тарихына қатысты жазба және археологиялық деректерді салыстыра отырып, түсінік беру

XII-XVI ғғ. Ясы атауымен белгілі Түркістан қаласының атының өзгеруі, қандай саяси оқиғаларға байланысты болды?

– Төменде көрсетілген екі дерек арасындағы байланыс қандай?

– Аталмыш деректерді сараптай келе қандай тарихи оқиғаның орын алғандығын анықтауға болады?

**Жазба деректер**

***«Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал–асрар фи манахиб ал–ахиар»***

XVII ғасырдың белгілі тарихшысы Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал–асрар фи манахиб ал–ахиар» атты еңбегінде мынадай аса қызық мәлімет жазылғанды: «Қазіргі Түркістан – бұл Сақси қаласы, қара халық оны Ясы деп атайды».

***XVI г. басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфаханидің*** көрсетуінше, «әулиенің кесенесі орналасқан Ясы қаласы – кең және құнарлы жер, Түркістан уәлаятының астанасы».

**Археологиялық деректер**

Жазба деректе сипатталып берілген ортағасырлық қалалар тарихына қатысты тарихи оқиғаның орын алудағы қарапайым себеп-салдарын анықтау:

Стратегиялық маңызы зор ортағасырлық қалалар үшін талас–тартыс ортағасырлар тарихында көптеп орын алды. Алайда, XVII–XVIII ғғ. шетелдік ғалым Н.Витсен келтірген деректері бойынша Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың барлығы дерлік Қазақ хандығының қоластында болған. Аталмыш саяси оқиғаның себеп салдары қандай?

Себеп-салдарын анықтау

«в то время как на козакских территориях в целом можно насчитать тридцать два маленьких городка».Н. Витсенның хабарлауынша, Тәуке кезінде Созақ қаласында билеуші болып, «Абла–султан» – Абылай сұлтан (болашақ Абылай ханның атасы), Сауран қаласын – «Каз–султан» (болашақ Әбілқайыр ханның әкесі Кажы), Сырнак қаласын – Есім сұлтан (Каип–султанның әкесі), Иканда – «Булат–султан» (Әбілмамбет ханның әкесі), Отров – Тұрсон хан, Сайрам қаласында Карабас–султан болды»

Белгілі бір тарихи оқиғаның ортағасырлық қалаларда орын алғандығын дәлелдеу мақсатында археологиялық деректерді талдау

**Қарастырылатын тақырып:**

**Демография мәселелері, әлеуметтік жіктелуі және халықтың этникалық құрамына қатысты деректер мен тұжырымдар**

1. Археологиялық деректер жинақтау – Ортағасырлық қалалардың әлеуметтік жіктелуі, халықтың этникалық құрамы, демографиялық жағдайына қатысты деректер
2. Орындалатын жұмыстың мақсатын анықтау
   - Қала тұрғындарының тұрғын жай аумағын анықтау
   - Қала халқы қолданған тұрмыстық заттар мен әшекей бұйымдарын қарап, талдау
   - Қала аумағының өсу дәрежесін анықтау
3. Жинақталған археологиялық деректерді қарастырылатын тақырыпқа қатыстылығын талдау, қорытынды жасау
4. Қойылған мақсаттардың тармақтарына сәйкес қорытындыны жинақтау
5. Қарастырылатын тақырыпқа сәйкес бір-бірімен байланысты мәтін құрастыру, талдап қорыту

– Ортағасырлық Қазақстанның әлеуметтік жағдайына қатысты жазба және археологиялық деректерден алынатын мәліметтерді талдау

№ 1 Жазба дерек



№ 2 Археологиялық дерек

Егіншілік алқаптарының орналасуы, ирригация жүйесі, суару технологиясы

Тұрғындардың әлеуметтік–экономикалық жағдайы

Отырар қалашығы айналасында ОҚКАЭ–сының ирригациялық отряды XV–XVII ғғ. жататын көне ирригация атыздар тапқан. Аэрофотосуреттерде Отырардың айналасында көне алқаптар, жүзімдіктер, бақшалар, бақтар мен парктердің көптеген іздері байқалады. Агроирригациялық атыздар, қалажұрттың негізгі қирандыларынан 10–15 км қашықтықта, тікбұрыштар, ромб, шаршы және т.б. тұратын кең біртұтас массивтерді құрайды. Жердегі зерттеулер көрсеткендей, дәнді дақылдар (бидай, арпа, тары, күріш және т.б.) атыздары, пайызға шаққанда, игерілген жердің басым бөлігін алып жатқан. Біршама аздау бөлігін бақшалар, жүзімдіктер, баулар құрайды.

Үлгі тапсырма. Отырар қаласына жақын қалашықтар туралы мәлімет жинақтаңыз

Кесте 13

| Қала аттары | Өмір сүрген уақыты | Орналасуы | Археологиялық зерттеу жұмыстарының жүргізілуі |
|---|---|---|---|
| Отырартөбе | | | |
| Құйрықтөбе | | | |
| Алтынтөбе | | | |
| Пышақшы төбе | | | |
| Мардан – Күйік | | | |
| Көкмардан | | | |

– Жазба деректе орын алған тарихи оқиғаны нақтылау мақсатында археологиялық деректерді қосымша мәлімет көзі ретінде пайдалану

«Көшпелі қазақтардың отырықшы-егінші және қолөнер орталықтары болып табылатын қалаларға тұрақты орналасуы» деп тарихи оқиғаны нақтылау мақсатында:

**Жазба дерек**

*1693 ж. Түркістан қаласына барған Теуш мергеннің есебі бойынша* онда Тәуке ханмен бірге қазақтар саны еркек пен әйелдерді қосқанда 1000 адам: «казаков живет в том городе с Тевки ханом мужеска полу и женска человек с 1000»

*Я.П.Гавердовский мәліметтері бойынша* Орта жүздің көпшілігі қазірдің өзінде Ташкент пен Қаратау маңында тұрақты ауылдар тұрғызып алған – «многие из киргизцев сей орды заводят уже постоянные селения около гор Каратау и в

**Археологиялық дерек**

Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалаларда жүргізілген қазба жұмыстары барысында

1. металлдан жасалған сырты жұмыс істегенде сырғып кетпес үшін жасалған терең емес нүктелермен безендірген қазіргі қазақ әйелдері теріден киім тігу кезінде қолданған.оймақ табылды.

2. 2 дана қойдың асықты жілігінен жасалған шүмек. Шүмек аталған қала тұрғындарының қазақтар болғандығын дәлелдей түсетін тағы бір археологиялық материалдың бірегейі

– Жазба және археологиялық деректерде Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық дамуына қатысты мәліметтердің берілуін сипаттау

– Орын алған кез келген тарихи оқиғаның тарихи деректерде берілген мәліметтеріне сәйкес бірнеше нұсқасын ұсыну

– Ортағасырлық қалалар жайлы бірнеше жазба және археологиялық деректі салыстыру

Кесте 13

| Тапсырма аты | Жазба деректер | Археологиялық деректер |
|---|---|---|
| Ортағасырлық қалалардың қалыптасуы жайлы | | |
| Ортағасырлық қалалар саны | | |
| Ортағасырлық қалалар атауы мен локализациялау | | |

– Ортағасырлық қалаларда дамыған дәстүрлі қолөнер түрлерін жазба және археологиялық деректермен сәйкестендіре отырып, олардың даму деңгейін анықтау

Кесте 14

| Қалаларда дамыған дәстүрлі қолөнер түрлері | Жазба деректер | Археологиялық деректер |
|---|---|---|
| Мата өндірісі | | |
| Сүйек өңдеу ісі | | |
| Темір ұқсату | | |
| Тас өңдеу | | |

Оқу үдерісінде тапсырмаларды орындау барысында материалдарды жинақтау ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан ол:

− тапсырмаларды орындау барысында өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау;

− зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу;

– болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет, рефлекция арқылы жүзеге асады.

− Оқу жұмысына мақсат қою, оны жоспарлау болашақ маманнан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді.

Білім алушылар теориялық мәселелерді оқумен қатар қолданбалық бағдарланған тапсырмаларды орындауды жүзеге асыруы тиіс. Ойлау іс-әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру технологиясы П.Я.Гальперин теориясының негізінде пайда болған [236]. Оны кезеңдер қатары түрінде мыналарды елестетуге болады.

− 1–кезеңде: оқытушының іс-әрекеті білім алушының Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлығын дамытуға, оны оқытуға ынтасын белсенді ету, мотив туғызу.

− 2–кезеңде: Қазақстанның орта ғасыр тарихын қолданбалық бағдарлығын дамытуда оқыту/үйрету үшін білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін қалыптастыру. Көрсетілген кезеңдерде оқытушы мен білім алушының бірлескен іс-әрекеті көрініс табуы тиіс.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (СӨЖ) аудиториялық жұмыстармен қатар орындалатын оқу үдерісінің маңызды бір түрі мен бөлігі болып табылады. Оның нәтижелілігі оқытушының сөж жоспарына және орындалуына бақылау жасауына (қадағалауына), сонымен бірге оқу орнындағы бітіртуші кафедралар, оқу бөлімі, әдістемелік бөлім мамандықтардың оқу жоспарларына сөж-ді қандай көлемде жоспарлайтындығына байланысты [237].

Білім алушылардың өзіндік жұмысы – оқытушының тапсырмасы мен әдістемелік нұсқауы бойынша, тек оқытушының қатысуынсыз (өз бетінше) орындалатын жоспарланған жұмыстар. Ал білім алушылардың өзіндік жұмыс мақсаты – анықталған пәнді пәнді меңгеру ғана емес, сондай-ақ, білім алушының оқу, ғылыми, кәсіби бағыттардағы іс-шаралар барысында өз бетінше әрекет ету іскерліктері мен өзіне толыққанды жауапкершілік алу, өздігінен шешім қабылдау, тығырықтан жол табу қабілеттіліктерін жетілдіру.

Зерттеу әдебиеттерінде өздігінен білім алу ұғымына, әр қырынан анықтамалар берілгенімен, ол жеке тұлғаның (білім алушының) өздігінен білім алу біліктіліктері мен дағдыларының, іс-әрекеттерінің қалыптасу мүмкіндіктірін, нақты деңгейлерін қамтамасыз ететін, қабілет-қасиеттерін айқындайтын сыртқы әсерлердің ішкі жағдайларға байланыстылығы толық айқындалмаған.

Білім беру үдерісіндегі кері байланысқа аз мән беріледі, дәлірек айтсақ: жеке дара білімдер ғылыми ақпаратты толықтырудың дерек көздері ретінде пайдаланылмайды. Білім беру үдерісіндегі СӨЖ-дің басты міндеті болашақ мұғалімді осы мақсатқа орайластыра даярлау, оның меншікті иеленген білімінің өзі үшін ғана қажет болмай, сол білімнің қоғамдық ғылыми ақпарат қорының бір бөлігі екендігіне сендіру.

Болашақ тарих мұғалімдерінің теориялық білімдерін тәжірибелік тұрғыда бекіту оқу курсы соңында ұйымдастырылатын оқу тәжірибелерінде жалғасын табады.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді, атап айтқанда ортағасырлық қалалар мен археологиялық ескерткіштерге консервациялау мен мұражайландыру жұмыстарын жүргізу қаншалықты өзекті және оларды оқып-тануда ескерілетін жағдай болашақ тарих мұғалімінің кәсіби қызмет ерекшеліктеріне тікелей қатыстылығы байқалады:

біріншіден, болашақ тарих мұғалімінің отан тарихының өзекті мәселелерін тануға деген қызығушылықтың болуы –өзін қоршаған заттардың тарихи-мәдени мәнін ашуға үйретіп, тарих пен мәдениет ескерткіштерін бағалауға талпындырады;

екіншіден, болашақ тарих мұғалімдерін археологиялық ескерткіштермен қатынас жасай отырып, ұрпақтар сабақтастығын, дәуірлер арасындағы байланысты қайта қалпына келтіруге талпындырады;

үшіншіден, кәсіби қызмет ерекшелігіне байланысты мәліметті қабылдаудағы өзгешеліктер археологиялық деректермен байланыс жасай отырып, көне дәуірдің бейнелік кескін-келбетін қалыптастыру жолдарын (ашық аспан асты мұражайлар ұйымдастыру келесі тараушада) қарастыруда басымдылық байқалады;

төртіншіден, тарих пен өнер мазмұнын игеру дәрежесі нақты ескерткіш мысалында тарихи-салыстырмалы, көркемдік-эстетикалық талдау жасау (туристік маршруттар ұйымдастыру арқылы ұлттық тарихи сана қалыптастыру) тәсілдеріне негізделіп қарастырылады;

бесіншіден болашақ тарих мұғалімі тарихи ескерткіштердің зерттелу, сақталу дәрежесі мен әлеуеті, яғни ұлттық құндылықтарды оқып-тану арқылы жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды танып-білуге деген алғашқы дағдыларын меңгереді.

Демек, консервация мен мұражайландыру жұмыстарының жүргізілуі археологиялық деректердің танымдық-тәрбиелік мүмкіндіктерін толықтай игеруге жол ашатындығы белгілі дүние.

Ашық аспан асты мұражайлар кең етек жайған шетелдегі ғалымдар пікіріне құлақ асар болсақ, философ, педагог және психолог Джон Дьюи «Көрнекілік құрал қолданған кез келген сабақ түпнұсқа заттар және табиғатпен жанасуды алмастыра алмайды» десе, танымал швейцария психологы Жан Пиаже болса материальдық мәдениет үлгілерінің бір ерекшелігі көзбен көріп, қолмен ұстап көруге мүмкіндік беретін археологиялық ескерткіштердің бұл ерекшелігін пайдалануға кеңес беретін «Кез келген зат жайлы түсінік бала ол затты қолмен ұстап жеке жұмыс жасағаннан кейін қалыптасады» деген ойды айтады [238]. Аталмыш ғалымдар пікірін толықтыра түскендей шетелдік педагог Иоганн Генрих Песталоцци «Оқыту үдерісінде баланың ақылы, жүрегі және қолы да бірге жұмыс жасау керек» деген ойды айтады. Жоғарыда келтірілген пікірлерді қорытындылар болсақ, адамның ойлау мен қабылдау қабілеттері мынадай жүйеге негізделген:

«мен естимін – тез ұмытамын,
мен көргенімді – еске аламын,
мен қолмен жасағанды ұғынамын, мәнін ашуға тырысамын».

Адамның есте сақтау қабілетіне негізделген аталмыш жүйені нақты сандық көрсеткіштермен толықтырар болсақ, адам естіген мағлұматының 10 %-ын ғана есте сақтайды, өйткені адамда мағлұмат алған зат немесе құбылыс жайлы жалпы көрініс қалыптасқанымен, оны өз көзімен көрмеді. Алайда, адам көргенінің 50%-ын ғана есте сақтайды. Яғни, адамда зат немесе құбылыс жайлы толық мағлұмат қалыптаспайды, сондықтан бір-бірімен байланыссыз заттар мен құбылыстар жайлы мағлұмат алған адам, оны келешекте дамытып, қажет мезгілде қолдана алмайды деген мағына береді. Ал, бұл жүйеде білім берудің ең тиімді жолы үшінші екендігі анық, яғни ашық аспан астындағы мұражайларға ұйымдастырылған туристік маршруттар білім алушы санасында 90%-ы есте сақталады. Өйткені тиімді әрі белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін, жоспарлы түрде ортағасырлық қалаларға ұйымдастырылған туристік маршруттар оқушы немесе жасөспірім санасына ықпал етіп, өзін сол әлемге тап болғандай сезінуге көмектеседі, туристік маршруттан алған әсерлер көп уақытқа дейін ұмытылмайды әрі үлкейген сайын заттар мен құбылыстардың жаңа мәні мен мазмұнын ашуға септігін тигізеді.

«Уақытты кері қайтару» тұжырымдамасына сүйенген ашық аспан асты мұражайлардың білім берудегі маңыздылығы жайлы неміс қайраткері Г.Кершенштайнер: «мұражайға келуші қолда бар «қосалқы педагогикалық құралдар» арқылы барлық технологиялық және шығармашылық үдерісті көрнекі-бейнелі түрде көруіне мұражай жағдай жасау керек» [239], – деген ой тұжырымдаса, XX ғ. басындағы белгілі мұражай қайраткері М.В.Новорусский болса, мұражайды күшті оқу-ағарту құралы деп қарастырып, өздігінен мағлұмат бермейтін жансыз заттармен жұмыс жасайтын мұражайдың басқа педагогикалық мекемелер арасында өзіндік орны бар екендігін алға тартады [240].

Білім алушылардың ашық аспан асты мұражай экспозициясымен жұмыс жүргізуінде де өзіндік ерекшеліктер мол, өйткені ЖОО-да оқитын кезең

оқушылық өмірден кәсіптік әрекетке байланысты ересек өмір салтына ауысатын өтпелі сипаттағы бірге оқу мақсаты біріктірген әрі құндылықтар жүйесі ортақ құрамы күрделі әлеуметтік топ. Білім алушылар өздерін қоршаған ортада кездестірген тұрмыстық, әлеуметтік мәселелердің жауабын көбіне сырттан, өнер мен ғылымнан іздеуге бейім келеді әрі білім алушылардың танымы мен талғамының барынша байыпты, парасатты мазмұн алуына ықпал жасайды.Осы ізденіске ашық аспан асты мұражайдың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктері молынан пайдаланылуы керек. Соған сәйкес білім алушылар аудиториясына арналған экскурсияларда мұражай экспонатының үш түрлі қыры ескерілуі керек: танымдық (ақыл-ойды дамыту), сезімдік (мазмұндық және түрлік тұтастықтағы мұражай экспонатын қабылдаудың көрнекілік ерекшелігі мен сезімдік ықыластылығы) және аффектілік (ескерткішке қамқорлықпен қарау). Бұл психологиялық сапалардың арақатынасы аудиторияның, топтың интеллектуалдық және жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Білім алушылармен ашық аспан асты мұражайларда жұмыс жүргізуді педагогикалык үдеріс ретінде қарастырудың да өзіне тән ерекшеліктері болады. Атап айтқанда жеке тұлғалық тұрғыдан қарастырғанда бұл жаста адамгершілік және эстетикалық сезімдердің барынша белсенді дамып, мінез-құлықтың қалыптасуы мен тұрақтану кезеңі және аса маңыздысы, ересек адамның азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіптік-еңбектік, әлеуметтік іс-әрекеттер кешенін меңгеру кезеңі болғандықтан білім алушылардың оқу үдерісінде тарихи-мәдени ескерткіштерді пайдалану мазмұны барынша өткір мәселе ретінде қарастырылуда. Ашық аспан асты мұражайлардың білім беру қызметі білім алушылардың танымын кеңейтіп, оларды рухани тұрғыдан баюына және отан тарихы саласындағы білім деңгейін көтеруге септігін тигізеді. Отан тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған тақырыптық экскурсиялар – тарихи оқиғалар мазмұнына талдау жасап, ой қорытуларына ықпал жасайды. Осы аталған факторлар ұлттық тарихи сананың үшінші деңгейіне өтуге мүмкіндік береді.

Оқу тәжірибесі күндізгі «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» бойынша теориялық курстың аяқталуы болып есептеледі. Тәжірибенің өткізілу ұзақтығы – 2-4 апта.

*Тәжірибенің негізгі мақсаты* білім алушылардың бойында ежелгі нысандарды суреттеу және идентификациялаудың алғашқы білімін, тәжірибесін қалыптастыру, сонымен қатар оларды ескерткіштерді зерттеу әдістемесімен, кестені құру негіздерімен, ежелгі процестерді модельдеу элементтерімен таныстырады. Сол кезде археология, этнология және ежелгі Қазақстан тарихы саласында мамандандырылып жатқан білім алушылар өздерінің ғылыми қызығушылығын қалыптастыруына әсер етеді.

Далалық оқу тәжірибесіне қатысушылардан алдын ала дайындық және осындай іс-шараларды өткізуді қадағалайтын нормативті құжаттарды білу талап етіледі.

*Оқу тәжірибесінің міндеттері:*

1.Тәжірибеге қатысушылар қалыпты географиялық ортада әртүрлі археологиялық деректермен таныстыру, білім алушыларға олардың қандай ескеркіштерге жататындығын айыруды үйрету (қоныс, тұрақ, обалы бейіт).

2.Археологиялық барлау және қазба барысында оқу курстарының теориялық білімін тәжірибеде бекіту.

3.Білім алушыларды мәдени қабаттың қалыптасу ерекшеліктерімен, оны зерттеудің әдіс тәсілдерімен, сонымен қатар әртүрлі археологиялық нысандардың (шұңқыр, ошақ, үй) таныстыру.

4.Жерлеу құрылыстарын және бейіттерді зерттеу әдістемесін үйрету, олардың мерзімделуін және қай мәдениетке жататындығын алдын ала болжау, анықтау.

5.Зерттеліп жатқан нысанның, сонымен қатар жеке нысандардың, жерлеу және стратиграфиялық жағдайдың жоспарын құру дағдысын қалыптастыру.

6.Қазақстанның орта ғасыр тарихына қатысты археологиялық және этнографиялық тәжірибенің екінші мақсаты оқыту тәрбиелік. Оның мынадай міндеттері бар:

– тәжірибе алушылардың далалық лагерді құруды, оның қызметін және өмір сүруін қамтамасыз етуді ұйымдастыруға үйрету.

– далалық жағдайда өмір сүруге қажетті қабілеттерді, тұрып жатқан жерінде тәртіпті, тазалықты сақтауды қалыптастыру.

– білім алушыларға оқшау ұжым ішінде өзара қатынасты ұйымдастыруды үйрету, бос уақытты реттеу, өзара көмек қабілетін қалыптастыру.

Барлық алынған тәжірибе, қабілет, дала жұмысының тәжірибесін білім алушылар өздерінің ЖОО-дан кейінгі қызметінде қолдануы мүмкін. Қазір жұмыс істеп жатқан археологтар өздерінің ғылыми жұмысында ЖОО-да білім алу кезеңін далалық тәжірибе маңызды орын алатындығын мойындады, ал көптеген түлектер үшін бұл білім алу жылдарының ең жарқын естеліктері.

Ашық аспан асты мұражайлар базасында өткізілген оқу тәжірибесі барысында ұйымдастырылған сабақтар білім алушыға мынадай танымдық мүмкіндік береді, олар:

− түпнұсқамен тікелей танысады;

− нақты ескерткіштің мысалында тарихи-салыстырмалы, көркемдік-эстетикалық талдау жасау тәсілдерін игереді;

− тарих мазмұнының көркемдік-бейнелік жүйесін түсінуге мүмкіндік алады;

− ұлттық мәдени құндылықтарды игеру арқылы жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарды танып-білуге деген алғашқы дағдыларды меңгереді.

Оқу тәжірибесі барысында археологиялық деректермен танысуды тиімді етіп ұйымдастыру мақсатында экскурсия жұмыстары жолға қойылды. Оқу тәжірибесі барысындағы экскурсиялар қалалардың географиялық орналасуы (алдында сөз етілгендей), яғни Ұлы жібек жолы бағыттары бойынша ұйымдастыруды жөн көрдік.

*Оқу тәжірибесі барысындағы негізгі экскурсия түрлері төмендегіше анықталды:*

– ұлттық тарихи сана қалыптастыруға бағытталған дамытушы экскурсия;

– Отанға деген сүйіспеншілікті тарихты терең танып-білу арқылы қалыптастыратын білім беру экскурсиясы;

– ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы жайлы толық әрі кең мәлімет алуға мүмкіндік беретін тақырыптық экскурсия;

– археологиялық ескерткішті ұлттық тарихи сана қалыптастырушы тұрғысынан қарастырып бағалау білуге дағдыландыратын тәрбиелеуші экскурсия;

Тарихи білімді тек даталармен, тұлға аттарымен, бір-бірімен байланыссыз оқиғалар түрінде елестететін білім алушылар үшін тарихи білімді кеңейтіп, ұлттық тарихи сананы жоғарғы деңгейіне ұмтылуды қамсыздандыратын экскурсия маршруттары келесі бағыттарда (Сурет А1) ұйымдастырылды:

*№ 1 туристік маршрут – Сырдария бойындағы қалалар*

*№ 2 Түркістан және оның аумағындағы тарих жауһарлары*

*№ 3Маршрут бағыттары: Қараспан → Сүткент → Отырар*

*№ 4Маршрут бағыттары: Шымкент →Сайрам→ Манкент*

*№ 5 Қаратаудың солтүстік беткейіндегі қалалар*

*Бұл бағыттағы жұмыстардың мазмұны мен ұйымдастырылу тәсілдері төмендегідей тиімділік береді:*

– өз халқының тарихын қастерлей білетін ұлттық тарихи санасы жоғары ғылыми деңгейдегі қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеу;

– отан тарихының бір бөлшегі болып саналатын ортағасырлық қалалар тарихын танып-білуге деген қызығушылықты арттыру;

– университетте алған теориялық білімдерін оқу тәжірибесінде көріп танысу;

– дәстүрлі қолөнерде қолданылатын шикізатты игеруге бағытталған дағдыларды қалыптастыру;

– тарихи-мәдени ескерткіштерге қамқорлықпен қарауға баулу.

Біздер енді Қазақстанның орта ғасыр тарихының қолданбалық бағдарлылығын Оңтүстік Қазақстан қалалары материалында дамыту мақсатында оқытуды ұйымдастыру және оның тиімділігін практикалық тұрғыда тексеру жұмыстарын баяндаймыз. Аталған оқу бағдарламасы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ғылыми кеңесімен бекітілген.

Болашақ тарих мұғалімдерінде өзіндік кәсіби құндылықтық бағдарлардың дамуына ықпал ететін ортағасырлық Қазақстан тарихы туралы білімдердің, оның функцияларының құндылық мақсатын, мазмұны тұтастығын, мақсаттары мен мағынасын анықтау үшін тәжірибелік-педагогикалық жұмыс ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті базаларында өтті. Тәжірибелік-педагогикалық жұмысқа болашақ тарих мұғалімдері мен оқытушылар қатысты.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс 2013-2016 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізілді.

*Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың мақсаты:* ғылыми болжамның дұрыстығын болашақ тарих мұғалімдерін «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау.

Анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері бойынша *тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізу үшін келесі талаптарды ұстандық:*

- зерттеудегі негізгі мәселенің пайда болуындағы тарихи және педагогикалық тұғырларды алдын-ала талдау;

- болжамды анықтау;

- зерттеудегі мәселенің педагогикадағы теориялық және практикалық жағдайын талдау;

- зерттеудің міндеттерін нақты анықтау;

- тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін толық бағалауға мүмкіндік беретін критерийлерді таңдап алу;

- тәжірибелік-эксперимент барысы және педагогикалық үдеріске өзгертулер ендіру бойынша тарихи деректерді жүйелі таңдап алу.

Тәжірибелік-эксперименттің алғашқы кезеңі - айқындаушы эксперименті 2013-2014 жылдары жүргізілді.

Айқындаушы экспериментінің міндеті келесі жағдайларды қамтыды: тарихты оқыту әдістемесін жетілдіру, дамыту бағытындағы шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу; тарихты оқытуда тарихи деректерді қолдану мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау; дамыту әдістемесі бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерттеу; тарихи білім беруде тарихи деректермен жұмыс жасаудың тиімділігіне білім алушылар мен орта мектеп тарих мұғалімдерінің көзқарастарын анықтау және өзіндік білімін арттыруда тарихи деректерді қолдана алу дәрежелерін анықтау; тарих саласындағы жеке пәндер бойынша білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдылары мен ойлау қабілеттерінің даму деңгейлерін анықтау; Айқындау кезеңінде оқытушылармен, білім алушымен әңгімелесу, сауалнама, бағдарламалық құжаттарды оқып – үйрену әдістері қолданылды. Айқындау кезеңінде болашақ тарих мұғалімдерін даярлау негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша талдау жұмыстары жасалынды. Анықталынып алынған «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні бойынша тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытуға байланысты мәселелер және пән бойынша жасалынған және қолданыстағы оқу бағдарламалары, оқу стандарттары; қолданбалығын дамытудың әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар бойынша қазақстандық және шетелдік тәжірибелер зерттелінді. Сонымен қатар анықтау кезеңінде, зерттеу жұмыстардың нәтижесінде зерттеудің бастапқы параметрлері, оның нысаны, пәні, болжамы, әдістемесі, түсініктік-категориялық аппараты негізделді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңіне Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алушы 5В011400-Тарих мамандығынан жалпы 84 білім алушы қатысты. Айқындаушы кезеңі сауалнама арқылы жүргізілді (Қосымша В). Бірінші кезекте тарихи білім беруде тарихи деректерді қолдану мәселелерінің жағдайын зерттеу барысында сауалнама жүргізіліп, білім алушылардың тарихи деректерді оқу үдерісінде қолдануға деген көзқарасы анықталынды. Тарихи білім қалыптастырудағы ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты мәселелерді оқыту ахуалы талданды. Оқу үдерісінде, тарихты оқытуда тарихи деректерді қолдануды тиімді деп сауалнама жүргізілген білім алушылардың тек 40,5 % -ы көрсеткен. Осы білім алушылардың 53,2%-ы «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің «Орта ғасырдағы қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары» және «Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер» бөлімдері бойынша танымдық қабілеттерін көрсете алуын өте төмен дәрежеде деп бағалаған.

Сауалнамаға болашақ тарих мұғалімдерінің практикалық мәселелерді шешуге ықпал ететін тарихи білім қалыптастыруға тарихына қатысты қолданбалық бағдарлылығын айқындауға мүмкіндік беретін сұрақтар топтамасы енді, атап айтқанда, орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының өркендеуінің нақты жағдайы?, Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан қалаларының даму жағдайына қандай әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әсер етті? және т.б.

Сауалнама нәтижесінде студенттер мен оқытушылар тарихи білім қалыптастырудың кәсіби даярлықтағы мәнділігін, қажеттілігін мойындайды. Бірақ ортағасырлық Қазақстан тарихы туралы мәліметтердің жекелеген фактілер, теориялар ретінде берілуіне қанағаттанбайтындықтарын көрсетті. Оларды көбінесе тарихи-мәдени мұра, жалпы білім беру тарихының бір бағыты ретінде мысал сапасында пайдаланады.

Зерттеу нәтижелерін объектівтілігін нақтылау мақсатында студенттердің білімін бекіту, тексеру мақсатында оқу-әдістемелік құралдар мен логикалық тапсырмалар жинағы құрастырылып, кафедра мәжілісінде бекітіліп, қолданылды.

Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда логикалық тапсырмаларды құрастыруда Оңтүстік Қазақстан қалалары туралы білім берудің маңыздылығы, оның құндылығы, мәдени тұрғыда заманауи қажеттілігі негізгі бағдар етіп таңдалды. Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәні бойынша білімдердің меңгерілуін тексеру үшін логикалық тапсырмалар құрастырылды. Құрастырылған логикалық тапсырмалардың мазмұны орта ғасырдағы Қазақстан тарихы, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан қалалары материалдары бойынша білімдерді анықтауға бағытталды.

Ұсынылған тапсырмалар қатарында өзіндік шығармашылық іс-әрекетті қажет ететін де тапсырмалар болды. Логикалық тапсырмаларды білім алушылар жеке өз беттерінше орындайды. Болашақ тарих мұғалімдерінің

Қазақстанның орта ғасыр тарихы тарихы бойынша білімдерінің көрсеткіштері кредиттік оқыту технологиясы негізінде бағаланады.

Сондай-ақ, диагностикалық тапсырма ретінде «Орта ғасыр Оңтүстік Қазақстан қалалары: аңыздардағы ақиқат», «Отырар: кеше және бүгін», «Орта ғасырдағы Оңтүстік Қазақстан» т.б. тақырыптарында эссе жазу берілді. Болашақ тарих мұғалімдері жазған эсселерінің мазмұны ақпараттардың толықтығы, өзіндік ой тұжырымдау, негізді түйінделген қорытындылар арқылы ерекшеленді. Дегенмен, негізгі мәселе Қазақстанның орта ғасыр тарихы бойынша білімнің тұтастығын ұйымдастыру болды.

Айқындау кезеңінде жүргізілген сауалнама, эссе, логикалық тапсырмаларды орындау жұмыстарының нәтижесі, білім алушылардың оқу үдерісіндегі тарихи деректердің қолданылуын төмен дәрежеде бағалайтындығы, тарихи деректерді қолдану арқылы тарихи білімді өз бетінше меңгеру, іздеу, зерттеу қабілеттерінің төмендігі, әсіресе, «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің «Орта ғасырдағы қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары» және «Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер» бөлімдері бойынша көрсеткіштерінің төмендігі байқалды. Осылайша, жүргізілген айқындаушы эксперимент жұмысы зерттеу тақырыбымыздың көкейкестілігін айқындай түсті. Айқындау кезеңінің нәтижелері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік жасады: білім алушылардың тарихи деректермен жұмыс жасауда көрсеткіштерінің төмендігі; білім алушылардың «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнінің «Орта ғасырдағы қазақ хандығы құрамындағы Оңтүстік Қазақстан қалалары» және «Кейінгі ортағасырлық қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жайлы деректер» бөлімдері бойынша білім алушылардың білімдерінің төмен екендігі, тарихи оқиғаларды түсіндіруде тарихи деректерді қолданудың қажет екендігі, оқыту әдістемелерін дамыту қажеттігі. Біз айқындау нәтижесінің қорытындысы бойынша диссертациялық зерттеу жүргізу барысында педагогикалық экспериментті жалғастыру үшін алдымызға келесі міндеттер қойдық:

− болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда тарихи деректерді жүйелеу маңыздылығы;

− «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні бойынша оқу-әдістемеліктер, электрондық оқулықтар кешенін оқу үдерісіне енгізу;

− болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәнін оқытудың кез-келген формасында оқу үдерісіне тарихи деректерді пайдалану;

− Тарихи сана қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді оқыту әдістемесіне енгізу;

2014-2015 жылдары тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың екінші кезеңі – қалыптастыру эксперименті өткізілді. Екінші кезеңде оқытудың ұсынылған әдістемелік жүйесінің тиімділігі мен ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсаты етіп қойылды. Қолданылатын әдістер – оқытушылар және білім алушымен сұхбаттасу, олардан интернет сауалнама қабылдау, логикалық тапсырмалар орындау, білім алушының өзіндік жұмыстарын тарихи

деректердің педагогикалық әлеуетін пайдалану, оқу-тәжірибе жұмыстарын өткізу арқылы ұйымдастыру.

Қазақстанның орта ғасыр тарихы пәнін оқу үшін болашақ тарих мұғалімдеріне тән төрт типтік мазмұн сипатталды. «Әдіс», «оқыту әдісі» түсініктеріне жалпы сипаттама жасалып, тарихты оқыту әдістемесі бойынша отандық ғалымдардың еңбектері сараланды. Қазақстанның орта ғасыр тарихын оқытудың қолданбалық бағдарлылығын жетілдіру мақсатында болашақ тарих мұғалімдеріне оқытылатын Қазақстанның орта ғасыр тарихы элективтік курсын оқыту әдістері іріктелді. Олар: оқу материалын ауызша баяндау әдістері түсіндіру, нұсқау, әңгіме, дәріс. Ал тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда: кейс әдісі, оқытудағы жобалар әдісі, болашақ тарих мұғалімдерінің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың әдістері ұсынылды. Нақты тәжірибелік жұмыстардың жасақтамалары әдістемелері ұсынылды және аталмыш әдістеме өз тиімділігін дәлелдеді.

Қалыптастыру эксперименті кезінде жасалынған «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні бойынша жетілдірілген әдістеменің тиімділігіне көз жеткізу мақсатында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде 5В011400-«Тарих» мамандығының 2-ші курс білім алушыдан жинақталған топ таңдалынып алынды: эксперименттік (36 білім алушы) және бақылаушы (37 білім алушы). Барлығы сынаққа 2-курстан 73 білім алушы қатысты. 2 топқа (эксперименттік және бақылау топтары) «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» пәні оқытылды. Бақылау тобына дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды. Ал эксперименттік тобына біздің жасаған әдістеме бойынша оқытылды. Қалыптастыру кезеңінің басында осы белгіленіп алынған екі топтың бастапқы тарихи білім мен тарихи сана қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында диагностикалау жүргіздік.

*Қалыптастыру эксперименті кезінде ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығы тиімділігін анықтау көрсеткіштерін келесі кестеден көруге болады (кесте 15, 16, 17);*

Кесте 15 - Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда жазба деректердің қолданбалық бағдарлылығын тарихи білім мен сана қалыптастыруда тиімді пайдалану көрсеткіші

